

22017  
134 к

Мәкен Мешелқызы  
Көкенай Бидашұлы

НАЙМАН – ТӨРТУҒЫЛ, ТОҒЫЗ  
РУЛАРЫНЫҢ  
ШЕЖІРЕСІ









**Мәкен Мешелқызы**

**Көкенай Бидашұлы**

**НАЙМАН – ТӨРТУЫЛ, ТОҒЫЗ**

**РУЛАРЫНЫҢ**

**Ш Е Ж І Р Е С І**

**Өскемен, 2016**

УДК 929.52 (= 572.122)  
ББК 84 (5 каз-рус) - 44  
М-42

Мәкен Мешелқызы

Көкенай Бидашұлы

ISBN 978-601-7788-11-7

М-42 Найман – Төртуыл, Тоғыз руларының шежіресі /Құрастырушы: Мәкен Мешелқызы, Көкенай Бидашұлы. – Өскемен, 2016.-364 бет

## НАЙМАН – ТӨРТҮҮЛ – ТОҒЫЗ

Бұл шағын кітап туған жер, өскен орта, заман мен адамдар жайлы тарихи – танымдық тұрғыда сыр шертеді. Кітапта Қара Ертіс өңірінің тарихы, табиғат жағдайы, ел экономикасы мен шаруашылығындағы Ертіс өзенінің маңызы жайлы нақтылы деректер мол.

Сонымен қоса, бұл кітапта осы өңірді мекендеген Төртуыл, Тоғыз руларының шежіре кестесі де беріліп отыр.

Жалпы, кітап арқылы адам жұмыр жердің, жер әлемнің сырын ұғынады. Білуге деген талабы бар адам кітапқа үңіледі.

Кітаптан оқырман қауым нақты мәліметтер мен қызықты деректер таба алады. Жастарға да, үлкендерге де қажетті шынайы дүниелер келтірілген.

Ертіс дария – ғасырлар бойы халықтың игілігі үшін мол үлес қосып келе жатқан қасиетті өзен. Ол – осы өңірдің мейірман анасы. Бар қасиетін, бар байлығын еліне беріп, сырын ішіне бүгіп жатқан алып Анамыз. Ертіс - сыры терең. Ертіс жайлы жазатын сөз, айтатын ой ауқымды.


Зайсан көлінің шалқып жатуы, Бұқтырма теңізінің өмір сүруі Ертістің қуаты емес пе?!

Ертіс – арзан су жолы. Ертіс – ұшқан құс, жүтірген аң, төрт түлік малдың саялы мекені. Барлық өнеркәсіп саласына, тұрмыстық қолданысқа қуат беріп, жарық нұрға бөлеп отырған Ертістің қасиеті екені бүгінде баршаңызға мәлім.

УДК 821 (574)  
ББК 84 (5 каз-рус) - 44

ISBN 978-601-7788-11-7

© Мәкен Мешелқызы, Көкенай Бидашұлы, 2016



Өскемен 2016



**Мәкен Мешелқызы**



Мәкен Мешелқызының «Найман-Төртуыл, Тоғыз руларының шежіресі» кітабында туған жер Алтай аймағы, жер жәннаты Марқакөл, қасиетті Қара Ертіс өңірінің өткен кезеңдерінен, осы өңірдің тыныс-тіршілігінен сыр шертеді.

Егемендікке қолы жеткен бүгінгі күні жоғалтқанын іздеп, шаң астында қалған жәдігерлерді аршып, тарихымызды саралау баршамыздың міндетіміз. Осы салада қаламгердің «Откенін білмегеннің болашағы бұлыңғыр» екенін түсініп, келешегі үшін тарихты зерттеуде атқарған еңбегі аса зор. Автордың осы саланың бір парасы «Найман-Төртуыл, Тоғыз руларының шежіресі» атты жазылған кесек туындысы оқырман қауымының да назарын бірден баурап алары сөзсіз. Бұл - жәй туынды емес, бәріміздің басымызды қосып, бір-бірімізді танып, тамыры тереңде, тарихы хаттаулы, әруақты ата-бабаларын құрметтеген, жайқалып өркен жайған текті ұрпақтың бірі екенімізді сезінуге сеп болатын шежірені танытудағы құнды жәдігер. Ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесінде елеулі мәдени-әлеуметтік, саяси-идеологиялық және рухани маңызды дүниелермен Қара Ертіс өңірінің тарихы да қамтылған.

Қаламгердің оқырман қауымға ұсынып отырған сүбелі еңбегі аса бағалы, әрі құнды. Ол өз еңбегінде ел өмірінің әрқилы кезеңдерін, тарихи уақыт бедерін, сыры терең Қара Ертісті кеңінен суреттеп, Найман-Төртуыл, Тоғыз руларының шежіресін жазуға арқау еткен. Мәкен Мешелқызы шырайлы шығыстың тұлғаларының өнегелі өмірлерін толғай отырып, шежіре, ел тарихы жайында жеке пайымдауларын да ортаға салады. Автордың атаулы кітабынан біз тынымсыз ізденісті, өзекті мәселені арқау еткен тың дүниелерді аңғарамыз.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі жас ұрпақ өздерінің ата-бабаларының кім болғанын, қандай ерліктер жасағанын, не болмаса қандай саф алтындай өнер тудырғанын көп біле бермейді. Бұл бір жағы олар туралы құнды деректердің уақытында шықпай, қолдарына тимей, тасада қалып қойғандығынан болар. Мәкен Мешелқызы - өз туындысында осы олқылықтың орнын толтыру мақсатын көздеп, маңызы бар іске батыл кірісе білген тұлға. Оның жазған бұл зор еңбегінен бүгінгі жас ұрпақ өз ата-бабаларының арғы-бергі тарихын молынан білуге мүмкіндік алады.

Әрипе, өткенге үнілу керек, өткеннен өнеге алу - парыз. Тарихтың қойнауында халықтың өмір – тіршілігі, қоғамдық кезеңдер мен өзгерістер, оның қыры-сыры сипатталады. Өткенімізді жинақтап, бүгінгімен жалғастыру елдіктің белгісі болмақ.

Осы кітаптың «Қара Ертіс - ата мекен» деген бөлімінде Қара Ертіс өңірінің тарихы, табиғат байлығы, ел экономикасы мен шаруашылығындағы Ертіс өзенінің маңызы жайлы нақтылы деректер келтірілген. Құнды деректер «Қара Ертіс өңірінің зерттелу тарихы», «Өлкедегі халыққа білім беру ісі», «Қара Ертіс болысы» сияқты бөлімдерде қамтылған. Бұл кітаптағы деректердің болашақ ұрпақ үшін, ғылымға, білімге, тарихқа қосар үлесі бар.

Шежіре арқылы біз халықтың этникалық құрылымы, шығу тегі, таралуы, тұтастығы жөнінде құнды деректер аламыз. Шежіре - ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректер.

Мәкен Мешелқызының 2010 жылы баспадан шыққан «Қарт Алтай аясында ару Марқа» кітабында, автор халқымыздың құнды қазынасы шежіре деректерін жинастырған кезде, бабалар өмірнамасын нақтылап анықтау мақсатында «Қазақ шежірелері» тарихына тоқталған. Тарихи уақиғалар мен тарихи тұлғалар байланыстылығын дұрыс ажырата жазу мақсатында «Найман мемлекеті», «Түрік қағанаты» кезеңдеріне біраз тоқталып кеткен. Марқакөл аймағы, Қара Ертіс, Қалжыр өңіріндегі әр кезеңде өмір сүріп, еңбек еткен, қызмет істеген мыңдаған адамдардың есімдерін қағаз бетіне түсіруді, ел есінде қалдыруды мақсат еткен. Кітап туған жер Алтай аймағы, Марқакөл өңірінің өткен кезеңдерінен, осы өңірдің тыныс – тіршілігінен сыр шертеді. Автор Қожанбет, Төртуыл руларының ата-тек жүйесінің 356 беттік шежіре кестесін ұсынған.

Мәкен Мешелқызының «Қарт Алтай аясында Ару Марқа» атты кітабы оқырмандардың ыстық ықыласына бөленіп отыруы осы кітаптың құндылығын танытады.



Бүгінгі күні «Қарт Алтай аясында Ару Марқа» кітабы Қытай халық республикасына, Монголия, Ресейдегі Алтай қазақтарына, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар, Алматы, Талдықорған аймағына кеңінен таралып отыр.

Мәкен Мешелқызының 2014 жылы баспадан шыққан екінші кітабы «Өр Алтай, асау Қалжыр, Қара Ертіс» атты кітабы туған жер, өскен орта, заман мен адамдар жайлы тарихи-танымдық тұрғыда жазылады. Осы кітапта Шығыс Қазақстан облысының, шұғылалы Шығыстың, әлемді таңырқатып отырған Мұзтау, Рахман қайнары, Берел қорымы, Марқакөл, Қара Ертіс, Нұр Зайсан, Қалжыр өзені сияқты ғажайыптарын жаза келе, осы ғажап аймақтың тарихына, табиғат ерекшелігіне тоқталған. Кітаптан оқырман қауым нақты мәліметтер мен қызықты деректер таба алады.

Тарихы жоқ ел болмайды. Өр ру, әр тайпа өзінің қалыптасу кезеңінде, өз тарихын жасап отырады, өз тарихын қалдырып отырады. Ол тарих тасқа жазылып таңбалана ма, әлде қағазға жазылып каттала ма, әлде өлең, қиса (дастан) үлгісінде сақтала ма? Әйтеу бір нұсқамен сақталатыны анық. Егер мұндай белгі қалмаған жағдайда, ірі рулар тарихы, тайпа тарихы жоғалып, дерек табылмай кетуі әбден мүмкін. Жер бетінде өзінің елдік тарихын жоғалтқан халықтар аз емес.

Бірақ Алтай тарихы, Түркі тарихы сайрап жатыр. Шығыс тарихы тас жазуларда, тасқа бейнеленген суреттерде, тас мүсіндерде (балбал тастар), көне обалар мен қорымдарда, аңыздар мен қисаларда терең сақталған. Алтай - тарихы әлі толық зерттелмеген аймақ. Бұл мәселеде терең зерттеу, ізденіс мезгілі келіп тұрғаны сөзсіз.

Жазушы Мәкен Мешелқызының «Найман-Төртуыл, Тоғыз руларының шежіресі», «Қарт Алтай аясында Ару Марқа», «Қара Ертіс, Алтай жайлы дастандар» - атты еңбектері ел руханиятына қосқан зор үлес болып табылады. Автор Ұлы Даланың інжу-маржаны саналатын Өр Алтай, Асқар Алтай, Асау Ертіс, Ерке Ертістің таңғажайып табиғатымен, тарихи шежіресін, өмір тынысын шебер баяндайды.

Автордың үш кітабы да еліміз үшін жоғары маңызға ие туынды, аса құнды еңбек саналады. Өр Алтайдың сұлу табиғаты мен тамыры терең тарихының өзі - сыры таусылмайтын шежіре. Ғасырлардан ғасырларға ұласып жатқан шежіре-тарихтан алар тағылымымыз мол. Шығармада тарихи белгілі тұлғалар өмірі, заманға қатысты деректер ғана емес, автордың философиялық ойлары мен толғамдары, сезімдері шебер суреттеліп отырады.

**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик Сәдібек Түгел.**



«Төртуыл (Дөртуыл) - «Төрт Төлегетай» аталған найманның төрт руының бірі. Төртуыл атауының пайда болуына байланысты әртүрлі пікірлер бар. Олардың көпшілігі Төртуылдан тараған «төрт ұл» немесе «төрт ауыл» деген атпен байланысты деген пікірлерге келіп саяды. Шынында да шежіре дәстүрі бойынша Төртуылдың өз кіндігінен төрт бала – Ақбарак, Ақболат, Андабарак, Аманбарак. Бірақ Төртуыл руының біршама толық шежіресін жариялаған М.Жапарұлы мен А.Игенұлы «Дөртуыл бабамыздың меншікті есімі» деген пікірлерін білдірген. Олардың тарихына тереңдеп қарар болсақ, бұл атаулардың көбінесе бір атадан туылған төрт ұлдың ортақ атауы ретінде қолданылатындығына көз жеткіземіз. Сондықтан біздің пікірімізше, «төртуыл» осы рудың негізін қалаған төрт атаның ортақ атауымен байланысты деген пікірлер шындыққа жанасымды.

Төртуыл руының ұранына келер болсақ, жоғарыдағы авторлар Барак, Босатай, Болат, Баймұрат қатарлы аруақты ұрандары бар екендігін атап кеткен. Белгілі жазушы, ел ағасы Қ. Жұмаділов Ақбарак – Дәулетай – Бұқаның ұрпағы Баймұрат батырды «біздің елге ұран болған» деп нақтылай түседі. Жалпы жоғарыда аталған, есімдері ұранға айналған бабаларымыздың ішінде Баймұрат батыр есімі бүкіл Төртуылдың ұраны ретінде көбірек аталады. Мәселен, қазақ халқының этнографиясы мен тарихына қатысты өткен ғасыр басындағы орыс тіліндегі деректерде де Төртуылдың әртүрлі мереке – думандарында «Баймұрат» есімін естігенде селт етпей қалып, өз руласына көмекке ұмтылмай қалмайтын ешкімнің болмайтындығы туралы нақты жазылған.

Соңғы жылдары төртуылдың ортақ ұраны «Баймұрат» деп тұжырымдау орын алып отыр. Дегенмен төртуылдардың тағдыр тауқыметімен екіге жарылып қалуына байланысты, төртуылдың ортақ ұранынан гөрі, оның әр атасының жеке-жеке рулық ұрандарының көбірек аталуына әкеліп соққан болуы керек деп тұжырымдаймыз.

Төртуыл руының рулық таңбасына келер болсақ, қазақ ру-тайпаларының таңбаларына қатысты мәлімет беретін XIX-XX ғасырдағы авторлардың ешқайсысында төртуыл таңбасы берілмеген.

Төртуылдың рулық таңбасы жайлы М.Жапарұлы мен А.Игенұлы жариялаған шежіресінде былай деп жазады: «Тарих, шежіре беттеріне түсірілмей келгені болмаса Дөртуыл таңбасыз ел емес. Дөртуылдың ата таңбасы – «А» (арабша сегіз). Мал мен бастың өсуіне байланысты дөртуылдың төменгі рулары да кейін келе айрым таңбаларын тұтынған», -дей келе, Алтай аймағына қоныс аударып келген төртуыл ішінде Жылқайдар Бекбай болыстың ұрпақтарының «П» (босаға) таңбасы қариялардың айтуынша тұтас Андабарак тобына ортақ екендігін жазады. Сондай-ақ Төртуылдан тарайтын ру бөлімдерінің «Ұ» (тостаған), «Я» таңбасын, «/» (көсеу), «П» (төртбұрыш) таңбаларын қолданатындығын көрсеткен.

Ал, төртуыл руының шежіресіне келер болсақ, негізінен Төртуыл атауы найман тайпасының бір руы ретінде XVIII ғасырдан бастап орыс деректерінде кездесе бастайды. Дегенмен XX ғасырдың басына дейінгі жарық көрген орыс зертеушілерінің еңбектерінің барлығында төртуылдардың ішкі шежірелік тармақталуы берілмейді. Қазақ халқының тарихын ру-тайпалар тарихы негізінде зерттеуді алғаш рет ғылыми негіздеген М. Тынышпаевтың еңбегінде төртуылдар тіпті аталмайды.

Осы олқылықтың орнын XX ғасырдың 30-шы жылдарында жарық көрген Ә.Марғұланның «Найманы» атты еңбегі толықтырды десек болады. Ә.Марғұлан төртуылдарды Барак, Ақбарак, Андабарак, Ақболат деп төрт топқа бөлген. Осылайша, бұл нұсқада Төртуылдың артында ұрпағы қалмаған, әртүрлі шежіре нұсқалары кейде басқаша атайтын Аманбарак тобы көрсетілген. Ә.Марғұланның еңбегінде Андабарак тобы көрсетілген. Ә.Марғұланның еңбегінде Андабарактың Сұлтанкелді, Есенгелді ру бөлімдерінің тармақталуы ғана берілген.

Төртуылдардың рулық шежіресінің тармақталуы туралы құнды мәліметтерді XX ғасыр басындағы «Қазақтардың жер пайдалану жөніндегі статистикалық санақ

комиссиясының материалдарынан» кездестіруге болады. Мұнда Андабарақ және Ақболат ұрпақтарының тармақталуы берілген. Ал, 50-ші жылдардан кейінгі кезде жарық көрген еңбектерде, әсіресе «Қазақ шежіресі хақында» еңбегі бойынша үлкен жұмыс жүргізген белгілі этнограф ғалымдар – Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров, сондай-ақ Қазақ совет энциклопедиясында төртуылдарды Тоқан, Тоғыз деген екі атаға ғана бөліп, осымен шектелген. Төртуылдардың шежіресін біршама толық таратқан еңбектер өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап жарық көре бастады. Мәселен, Ж.Бейсембайұлы «Ана тілі» апталығына келіп түскен шежіре нұсқаларын құрастырып жариялаған «Қазақ шежіресі» еңбегінде, Қ.Жұпбаевтың өлеңмен айшықталған «Найман шежіресінде» Төртуылдың артындағы ұрпақтары өсіп-өнген Андабарақ, Ақбарақ, Ақболаттың рулық тармақталуы, Найманнан шыққан Қырықмылтық Сүлеймен бидің немересі Нұранияның «Ұрпақтар үндестігі» атты еңбегінде Төртуылдың Ақбарақ ұрпақтарының, соның ішінде Ақбарақ – Дәулетай – Боқаның тармақталуы берілген. Бірақ ел ішінде сақталған кейбір шежіре нұсқалары бойынша Төртуылдан Дөңсе, одан Жапа (Жапал), одан Дәкеш. Дәкештен – Андабарақ, Ақболат, Ақбарақ, Аманбарақ деп берілсе, Әзімхан Садуақас ұлының 1988 жылы қайтыс болған Молдағұмар Қасымұлынан жазып алған мәліметі бойынша да Төртуылдан Қазбай – Саржан – Қожасары – Молдасары. Ал, Андабарақ, Ақболат, Ақбарақ, Аманбарақ осы Молдасарыдан таратылған. Төртуылдың ұрпақтарын таратуда мұндай нұсқаның бар екендігін белгілі жазушы, «Құран Кәрімді» қазақша сөйлеткен азамат Қыдырханұлы Уақан ағамыз да өз мәліметінде растап, төртуыл руы оның Сығай деген шөпшесінен туған Ақбарақ, Ақболат, Аманбарақ, Андабарақ деген немерелерінен тарайтындығын колдайды.

Сонымен қатар 2001 жылы Құлжа қаласынан М.Жапарұлы мен А.Игенұлының құрастыруымен жарық көрген «Төртуыл шежіресі» атты еңбектегі төртуылдардың шежіресі біршама толық нұсқамен жарияланған нұсқа деп қабылдауға болады. Міне, жоғарыда аталған еңбектерді саралай келе, Төртуылдың Ақбарақ, Аманбарақ, Андабарақ, Ақболат атты төрт ру бөлімдерінен тұратындығына көз жеткіземіз. Осы аталған ру бөлімдерінің ішінде артында ұрпақ қалмауы себепті, Аманбарақ ұрпақтары таратылмайды. Аманбарақ бабамыз нағашысы арғын ішінде өскен. Сондықтан, Аманбарақ ұрпақтары арғын ішінде сіңісіп кеткен болуы мүмкін деген пікірлер бар».

(«Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Найман X том. Үшінші кітап. 2008ж).

1995-2015 ж.ж кейбір деректерде «Арғын төртуылдары», «Арғын ішіндегі төртуылдар» деген деректер кездесіп жүр. Бірақ қоныс – мекені, адам саны жайлы нақтылы дерек берілмеген. Бұлар аумалы-төкпелі замандарда төртуыл руының бөлініп қалған бір тармағы ма. Әлде, бүгінге дейін белгісіз болып жүрген Аманбарақ ұрпағы болуы да әбден мүмкін. Бірақ, бұл әзір анықталмаған дерек. (Автордан М.М.).

Сонымен енді Төртуылдан тарайтын Ақбарақ, Андабарақ, Ақболат ұрпақтарының шежіресін таратуға көшейік.

Төртуыл – Төлөгетайдың төрт баласының бірі. Түп атасы – Найман. Орта жүз Найман баба туралы: Үйсін еліндегі Төле бидің белгілі ақыны, шежірешісі Керімбай былай жырлаған:

Жалғыз ұл қартайғанда көрген екен,  
Тілегін бір Алласы берген екен.  
Үйсінде Төле деген биден туған  
Найманның Әлпеш-Назым келіні екен,  
Әлпештің адалдығын халық көрді  
Көз жасын ақыр Алла анық көрді.

Сексеннің жетісіне шыққанында  
Найманға Бике қызды алып берді.  
Сексеннің тоғызында бір ұл туып,  
Ұрпағын міне бүгін тарих көрді.  
Тоқсанға жасы толып шығарында,

Ауырып бабаң дүниесі салып еді.

Баланың атын қойды Белгібай деп,  
Атамнан қалып қойған белгі ғой деп,  
Баланы Әлпеш күтін асырайды

Құдайым тілегімді берді ғой, - деп толғайды жыр – толғауында Керімбай ақын.

Белгібай ер жетін, жиырма жасқа келгенде әменгерлік салтымен жеңгесі Әлпешке үйлеседі. Одан, Белгібайдан → Сүйінші мен Сүгірші туған. Сүйіншіден Төлегетай бабамыз туады.

«Сүйіншіұлы Төлегетай бабамыздан Қытай туған. Қытайдан → Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай болып таралып, «Төрт Төлегетай» деп аталады.

Төртуыл – Төлегетайдың кенжесі, қара шаңырағы.

Төртуылдың көпшілік шежірелерде, Ақбарақ, Ақболат, Андабарақ, Аманбарақ кейде оған Қартбарақ, Қарабарақты қосып, Төртуылға теліп жалғастырады.

Төртуылмен бұлардың арасында бірнеше ата қалып отырады. Жалғыз-жалғыздан келіп жалғанатын бұл аталарды шежірешілер:

1. Төртуылдан – Жапа, одан Дөңсе, одан Сары, одан Сығай
2. Төртуылдан – Жапа, одан Дөңсе, одан Сырлы, одан Анда, одан Қарт.
3. Төртуылдан - Жапа, одан Дөңсе, одан Сырлы, одан Анда, одан Қарқа.
4. Төртуылдан – Қожасан, одан Сармолла, одан Сығай, одан Сырлы.
5. Төртуылдан – Саржан (Күземе), одан Мұқан, одан Қожасан.
6. Төртуылдан – Назарқұл, одан Бекқожа, одан Молдасан (немесе Қожасан).

Ал тағы бір шежіреде былай делінеді. Төртуылда сегіз ұл болған. Бір жолғы жаугершілікте жеті ұлын жау қырып кетіпті. Шешесі жерошаққа жасырып қойған Саржан деген кенжесі аман қалыпты. Үйелмелі-сүйелмелі жеті ұлы әбден адам санатына қосылған шағында жау қолынан өлгеніне қатты күйзелген шалына: «Мынаумен болса да мауқыңды басшы», - деп кемпірі кенже ұлы Саржанды ұсынады. Сонда шалы: «Ой, бұл неме мауықты басар деймісің? Бұл бір тірі жан ғой. Жау өзім жоқта жеті ұлымды күзеп кетті. Мұның аты Күземе болсын» депті. Сонымен Саржан «Күземе», «Тіріжан» деген лақаптармен де аталыпты. Кейін келе сол Саржаннан Мұқан, одан Қожасан, одан Ақбарақ, Ақболат, Андабарақ, Аманбарақ тараған.

Қысқасы жоғарыдағыларды жоққа шығара салуға да, сөзіміз осылай деп кесіп айтуға да болмайды».(Қ.Алтыбаев. Атамекен Зайсан, 2006ж).

Жалғыз жарымдап келіп жалғасатын аталар аты жүре-тұра ұмыт болып кететін жайт та кезігеді. Шежіре беттерін біреуден біреу көшіріп алып жүргені кейбіреулердің сол шежіре сорабымен өлеңге айналдырғаны болмаса, бергі аталарымыз, Жапа, Дөңсе, Сырлы, Сығай деп кесіп ешкім айта алған жоқ. Бұл әлі де іздестіретін, зерттейтін шаруа. Ойымыз негізсіз таласты тоқтатып, бір түйінді ұстаған жөн болар. Одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Жоғарыда аталған кәзірге дейін өсіп-өрбіп Төртуылдың бір-бір үлкен тобына айналып отырғандары – Ақбарақ, Ақболат, Андабарақ.

Аманбарақ жөнінде «ұрпақ қалмаған», «Нағашысы арғын асырап алып, ұрпақтары арғын болып кеткен», «тұқымы аз болғандықтан, қырғыз өз ұлттарына сіңіріп кеткен», - деген аңыз-әңгімелер бар. Зайсан жерін мекен еткен – Төртуылдың Ақболат, Андабарақ рулары. Бұл рулар Қара Ертіс өзенінің екі жағы, Сауыр, Сайқан таулары етегі, Қабырғаталдың қатпарлы құмдарымен Ақжон алқабы, шығысы қазіргі Қытай шекарасы, батысы Зайсан көлі – осы ортаны мекендеген. Сауырдың батыс жағында Ақболат, Байғара, Пәлі балаларының жайлаулары, күзеулері бар. Андабарақтың Есенкелдісінің Емілден, Солтанкелдіден тарайтын ұрпақтары түгелдей және Есенкелдінің Байылы мен Пәлісінің ұрпақтары жарым-жартылай жазда Алтайдағы Ақжайлау, Өретас, Матайбай тағы басқа жайлауларды иемденген.

Ұрансыз ру, ұрансыз ел болмайды. Ұран арқылы халықтың бірлігін сақтаған. Яғни, ұран әр рудың айбары. Бастарын біріктіретін құдіретті күші. Төртуылдың ұраны – Баймұрат.

Қазақ жоқ ұран шықса қызбайтұғын,  
Қатуланып ажарын бұзбайтұғын,  
Жау келгенде халықты жұмылдырып,  
Сабыр, тағат есінде қалмайтұғын.

Ер жігіт ұран салса ала қызған,  
Қайрат керіп жүрегін шындайтұғын.  
Ұран шықса орнынан бір қозғалар,  
Не майталман сабаздар жылмайтұғын.

Сол сияқты әр рудың таңбасы – сол елдің меншіктік нышаны. Малдар ру таңбалары арқылы анықталған. Төртуылдың ата таңбасы «А» (арабша сегіз). Мал мен бастың өсуіне байланысты Төртуылдың төменгі аталары да бөлек-бөлек таңбаларды пайдаланған. Мысалы Андабарақтың таңбасы «П» (босаға), Ақболаттың таңбасы «Ұ», (тостаған) деп жазылады дерек көздерінде.

## ТӨРТУЫЛ РУЫНЫҢ ҚОНЫС - МЕКЕНІ

Төртуыл – Найманнан тараған үлкен ру. Шежіре деректеріне қарағанда Төлегетай бірлестігінен Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл тарайды. Төртуыл – Тоқан, Тоғыз болып екі атаға бөлінеді. Қазан революциясына дейін Төртуыл ұрпағы Қара Ертістің екі жағасын мекендеген бір болыс ел болған. Мұның бір старшыны Ертістің оң жағын, қалған 8 старшыны сол жағын, онтүстігі Зайсан бекінісіне дейін қыстаған. Төртуылда 1373 түтін, 7761 адам болған. Төртуылдар Қаратал, Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Ақарал, Қорған өңірін; Жеменей, Көкжота, Маңырақтау аңғарларын, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, жазда Ақжайлау, Матабай, Марқакөл, Құзғынды, Дерелі т.б. таулы өңірлерді жайлаған.

(Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968;

Муканов М.С., Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза, А.-А., 1974).

Төлегетайдың кенжесі Төртуылдан төрт ұл туады: Ақбарақ, Ақболат, Андабарақ, Аманбарақ.

Төртуылдың үлкені Ақбарақ жер іздеп Қытай жеріне өткен. Дүрбілжің, Шәуешектің екі арасындағы Қарабақ, Майқабақ, Сарыөзек, Сарыжиекті мекен етіп, бос жатқан жерді иеленіп, өз алдына бір болыс ел болған.

Ресей империясы жаңа шекара межесін жүргізген кезде, XVIII ғасырда «Шәуешек келісіміне» сәйкес төртуылдың Ақбарақ, Ақболат аталары Қытай ішкарасы аймақтарында қалып қойды. Іле, Тарбағатай, Баркөл, Монғолия аймағына қоныстанған.

Кейіннен Ақбарақтар Қытай жерінен жартылай ішкарадан өтіп, Талдықорған, Семей облыстарына орналасқан. Бұл 1956-1957 жылдар еді.

Төртуылұлы Андабарақтан Дөңсе туған. Осылай жалғыз ұлмен бес ата ұрпақтары жалғасады. Дөңседен→Дәлеш→Жапа→Сырлы→Сығай→Солтангелді мен Есенгелді. Солтангелдіден тоғыз ұл туған. Мұны көрген ел-жұрт осы елді «Тоғыздың аулы» деп атандырыпты. Бір кезде оның сегіз ұлы өліп, тек Тәңірбердісі ғана қалады. Осы Тәңірбердіден тараған ұрпақтар бүгінгі күнге дейін «Тоғыздар» атанып келеді. Тәңірбердіден Нұрген мен Жауген тарайды. Нұргеннен Жанәлі мен Бабалы, Жанәліден Байғұлы мен Байсары тарайды.

Байғұлыдан – Дәулет, Теңіз, Тебей, Жаманбай, Байтемір, Бөрен, Серікара, Отар (30 үй Отар деп аталады) таралған.

Байсарыдан – Қаратоқа, Олжашы. Осы 9 ата таралып, «Тоғыз руы» аталған.

Төлегетайдан тараған төртуыл руы жайында И.Г. Андреев «Ақбарақ, Ақболат, төртуыл болыстарының Қарабас Илелтөбет старшыннан кейін Досқанабай басқарған. 600 шаңырақ болған» - деген мәлімет жазған.

Зайсан уезінің Қара Ертіс болысын толығымен дерлік найманның төртуыл руынан өрбіген ру-тармақтары және одан өрбіген аталар әулеттері алып жатты. Төртуылдардың бір

қауымы Қара Ертіс өзенінің оң жақ бетінде, қалған қауымы сол жақ бетінде қоныстанып, оңтүстігінде Зайсан бекетіне, шығысында Қытай шекарасына дейінгі аймақты алып жатты. Ауыл шаруашылығы санағы кезінде Қара Ертістегі төртуылдар 1373 шаруашылық ауылда 7761 адам болған.

Төртуылдар Қара Ертіс өзенінің сол жақ жағалауынан оңтүстікке қарайғы жерлерде қыстап, жазда одан әрі Марқакөл көлінен жағалай жүріп отырып, Бала – Қалжыр және Қалжыр өзендерінен өтіп, жазда Алтайға қарай Сарымсақты, Қарағаш, Құзғынды, Ақжайлау, Матайбай, Барынкөл жайлауларына қарай көшкен.

Қара Ертістегі төртуыл наймандарды территориялық бөлінісіне қарай айтар болсақ, мәселе келесідегідей орбиді.

1-ші әкімшілігі 48 шаруашылық ауылға бөлінген. Қауым наймандарын есіргеп, мая, жақау аталарынан тараған әулеттер құрады. Олар Қара Ертіс пен Алқабек өзендерінің аңғарын алып жатты.

2-ші әкімшілікті байғұл, байсары, олжашы аталарынан өрбіген әулеттер құрап, Қара Ертіс және одан бастау алатын Кіші Ертіс өзендері аңғарын алып жатты.

3-ші әкімшілігін құраған құдагел, құттыбай әулеттері 9 ауылды құрады. Олар Ертіс, Кендірлік, Алпар өзендері аңғарындағы Қыйсамбы, Маралтөбе, Ақарал, Тұқбыр, Жайдақ қыстауларында қыстап, жазда Қоғалайкөзен, Құрақбай-сайбұлақ, Сазанөзен, Тайсойған, Соғалы жайлауларында көшіп-қонған.

4-ші әкімшілігі тоқан және ақболат аталарынан өрбіген 11 ауыл құрап, құрамында 1899 жылы 141 шаңырақ тіркелген. Олардың қыстаулары Жаған, Можық өзендерінің аңғарын алып жатты.

5-ші әкімшілік ауылы 22 шаруашылыққа бөлініп, онда телбай, көбенгай, қарабас, итемген аталары біріккен.

6-шы әкімшілігін құраған есімбек және тұзақшылар Батпақсу, Қара Ертіс, Мұжық, Көкжыра, Жарлы, Серғазы өзендерінің аңғарындағы Сарыөлең, Байқобек, Батпақсу, Жіңішкесу, Жиекқұм қыстауларында отырған.

7-ші әкімшілік ауылындағы Мендібай, Еділбай әулеттері Ертіс, Қарасу, Ертіс өзендерінің бойындағы Ақтебінасты, Доланалытүбек, Қортерек, Ұялыағаш, Сарыкөлқұм, Сарыманак қыстауларында қыстаған. 8-ші әкімшілігі жылқайдар әулеттері (88 шаңырақ) Ертіс өзені бойындағы Жұзағаш, Көктерек, Бетимарал, Ескікепе, Түйетас және Ертістен бастау алатын Жарлыөзен, Алпарөзен бойларында 12 ауыл болып отырған. Төртуылдар аталған қыстауларда қыстап, жазда Азутау, Марқакөл, Матайбай, Құзғынды, Шұңқырсаз, Ақтайлақ, Батпақбұлақ, Қарағандыбұлақ, Қарғалытөбе, Қатайтау, Қаройтау сияқты жайлауларды иемденді. (Зайсан мұрағаты деректері).

Барлығы болыста 1899 жылы 1127 төртуыл шаңырағында 4906 адам болды.

Төртуылдардың келесі бір бөлігі Зайсанның Маңырақ болысында кездесті. Ал төртуылдан өрбіген рулардан 4-ші әкімшілігінде тұзақшы, 7-ші әкімшілігінде Ақболат атасы қоныстанды. Сондай-ақ Тұзақшыдан өрбіген Жұмық атасы Шілікті болысының 1-ші әкімшілігінде қоныстанды. Ақболат наймандардың қыстаулары Жайдақ, Қараөткел өзендері бойында салынды.

1866 жылғы зерттеу деректері бойынша Зайсан уезі және Тарбағатай өңірінде төртуылдың тоқан атасында - 1000 шаңырақ, тоғыз атасында - 800 шаңырақ, тұзақшы атасында – 600 шаңырақ, барлығы 2400 шаңырақ болған.

Путимцевтің 1811 жылғы жолжазбасында Алакөл болысында да төртуылдардың қоныстанғандығын жазған. Осы дерек төртуылдардың қонысын Лепсі уезінен іздеуге апарды. Лепсі уезінде төртуылдар матайларды қоса есептегенде 30 қауымды құраған. Төртуылдар Лепсі уезінің шығыс жақ бөлігінде қаракерейлер арасында қоныстанған. Лепсідегі төртуылдардың негізгі бөлігі қыстауларын Қарақитат, Ұзынағаш, бір бөлігі уездің солтүстігіне қарайғы Қарақоға, Жантөзек, Төматай, Сүттегенді шатқалдарында, бір бөлігі уездің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Арқарлы тауының қыратындағы Талдыбұлақ, Доланалы, Боқалы шатқалдарында қыстаған. 1881 жылға дейін оларда тұрақты қыстау болмай,

Келдемұрат сайынан Құлыстай сайына дейінгі аралықта көшіп жүріп тұрақты қыстау иемденбеген. Көктеу мен күздеуді жайылым ретінде Құтый өзенінің оң жақ бетінен бастап Ұзынағаштық қыстауларға дейінгі аралықтағы жайылымдарда өткізген. Жазда Байет жайлауына көшіп, 70-80 шақырым жер жүрген.

Лепсідегі төртуылдар егін шаруашылығымен қосалқы айналысып, Құтый өзенінің сол жақ бетіндегі егістерді иемденіп, Тайлыбай, Орта Нұрбай-Бабай, Серке-Досан тоғандары суымен суарған.

С.Руденко өзінің «Очерк быта Северо-восточных казаков» атты жазбасында Қара Ертіс өзенінің Алқабек және Қалжыр сағаларының аралығында мекен еткен қазақтар жазда солтүстікті бағытқа ала отырып, Марқакөл көлін бойлай тауға қарай көшеді,- деп көрсеткен.

Енді Қара Ертіс өзені аңғарындағы найман аулының көшу жолына тоқталайық. Мысалы, Алқабек өзені бойындағы наймандар маусымның бас кезінде жайлауға бет алып, Марқакөлді бетке алып, солтүстікке қарай жүреді. Қыстаудан 30 км-дей жердегі Бектұр сайында тоқтап, онда бір аптадай дем алған. Одан соң ауыл көпі Қайнар, Колдсең, Қатай, Ақжайлау сайларында әр қайсысында бір аптадай тоқтап дем алып барып, Азутауының етегіндегі жайлауға барып тоқтаған. Жайлауда бір ай болғаннан соң қайта жолға шығады. Бектұр, Алқабек сайларын күздеу ретінде пайдаланған.

Ал, Қара Ертіс сағасы Алқабек, Білезік, Көкжота өзеніне құятын Қарашоқы өзені бойында Қытайға жақын қыстаған ауылдар қыстаудан майдың ортасында көтеріліп, жайлауға жолда Қойтас, Көкбұлақта тоқтап дем алып, Мұрабай тауының етегіндегі Баракбай жайлауында шілденің аяғына дейін отырған. Тамызда Қойбұлаққа қайта оралып, онда қазан айына дейін отырған.

Қара Ертіс сағасы Қалжыр өзенінің бойындағы найман ауылдары мамыр айынан бастап жайлауға көштің басын бұрған. Көші жолы Жамансай, Белтерек, Қараой, Қарғалы, Бесқарағай, Жамансаз, Көкбұқа деген жерлер арқылы жалғасып, Сарытау тауының етегіндегі Жамансаз жайлауына жеткен.

Қара Ертіс өзенінен 2 км жердегі Боран қыстауында отырған наймандар Қызыл Кезен жайлауына жету үшін жолда Шұбаршілік, Байшуақ, Қаражартастас, Марқакөл, Қаралаайғыр, Дуанай, Тарлаулы, Азу, Матайбайда дем алу үшін аялдаған. Төртуылдар мерзімдік қоныстарға қаракерейлермен көршілес-іргеліс қонып отырған.

Төртуылдардың бір бөлігі Көкпекті округі және Сергиополь болысының Шынжылы болысында садыр, матай, семізнаймандармен аралас қоныстанды.

Зайсандағы төртуылдардың бір қауымы бөлініп, 1875 жылдары Лепсі уезіне қарай қоныс аударған. Жетісуға келген төртуылдар Ұзынағаш, Ақшеку, Қарақитат деген жерлерге тоқтап, бұл жерде қыс, көктем, күзді өткізген. Жазда Ұзынағаштан 60-70, Ақшеку мен Қарақитаттан 30-40 шақырым жердегі Байсуан, Белбұлақ, Саз, Суасу, Қарабастау, Ақтас, Жуантөбе, Байет жайлауларын жайлаған. Олар Құтый өзенінен тартылған Тайлыбай, Орта, Нұрбай-Бабай, Серке-Досан деген тоғандарды иемденіп, бойында егістік салған.

Төртуылдардың қоныстануын экспедициялық деректер бойынша көрсеткен автордың бірі Ә.Марғұлан. Ол «төртуылдардың басты қонысы Қара Ертіс өзенінің сол жақ беті. Бай ауқатты төртуылдар жазда Ертіс өзені арқылы өтіп, Марқакөлге көшеді», - дейді. Марқакөл жайлауларында төртуылдар қаракерейлермен көршілес қоныстанған. Марқакөлде олар маусым, шілде айларында отырып, одан кейін Қара Ертіске қарай қайта бет алған».

(Қазақ ру-тайпаларының тарихы, X-том, 2-кітап, Найман. 2008ж).

Жоңғар мемлекеті күйрегеннен кейін қытай әскерлері қазақ жеріне кіреді. Қазақтар өз жерінің азаттығы үшін күресті. Ұрыс қимылдары Шығыс өңірінде басталып, Сарыарқа жерінде жалғасты. Ақыры екі жақ мәмлеге келеді. Осы бір аласапыран салдарынан қазіргі шекара аймақтары біраз жыл иен жатады.

Осы кезеңде халық Сауыр, Тарбығатай, Қара Ертіс өңірлеріне қоныстануға тәуекел ете алмаған. Ақыры қазақ-қытай қатынастары жақсарған соң, бұл жерлерге қазақ ауылдары келе бастады. Осы қоныстану кезеңі 1750 жылдар шамасында болған.

Марқакөлдің бір жотасының биігінде отырып, бас сардар Қабанбай қазақ руларына жоңғарлардан азат етілген ата жұртты, ата мекен ретінде келесі руларға бөліп берген:

Байжігіт еліне Барқытбел баурайы;

Керей еліне Сауыр, Сайқан, Алтай тауларының күнгеі бетін береді;

Ақнайман, Саржомарт, Қожамбет, Қаратайға Ертістің оң жағын; Нарын тауын, Катонқарағай, Бұқтырма өңірін береді.

Төртуылдың Ақболат, Андабарақ руларына Ертістің сол жағын тұрақты мекен етіп бскітеді. Бұл бөліске наразы болған төртуыл руының Баймұрат батыры түсі бұзылып, «тағы да менің елім бір тұтас қоныс ала-алмай бөліне ме?» дейді. Сонда Қабекең күліп, «Атаң Төлегетай солай десе, мен не істеймін» – деп, жақсы көретін інісінің арқасынан қағыпты. Қабекеңнің бұл жерде меңзеп тұрғаны Төлегетайдың төрт баласы Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл түс көріп әкесіне жорытады. Төртуылдың көрген түсі, бір қысырақтың үйірін бет-бетімен қашқандықтан бір қорғанға кіргізе алмапты. Түсті жорыған Төлегетай: «Балам-ай, сенің ұрпағың да көп өседі. Бірақ, шашыранды болып, әр жерге қоныстанады,»—деп жорыған.

Тарбағатайда Қаракерей - Жұмық, Мұрын рулары қоныстанды.

Көкжарлы руына жататын Қаратай елі XVIII ғасырдың екінші жартысына қарай, Арқа жерінен Маңырақ жотасына барып мекендеген. Одан әрі Қара Ертістен өтіп Төр Алтайда тұрақтады. Бұқтырма, Күлмес өзендірінің бойына қоныстанады (Автордан М.М.).

Қаракерейдің Қожанбет руы Қара Ертіс бойын, Бөкенбай тауын, Азутауды, Қалжыр, Марқакөл өңіріне қоныстанды.

Ақнайман руы Зайсан көлінің оң жағалауынан бастап, Ақши, Майқапшағай, Сарытаудың етегіне дейін мекендеді.

Керейлер Сауыр, Сайхан тауларына қоныстанды.

Ал енді Төртуыл руының Зайсан жеріне келуін зайсандық Мақсұт Елшібаев қария былай әңгімелейді:

«Әйгілі Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан кейін қазақ шығысқа қарай үдіре көшкен. Ал төртуыл руларының алды Қалба тауына келіп тоқтап, осы араны мекендеген. Бұл төртуылды бастаған Баймұрат батыр деп айтады. Ел Қалбаны жаз жайлап, қыста шығыс жақ етегін қыстайды екен. Ол жерде қанша уақыт болғанын ешкім айта алмайды. Әйтеуір, төртуылдың көп сүйегі деген Самар-Көкпекті аралығында ескі қорым бар.

Енді Зайсаңға елдің келуін былай деп айтады. Бір жылы қыс қатты жұт болады. Қатты боран болады, батыстан соққан желмен жайылымдағы қалың жылқы шығысқа қарай ығып кетеді. Жалғыз ғана Арқат деген кісінің мінген аты қалады, басқа ел жаяу ешқайда шыға алмайды. Күн жылынып, қар кете бастаған кезінде, Арқат ата атына мініп, жанына бақырын байланып, оттық шақпағын қойнына тығып алып, көл жағалап шығысқа қарай жүріп отырып, Зайсаң көлінің шығысына келеді. Қалың қопа көреді. Қопаны аралап жүріп, жылқының шетіне ілінеді. Сөйтіп, жылқыны аралап жүрсе бір жерден түтін байқайды. Келсе, төңірегіне қарағаннан қорғап жасап алған, бірнеше үй ұранқайларды көреді. Ұранқай деген моңғол қалқының бір руы болады. Басында бұлар бір-бірінен қорқып қалып, ақыры тіл табысады. «Кімсің?» деп сұрағанда, Архат: «Мына жылқылардың иесімін» дейді. Сөйтсе, бұлар жоңғарлар қазақтан жеңіліп қашқан кезде, мына көл жағасына қалың қопаға кіріп, қалып қойған ұранқайлар екен. Шошқа аулап жеп, күн көріп жата берген. Арқат бұларға сойып жейтін жылқы беріп, жанына күрке тігіп алып отырады. Жылқылары түтел, алды Қорған деген Ертіс жағалауындағы жерде, арты көлде. Қалың тоғай, қопа арасына құлындап, көк көтеріліп, құлын аяқтанғанда Арқат жылқыны айдап қайтпақ болады. Ұранқайлардан Арқатпен үйірлесіп қалған кішкене бала «мені ала кет, менің әке-шешем жоқ» дейді. Оны Арқат ұранқайларға айтса, олар көнбейді. Ақыры бір айғыр жылқы беріп, оны алып кетеді. Бала төмен қарап мұнайып отырған екен. Сол себепті атын Мұңалшақ қойған. Арқат төртуыл ішінде құдагел руынан болады. Құдагел ішінен мұңалшақтың тұқымдары қазір де бар. Арқат жылқысын алып еліне барған соң, елмен ақылдасып, осы жылқы барған жерге көшеді. Бұл 1760 жылдары болса керек. Бірталай төртуылдар көшіп, осы Зайсаң өлкесіне орналасқан".

(Ғалым Байбатыров, Шежірелі шығыс өңірі. Өскемен 2006.)



П.ғ.к., профессор С.Ә.Тортаевтың, т.ғ.к., академик Х.Ғабжалиловтың «Ерте және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы Найманның Төртуыл руының қонысы жайындағы» келесі деректі ұсынып отырмыз: «Найманның Төртуыл руының қонысы туралы тарихнамада зерттеушілер арасында толық бірауыздылық жоқ. Солай болуы заңды да. Сонау Шыңғысхан заманынан бері найман тайпасының, оның ішінде Төртуыл руының басынан қандай қиын-қыстау замандар өтпеді дейсіз. Сол замандарда рудың бір орыннан екінші, үшінші орындарға қоныс аударуға мәжбүр болғандығы да рас.

Дегенмен деректерге, зерттеулерге сүйенелік. Жоғарыда аталған төртуыл шежіресінде ол рудың — кіндік кесіп, кір жуған, өрбіп-өскен ата мекендері — Алтай, Тарбағатай, Тоқта, Барлық, Тянь-Шань қатарлы таулы өңірлер екендігі баяндалған».

Ал Шорман ұлы Мұсаның мәліметі бойынша Төртуылдың Ақболатынан тарайтын ұрпағы Лепсі мен Қопал (Қапал) уездерінде қоныс тепкен.

—Қазақ Совет энциклопедиясында Төртуылдың қонысы жайлы төмендегідей мағлұмат берілген: — Октябрь революциясына дейін Төртуыл ұрпағы Қара Ертістің екі жағасын мекендеген бір болыс ел болған. Мұның бір старшыны Ертістің оң жағын, қалған 8 старшыны сол жағын, оңтүстігі Зайсан бекінісіне дейін қыстаған. Төртуылда 1373 түтін, 7761 адам болған. Төртуылдар Қаратал, Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Ақарал, Қорған өзендерінің бойын; Жеменей, Көкжота, Маңырақтау аңғарларын, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, Ақжайлау, Соналы т.б. таулы жерлерді жайлаған.

Келесі зерттеушілер тобы төртуыл аталарының — Зайсан мен Марқакөл көлдерінің төңірегіндегі жайылымдарға, Ертіс және Қара Ертіс, Күршім, Бұқтарма, Шар өзендерінің бойына, Алтай, Тарбағатай тауларына қоныстанғандығын хабарлайды.

Онан әрі осы зерттеушілер төртуыл руының тағы да басқа қоныстары туралы төмендегідей мәлімет келтіреді: —Төртуыл руы Жалаңаш, Теректі өзендері аралығында Қоңыртас баурайында, Тоқты тауында, Алтыбай, Бұлақбай, Ескөл алқабында және уездің оңтүстік-шығысындағы басқа да жерлерде көшіп жүрген. Бұл аймақты қоныстанған төртуылдың Ақбарақ рулары еді. Ақбарақ аталары Тарбығатай тауының күнгеі бетін, Құлыстай, Абдра аймағын мекендеген. (Автордан М.М.)

Төртуыл мен Матай рулары уездің шығыс шекарасында - Қарақоға, Жантезен, Туматай, Ұзынағаш алқабында т.б. жерлерде қыстаған.

Төртуыл руының Тоқан және Тоғыз деген екі атасы Қара Ертіс аңғарындағы даланы алып жатқан бір Қара Ертіс болысы болды. Бұл болыс 9 старшынан құралды, олардың біреуі Қара Ертістің оң жағалауына, ал қалған 8 старшыны осы өзеннің сол жағалауындағы далаға орналасқан еді. Төртуыл руының оңтүстік шекарасы Зайсан бекетіне дейін жетіп, шығыс жағы Алтай жотасына ұласып жатқан. Төртуыл руының қазақтары 7761 адамы бар 1373 шаруашылыққа біріккен. Олардың қыстаулары Қара Ертіс пен оның Қорған және Ақарал деген салаларының жағалауына, Қаратал, Сарыбұлақ өзендерінің аңғарына, Қарабұлақ, Жеменей, Зайсан алқабына, Кендірлік өзеніндегі Көкжота, Шеңгелді, Маңырақтау, Қабырғатал, Кеңарал, Ақарал деген жерлерге, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарына орналасқан болатын. Жаздыгүні олар Қалжыр өзені мен Марқакөлге дейін көшіп барып жүрді. Ақжайлау, Соналы тауларын жайлаған.

Жоғарыда аталған Қ.Жұпбаев деген автор төртуылдың қонысы Сауыр, Құлыстай мен Маңырақ және Қытайдағы Шыңжаң өлкесі деп көрсетеді.

Бұл мәлімет XX ғасырдың басындағы дерек көзіндегі мәліметке ұқсастау. Ол дерек көзінде төртуылдың Жетісу облысының Лепсі уезіндегі № 120, 122 қауымдарда тұрғандығы, ол қауымдарға Зайсан уезіндегі қоныстарынан қалмақтардың қуғынымен 1881 жылдан кейін келіп қосылғандығы айтылады. Төртуыл руының Қазақстан өңіріндегі қоныстарының осы айтылған жерлер екендігін кезінде академик Ә.Х.Марғұлан да атап көрсеткен болатын. Ол былай деп жазған: — «Относительно тортуулов можно сказать, что они живут почти вместе с карагереями. Но главным местом тортуулов считается левая сторона реки Черного Иртыша. Богатые тортуулы тоже кочуют в течение летнего сезона на Маркакуль, переправляя свой скот через реку Иртыш, тоже имея свои определенные места (*жайлау*) по

южным берегам озера как карагери. Продолжительность стоянки тортуулов на Марка-куле около двух месяцев (июнь и июль), потом начинается обратное кочевание к зимовке (Черный Иртыш), с временными остановками на дороге».

Тортуыл руының қонысы туралы Б.Байбуловтың еңбегінде де біраз мәлімет келтірілген. Ол мәліметке сәйкес төртуыл руы құрайтын халықтың көбісі Маңырақ және Қара Ертіс болыстарында және Қытайда тұрады. Сондай-ақ, төртуыл руы Зайсан уезінің Майтерек болысын құрайды.

Тортуыл тарихындағы тағы бір көңіл аударарлық мәселе - бұл рудың Ресей құрамына қосылуы. Дерек көздерінде бұл мәселе бойынша да азды-көпті мәліметтер сақталған. Солардың біреуін келтіре кетейік. Ол 1776 жылғы 4 қазанда төртуыл болысының Тәуке сұлтан басқарған белгілі-белгілі деген 23 адамдарының Ямышевск қамалында Ресейге бодандығын мойындап, салтанатты түрде ант бергендігі жайлы мәлімет. Сол 23 адамның тізімі мынау: Еканбий Аккузыев, Акшура Сатыбалдыев, Тагилдей Амурзин, Айлак Мурзагилдєв, Ирдеш Амурзаков, Кушак Ауталиев, Бабак Бабашев, Шурак Колев, Байсары Исаналєев, Чука Инязбаев, Байгабул Батуров, Темиз Надиргилев, Чубаган Куйгангулев, Яналы Лйтунганов, Андарбск Кулдиязов, Ашур Билялов, Рахман Раев, Нитау Бикерекєв, Туймамєт Баянов, Казакшары Янышав, Емингара Кигулдыев, Муртаза Мамаков, Утя Сагандыков. Осы дерек көзі бойынша, ол болыстың кәмелетке толып, ат жалын тартып мінген 5000 еркек кіндікті азаматы болған. Жоғарыда айтылған ант қабылдау кезінде оған қатысқан 23 адамға арнап 16 сом 43 тиынға қонақ асы мен заттай сыйлықтар берілген.

Бұл сыйлықтың ақысына ант берушілер, Ресейге адал болатындықтарын куәландырып, қолдарын қойып, таңбаларын басқандығы хабарланады.

Сөйтіп, ру-руларды бірде қымбат сыйлықтармен сатып алып, кейде қарудың күшімен қорқытып, қазақ жерін XVIII-XIX ғасырларда Ресей өзінің отарына айналдырып алды.

Айтылып отырған дерек көзіндегі мәлімет бойынша төртуыл болысында 1774 жылы 118 850 жылқы болып, оны 340 адам бақса, 1785 жылы 87 500 жылқы, 477 жылқышы болған. Сөйтіп, жылқы саны азайып, оны бағушылар саны өсе түскен. Бұл көрсеткішке қарап болыстың экономикалық жағдайы төмендеп кеткен деген тұжырым жасауға болады.

XIX ғасырдың 90-шы жылдарында жазылған осы дерек көзінде Ямышевск қамалы салынғаннан бері кеден жұмыс істей бастағандығы айтылады. Бірақ, жергілікті халық саудаға жөнді араласпаған, ал —бұхарлықтар мен ташкенттіктер бұл жаққа келмейтіндіктен ол кеденнен түсетін табыс маз болмаған. 1754 жылғы түскен табыс 125 сом 56 ¼ тиын болса, 1784 жылғы табыс 105 сом (рубль) 21 тиын болған.

Сөйтіп, төртуыл болысының халқы саудада белсенділік танытпаған, олардың шаруашылығы натуралды болып қала берген, экономикасының даму қарқыны өте баяу болған. Ресей қазақ болыстарының экономикасын дамытуға мүдделі болмай, оларды шикізат базасына айналдырумен шектелген. Оның үстіне «жығылғанға жұдырық» дегендей, 1881 жылғы Ресей мен Қытай арасындағы шекараны анықтаған Петербург шарты бойынша біртұтас төртуыл руының халқы екі мемлекет аумағына бөлініп кетуге мәжбүр болды.

Сөйтіп, 1218 жылдан кейін қайтадан есін жиып, ел болып, XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының іргесін қаласқан найман тайпасы, оның ішінде Төртуыл руы XIX ғасырдың 80-ші жылдарында туған-туысқандарынан ажырасып қалып, тағы бір қиыншылықты басынан өткізді.

Кейбір мәлімет бойынша — наймандар қазір Шыңжаң қазақтарының үштен екісін нелейді. Оның едәуір бөлігін төртуыл құрайды. Бұл қазіргі ҚХР-ндағы наймандардың саны. Ал жоғарыдағы Қазақ-совет энциклопедиясынан келтірілген төртуылдың саны 1917 жылға дейінгі Ресей (негізінен қазақ жеріндегі) құрамындағы төртуылдықтар деп білеміз. Сол себепті төртуыл руы найман тайпасының өсіп-өнген үлкен руының бірі дей аламыз.

(Вестник Казахского государственного женского педагогического университета.№2(7),2012.)

Төртуыл руын бастап ата мекенге орналастырған Баймұрат батыр еді. Жалпақ ел Төртуылдың көшін Баймұрат бастап 1750 жылдары Қалба тауына орналастырады.

Төртуылдар Байбура, Самар, Көкпекті аймақтарын жазда жайлап, қыста қары жұқа, қысы жеңіл болатын Қалба тауының шығыс етегін қыстаған. Төртуылдар ондаған жылдар осы өңірді мекендеген. Осы өңірде “Төртуылдың көп зираты” деген қорым осы күнге дейін сақталған. Қазақ – қытай қатынастары жақсарған соң, Төртуыл руы Зайсан аймағына, Ертіс бойына орналасады.

Бұл өңір Сауыр мен Маңырақ тауының етегі, жайылымы кең, жері шүйгін, сай, жылғалары толған жеміс-жидек болады. Бұл - Қара Ертіс өзенінің Зайсан көліне құятын тұсы көгалды, қалың қопа, аса бір шүйгін аймақ.

Төртуылдардың осы өлкеге қоныстануы 1760 жылдары болса керек. Төртуыл Апашбайұлы Арғынбек ақын «Қазақ Сырдан ауғанда» деген тарихи дастанында төртуылдың ата мекенге қоныстануын былай баяндайды:

Төртуыл Көкпектіге келіп жетті  
Сол жерді біраз жылдар мекен етті.  
Сұлтанкелді, Есенкелді екі мырза  
Бірі бай, бірі батыр асыл текті.  
Қара Ертісті мекен етті көп төртуыл,  
Ноғай, Сағал, Сегізбай, Назар бұлбұл.  
Боқатай би, Бөтеке, Тоқабай бай  
Төртуыл беріп еді түгел шылбыр.  
Мәз Бітібай, Жансары, Бөкі мырза,  
Қалды ғой бәрінен де дүние құрғыр.  
Көпен болыс, Бекбай, Шөкет, Халит, Айтқұл,  
Ғаділет жұрт билеген өңкей мәшһүр.  
Болыс Қағай, Тақырбас Босқынбай би,  
Аттарын түгендейін хатта бір-бір.

Төртуыл руынан шыққан басқа да әйгілі азаматтар мен батырлар көп болған. Тарихи деректер мен аңыз-әңгімелерге қарағанда қол бастаған Төртуыл Бағар батыр, Төртуыл Тоқабай батыр, Жауғашұлы Сарыбай батыр, Ақшора батыр қосыны, Төртуыл Бердіке батыр жасағы деп аталыпты.

Шыңғыстау бойында Найман еліне Әбілфейіз хан болып тұрған кезде, Қызылсу – Шар, Қалба тауы, Күнгей Алтай бойындағы найман қосындарын бастаған батырлар қалмақтар мен шүршіттерді бұл аймақтан ығыстырып, бұл жерлерді жаудан тазартады.

Көкжарлы, Ақнайман, Қожанбет руларын ата қонысқа қайта қондыра бастайды.

Ақнайман, Қожанбет, Көкжарлы, Терістаңбалы рулары көп жылдар Алтайдан ауып көшіп, Шыңғыстау, Қызыл-Су, Шарды, Тума - Токпақты мекендеген. Енді бұл аталарды Күнгей Алтайға, Күршім, Нарын, Қалжыр, Қара Ертіс, Марқакөл аймағына көшіріп қоныстандыру, әр руға мекендейтін жерін, жайлау-қыстауын белгілеп беру көп уақытқа созылады. Тек 1760 жылдары ғана ел ата мекенге орнығады. Осы бір кезең жайлы Дулат жырау Бабатайұлы (1802-1871 ж). “Бараққа” деген өлеңінде:

Әбілфейіз арғы атаң,  
Алтын тұғыр сұңқар – ды.  
Іріктетіп батырын,  
Қунатып еді тұлпарды, - дейді

Әр атаның, әр рудың қалың көшін әйгілі батырлар үлкен дайындықпен ұзақ жолға бастап шығарып, әскер қосынмен қорғап, ата қонысқа жеткізіп отырған.

Қаратау, Сыр бойынан, Жайық бойынан, Алтайға, ата қонысқа ел көшіру үлкен, әрі жауапты науқан болған. Мұндай көштер жолда екі - үш қыстап ата жұртқа әрең жеткен.

Қазақ жері жаудан толық тазартылған соң, ел тағдыры таразы табағына тартылатын сәт туады. Бір ғасырға таяу қуғын – сүргінге, ақтабан шұбырындыға ұшыраған халықтың,

елдің қамын ойлаған ру басылары мен билер, арнайы кеңес өткізіп тұрған. Мұндай жиынға қазақ жерінің әр аймағынан ру басылары, билер, батырлар түгел қатысқан.

Қалың көштің жолында отырған ел көшкен елге ағайындық көмек, қамқорлық беруге тиісті болған. Көшкен елге уақытша қоныс, жайылым беріп, ұры-қарыдан қорғап, жол сілтеп отыруға тиісті болған.

Түнемелге орын әзірлеп отыру әр рубасыларына тапсырылған. Көшіп келе жатқан елге қыс қарсаңында қоныс қыстау, ықтырма, қора-жай әзірлеп, елге ел жалғасып, қиыншылықтан шығу жолдарын ойластырады. Осының бәрін жиын-кеңестерде арнайы шешіп отырған.

Осындай үлкен жиын 1756 жылы Әбілфейіз хан бастаған найман ордасында Шыңғыстаудағы Жүрекжота деген жерде өткізіледі. Жиынға Бура - Ақпантай, Төртуыл - Баймұрат, Төртуыл - Тоқабай, Андағұл - Барлыбай, Жәмеке, Жұмық - Дәулетбай, Бәйжігіт - Шыңқожа, Сыбан - Байғана, Жылқайдар, Мұрын - Сәмет, Қожанбет - Тоғанас, Қожанбет - Сырынбет, Жарболды Тілеуімбетұлы Жәнібек батыр сияқты әйгілі батырлар қатысқан.

Тарихи деректерге сүйенсек 1755-1760 жылдарға дейін Қалба тауы, Бұқтырма, Нарын бойында, Күршім, Қалжыр, Марқакөл аймағында мықты әскер-қосындарын ұстаған ұранхайлар болған. Қабанбай батыр, Әбілфейіз хан осы аймақтағы қалмақтарға қарсы әскер-қосындар бөліп, әр қосынға әскер басы етіп батырларды тағайындаған.

Қалба, Аблайкит, Тайынты өңіріне Көкжал Барақ, Бұланбай батыр, Терістаңбалы Жарылған, Айтқұл батырлар қосыны жіберіледі.

Бұқтырма, Нарын бағытына керей Жәнібек батыр, Қаратай Тұматай батыр, Андағұл Барлыбай батырлар бастаған қосындар аттанады.

Көкпекті, Шар бағытына Қаракерей - Шыңқожа, Шағалақ, Қасабай, Матай - Шөңкей батырлар бастаған қосындарды аттандырады.

Күршім, Қалжыр, Қара Ертіс бағытына Ақнайман - Жаман батыр, Қожанбет - Тоғанас батыр, Өтей - Бұланбай батыр, Бура - Танаш батырлар бастаған қосындар аттанады. Өтей - Бұланбай батыр Алтай, Ертіс жағындағы шекара қарауылының бастығы болып, соғыс кезінде шолғыншы жасақты басқарған.

Міне осы әскер қосындарды бастаған найман батырлары жоңғар әскерінен қалған жекеленген топты түгел жойып, шығыс өлкесін жаудан толық азат етеді. Ертіс, Көкпекті, Шар аймақтарында Шыңқожа, Дәулетбай батырлар қалмақтарды ығыстыра отырып, қилы-қилы жорық шайқастарды бастан кешірді. Бұл шайқастар жайлы Бұқар жырау:

Қан сасыды лезде,  
Көкпектінің даласы.  
Қазақ-қалмақ шабысқан,  
Жер менен су таласы.  
Айдан аса алысып,  
Төбе болды моласы.  
Тірі қалған қалмақты  
Күншығысқа қашырды, - дейді.

Төртуыл руынан шыққан ақын Арғынбек Апашбайұлы “Қазақ Сырдан ауғанда” деген өлең толғауында:

Қожанбет Сарытауға шықты келіп,  
Ақнайман жатып қалды шиді көріп.  
Шағырда Сырынбет би деген кісі  
Елдерін орнықтырды жиып-теріп  
Алтай мен Тарбағатай тұстас жерде,  
Ауған ел қоныс тепті қайта келіп,- деп Алтай, Ертіс, Марқа өңірінде елдің ата мекенге қайта қоныстануын жырлайды.

Орталық Қазақстан аймағындағы Шу өзені, Ұлытау, Сырдария, Батыста Жайық бойынан жөңкіле көшкен найман тайпалары Алтай аймағына, ата қонысқа орналаса бастады.

Төртуыл Көкпектіге келіп жетті,  
Сол жерді біраз жылдар мекен етті.  
Есенкелді, Сұлтанкелді екі мырза,  
Бірі бай, бірі батыр асыл текті.

Ақбарақ пен Ақболат деген таптар  
Тарбағатай тауына шығып кетті.  
Шәуешек ұлығына қарап қалып,  
Өмірі бүгінге шейін сол жерде өтті.- деген дерек сақталған.

(Арғынбек Апашбайұлы).

Қытай – қазақ қатынастары жақсарған соң, бұл аймаққа қазақ рулары келіп бұрынғы ата қонысына орныға бастайды. Тарбағатай өңіріне Қаракерей рулары қоныстанады. Қаратай, Көкжарлы рулары Төр Алтайға тұрақтады. Қожанбет руы Қара Ертіс, Марқакөл, Қалжыр бойына, Бөкенбай тауына қоныстанды. Ақнайман рулары Зайсан көлінің оң жағалауы, Ақши маңын қоныс етті. Керейлер Сауыр тауын, Төртуыл рулары Маңырақ тауының теріскей етегін, Зайсан көлі маңын мекендеді.

Сол төртуылдың бүгінгі ұрпақтары ежелгі жерінде: Ертістің ар жақ-бер жағында, Зайсан алқабында, Зайсан, Марқакөл аудандарында, Тарбағатайдың төр жағында отыр. Жаз жайлауы, ақын Арғынбек айтқандай:

Ұшқыр – Мүңкер, Төрқуыс,  
Сай-саласы ел қоныс.

Төртуылға ежелден,

Ата қоныс, бір туыс, - деп жырлағандай, төртуылдар Алтайдың күнге беті, Сауыр, Сайқан, Маңырақ аймағын мекендеп отыр.

Қожанбет руына жататын аталар ата мекенге қоныстандыру кезінде елге басшылық жасап, жол бастаған билер мен батырлар болған. Қожанбет ішінде Жарболды атасына жататын Қалқаман – Сүйіндік аталарынан Кәлім би, Арысбай батыр басшылық етіп Оңтүстік Алтайдағы Сарытаудың етегіне Майқапшағай, Қызылащы жерлеріне орналастырған.

Қожанбет ішінде Сырынбет би өзінің аталастарын Терісайрық, Кемерқайың, Бөкенбай тауының теріскей етегіне қоныстандырған.

Қожанбет ішінде Мысқал атасына жататын елді Айтұлы Шағыр би бастап, елге басшылық жасап қоныстандырған. Мысқал атасының қоныс-мекені «Дала Тақыр», «Керейбай», «Арғынбай», «Қаракөбен», «Сарыкөбен», «Байшуақ» аймақтары. Қазір осы аталардың ұраны «Шағыр». Өсіп-өрбіген үлкен ел «Сегіз шағыр» деп аталады.

Атақозы атасының мекені «Қақсалды», «Ақтүбек», «Ақжол», «Керегетас», «Нарбота», «Шығанши», «Жамансай».

Бұл мекендерге ел қоныстана бастаған кезде, Атақозы би басшылық еткен. Жарболды атасының мекені «Теректі», «Ащылы», «Сорқұдық», «Бұлғарытабыты», «Қайнарлы».

«Күршім өңіріне Көкжал Барақ батыр, Саржомарт Танаш батырлар Өтей, Жәрке, Бура руларын қоныстандырған.

Күршім, Алтай жеріміз

Өтей, Жәрке еліміз

Көк перілі, Көк жалды

Барақ батыр тегіміз», - деп халық жырға қосқан екен.

(Т.Қайырбаев «Қазақ әдебиеті» 1992 ж 5 маусым).

Матай руынан шыққан Елқондыұлы Қалыбай батыр өз руластарын 1800-1805 жылдары Шыңғыс тауынан Қалба тауына бастап әкеліп, сол аймаққа қоныстандырған. Інісі Қошқарбай батыр екеуі ойраттарды Қалба мен Ертіс бойынан Алтай тауына дейін ысыра қуған. Жауды Ертістен өткізіп, Үлбі өзенінің бойымен қазіргі Риддер қаласына таяу жердегі «Ойрат асуынан» асырып тастаған. Жаумен қатты шайқас кезінде Қошқарбай қайтыс болады.

Зираты Лениногорск каласының жанында. Бұрынғы «Ойрат асуы» батырдың құрметіне «Қоңқарбай асуы» деп аталған. Ағасы Қалыбай батырдың зираты Жарма ауданы Кеңтарлау деген жерде тұр. Жарма өңіріндегі Матай руының ұраны «Қалыбай».

Жау жеңіліп, ежелгі жұртына келіп қонған ел баяғы дәстүріне сай ұлан-асыр тойлар өткізіп, қаншама жылдар қамыққан көңілін көтеріп, қуаныш пен қызыққа кенелген кезі екен.

Зайсан уезінің аумағында наймандардың көптеген рулары қоныс тепті. Зайсан уезі 17 болыстыққа бөлінген. Соның 16 болысында наймандар мекендеді. 91599 тұрғыны бар, 21721 шаруашылығы болған.

Зайсан уезінің аумағына Төртуыл, Тоқан-Тоғыз, Қаракерей, Қожанбет, Ақнайман рулары қоныстанған.

Қара Ертіс бойына орналасқан Қожанбет, Тоғыз аталары «Қара Ертіс» болысы деп аталды. 9 старшынға біріккен.

Төртуыл, Тоғыз аталары Қара Ертістің сол жағына орналасқан. Олар 8 старшынға біріккен. Төртуыл руының құрамында 7761 адам болды. Олар 1373 шаруашылыққа біріккен. Негізгі қыстаулары: Ақарал, Қарабұлақ, Жеменей, Кендірлік, Көкжота, Кеңарал, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын мекендеген.

(Материалы по обследованию хазяйства и земнопользования киргизов Семипалатинской обл. Т.Ш. Зайсанский уезд СПб, 1913).

Жазда Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Марқакөл, Сарытау, Ақжайлау, Көкжота, Секітас аймағын жазғы жайлауы ретінде пайдаланған. Бұл өңірде «Қара Ертіс» болысының 8 старшын елі жазғы жайлауға орналасады.

Білезік өзенінің бойын төртуылдың Есімбек, Есенғұл рулары жайлады. Шөптікөл, Көкжота аймағын Тұзақшы рулары жайлады. Кейіннен бұл қоныстар «Тұзақшы кезеңі», «Тұзақшы жайлауы» деп аталды.

Қызыл кезең, Ұранқарағай, Секітас аймағы Жылқайдар-Дүзбай аталарының жайлауы болған. Ал Жылқайдар – Дүзбай, Мыңбай, Сарманак аталарының қыстауы Қаратал, Ақарал, Кеңарал Ертіс жағасына дейінгі кең қоныстар.

Марқа өңірінде осы күнге дейін «Тоғыз жайлауы», «Тұзақшы кезеңі», «Жылқайдар жайлауы» деген жер аттары бар. Төрқуыс, Матайбай, Көкжота, Үш - Мүңкер жерлерін төртуылдың Есіркеп, Мая, Жақау аталары жайлаған.

Жеті кезең Матайбай,

Суыцнап кеттік тата алмай.

Орыстың жері атанып,

Бір көруге бата алмай,- деп өзінің туған жерге деген

сағынышын жазған екен. Төртуыл Тұзақшы руынан шыққан ақын, әрі ел басқарған болыс анамыз Әнім Ысқақ қызы, Мырзаш Алдиярұлының немересі.

Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Қалжыр, Алқабек бойымен Ақжайлауға қарай көшетін. Ары қарай төр жайлауға тарала қоныстанатын. Төртуыл руларына жазғы жайылымдық жердің тарлығы көп қиындық туғызған. Олар өздерімен көршілес Қожанбет руларынан жайлау жайылымын сұрауға мәжбүр болған. Төртуылдар Алтайға көшкен кезде, Қожанбеттердің жерін басып өтетіндіктен, олар кейде қарсылық білдіріп отырған. Төртуылдарға нақтылы жайлау жолы (көш жолы) белгіленіп, одан ауытқымау талап етілген.

Алтайға ел көшеді буын-буын,

Көрмейсің төртуылдай елдің қуын.

Баспасын егін-шөпті жолындағы,

Мамырлап жатам десе Алтай пуын, - деген сөз ел аузында қалған екен.

Төртуылдың тоғыз руы Қарабүйрек, Тақыр жазығы, Байшуақ, Шүршіт, Бала Қалжыр арқылы Шарықты, Топарбұлақ, Арғынбай, Бала - Қалжыр арқылы жайлауға шығады. Жазғы жайлауы Сарымсақты, Қарағаш, Барынкөл, Тасқайнат, Көкбұқа аймағы.

Көктемде Тоғыз, Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Алтайға қарай көшетін.

Зайсан уезінің шығыс бөлігін Қара Ертістен бастап Бөкенбай тауы, Қалжыр өзені, Азутау, Марқакөлге дейінгі аралықта Қожанбет рулары қоныстанады. Бұл аймақ «Қалжыр

болысы», «Ақжайлау болысы», «Пограничный болысы», «Терісайрық болысы», «Майтерек болысы», Ертіс бойында «Жаморов болысы» сияқты болыстықтарға бөлінген.

Осы болыстықтарда Ысқаков Кәкім болыс, Көлбаев Омар болыс, Өтеулинова Дариға болыс, Ырысбаев Нұртаза болыс, Ағжанұлы Бұтабай болыс, Енсебаев Ахмет болыс, Жанакұлы Көпен болыс. Ертіс болыстығында, Мысбаев Миращ болыс, осындай азаматтар болыстықтарды басқарған.

Старшындар Рысбаев Нұртаза, Бижігітов Ақыбай старшын, Жұпбаев Зәбен, Есенбаева Ыбила, Жықбаев Қыдырманш, Байтоғасев Әбілмашар т.б. старшын, ауылнай қызметін атқарған азаматтар болған.

«Зайсан уезінде 99443 адам, 2499 ауыл, 43343 шаруашылықтан құралған 17 болыс болды. Уездегі 17 болыстың бір болысы керейлер, 16 болысы наймандар болған.

Болыстар атауы: Кендірлік болысы, Маңырақ болысы, Шілікті болысы, Терісайрық болысы, Хабар –Асу болысы, Базар болысы, Нарын болысы, Қарбұға болысы, Лаба болысы, Өкпеті болысы, Боғас болысы, Қара Ертіс болысы, Қалжыр болысы, Камаров болысы, Майтерек болысы, Ақжайлау болысы.

Кендірлік болысына 9 старшын ел қараған, 180 ауыл, 1622 шаруашылық. Болыс аумағы шығысында Қытаймен, Солтүстік шекарасы Қарағал, Жеменей өзендері өтіп, бастысы Үйдене мен Сауыр тауына, оңтүстігі де Сауыр тауына шектесті.

Қара Ертіс болысында 1373 шаруашылық, 7761 адам болған. 9 старшын елдің бір старшыны Қара Ертістің оң жағалауын, қалған сегізі сол жағалауын мекендеген.

Шілікті болысында 6557 адам болып, 1531 шаруашылықты құрады. Болыс жері Тарбағатай мен Маңырақ тауларының арасын алып жатты.

Маңырақ болысында 1263 шаруашылық, 5665 адам мекендеді. Бүкіл Маңырақ өңіріне қанат жайды. Осы болыста Төртуылдар мен Байжігіт рулары аралас-құралас тұрды.

Зайсан уезіндегі байжігіттер Терісайрық, Шілікті, Шорға, Хабарасу болыстарында, Мұрындар Лаба, Нарын, Боғас, Қарабұға, Өкпеті, Базар болыстарын құрады. Қыржы руы осы болыстарға шашырай тарады. Қожамбеттер – Қалжыр, Ақнаймандар Майтерек болыстарының жерін мекендеді».

(Ғалым Байбатыров. Шежірелі Шығыс өңірі. 82 бет).

1910 жылдары Зайсан уезі және Марқакөл, Қалжыр өңіріне қоныстанушылар, орыс тұрғындарының саны көбейе берді. «Бұл жылдары Зайсан уезі аймағына 4003 қоныстанушы отбасы келген. Қоныстанушылардың жаңадан 70 учаскесі, 8 хутор құрылды» деген Омбы генерал-губернаторына Семей губернаторы Тройницкийдің есебінде.

«Есеп берін отырған жылда менің басты міндетім 1908-1909 жылдардағыдай Қытаймен шекаралас, негізінен қырғыздар мекендейтін облысқа, орыс келімсектерін орналастырып, оны Россия империясының бөлінбейтін орыс облысы сту болды. Бұрын көшпелі қырғыздар мекендеген облыстың далалары мен таулы аймақтарындағы уездердің бәрінде қоныстанушы шаруалардың поселкелері пайда болды. Орыс шаруаларын бұдан да көп қоныстандыруға болар еді, бірақ мен шаруалар қоныстанатын жерлерді жан-жақты зерттеп, олар тұруға қолайлы, және шаруашылық жүргізуге өзен-суы бар жерлерді анықтағаннан кейін ғана, орыс шаруаларын әкелуді талап етемін» деген Тройницкийдің есеп баяндамасынан Ресей үкіметінің асқан дипломатиялық, шовинистік саясатын көреміз.

(«Дидар» газеті 1998 ж, 7 сәуір).

Облыстық генерал-губернатордың есебі осылай болып отырғанда, көпшіенді елдің жағдайы қалай оңсын. Жыл өткен сайын халықтың өрістері тарылып, өзен-су көздеріне жақын құнарлы жайлау – қыстауларынан айырыла бастады.

«Ертіс болысы» (Қара Ертіс болысы) жаз жайылымының бірі Ақжайлау деген жерден Успенка, Марқакөл жағасынан Уранхайка, Марқакөлдің сол жағынан Еловка елді мекендері пайда болды, Ертіс пен Алтай аралығынан 1903 жылы Алексеевка, Черняевка, Евгеньевка (қазіргі Боран ауылы). Бала Қалжыр бойынан Горное (Ақбұлақ ауылы) деп аталатын қоныстар салынды.

Қаба өңіріндегі Төсқайың, Балықты-Бұлақ, Шанағаты жерлеріне ішкі Ресейден келген босқындар мен келімсектер өз беттерімен келіп қоныстанған, - деп жазады алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханов.

(Мақсұт ақсақалдың естелігінен деп көрсетеді, таңдамалы шығармалар жинағы I-кітап, Алматы 2002ж).

Әйгілі «Беловодье» жері – Белухадан (Мұзтау) Ертіске дейінгі Оңтүстік Алтай және Батыс Алтай аймағы. Суы сүт болып ағатын қасиетті өзендер: Ертіс, Қалжыр, Бұқтырма, Нарын өзендері Алтай биіктерінен басталады.

Өзендерінде су смес сүт ағып жататын жер жаннаты «Ақсу» («Беловодье») туралы аңыз Сібір шаруаларын қызықтырып Алтай жерін аңсайды. Оларға патша өкіметі тыйым салғанымен Алтайдың жолсыз, қиын аймақтарына біртіндеп орыс шаруалары қоныстанады. XIX ғасырда «Ақсуды» іздеп Том губерниясынан орыстар Алтай өңіріне келе бастайды.

XVII ғасырдың басында орыс жерінен келген қоныстанушылар жоғарғы Ертіс бойына, Бұқтырма өзені бойына Бекалқа, Берел, Печи т.б. шағын қоныстар пайда болады. Қоныстанушылар саны жыл сайын өсіп отырды. Бұл қоныстарды Ресей үкіметі есепке алмаған. Адам санын да білмеген. 1761 жылы Бұқтырма бекінісін салған кезде ғана бұл аймақта орыс адамдары тұратын қоныстар бар екенін байқаған.

(Профессор Е.Шмурло «Оңтүстік Алтай мен Қытай шекарасындағы орыс қоныстары»).

1862 жылы орыс шаруалары Нарын жоталарына жетті. Нарын бойында Таловка, Медведевка ауылдары пайда болды.

Бобров бастаған 55 адам Алтайдың күнгей бетіндегі Алқабек өзеніне дейін келіп орнығады. «Ақсуды» іздеп Қытай иелігіндегі жерлерге өтеді. Олар екі жыл жасырынып жүріп, кері қайтады.

Осындай әр түрлі жолдармен келген қоныстанушылар XIX ғасырдың аяғында Қаба өңірі мен Марқакөл маңына тұрақтайды. 1896 жылы Қаба аймағында 500-ге жуық қоныстанушылар тұрды. Олар Шанағаты, Төсқайың, Балықтыбұлақ маңына қоныстанды. Кейіннен Шанағаты – Орловка, Балықтыбұлақ – Владимировка, Төсқайың – Бобровка, Қарағайлы Бұлақ – Еловка болып аталды. Осындай жолдармен Алексеевка, Черняевка, Жиделі – Ардинка, Қайнарлы – Архиповка қоныстары салынып, елді мекендер пайда болған. Бұл елді мекендердің барлығында орыс тұрғындары орналасты.

Қазақтардың ежелгі жайлауы, жазғы мал жайылымы болған шалғынды беткейлердің бәрін орыс қоныстанушылары иемденіп, шаппалық, егіндік жерлерге айландырды. Халықтың кең жайлауын орыстар күшпен тартып ала бастады.

Орыстар егінге, шабындық жерлеріне түскен малды, жылқыларды атып өлтіреді. Немесе мал басын санап ақшадай салық төлеуге мәжбүр болған.

Жер үшін Алтай өңірінде талай шайқас, қан төгіс оқиғалар болды. 1903-1905 жылдары орыстар Сарқырама, Кішіой, Қарағаш деген жерлерге егін салады. Жайлауға көшкен Төртуыл, Қожанбет елдеріне жол бермейді. Ақжайлау, Кезең деген жерге орыстар зеңбірек орнатып, көшті ілгері өткізбейді. «Бір түннің ішінде қазақтар кері көшсін, егін – шөптің шығынын төлесін», - дейді. Төртуылдың 200-дей азаматтары жер үшін шайқасқа шығады. Осы шайқаста Мұханбеттің баласы Омыртқа оққа ұшады. Қазақтар түс ауғанша Омыртқаның сүйегін ала алмапты. Жылқайдар атасына жататын Нұғыттың Нұрғалиы да оққа ұшқан. Бұл 1907 жылы еді. Теректі бойында Қожанбет Сарыұлы Дімік биді, Төртуыл Омыртқаның ұлы Қасымды Алексеев, Федоров деген орыс купецтері алмаспен улап өлтіреді.

1928 жылы қыркүйек айында ВКП (б) Қазақстан орталық комитетімен Атқару комитетінің шешімі бойынша Республикада уездер таратылды. Бұрынғы Зайсан уезіне қарасты территорияда Марқакөл, Күршім, Тарбағатай, Ақсуат, Көкпекті аудандары құрылды.

Марқа өңірінде 1931-1933 жылдары болыстарды біріктіріп, аудандастыру жұмысын жүргізді. Аудандар құрылып, ел басқару жүйесі тікелей өлкелік үкімет билігіне көшті.

(Мешелқызы Мәкен. Қарт Алтай аясында Ару Марқа. Өскемен 2010ж.).



## ҚАРА ЕРТІС – АТА ҚОНЫС

Өткенінді ұмытсаң,  
Өшкеніңнің белгісі.  
Өткенінді еске алу,  
Өскеніңнің белгісі.  
(Халық даналығы).

Әрине, өткенге үңілу керек. Өткеннен өнеге алу, өткеннен сабақ алу керек.

Еліміздің тарихы – еліміздегі әрбір адамның, әрбір отбасының тарихынан құралады. Халықтан бөлек тарих болмайды. Тарихтың қойнауында халықтың өмір – тіршілігі сипатталады. Қоғамдық кезеңдер мен өзгерістер, оның қыры-сыры сипатталады.

Өткенімізді жинақтап, бүгінгімен жалғастырып, бүгінгімен ұштастыру елдіктің белгісі. Аға буын аталарымыз: «Ізімізді, атымызды жалғастыратын ұрпақ қалсын» деп тілеген екен. Сол ұрпақ - өздеріңіз.

Біз алыс болашаққа көз тігіп отырған еміз. Осы мақсатқа жетудің биік межесі – халқымыздың елдік тарихы. Бабаларымыздан қалған, тарих көшінен қалған елдік мұрамыз.

Тарих – асыл мұра,  
Ол - халықтың өткені,  
Бүгінгі және болашағы.

Өткенді бағамдамасаңыз, бүгінгі күннің белгісін мирас етіп қалдырмасаңыз, ертеңгі жөргектегі жас буындар нені тірек етпек? Нені үлгі тұтпақ? Өз жерін, туған ортасын білмеген ұрпақ кенжелей береді.

- Ондай ұрпаққа өнеге – үлгі болатын не? – десек. Ол – істелген ұлағатты іс. Жазылған сөз. Жазба дерек. Ұрпаққа мирас қалдыру, өнегелі іс қалдыру арқылы ел тарихы жалғасады. Есте болатын бір нәрсе, неше ғасыр өтсе де, қанша уақыт өтсе де біздің тарихымыз бен әдебиетіміздің кемшін, олқы тұстарын сырттан келіп, ешкім де түгендеп бермейді. Оны жазу, елге таныту осы жүрген өздеріңізге байланысты.

Бұл өңірде нендей тіршілік болғандығы, кімдер болғандығы жайлы дерек қалып отыруы жөн. Ел тарихының өзегі осындай жолдармен жалғасатындығы өздеріңізге де мәлім.

Ата бабамыздың, Төртуыл және Тоғыз руларының түпкі қонысы, Қара Ертіс өңірінің тарихы да терең. Қара Ертіс тарихы әріден басталады. Қара Ертіс өңірі жайлы айтатын ой да, жазатын сөз де мол.

Шығыстың Ұлы тарихы Алтай мен Қара Ертіс бойында жатыр. Әуелгі адамзат тірлігінің бір тармағы Алтай, Қанғай, Байқал, Тарим, Қара Ертіс өңірінде басталған.

Түрік қағанаты V-VII ғасырларда, осы Алтай, Қара Ертіс, Өтікен (Қанғай) өңірінде ірге көтеріп, дәуірлеген еді. Екі ғасырдан артық билік құрған қуатты мемлекет болған.

Қара Ертіс өңірі мен Зайсан көлі аймағы да – көп тарихтың куәсі. Бұл өңірге моңғолдар да әскер – қосындарын қондырып, қос тіккен. Осы өңірде ұзақ жылдар билік жүргізіп, шартаранқа көз тігіп, жорық жоспарларын жасаған.

Кешегі заманда жоңғарлар да бұл өңірге кент – бекіністерін салған. Қанды шайқас, көп жорықтар болған өңір. Бұған дәлел осы өңірдегі көне бекіністер, жер-су атаулары: Шәкілміс, Домбауыл, Арқауыл таулары. Нар қуған Қалжыр бекінісі, Қанбас тауы, Былғары-табыты бекінісі, Күршім өзені, Тұранғы, Сібе, Аблайкит сияқты жер-су атаулары. Осының бәрі Ертіс бойында жатқан көне тарихтың белгісі.

Осындай бай тарихымызды дамытып, болашақ ұрпаққа жеткізу - үлкен парыз.

Бұрынғы даналар кітапты алтынға балаған. «Кітап – байлық, рухани қазына» деп қадірлеген. «Қағазға жазылғанды қанжар да өшіре алмайды» деген екен бабаларымыз.

Бұл өңірде әзір түрен тимеген ауқымды тақырыптар жатқаны көп жұрттарға мәлім.

Біздің Қара Ертіс өңірінде XVIII-XIX ғасырға сәйкес келетін көне мекендер, көненің көзіндей белгілер, көне мазарлар көп. Соның барлығы да көне күннен сыр шертеді.

**Бекбай болыс.** Бұрынғы Арда (Мойылды) аулының тұсында Бекбай болыстың мазары тұр. Мазар кигіз үй бейнелес. Қазірге дейін жақсы сақталған.

Жолдасбайдың ұлы Бекбай болыс болған. Бұл 1850 жылдар болса керек.

Зайсан өңіріне орыс қоныстанушылары келе бастаған кезде, Бекбай болыс қытай еліне ауып көшеді. Байжігіт болыстың және Бекбай болыстың ұрпақтары қазір Қытай елінде Алтай қаласында тұрады.

Жолдасбайұлы Бекбай болыс - төртуылдың Жылқайдар атасынан шыққан адам. 1840 жылдары Төртуыл елінің әйгілі адамдарының бірі болған. Мекені Ертіс бойындағы Қаражиде Бүркеу деген жер. Бекбай болыстың он ұлы он үй болып, шалқып отырады екен. Ұлдарының үлкені Болбадай, Жақып, Төлеміс, Жақаш, Мағлумхан, Әбдеш, Қоженке.

1927 жылдар Қытай жеріне кетіп, Бекбай болыс сол жақта дүние салған. Әкенің аманаты бойынша, Бекбай болысты ұлдары шекарадан бері өткізіп, өзінің ата мекеніне жерлейді. Еңселі мазар тұрғызады. Бекбай болыстың белгісі көненің сарқытындай әлі тұр.

Тарихтың көзі көнеден қалған жәдігерлер екені белгілі. Қара Ертіс өңірінде осындай көне жәдігерлер көне белгілер көптен кездеседі. Ащугасқа таяу жерде Байгісұлы Байжігіт болыстың мазары тұр.

Бұл мазарды биік төбешіктің үстіне орналастырған. Төбешіктің периметрі 34 метр, биіктігі 20 метр. Мазар осы төбенің үстіне орналасқан. Қабырғасының қалыңдығы 60 см болады. Саз балшықтан құйылған. Кірпішін бие сүтімен илеген, жылқы қылын қосып, араластырып жиналған ғимарат.

Бұл белгі 1800 жылдар мөлшерінде салынған. Ертіс өңірінде өмір сүрген, Жылқайдар руынан шыққан шонжары Байгісұлы Байжігіт болыстың моласы.

Ағайынды Байгісұлы Байжігіт, Байгісұлы Жолдасбай екеуі де әйгілі адамдар болған. Жоғарыда айтылған Бекбай болыс осы Жолдасбайдан туады. Бұлар Жылқайдар руының Мыңбай атасына жатады.

Жолдасбайұлы Бекбай болыс Байжігіттің денесін қытай елінен түйеге артып әкеліп, төртуыл жеріне жеткізіп жерлейді. Байжігіт мазарын өзі тірі кезінде тұрғызып, даярлап кеткен екен. Бекбай атасының өсиеті бойынша, сол даяр мазарға әкеліп жерлеген.

**Бегалыұлы Боқатай би.** Бегалыұлы Боқатай би – Төртуыл руының Тоқтағұл тармағынан шыққан адам. Төртуыл руының бас биі болған. Бегалыұлы Боқатай би төртуылдың Сегізбай биінің ұстазы болған адам. Бекбай болыстың мазарына таяу жерде, Қара Ертістің оң жағасында Боқатай бидің белгісі де тұр.

**Сегізбай би.** Машанұлы Сегізбай би Төртуыл ішінде Атантайлақ руынан шыққан көпке белгілі өте білгір, әрі шешен адам болған. Кезінде Сегізбай би қажыға да барған. Сондықтан ел Сегізбай қажы, кейде Сегізбай би деп атаған. Сегізбайдың әкесі Машан да қажы болған адам. Сегізбай – Керей, Найманға әйгілі кесімді, кесек би. Сегізбайдың мал мен басы тең өскен. Қасиет қонған адам. Бидің сегіз ұлы, сегіз мың жылқысы болған.

«Сегізбайдың көп жылқысы жайлаудан түскенде алды Қара Ертіске жеткенде, соны созылып әлі Алтай бөктерінде жатады екен. Сегізбайдың көп жылқысы өтіп біткенше, Ертіс суы бір жұма лай болып жатады», - деген аңыз ел аузында сақталған.

Қара Ертістің сол жағы Қонақай Сегізбай аталарының күзеуі болған. Қазіргі «Алқабск» заставасының тұсында «Сегізбай» атты жер бар. «Қонақай түбегі» деген жерде ұжым кезінде мал фермасы болған.

Мал фермасын тұрғызу кезінде, Сегізбай бидің ұрпағы Шерияздан Сауытбайұлы, Ғайсин Солтания жиынға қатысып, ферманы тұрғызуға келісімін берген. Мемлекеттік іс-қағазға қолдарын қойған.

Сегізбай – Қонақай аталарының қыстауы «Байкөбек» деген жер. Төртуылдар: «Байкөбектей жер қайда, Қонақайдай ел қайда», - деген екен.

Бұлай дейтін себебі, бұл жердің қары жұқа, қысы жұмсақ болады. Үп еткен жел болмайтын жайлы қоныс болса керек. Ал Байкөбекті мекендеген ел өнегелі, берекелі болған.

Бұл 1870 жылдардың мөлшерінде болса керек. Сегізбай қажы көктемде жайлауға көшіп бара жатқанда, Ертіс жағасына қонады. Түнде түс көреді. Таңертең тұрған соң би елін

жинап алып: «Мен осы көштен қайта оралмайтын шығармын, қай жерде дүние салсам, мені сол жерге қоясындар», - депті.

Содан жаздай жайлауда болып, күзде қайта оралып, Қара Ертістің жағасына қоныпты. Ертең өзеннен мал өткізіп, өткел бастамақшы болып ақылдасады. Сол түні Сегізбай қажы дүние салыпты. Ауыл ақсақалдары ақылдасып: «Көзі тірісінде айтқан өсиетін орындайық» - деп сол жерге жерлеп, мұнара – мазар тұрғызыпты. Қара Ертіс жағасында, қытай шекарасына таяу жерде Сегізбай күмбесі әлі тұр. Көктемде Ертіс тасыған кезде, маңайы айдын шалқар су болып кетеді. Зират тұрған биікке су шықпайды. Сөйтіп, Сегізбай кешені тұрған жер, жаздай жасыл шалғынға бөленеді.

Сегізбай бидің ұрпақтары қазір Зайсан, Марқакөл аудандарында, Оскемен, Алматы қаласында тұрады. Гайсаұлы Солгания, Солганияұлы Достан, Сауытбайұлы Шерияздан, Шериязданұлы Сабырбек.

(Өңгіме желісі Сегізбай бидің ұрнағы Шериязданұлы Сабырбектің естелігінен).

Қара Ертістің сол жағында Сегізбай бидің мазары тұр. Күйдірілген тасболаттан жиналған. Қабырғасының жалпақтығы 1 метрдей болады.

Боран аулына таяу, жерде Қара Ертістің оң жақ жағасында Тоғыз руының үлкен қорымы жатыр. Бұл жерде Бижігітұлы Бидахметтің мазары, Рахымжанов Ұлықпан, Ұлықпанов Сағатбек, Қабдешов Зәкеш ағаның белгілері тұр. Сағатбектің шешесі Қапиза әжеміз, Қабдешов Зәкештің шешесі Зұлкамал әжемізде де осы қорымда жатыр.

Адамға ең әуелі жерің қымбат,

Түбі бір туып – өскен елің қымбат.

Бас иіп бабалардың белгісіне,

Жүріңіз өсиетті сөзін тындап, - демекпіз оқырманға.

Ертіс өзеніндегі Кәрібайұлы Қалихан көпірі, «Қалихан» аулы, Қанжабай түбегі, Қара Ертістің оң жағындағы «Қанжабайка» жері, «Көпеннің көк терегі» сияқты жер атаулары көп.

Қара Ертіс бойында Жиделі аулы, Боран аулы, Оңжақ – Қалжыр, Дүзағаш, Түйетас, Жайық-Аралы, Бәрекелді, Жанды – Қарасу, Малдыбасв Жақыпбек аулы (бұрыңғы Шеңгелді), Ақмектеп аулы, Мөнекей елді мекендерінде қанша адам қызмет істеп, еңбек етті. Қанша ұрпақ өсіп – жетті. Бәрекелді аулында 1912 жылы жаңадан мектеп салынып, төте оқу (төте жазу) сабақтары жүрді. Төте оқу жүйесінде балалар да, ересектер де аралас оқыған.

**Кәрібайұлы Қалихан.** Өткен ғасырдың отызыншы жылдары тарихымыздың аса қасіретті кезеңі болды. 1930-1933 жылдарда бүкіл елде алапат ашаршылық орын алды. Екінші ауыр зобалаң жаппай саяси қуғын – сүргін басталды. Елді ашаршылық пен зорлық – зомбылық жайлады. Халық азып - тозды.

Осы ауыр кезеңнің зардабы Қанжабайұлы Кәрібайдың отбасын да шарпып өтті. Кәрібай Зайсан ауданы, Қара Ертіс жағасындағы Қорған аулының тұрғыны еді. Қорған аймағы ежелден Төртуыл оның інінде Жылқайдар руының азаматы Қанжабайдың мекені болған. Кейіннен бұл ата – қонысты Қанжабайдың баласы Кәрібай мекен етті.

Жаңа өкіметтің жандайшаптары Кәрібайдың 2000 жылқысын, 1000-нан астам ұсақ малын кәмпескіледі. Өзін еш кінәсі болмаса да, 1930 жылы 29 қазанда тұтқындалды. ОГПУ-дың екі солдатты түні інінде Зайсан қаласына алып кетеді. Кәрібайды «Халық жауы», «Қытайға қашқандарға көмек берген» деген жаламен Зайсан абақтысында бір жыл ұстап, бас бостандығынан айырып, Қарқаралы ИТЛАГ-на жібереді. Қарқаралы түрмесіндегі жантүршігерлік жағдайды көзімен көріп, басынан кешеді. Аштықтан әлсіреп, жүруден қалған адамдар құлап, жығылып жатады. Әлсіреп өлгендерді арбаға тиен көмуге әкетеді.

Кәрібай үш жыл мерзімін өтеп, 1933 жылы еліне оралады. Қолындағы байлығы – жалғыз мылтығы. Аң аулап, кейде балық ұстап үйдегі 7 баласын, отбасын асырайды. Ауылды ашаршылық жайлаған. Қысқа қарай аштан өлгендер саны көбейді.

Осы мылтықты жасырып ұстағаны үшін Кәрібайды екінші рет Зайсан түрмесіне қамайды. Енді қайта үйіне оралмасын білген Кәрібай әйелі Шойға «Енді мені аман жібермес,

балаларды аман сақтау саған парыз. Бұл қиын күндерде, өзіңнің қайратыңа сен» - дейді жолдасы Шойға. Кәрібай сауатты, көзі ашық, ойға терең, ақылды адам болған.

Көп ұзамай Кәрібай Зайсан түрмесінде ату жазасына бұйырылады. Кәрібайдың отбасына құдалау басталады.

Шой ана тағдыр тауқыметін бастан кешіп, 5 қызын ағайын туыстарына тапсырады. Үлкен ұлы Қалиханды Қалжыр алтын өндірісінде тұратын ұлты эстон Веихман деген адамға тапсырады. Веихманның Қалиханмен шамалас Веихман Янь, Веихман Уго (Үгу) деген екі ұлы болған. Бұл балалар Қалиханмен үйір болып, бір үйдің баласындай болып кетеді.

Негізі эстон азаматы Веихман мен Кәрібай таныс, жолдас болған адамдар. Веихман Ертіс бойындағы Кәрібайдың үйінде болып, аң аулап, балық аулап апталап жатып, Ертістен шана-шана балық алып қайтатын. Веихманның берген алтындары, кейін қиын күндерде Шой ананың көп кәдесіне жарағаны белгілі.

Үгудің қарындасы Лена, бір әңгімесінде: - Қалихан бала кезінде 12-13 жасында біздің үйде өскен,-деп отыратын. Веихман ұрпақтары 1990 жылға дейін Қалжыр аулында тұрған.

Шой ана кіші ұлы Қаламитанды ертіп, кезіккен кірешілермен ілесіп, Алакөлге дейін барады. Одан ізін жасыру үшін Россияға өтіп, сол жақтан Қытай еліне өтеді. Шой ананың әңгімесінде: «Қытай жеріне алтынның күшімен жеттік»- деп отырады екен.

Шой әже қолы шебер, ісімер адам болған. Қалпақ, кепеш, шапан тігіп, Шәуешек базарына сатып, жан сақтайды. Бір күні Шәуешек базарында осы бұйымдарын саудалап жүрген кезде, «Зайсан түрмесінде Кәрібайды да атыпты» деген хабарды естиді. Бұл қабарды естіген соң, Шой ананың мақсаты елге жету болады. Қаламитанды жетелеп, күндіз тау-тасты, бұта-қарағанды паналап, түн қатып жүріп, бір жұма дегенде Қара Ертіске жетеді.

Шой әженің ендігі арманы елде қалған Қалиқанды іздеп, тауып алу. Бірде Ертістің оң жағындағы Дүзағаш аулының тұсынан бір топ бала ойнап жүрсе керек. Сонда Шой ананың құлағына балалардың «Қалихан, догони!» деген айғайы шалынады. Содан қайықшы жалдап, Қалиханды өткізіп алады. Сөйтіп, Шой әже Қалиханымен де аман-сау қауышқан.

Шой ананың мақсаты екі баласын оқытып, жеткізу болды. Бірақ Қалиханды «Халық жауының» баласы деп мектептен қудалайды. Қалихан еңбекке ерте араласып, Ертіс «Леспром»-на жұмысқа кіреді. Қаламитан Зайсанда оқыды. 1938 жылы Қалихан әскерге шақырылып, Фин соғысына қатысады. Қалихан Кәрібайұлы 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Чехославакиядағы Серб өзеніндегі шайқаста «Ерлігі үшін» медалымен марапатталады. «Чехославакияның қаһарманы» атанды.

Қалихан 1945 жылы тамыз айында Шығыстағы жапон соғысына қатысады.

Күрмеуі қиын жағдайлар, қиын күндер артта қалды. Қалихан 1946 жылы әскерден оралады. Сол Қорған аулында, Қара Ертістің жағасындағы ата-қоныстан ауыспайды. Жолдасы Шарипа екеуі 35 жыл еңбек етіп, зейнет демалысына шығады. 9 бала өсіреді. Барлығын оқытып, жоғары білім береді. Ұлын ойға, қызын қырға қондырды. Балаларының қызық-қуанышына бөленді.

Ертіс жағасындағы ата-қонысын құтты мекенге айналдырды. Қалихан ақсақал мерейі өсіп, көңілі толып, бақытты қариялықтың қызығына бөленген АЗАМАТ.

Қара Ертіс өзеніне салынған Зайсан ауданы мен Марқакөл ауданын байланыстыратын жаңа көпірге, еңбек және соғыс ардагері Кәрібайұлы Қалиханның аты берілуі де тарихи игілікті іс болды. 28 сәуір 2000 жылы Зайсан қаласында, Қазақстан Республикасы екінші шақырылған Зайсан аудандық Мәслихатының төртінші сессиясының №4-7/9 шешімі бойынша Зайсан ауданы шекарасында орналасқан Ертіс өзенінің жағалауындағы (Ертіс көпірі) демалыс орнына Кәрібайұлы Қалиханның аты берілген.

Қазіргі уақытта осы Қалихан қарияның ұрпағы Жеңісбек Қалиханұлы да, еңбек жолында қазақ азаматтарының алдыңғы қатарында жүр. Ата жұрттың қадірін түсінген азамат Жеңісбектей болсын десек, артық айтқандық болмас.



### Қара Ертістегі Қалихан көпірі

**Қалиханұлы Жеңісбек.** 1947 жыл. Екінші дүние жүзілік соғыс өткен күннің еншісінде қалғанмен, жақындарынан айрылған Қорған ауылы тұрғындарының жан жарасы жазыла қоймаған еді. Жүректегі жара мен көңілдегі наланы ұмыта салу оңай ма?! Мамыр айының алғашқы күндері... Ептеп-септеп ес жия бастаған ауылдастар Қалихан мен Шарипаның шаңырағынан қуанышты хабар күтіп жүр. Алланың қалауы, тағдырдың жазуымен көп ұзамай періштедей сәби жарық дүние есігін ашпақ. Қайғы-қасіреттен көз ашпай, қабырғалары қайысқан жұрттың мұндай жағымды жаңалықты естіп-көруі зор қуаныш болатұғын. Әрине, «Уақыт емші, тарих төреші дейді».

Үшінші мамыр күні арайлап атқан таңмен бірге бір ғана отбасы емес, ел-жұрт болып күтіп жүрген нәресте дүниеге келді. Шуақты көктем күнінің маужырап тұрған бір кезі еді. Күн ашық, аспан әлемінде алақандай бұлт жоқ. Қасиетті Қара Ертіс өзенінің бойында құнтақандай сәби өмірге келді. Ол аядай ғана ауылдағы соғыс жылдарынан кейін өмірге келген тұңғыш сәби болатын. Тағдыр тауқыметін көп көрген Қалиханның анасы Шой апа қуаныштан көз жасына ерік беріп:

- Өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей күйдемін! – деп, немересінің есімін Жеңісбек атады. Жеңісбек Қорған ауылының тұрғындары үшін қараңғылық ішінде жалт еткен үміт сәулесіндей болды. Жеңісбектен кейін өмірге келген тағы бір ұл мен жеті қыз қазір Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп, қызмет жасап жатыр.

Ата-бабаларының көз жасы көл болып, қаны судай аққан жерден алыстап кетпеген Жеңісбек іштей өзіне «Дәл осы жерде ата-бабамның кәмпескеленген жері мен малын қалпына келтіріп, үзілген үміт жібін жалғап, бабадан мұра болып қалған құндылықтарды балаларыма мұра етем» деп, уәде еткен болатын. Алдына мақсат қойған ол, 1970 жылы Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, Зайсан ауданына оралды. Сол кездері Зайсан аудандық музейін ұйымдастырушылардың бірі осы Жеңісбек болатын.

1977 жылы мектеп қабырғасында тарих пәнінен сабақ бере жүріп, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болды. Аудан бойынша алғашқылардың бірі болып мектеп қабырғасында жылыжай (теплица) ашып, қыс ішінде жеміс-жидек өсірді.

Ата-анасының сауда саттықпен айналысқандарын көріп өскен ол, Өскемендегі сауда корпорациясын бітіріп, 1979-1991 жылдар аралығында Зайсан ауданы Сауда мекемелерінің басшысы қызметін атқарды.

Бодандықтың бұғауынан шығып, тәуелсіз ел атанған кезде әркім қолынан келетін іспен айналыса бастады. Жеңісбек Кәрібаев та ойында жүрген арманын іске асыруды қалап,

ақыры, 1996 жылы Қалбатаудан жиырмаға жуық асыл тұқымды байыс қойлары мен бес-алты бас ақсарбас сиырын алып келіп, мал шаруақожалығын қолға алды. Бастапқыда «Қайыр» деп аталған шаруақожалық кейіннен «Қара Ертіс» деп өзгертілді. Бүгінгі таңда аты аталған шаруақожалықта асыл тұқымды байыс қойының саны үш мыңнан асып жығылса, сиыр мен жылқы саны да бес жүзге жуықтап қалған.

Кәрібаев Жеңісбек бұрынғы ата мекенінің ойы – қырын ақтылы қойға, төрт түлік малға толтырып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаевтың 2003 жылғы желтоқсанның 8-дегі Жарлығы бойынша Кәрібаев Жеңісбек Қалиханұлы №1787 «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған аудандағы алғашқы азамат. 1996 жылы мал шаруақожалығымен қатар сауда дүкенін ашқан еді. Ол мұнымен шектеліп қалмай, 2003 жылы «Қара Ертіс» сауда үйін ашты. Қазір оның шаруақожалығы бас-аяғы елу шақты адамды жұмыспен қамтып отыр. Еңбегі жанған ер жігітке халқы риза, ел-жұрты тілектес.

2014 жылдың жазында «Шыңғыстау жәрмеңкесі» облысаралық мал шаруашылық көрмесіне қатысып, бас жүлде иеленді. Мұны да еткен еңбек пен төккен тердің нәтижесі деуге болады. Бұл оның ие болған марапаттарының басы да, соңы да емес екендігі анық.

1971 жылы Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылының тумасы Сабира Закарияновамен шаңырақ көтерген Жеңісбек Қалиханұлы бес баланың ардақты әкесі, алты немеренің үлгі тұтар атасы. Өнегелі өмірі көпшілікке үлгі болып отырған абзал азаматтың ғұмыр - жасы ұзақ болғай!»-дейді халқы. Жеңісбек Қалиханұлының екі ұлы бар: Қайыр, Досжан. Ұлдары Зайсан өңірінде Қара Ертіс бойында әке жолын жалғастыруда.



Шыңғыстау жәрмеңкесінің бас жүлдегері Жеңісбек Қалиханұлы, 2014ж.

**Ақмектеп аулы.** Ақмектеп аулы Қара Ертістің оңжақ жағасында Мөнекей аулына таяу жерде тұрған шағын елді мекен. Бұл қыстақта төрт сыныптық мектеп болған. 1946 жылдан бастап бұл ауылда «Талапкер» колхозының (ұжымының) сиыр фермасы орналасқан. Ферма меңгерушісі Тамтықов Тұрақбай, Тойбазарова Ғайни, сүт есепшісі болып істеген.

Фермадағы сауыншылар: Таңжарықов Сағидолданың әйелі Ағайжан, Мағұлшанова Қайыңш, Шаяхметова Мәукен, Есполов Өмірзақтың шешесі Шарипа, Жамалбектің шешесі

Запан, Ақтанов Сабырбектің шешесі Қамаш, Іргебаев Әбіштің әйелі Батима, Манапов Қабеннің шешесі Әмірханова Мағи, Қамзина Бағыла т.б. сауыншылар, бақташылар тұрды.

Сол колхозшылардың еңбегімен ұжым-кеншарларда мыңғырып мал өсті. Егіс даласында жайқалып астық өсті ғой. Осы адамдардың жанқиярлық еңбегімен халық қиыншылықтан шықты. Сол қариялар аптаны қойып, жылына бір күн демалыс алмады. Еңбек демалысы дегенді білмеді. Толып жатқан ауыл-мекендер, мал қыстаулары салынды.

Сол игіліктің бәрін жасаған өздеріңіздің әкелерің, аталарың мен әжелерің еді. Мінеки, еліміздің тарихы жер, ата-қоныс тарихымен тығыз байланыста болмақ екендігі осыдан.

**Жанды – Қарасу аулы.** Марқакөл ауданы Шеңгелдіге қарасты «Жанды - Қарасу» аулы болған. Бұл ауыл бүгінгі күнде Бұқтырма су қойнауының астында қалды. Жанды – Қарасу қазіргі Шеңгелді аулынан 10 шақырымдай жерде, Қара Ертіс бойында орналасқан елді мекен. Мөлшері 30-40 жанұя мекендеген. Ауылда мектеп, сауда дүкені болған.

**Игілік аулы (Прииртыш).** Прииртыш (қазір Игілік) аулы. Боран кеншары ірілендіріліп, 1957-1958 жылдары Қазақстан колхозы (Шығанши аулы), «Ленин» атындағы колхоз (Жаңа-Ауыл аулы), өзге колхоздар қатарында іріктеліп, Прииртыш бөлімшесі, Жырақұдық бөлімшесі қосылып, Боран кеншарын құруға негіз болды.

Прииртыш Боран кеншарының ірі бөлімшелерінің бірі болып саналды. Бұл жерде Прииртыш негізгі орта мектебі, мәдениет үйі, дәрігерлік пункт, сауда дүкені, байланыс бөлімшесі жұмыс істейді.

Прииртыш аулында кеншар жұмысшылары, малшылар, бөлімше меңгерушілері, мал дәрігерлері, ағарту саласында, денсаулық саласында жұмыс істейтін мамандар тұрды.

Ауыл жыл сайын үлкейіп, ауыл тұрғындары саны көбейіп отырды.

Кеншарлар ыдырап, шаруашылық жағдайы өзгерген кезде, 1994-1995 жылдары бұл елді мекен тұрғындары ата кәсібі малдарын өсіріп, «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» дегендей аздап балықшылық кәсібімен де шұғылданып, бүгінге дейін тәп-тәуір тіршілік жасап, ата-мекенде отырып жатқандары көңіл қуантарлық тіршілік деуге болады.

Бұл шағын ауылда Отан соғысы ардагерлері және тыл ардагерлері ауылдың көркейуіне, ауылдың өркендеуіне елеулі үлес қосқан еңбек ардагерлері де бар. Игілік аулында балалар өсіп, ұрпақтар есейіп жатқан көрінеді. Жастар қалада оқып, ержетіп, отбасын құрап жатқан қуаныштары да баршылық. Үй сайын автокөлік иеленіп отырған жайлары бар.

Мұның барлығы елдің ырыс-кәсібін молайтып отырған туған жердің байлығы.

«Жері байдың – елі бай» деген халық даналығы тегін айтылмаса керек. Есебін тапқан азаматқа біздің қасиетті Қара Ертіс бойында байлық көп-ақ. Бұл өңір – шалқып жатқан молшылық көзі.

Ардагер ұстаз Есентаева Жамал Жиенбайқызы 1950 жылы туған. Еңбек жолын Прииртыш негізгі орта мектебінде бастаған. Ол 44 жыл бойы ұстаздық еткен. Еңбегі ескеріліп «Еңбек ардагері» медалімен, көптеген аудан, облыс грамоталарымен марапатталған. Жамал Жиенбайқызының жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Амирова Гүлбақыт Садықанқызы 1965 жылы туылған, Боран аулының тумасы. 1995 жылдан бастап мектепте ұстаздық етеді. 1997 жылдан бастап мектеп директоры. Жас ұрпаққа білім беруде талмай еңбектенген жан. Мектеп осы жылдар ішінде ескі ғимаратта орналасқанына қарамастан, аудан ішінде елеулі орындардан көрініп жүр. Білім сапасы өте жоғары. Түлектеріміз әртүрлі жоғарғы оқу орындарын тәмамдап, еңбек етуде.

Жандилов Түсіпбай Қорабайұлы 1926 жылы туылған. Ертеден Ертіс бойын жайлаған осы ауылдың іргетасын бірге қаласқан азамат. Ол 1944 жылы Совет армиясы қатарына шақырылып, елге 1950 жылы ғана оралады. Ауылға келіп ауылшаруашылығы саласында көп еңбек атқарады, яғни бригадир, есепші, ферма меңгерушісі болған. Бөлімшеде жұмыс істей отырып, ауылдың гүлденуіне, халықтың әл-ауқатының жақсаруына өз үлесін қосқан.

Қорабаев Әбділ Түсіпбайұлы 1955 жылы туылған. Осы ауылдың жергілікті тұрғыны. Еңбек жолын да осы ауылда бастаған. Бес бала өсіріп отырған көп балалы жанұя иесі. Әйелі

Мүнира Бардашқызы мектепте ұстаздық қызмет атқарады. Қазіргі таңда ауылдағы кәсіпкер. Ауылдың өркендеуі мен халықтың әл-ауқатының жақсаруына өз үлесін қосқан азамат.

**Малдыбаев Жақыпбек аулы** (бұрынғы Шеңгелді елді мекені). 1997 жылдан бері бұл елді мекен Малдыбаев Жақыпбектің атымен аталады. Шеңгелді аулындағы орта мектепке Малдыбаев Жақыпбектің аты берілген. Ауыл тұрғындары бай-берекелі жағдайда тұрып жатыр.

**Түйетас.** Ежелгі заманнан бері Қара Ертісте бір ғана өткел болған. Оны «Түйетас өткелі» деп атаған. Бұл өткел жөнінде ақын Иса Байзақов:

«Бір қонып аттанады түйетасқа,

Өткел жоқ Қара Ертісте одан басқа,»- деп жырлаған екен.

Ежелден алыс аймақтан келетін керуендер де, жол жүрген жолаушылар да Қара Ертістен осы «Түйетас өткелі» арқылы өтетін болған.

Алыс қиырдан, оңтүстік пен батыс аймақтан, келетін керуендер Ертістің сол жағына бір түнеп, ат-көліктерін тынықтырып, жүктерін, тауарларын жинақтап артып, өзеннен өту үшін әзірлік жасаған.

Алтай асып, түстікке қарай беттеген керуен, жүргіншілер де әуелі Қара Ертістің оң жағасына жетіп, сол жерде тынығып, ат-көліктерін қамдап алып, өткел бастайтын болған.

Осы Түйетастың тұсында Ертіс екі айрыққа бөлініп, тарамдалып, жазыққа жайыла ағады. Халық ежелден өзеннің осы бір қолайлы тұсын өткелге айландырса керек.

Бұдан басқа Ертіс бойында қытайдың Жүз-Ағаш бекеті, Жүз – Ағаштан төмен Ертіске құятын Бөкен өзенінің бойында қытайдың «Катон-Қарағай» күзеті орналасқан. Ертіс өзені бойында Баты бекінісі, 1771-1790 жылдары Верхнарым, Малонарым бекіністері салған. Бұл бекіністер мен күзет орындары 1795 жылға дейін Шыңғыстай қамалына қарайтын болған.

Ертіске сол жағынан Бөкен өзені құяды. Ал, оң жағынан Күршім өзені құяды. Осы жерде ежелден шағын паром болған. Және қайық жалдап өтетін жолаушы өткелі болған. Бұл жерде жүк тасымалдайтын баржалар, катерлар жүріп тұрған. Бөкен өзенінің Ертіске құяр сағасында Тана мырза Тілемесұлы үш паром ұстағаны жайлы дерек бар.

Иоани Сиверес – дәрігер, дәрілік өсімдіктерді зерттеуші ғалым, 1792 жылы (кейбір деректе 1794 жылы) Тарбағатай, Алтай тауларына саяхат жасап, рауағаш өсімдігін зерттеген.

И. Сиверес күнделіктерінен мына деректі келтірейік: «От Жүз-Агача ниже и дальше к Иртышу, у реки Беке или Бекун (Бөкен өзені) стоит охрана Катон-Карагаи» - деп жазылады.

Бұл жерде қытай бекеті Жүз-Ағаш, қытайдың «Катон-Қарағай» күзеті деп аталу себебі жайлы айта кетуді жөн көрдім.

И.Сиверес: «Біз қайықпен Ертістің оң жағасына өттік. Енді қытай иелігіндегі жермен Күршім өзенін бойлап жүріп келеміз»-дейді. И.Сиверес келесі күні Майқапшағай, Сарытау стегіне дейін барады. Сарытау арқылы Марқакөлге өтпек. Ғалымның күнделігінде: «Күршім, Майқапшағай, Қалғұты, Сарытау, Марқакөл Қытай иелігіндегі жерлер, бұл аймаққа Ертістен өткенде жасырын, үстімізге қазақи киім киіп өттік»-деп жазады естелігінде.

1750 жылдарда Ертістің оң жағы, Катон-Қарағай, Нарын, Марқакөл, Күршім өңірі қытай иелігіндегі жерлер болып есептелген. Бірақ бұл аймақты Абылай ханның басқаруымен Әбілфейіз сұлтан билеген. 1748-1778 жылға дейін Әбілфейіз сұлтан осы өңірде 38 жыл биік құрған. Найман тайпасына қарасты 30 болыс елді билеген.

Әбілфейіз бастаған Найман хандығының билігіне: Аягөз, Тарбағатай, Маңырақ, Сауыр, Зайсан, Ертіс бойы, Күнгеі Алтай, Нарын, Күршім, Марқакөл, Сарсүмбе, Шәуешек, Құлжа аймағы қараған.

Осындай Ертіс бойындағы қоныс-мекен атауларын таратып жазар болсақ, көп тарихи сыр жатқаны анық. Бұл белгілер мен жер атаулары еліміздің тереңге кеткен тамыры, тереңге тартқан тарихымыз. Тарихы танылған ел, тамырлы емен тәрізді. Ондай ел жапырақ жайып, күлтелене беретіні сөзсіз.

Бұл дүниені түгел танып білу, әр адамға мүмкін емес. Тарих – теңіз. Оның да тереңіне жеткен ешкім жоқ. Бірақ әркім өз тегін білуі керек. Өз ата қонысын, ата-бабасы тұрған жерді,



күл төккен мекенін біліп, іштей ұғынып, жүрек түкпірінде сақтап жүру – парыз. Бұған енжар, үстірт қарауға болмайды.

Ежелгі мекеніміз, ата қонысымыз Қара Ертіс өңірі өз орнында көрінеді. Өмір өзгерсе де, қоғам өзгерсе де жер өзгермейді ғой. «Өмір озады, ғұмыр тозады» жер ана өзгермейді.

Ертіс дария бұйра тоғайына бөлініп, өз арнасында әлі де толықси, шалқып жатыр!

Енді, бүгінгі ұрпақтың парызы осы ата қонысымыздың тарихы, өмір сүрген бабаларымыздан қалған сөз, істелген іс, ел аузында сақталған өлең-жыр, аңыз-әңгіме осының бәрі ел тарихына кіретін деректер. Соның бәрін жинақтап, нақтылап жүйелеп кейінгі ұрпақтарға өткен дүниеден мұра қалдыру қажет-ақ.

Бұл – бүгінгі азаматтарымызға үлкен парыз!

Әрине, бұл бір күннің ғана жұмысы емес. Елінің тарихын ойлаған адам төңірекке көз тігіп, көргенін, естіген-білгенін жинақтап, қағазға түртіп, жазып, жадына сақтап, сұрастырып жүреді. Құрастырып жүреді.

Әрбір ұлы қазына тамшыдан құралады дейік. Әдебиеті мен тарихы дамыса, халық та дамиды. Туған жерің жайлы тарих парақтарын жазып қалдыру – ұлы іс!

### ҚАРА ЕРТІС – АҢЫЗ ӨЗЕН.

Арғы атамыз Ер Түрік,  
Найман дейтін еліміз.  
Алтай, Сауыр, Қара Ертіс,  
Марқакөл, Зайсан көліміз.  
Ата – баба ежелден,  
Мекен еткен жеріміз.

Мәкен Мешелкызы

Ғасырлар куәсі – Қара Ертіс. Ертіс – аңыз өзен. Бұл өңірдің Алтай – атасы болса, Ертіс – анасы. Екеуі де құдіретті, мықты, бай-қазыналы өңір.

Ертіс – байсалды, сабырлы, құдіретті өзен. Ертіс – жойқын күш иесі. Сондықтан Ертіс атанған. Өзен "Ер" және "Тіс" деген түркі сөзімен атанған. М. Қашқари еңбектерінде өзен атауы "Эртіш", "Иртиш" болып беріледі. "Ер" күшті, қуатты деген ұғымды береді. "Тіс" азулы, арынды деген ұғымды берсе керек.

Басқаша атануы да мүмкін емес еді. Жер жаралғанда бұл өңірде түркі халқы жаралғанын тарих дәлелдеп отыр. Жер жаралған кезеңде Ертіс өзені де жаралғандығы да тарихтан белгілі. "Жер тарихы мен ел тарихы – егіз ұғым".

Ойымыз дәлелді болу үшін, Қарт Ертістің көне тарихына үңіле кетейік, көне деректерге жүгінейік.

Түрік қағанаты кезіндегі көне тас жазуда мынандай сөздер жазылған: "Асусыз Алтай тауларынан асып, өткелсіз Ертіс өзенінен өтіп, Түркештерге шабуыл жасап, қағанын тұтқындадық, яңғуын, шадын өлтірдік" - дейді, Түрік қағаны Бөгі.

(Орхон тас жазуы VI-VII ғасыр).

М.Қашқари (XI ғ) «Ертішті бәсекелесін өтісті» деген мағынадағы сөзді келтірген.

Семенов – Тянь – Шанский: «Иртыш – қырғыз тілінде (Ир) жер, тыш (тіс) – қазу» түріндегі сөздер ретінде дәлелдейді.

Ғалым Р. Рамстедт «Ертіс – қатал, ашулы, тасқынды» мәніндегі гидроним деген.

Ертіс атауына негіз оның Алтайға баратып, Алтайдан шығатын құрлықты көлденең кесіп өтуі. Көне түркілер «Алтын тауын асып, Ертіс өзенін кешуге мәжбүр болған».

М.Қашқари сөздігінде келтірілген мысалда:

«Ысытатын аптап қапсырды,

Үміт артқан адам жауықты.

Ертіс суың кешлекші,

Содан халық сескенді» - деп, Ертістен өтудің бағзы заманда оңай болмағанын жазған. Ұзындығы 4,5 мың километр ені 100-120 метр өзенді кешіп өте алмаған керуендер, өзенді бойлай өрлеп, оның басынан (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген. Ертістен айналып өтіп, керуендер Қаракорым, Енесай өзені, Ордос, Хуанкэ, Такла – Маканьға, Ган – Су өңіріне дейін жол тартатын.

Ертіс атауы өте көне гидроним. Ғалым Т. Жанұзақовтың айтуынша Ертіс атауының шығуына кемінде 2000 жылдан астам уақыт болғандығын жазады.

Қара Ертіс өзені жайлы тағы бір дерек, Марқакөл аймағындағы Бөкенбай тауының оңтүстік-шығысындағы Қызылтас биігінен руникалық жартас жазуы табылып отыр. Жартас жазуы 1985 жылы, Былғары-Табыты аулының тұсындағы Қызылтас биігінен табылған.

Таста "Ел бесігі – Ертіс, жер төрі - Алтай" деген жазу болған. Екінші руникалық жазуда "Ай – слиг юрті" оқылуы (Ай-елі жұрты).

(Алтай Аманжолов "Тастағы көне жазулар" 1984 ж).

Бұл руникалық жазулар Түркі қағанаты кезеңінен қалған. Олар сол кезеңде мәтінге, тас жазуға, Ертісі мен Алтайын қатар жазып отырғанын байқау қиын болмас.

Шығыстың ҰЛЫ ТАРИХЫ Ертіс өңірі мен Алтай тауында жатыр. Бұл өңір толық зерттелсе, әлем тарихына көп өзгерістер кіруі әбден мүмкін. Алтай – алып. Алтайдай алыпты сырып ашып, жан –жақты зерттеуге ғылымның күші әзір жетпей тұрғаны анық.

Біз бесігі – Алтай, тегі – Гунн, Сак, Түрік жұртымыз. Ежелгі Рим, Грек ғалымдары өздерінің ғылыми зерттеулерінде «Жарық Шығыстан түседі» деген екен. Олар адамзат тарихының басталуы, әлемдік өркениет Шығыста пайда болғандығын айтып кеткен.

Тарихы жоқ ел болмайды. Әр ру, әр тайпа өзінің қалыптасу кезеңінде, өз тарихын жасап отырады, өз тарихын қалдырып отырады. Ол тарих тасқа жазылып таңбалана ма, әлде қағазға жазылып қаттала ма, әлде өлең, қиса (дастан) үлгісінде сақтала ма? Әйтеуі бір нұсқамен сақталатыны анық. Егер мұндай белгі қалмаған жағдайда, тарих көшінің көп иірімдерінің қойнауында жаңағы айтқан ірі рулар тарихы, тайпа тарихы жоғалып, дерек табылмай кетуі әбден мүмкін. Жер бетінде өзінің елдік тарихын жоғалтқан халықтар аз емес. Тарихын, тілін, ата тек жүйесін жоғалтқан ел, толық қанды халық санатына қосыла алмайды.

Бірақ Алтай тарихы, Түркі тарихы сайрап жатыр. Шығыс тарихы тас жазуларда, тасқа бейнеленген суреттерде, тас мүсіндерде, (балбал тастар) көне обалар мен қорымдарда, аңыздар мен қисаларда терең сақталған. Алтай - тарихы әлі толық зерттелмеген аймақ. Бұл мәселеде терең зерттеу, ізденіс мезгілі келіп тұрғаны сөзсіз. Жаңа ашылымдар алдағы уақыттың еңпісінде демекпіз.

Қара Ертіс тарихы Алтай тарихының бір саласы деп қарау керек.

Ертіс – Қазақстанның шығыс өңіріндегі ірі өзен. Ол Оңтүстік Шығыс Алтайдың таулы аймақтарынан басталады.

«Ертіс өзені Алтайдың оңтүстік шығысындағы Күй-Туңь (Күйтін), Қобда таулы аймағынан басталады. Күйтін тауы монғолша «Табын-Богда-Ола» деп аталады. Кейде «Бес биік» деп те атайды. Күйтін – алып тау жүйесі. Ол бес биіктен тұрады. Ол биіктер: Үкек, Ақайрық, Қызыладыр, Қара-Адыр, Таутекелі деген биік таулар жүйесінен құралып, теңіз деңгейінен 2500 метр биіктікте орналасқан. Таутекелі биігі Марқакөл қорығына кіретін территорияда жатыр. Көлдің терістік аумағына орналасқан. Ал Үкек биігі – Мұзтаудың (Белуха) шығыс сілемінде жатқан таулы өңір. Осы «Бес биіктің» Қызыладыр бөлігінен Қара Ертіс өзені басталып, оңтүстік-батыс бағытына ағады. Осы «Бес биіктен» Бұқтарма өзені басталып, солтүстік батыс бағытына қарай ағады. Осы Күйтін тауынан Күршім тау жоталары және Үлкен Нарын таулы жүйесі бөлінеді».

(Карла Риттера «Землевьедыне Азии», С-Петербург. – 1877г.- 1-44стр.).

Қара Ертіске Алтай тауынан басталатын көп өзендер құяды. Қара Ертіске қосылатын ірі су тармақтары: Сайыр, Буыршын, Серкесан, Ақ Қаба, Қара Қаба, Арасан Қаба, Жаман Қаба, Нарын Қаба, Талды Қаба деп аталатын жеті Қаба өзендері қосылады. Жазық аймаққа

шыққанда Қара Ертіске Алқабек, Білезік, Қалжыр, Күршім өзендері құяды. Бұл өзендердің барлығы да қар суымен толығып, таулы аймақтағы мұздықтардың суымен қоректенеді.

Маңырақ, Сауыр тауларынан Кендірлік, Жеменей, Тайжүзген өзендері құяды. Қалба тауы, Нарын жоталарынан Бұқтырма, Үлбі, Уба өзендері қосылады. Сарыарқа, Батыс Сібір жазығында Ертістің ені 25-35 км жетеді. Бұл аймақта Ертіске Тобыл, Есіл өзендері құяды.

Ертіс өзені Зайсан көліне дейін Қара Ертіс деп аталады. Ал Зайсан көлінен бөлініп шыққан соң Ақ Ертіс болып ағады. Ақ Ертістің ұзындығы 3501 км. Қара Ертістің ұзындығы 672 км. Ертісті бойлай 3600 км-ге жуық кеме қатынас жолы бар.

Ертіс төрт мемлекеттің жерін басып өтеді. Ол – Монғолия, Қытай, Қазақстан, Ресей жерін басып өтіп, ұлы мұхитқа қосылатын өзен. Бұл өңір – жер жәннаты. Табиғаты өте бай. Елді мекендер көп. Ежелден халық жиі қоныстанған аймақ.

Осы жолдарды жазып отырып:

Қара Ертіс, бір ғажайып, жыр тәрізді.  
Көнеден айтылмаған сыр тәрізді.  
Түстіктен қазақ жерін көктей өтіп,  
Жап-жасыл жарқыраған нұр тәрізді.

Түстіктен солтүстікке талмай ағып,  
Алтайдың алты өзенін қосып алып.  
Тереңі сан ғасырдың шежіре, сыры,  
Ана өзен! Қуаттысын сонша неғып!.

Қара Ертіс, ата -қоныс жер жәннаты,  
Халқымның жарасымды салтанаты.  
Байыппен тереңірек үңілсеңіз,  
Басталады Қара Ертістен тарих хаты.

Жайлаған Ертіс бойын елі қандай,  
Құлпырған масатыдай жері қандай?  
Марқакөл, Қанаскөлі биігінде,  
Етекте Нұр Зайсандай көлі қандай?!

Қара Ертіс – ұғынғанға Ел анасы,  
Тиіпті ел - жұртына көп панасы.  
Балығы, аң мен құсы, егін – шөбі,  
Төрт түлік малға толы сай – саласы, - деп, өлең тілімен

өрнектей кетуді жөн көрдім. (М.М. автордан).

Ертіс өңірі – өсімдік дүниесіне де, жануарлар әлеміне де бай. Бұйра тоғаймен көмкерілген Ертіс бойының табиғаты тіршіліктің барлық түріне қолайлы.

Ертіс дария, Марқакөл, Зайсан көлі, Бұқтырма теңізі – бұлар телсгей-теңіз байлық көзі. Бұл – мол сулы, жасыл нулы аймақ. Осы су көздері Ертіс бойы жазығында жатыр.

Ертіске Алқабек, Қалжыр өзендері қосылған соң, Ертіс мол сулы, асау арналы ұлы өзен болып ағады. Ертіс бұл тұста далалы жазық аймақпен ағып өтеді. Бұл құрғақ, шөлейтті жазық аймақ, "Ертіс бойы жазығы" деп аталады.

Боз жусанды "Ертіс бойы жазығының" да өзіндік сыры мол. Дала ешқашан құр, бос болмайды. Ол әрқашан тіршілікке толы. Керіліп жатқан боз жусанды жазық өте бай мал жайылымы. Жазық – қуатты мал азығына бай. Бұл далалы аймақта алуан түрлі құнарлы шөптер өседі. Далалы өңірде өсетін көкпек, изен, кекіре, бұйырғын, сасыр, жусан, ермен, жер қына, ши, ақселеу, боз бетеге, тораңғы, жыңғыл – бәрі де қуатты мал жайылымдары. Бұл жазықтарда жылқы, түйе, қой түлектері қыстай ашық жайылыммен шығады. Ертіс өңірінің қойнау, қолтығы – төрт түлік малдың мекені.

Ертіс – жасыл жслекке оранған өлке. Ертіс бойының бәрінде мыңдаған шақырым аймаққа созылып жатқан сыңсыған жасыл тоғай, жасыл желек. Ертіс жасыл орманды алып қанатын кең жайып, Алтайдан басталып, Өскемен мен Семейді аралап, Керекуді жанай отіп, Сарыарқаны бойлай ағып, жасыл нуын, бұйра тоғайын ілестіре, Обь өзеніне қосылады.

Ертіс – өлкеміздің сәні. Жеріңіздің – нәрі. Өлкеңіздің береке – құты.

Өзен бойы бұйра тоғай. Сулы жер – нулы жер. Көк майсалы жасыл шалғындар теңіздей тербеледі. Ертіс тоғайларында: үйеңкі, терек, ақ терек, қайың, тал, жиде ағаштары өседі. Жемісті ағаштардан: мойыл, долана, шәңгіш, итмұрын, бүрген, таулы аймағында ұшқат өседі. Осы аймақтарда дәрі-дәрмектік, шипалы өсімдіктер де көп. Бұл өңірде 200 ден астам дәрілік-сндік шөптер кездеседі. Бұлар: айыр, қара-андыз, адыраспан, ермен, марал оты, жалбыз, жолжелкен, жыланқияқ, қызыл мия, мендуана, ошаған т.б.

Бұл дала байлығы, дала қазынасы жөнінде орыс ақыны Семен Кирсанов былай деп жазады: «Я не степью хожу – я хожу по аптеке, разбираюсь в ее травяной картотеке. Беспредельная степь, бесконечная степь ты природой написанный странный рецепт». Дархан дала байлығы міне, осындай. Оны пайдалана білу керек. Қажетке жарата білу керек. Осы табиғи байлықты халқымыз пайдалана білу керек. Бұл байлықтарды тетігін тауып, кәсіп көзіне айналдырып, қажетке жарата білу керек–ақ.

Ертіс өңірі – алуан түрлі аңдар мен құстардың мекені. Судағы балығы – ежелден ел ырысы. Өзен балық түрлеріне бай. Ертіс өзенінде аққайран, ақбалық, шортан, сазан, алабұғы, табан, мәлім, қарабалық, май шабақ т.б. балық түрлері тіршілік етеді.

Бұл аймақта әрбір күнді мазмұнды да қызықты өткізуге болады. Балық аулайсыз ба? Әлде аң аулайсыз ба? Әлде алуан түрлі құстармен сырласасыз ба? Немесе жеміс теріп, шипалы шөптерді жинайсыз ба? Бұл күнде шипалы шөптер де табыс көзіне айналып отыр.

Бұл дархан табиғатта бәрі де бар. Бұл өңір – шалқып жатқан молшылық көзі. Ертіске шомылып, әппақ толқындармен сырласудың өзі ғажап емес пе?!

Әлде жер жыртып, егін егесіз бе? Бұл – мол сулы екі дарияның, Қалжыр мен Ертістің аралығында жатқан аймақ. Бұл құнарлы жазыққа не ексеңіз сол өседі. "Түгін тартсаң, түбінен май шығатын" құнарлы аймақ. Шаруаның ретін тапқан адамға жер байлығы мол.

Әсем-ақ қатар жатқан Алтай, Сауыр  
Торқадай топырағы кара бауыр.  
Өсірген төрт түлік мал осы арада,  
Сауық-сайран құрады біздің ауыл.

Алқабек, Білезік пен Қалжыр, Тақыр,  
Бөкенбай, Қарабүйрек алда жатыр.  
Басына Шәкірмістің шыға келсең,  
Марқакөлден көрінеді тіккен шатыр.

Өр Алтай тау біткеннің бабасы екен,  
Марқакөл зәмзәм толы сабасы екен.  
Ну орман, көкорайы жерді жапқан,  
Ұжымағың – Қара Ертістің жағасы екен, -деп суреттепті төртуыл руының XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі Бурахан ақыны.

Ертіс – шығыс өңірінің күре тамыры. Ертіс дария – арзан су жолы. Ол күміс сағаттың бауындай бұратыла ағып, Нұр Зайсанмен астасып алысты аралайды. Адамзат игілігіне ғасырлар бойы сарқылмас мол үлес қосып келеді.

Ертіс су жолы тарихы да ертеден басталады.

1656 жылы Ресейдің Пекиндегі елшісі Ф.И.Байков алғаш рет 10 ескекті қайықпен Зайсан көлі арқылы Қара Ертісті өрлей жүзіп, Қалжыр өзеніне дейін барған.

1863 жылы әскери губернатор И.Ф. Бабков Омбыдан Зайсанға дейін пароход қатынасын ашып, Қара Ертісті өрлей сауда жасау мүмкіндігінің бар екендігін дәлелдеген.

1898 жылы Семей қаласынан "Зайсан" пароходы шығып Қара Ертіске дейін жүзіп өткен. Бұл Ертіс бойымен жүзген алғашқы пароход еді.

Қара Ертіске алғашқы пароходтың келуі жайлы А.С. Хохловтың естелігінен үзінді:  
"Летом этого года отец поехал на Черный Иртыш встретить пароход, взяв с собой старшую дочь и меня с меньшим братом. Очевидно, была какая-то предварительная договоренность. На Иртыше разбили палатку на обрывистом берегу, к которому пароход мог легко пристать. Хорошо помнится, как мы сразу же стали собирать всякий сушняк для большого костра, который должны были зажечь, как только покажется пароходный дым.

Прошло два дня, а пароход все нет и нет. Наконец, утром третьего дня вдали показался дым, и отец с казаками долго следил за ним, стараясь выяснить, движется ли он. И вот радостный возглас: «Зажигай костер!» Сухая трава загорелась, огонь стал лизать сухие ветки, дым столбом все гуще и чернее поднимался к голубому небу. Где-то вдали через некоторое время раздался какой-то дикий рев, испугавший ребят. То был пароходный свисток. Скоро показалась ползущая труба, из нее валил дым, а затем стала видна палуба с людьми... Еще немного и пароход с хлопающими по воде колесами направился к палатке. Радостные взаимные приветствия, и пароход у берега. Тотчас спустили трап, и все встречающие поднялись на пароход, который сразу же пошел вверх по черному Иртышу, все время измеряя глубину... Несомненно это был важный момент для решения вопроса о налаживании пароходного сообщения по Иртышу до Тополева – мыса на озере Зайсан.

(С.Е.Черных. «Одна, но пламенная страсть» 1986, стр.14-15).

1900 жылы Семейден Тұғыл айлағына дейін "Святой ключ" екі баржалы пароходы жүре бастады.

Шығыс өңірінде Ертіс су жолының алғашқы басталу тарихы осылай болған.

1902 жылы П.Плещеев пен П.Березницкий басшылық жасап "Жоғарғы – Ертіс пароход сауда серіктестігі" құрылған. Осы жылдардан бастап Семей, Өскемен, Зайсан аралығына пароход қатынастары қалыптаса бастады.

Семей – Өскемен, Өскемен – Күршім, Өскемен – Тұғыл аралығына жүк тасымалдайтын "Моңғол", "Алтай", "Прокопий Плещеев", "Петр Березницкий" тағы басқа пароходтар жүріп тұрды.

1950 жылдардан бастап жолаушы таситын "Роза Люксембург" пароходы, "Ракета" теплоходы, "Метеор -1", "Метеор -2", "Метеор -3" су көліктері жүріп тұрған.

Ертіс өзені, Зайсан көлі арқылы Күршім, Самар, Үлкен - Нарын, Тарбығатай, Зайсан, Марқакөл аудандарына көмір, жанар май, құрылыс материалдарын, астық өнімдерін, балық өнімдерін тасымалдайтын пароходтар қатынап тұрды.

Шығыс өңірінің экономикасы мен шаруашылығының дамуына Ертіс су жолының маңызы аса зор. Ертіс су жолы торабының келешегі бұрынғыдан да зор болатыны анық.

Ертіс су жолының көліктік маңызы зор, сағасынан 3784 км-ге дейін кеме қатынайды. Қазақстан аумағындағы ірі айлақтары мен қалалары – Өскемен, Семей, Павлодар, Ресей аумағындағы Омбы, Тобыл, Ханты-Мансийск. Су энергетика қорына бай: жылына 30 млрд. квт/сағ электр энергиясын өндіруге мүмкіншілік бар.

Ертіс ғажайыптарының бірі "Алтайэнерго" деген атпен мәлім болған Шығыс Қазақстанның энергетика саласына қуат беріп отырған Ертіс өзені скені баршаңызға белгілі.

1938 жылы СССР Совнаркомы Ертіс өзеніне үш ірі электр станциясын Өскемен, Бұқтырма, Шұлбі су электр станцияларын салу жайлы тарихи қаулы қабылдайды.

Осы қаулыдан бастап, Алтай биігінен басталып, дариядай толықсып жататын асау Ертіске де бұғау салынады. Аблайкит таулы қырқаларынан Өскемен электр станциясының құрылысы басталды. 1953 жылы 2-3 агрегаты іске қосылды. 1959 жылы Өскемен ГЭС-і қала өндірісіне өз қуатын толық бере бастады.

Ертіс бойында Бұқтырма ГЭС-інің құрылысы 1954 жылы басталды. Бұқтырма - республикамыздағы ең ірі, ең қуатты ГЭС. Бұл қуатты электростанциялардың қуатымен облысымыздағы алып өндіріс орындары жұмыс істеп келеді. Қазақстанның тұйықталған энерго жүйесіне 1980 жылдары Ертіс бойындағы Шұлбі ГЭС-і қосылды.

Бүгінгі Ертіс бойы энергия жүйесінің болашағы зор, әрі маңызды. Ертіс - Алтай өңірінің жарық нұры, отты шұғыласы.

Ертіс жайлы айтқан кезде, Ертіс-Қарағанды каналы жайлы тоқталмай кете алмаймыз. Ертіс – Қарағанды каналы – Қазақстандағы аса ірі су құрылыстарының бірі. Каналдың ұзындығы 458 километрден асады. Канал Қарағанды, Жезқазған, Теміртау өнеркәсіп орталықтарын сумен қамтамасыз етеді. Канал суы өнеркәсіп орындарын және ірі қалаларды су тапшылығынан құтқарды.


Канал жұмысы 1962 жылы басталып, 1974 жылы іске қосылды. Ертіс суының қуаң Сарыарқа жеріне келуі, бұл өңірдің келбетін мүлдем өзгертті. Канал бойында 2 су бөгені, 11 су торабы жасалған. 22 су көтергіш насосы станциялар жұмыс істейді.

«Ертіс – Қарағанды каналы алабындағы құнарлы топырақты өңірлердегі 400 мың га егістік суарылады, жайылмасындағы шабындықты суландыру үшін жылына 4,5 км<sup>3</sup> су жұмсалады». (Шығыс Қазақстан облысы энциклопедиясы» 331 бет, 2014ж).

Бұл күнде Ертіс – Қарағанды каналы бойында Сарыарқа өңірінде бұйра тоғайға бөленген, жасыл алқаптар көз тартады. Бау – бақшалар өнеркәсіпті қалаларды жемістер мен көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуде.

Осы кереметтерге көз жібере отырып, Алтай ғажайыптарының атасы Ертіс дария деп ойлаңыз!

Сонымен "Ертіс – жойқын күш иесі, Ертіс – аңыз өзен. Ертіс – Алтай ғажайыптарының атасы" – деп сөзімізді түйіндейік.



Қара Ертіс – Ел анасы.

«Асусыз Алтай тауынан асып, өткелсіз Ертіс өзенінен өтіп, түркештерге шабуыл жасап, қағанын тұтқындадық, япғуын, шадын өлтірдік» дейді Түрік қағаны Бөгі.

(IV-V ғасыр. Орхон тас жазуы)

### Қара Ертіс – Ел анасы

Қара Ертіс, бір ғажайып, жыр тәрізді,  
Көнеден айтылмаған сыр тәрізді.  
Түстіктен қазақ жерін көктей өтіп,  
Жап-жасыл жарқыраған нұр тәрізді.

Түстіктен солтүстікке талмай ағып,  
Алтайдың алты өзенін қосып алып.  
Тереңі сан ғасырдың шежіре, сыры,  
Ана өзен! Қуаттысын сонша неғып.

Қара Ертіс – ұғынғанға Ел анасы,  
Тиіпті ел - жұртына көп панасы.  
Балығы, аң мен құсы, егін – шөбі,  
Төрт түлік малға толы сай - саласы.

Жайлаған Ертіс бойын елі қандай,  
Құлпырған масатыдай жері қандай.  
Марқакөл, Қанаскөлі биігінде,  
Етекте Нұр Зайсандай көлі қандай!

Бұйра терек, жап-жасыл Ертіс бойы,  
Ел найман мекен еткен қыр мен ойын.  
«Жері байдың елі бай» дегендей-ақ,  
Ежелден үзілмеген ойын-тойы.

Қара Ертіс, ата -қоныс жер жәннаты,  
Халқымның жарасымды салтанаты.  
Байыппен тереңірек үңілсеңіз,  
Басталады Қара Ертістен тарих хаты.

Бұйра тоғай, жасыл ну, көк желегі,  
Табылған бұл өңірден ел керегі.  
Алтай мен Ертіс судан басталады,  
Шығыстың тарихы ертедегі.

Тарихтың қилы-қатпар заманын-ай,  
Ертеден табылмаған, амалын-ай.  
Соғысып түрік, түркеш, маңғол, жоңғар,  
Бірі жеңіп, біреуі жеңілгенде,  
Тұрақтапты Қара Ертістің жанабына-ай.

Шынғысхан Қара Ертістен өте келген,  
Бұрылмай басқа елге төте келген.  
Ертіс дария жол бермей басқыншыға,  
Көп қосыны су түбіне кете келген.

Өзеннен өтіп алып, ес жияды,  
Қосындары мекенденіп әр қияны.  
«Орта Азия қолыма тисе» деген,  
Шыңғыстың бұл кезеңде бар қиялы.

Бұдан кейін анталап жоңғар келді,  
Атой салып, тоздырып қалың елді.  
Орнығып, бұл өңірге қамал салып,  
Қазақтың мал мен мүлкін тартып алып.  
Бағынбай қазақтар да көп шайқасты,  
Екінің бірі өліп, бірі қалып.

«Қайтсекте қорғаймыз»- деп қалың елді,  
Құтқарып жау қолынан туған жерді.  
Үш жүздің азаматы атқа қонып,  
Жоңғарды ақырында мүлдем жеңді.

Жоңғардан құтылғанда орыс келді,  
Қазыналы мекенденбек мұндай жерді.  
Ертіс бойын жағалай бекініс сап,  
Егін егіп, қала салып барлық жерді.

Осындай қилы заман өтіп еді,  
Әріден тарих сыры жетіп еді.  
Жалғасып, ұрпақ өсіп, ел көбейіп,  
Алтай, Сауыр, Қара Ертіс алқабында  
Іргесі керей, найман бекіп еді.

Қалдырған жер мен суды ұрпағына,  
Өмір кешкен тар заман қыспағында.  
Жауларымен жағаласып талай ғасыр,  
Туыпты Ерен ерлер ел бағына.

Әр тұстан жаулар болған жағаласқан,  
Дұшпанның аз-көбіне қарамастан.  
Ерлерге жанын түйіп шүперекке,  
Қорғауды туған жерді тұмарындай,  
Сіңірген ата-анасы бала жастан.

Ертіс дария бұл өңірдің бас қамалы,  
Көп тарих Ертіс судан басталады.  
Үш мемлекет жерінен ағып өтіп,  
Алтай мен Сарыарқаны жалғап жатқан,  
Тарихи ұлы мекен асқаралы.

Қара Ертіс бір ғажайып өзен екен,  
Ел Найман жағасында еткен мекен.

Егеменді елімнің, ұл мен қызы,  
Көк туың төбеңізде биік тұрып,  
Бақ – нұрлы болашағың болсын бекем!

### Бұқтырма

Жап - жасыл екі жаға құзар биік,  
Қылт етіп иықшадан марал - киік.  
Етектен өрмелеген ну қарағай,  
Биікпен тілдеседі көкке тиіп.

Ақ бұйра, бұлт орап ұшар басы,  
Қызыл кездік тәрізді құзар тасы.  
Жап-жасыл қарағаймен жұрындалып,  
Тұрады-ау көмкеріліп әр қырқасы.

Телміріп биігіңе көп қарадым,  
Тамсанып деп те қалдым, ей қарағым.  
Суреттеп келбетіңді жеткізе алмай,  
Өкіндім болмадым деп төкпе ақын.

Ақ көңіл, қарапайым адамдары,  
Арбамайды, бір-бірін алдамайды.  
Табиғат төсін еміп бейғам өскен,  
Кең пейіл, қанағат қып қолда барды.

Бұрқанған Бұқтырмасы аңғарында,  
Көгілдір сағым ойнап заңғарында.  
Қуаты тау мен тасқа симай барып,  
Таң қалдым өшпес от боп жанғанына.

Мол сулы, асау өзен арнасы кең,  
Өзен жоқ бұл өңірде өзіңе тең.  
Шатқалда бұғауланып алып ГЭС-пен,  
Аяғы теңіз болып кеткен екен.

Айналып турбиналар алып күшпен,  
Өлкеме сам жамырап жанғанында.  
«Арнайын бірер ауыз сөзімді»-деп,  
Қаламды қыса түстім бармағыма.  
Осы өлең дүниеге келіп еді,  
Бұқтырма, Қатон жаққа барғанымда.

Бұқтырма, буырқанып Өр Алтайдан,  
Ел Найман баурайында қанат жайған.  
Ертіс, Зайсан, Бұқтырма қосылыпты  
Көк теңіз пайда болды, десең қайдан?

Бес биік, Салайырдан бастау алып,  
Қара Ертіс, Бұқтырма су қатар ағып,  
Жазықта қайта келіп қауышыпты  
Кездесіп, бір-біріне қайран қалып.

Қара Ертіс, Бұқтырма мен қос дария,  
Жаралған жермен бірге қос қария.  
Ертіс суы Бұқтырмамен қосылған соң,  
Етекте шалқып жатыр Нұр – дария.

Қалжыр мен Күршімді де көріп едік,  
Оған да сөзбен баға беріп едік.  
Қос өзен Бұқтырманың сіңілісі,  
Сапарға ертіп шыққан серік етіп.

Үш өзен бастау алып Алтай таудан,  
Марқакөл, Күршім, Қатон үш түрлі аудан.  
Нәр алып үш өзеннен жатады екен,  
Егін-шөп, бау-бақша мен мал мыңғырған.

(Автордан М.М.)





## **ҚАРА ЕРТІС ӨңІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ** **(Ертіс өңірін Ресейлік отарлау саясаты)**

Оңтүстік Алтай және Қара Ертіс өңірін отарлау барысында Ресей патшалығы терең саясат ұстанған. Бұл саясат ұзақ уақыт үздіксіз жүргізіліп отырған.

Қазақ халқының тіршілік жағдайын, халықтың ұлттық болмысын, психологиясын, рулық қатынастарды, хан-сұлтандар әулетін зерттеу мақсатында түрлі экспедициялар жіберілген. Осындай жолдармен халықтың тарихын, өмір-тіршілігін біліп, оны келешекте халқымызды отарлау құралына айналдырған.

Ресей өкіметі Қазақстанның шығыс аймағын Алтай өңірін Ертіс бойын, Зайсан көлін зерттеу, осы аймақты игеру жұмыстарын І-Петр патшаның тұсында қолға ала бастады. Шығыс өлкесін игеру мақсаты Ресей мемлекетінің өндірістік және сауда-саттық саясатымен байланысты болды. І-Петр Ресейдің шығыстағы көршілері Қытай, Үнді мемлекеттерімен қарым-қатынас жасауды көздеді. Ресейдің бұл саясатын Жоғары Ертіс, Зайсан, Тарбағатай өлкесін игеру үшін Иван Михайлович Лихаревке берген нұсқауларынан көреміз. «Если будет возможно туда дойти, и по берегам его есть строевой лес и другие потребности для народонаселения, то постройте у Зайсана крепость и населите».

(«Полный свод законов» ТУ №3234 указ 18 января 1719 г).

«1719 жылы 16 қаңтарда гвардия майоры И.М.Лихаревтің басшылығымен әскери экспедиция Алтай өңіріне аттандырылды. Экспедицияның мақсаты қамал салуға қолайлы орындарды анықтау еді. 1719 жылдың мамыр айында И.М.Лихаревтің отряды Тобольскіге келіп, сол жерден 34 кемемен Зайсанға келеді. Лихарев экспедициясы Зайсан көліне дейін барады. Бұл 1719-1720 жылдары Зайсан көлі, Қара Ертіс бойы Жоңғар басқыншыларының қолында болды. Сол себепті экспедиция кейін шегінеді. И.М.Лихарев Үлбі өзенінің Ертіске құйған жерінен жаңа бекініс салу керектігін айтады».

(Государственный архив Омской области, Далее ГАОО, ф - 1 оп - 1 д 133 л 216).

Ертіс бойына 1717 жылы Ямышев бекінісі, (Қамысты бекінісі, мұнда тұз өндірілген), 1716 жылы Омск бекінісі, 1718 жылы Семей бекінісі, 1720 жылы Өскемен бекінісі салынды.

Жоғарыда келтірілген деректерден Ресей билеушілері Шығыс Қазақстанды Ертіс өзені арқылы Сібірімен жалғастырып, сауда-саттық жұмысын дамыта отырып, үлкен экономикалық аудан құру шараларын жоспарлағанын көреміз. Ресей басшыларын материалдық ресурстарға бай шығыс өлкесі қатты қызықтырады.

Өкімет тарапынан Оңтүстік Алтай, шығыс өңіріне орыс адамдарын қоныстандыру саясаты жүргізілді. Бұл өлкеге алғашқы келушілер әскери қызмет атқарушылар, Ресей губерниясынан қашқандар, сотталып Сібірге айдалғандар, түрмеден қашқандар еді. Және әскери қазақ-орыс (русское казачество) топтары жылдан-жылға көбейе берді.

1761 жылы Ертістің саласы Бұқтырма өзенінің бойына қамал (крепость) салынады. Осы кезеңнен бастап Семей, Өскемен, Бұқтырма, Зайсан аймақтарына әскери топтар, басқа да қоныстанушылар көбейе бастады.

Алтай, Марқакөл өңірі, Қара Ертіс пен Зайсан аймағының зерттелуі жайлы Европа және орыс ғалымдарының еңбектері мен зерттеулерінен деректер келтірейік:

1714 жылы мамыр айында Ертіс бойымен Зайсан көлі арқылы Зайсан өлкесіне қарай подполковник И.Д. Бухгольц экспедициясы аттандырылып, оған алтын, күміс, мыс кендерін іздеу, қолайлы жерлерден бекіністер салу тапсырылды. Бірақ жоңғарлардың кедергісінен ол берілген тапсырманы толық орындай алмады.

«Ресейдің Ертіс арқылы жоғары жылжуы Петр І-нің кезінде жандана түсті. Саудагерлерден Сібір өңірі, оңтүстік Азиялық аймақ жайлы мәліметтер алды. Жоғарғы Ертіс су жолын игере отырып, Яркентке (Жаркент) жетіп алтын өндіруді жоспарлады.

Петр жарлығының мазмұнына тоқталайық: «Саған, Бухгольц-Тобольскіге бару Гагариннен 1500 әскери адам алып, Ямыш көлінде қала салып, сол қамалдан Яркентке дейін қолайлы жерлерге, әскери мақсаттар үшін редуттар салғызу тапсырылады. Осы редуттарға адамдар тұрақтандыру міндеттеледі. Ал, Яркентке жеткен соң, қаланы алып, алтын өндіретін жерлерді анықтауың керек. Тұтқын шведтерден артиллериядан және минералдан хабары бар бірнеше адамды табуың керек.

Осы тапсырманы сол жердегі тұрғындарға қайырымдылық пен адалдық көрсету арқылы іске асыруың керек» - деп көрсетілген. Бұл жарлық Ресейдің Ертістің жоғарғы ағысына бұрынғыдан ары жылжуының бағдарламасындай болды.

1715 жылы Бухгольц Тобольскіден 32 қайық, 3000 орыстардан және тұтқын швед офицерлерінен тұратын отрядпен сапарға шықты. Ямышева көлінің маңайына қамал салды. Алайда, 10000 адамдық жоңғар отряды қоршауға алды. Бухгольц 2 ай қоршауда болып, Оми өзеніне шегінуге мәжбүр болды. 1716 жылы Бухгольц Омбы бекінісінің негізін қалады».

(Алтай өңірі көне заманынан XX ғасыр басына дейін. Ғ. Қарасаев, 2010).

Осындай мақсаттармен 1717 жылы Ресей үкіметінің тапсырмасы бойынша Иван Калмыковтың экспедициясы Зайсан көліне жүзіп шығады. Экспедицияның мақсаты осы өңірде қамал салуға қолайлы орындарды анықтау еді.

1863 жылы генерал И.Ф.Бабковтың экспедициясы Зайсан аймағына келіп, шекара шебін белгілеу мақсатында Қытай ұлықтарымен келіссөз жүргізді. Және Зайсан бекінісінің болашақ орнын белгіледі. И.Ф.Бабков осы жылдары Зайсан бекінісін салудың мүмкіншілігіне жете көңіл бөлді. Кейіннен осы бекіністің негізінде Зайсан қаласы салынды.

1868 жылы Семей өңірінің әскери губернаторы И.Ф. Бабковтың экспедициясы Омбыдан Зайсанға дейін пароход қатынасын ашуға болатындығын, Қара Ертісті өрлей сауда жасау мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдейді. 1863 жылы Иван Федорович Бабков «Зайсан экспедициясы» деп аталған экспедиция Зайсан көлі арқылы Қара Ертісті өрлей жүзіп, Ақтөбе қойнауына дейін барады.

И.Ф.Бабков бастаған әскери құрам бұл өлкеге келе бастаған отаршыл өкімет өкілдері еді. Зайсан өңіріне орыстар қоныстана бастады. Бұл өлкенің табиғатын, қазба байлықтарын, жануарлар дүниесін зерттеу жұмысы басталды. Зайсан аймағы 1868 жылдан бастап Ресей билігіне көше бастады.

1862 жылы Семей губернаторы И.Бабковтың бастамасы бойынша 2-гильдия көпесі Берсис Семейден Тара қаласына (Ресейде) дейін пароход жүргізді. Онымен теңізші Н.Зряхов төрт айлық жүзу сапарын өткізіп, 1863 жылы Ертістің жоғарғы ағысымен кемеңіз жүзе алатындығын дәлелдеді. Ол сонымен қатар, Зайсан көлін, Қара Ертістің бойын зерттеп, Қытайдағы Маниту-Гатул пикетіне дейін жеткен. Ертістің жоғарғы ағысына дейін жүзіп барған. Бұл алғашқы пароход «Ура» деп аталған.

Зайсан қаласының дамуы, шаруашылық өмірі Ертіс су жолы және Зайсан көлімен байланысты болды. Жүк кемелері 1870 жылы, жолаушылар параходы 1900 жылы Қара Ертісті Қытай шекарасына дейін жүзіп өрлейді.

1889 жылдары орыс ғалымы профессор В.В. Сапожниковтың ғылыми зерттеуі нәтижесінде Зайсан көлі мен Ертіс тасымалдың үлкен транзит су жолына айналды.

1900 жылғы Санкт-Петербург қаласында жарияланған су жолы орыс іскер топтарының VII съезіндегі Зырян тау-кен өндірісі қоғамының баяндамасында: Қазақстанның Шығыс өлкесіндегі су жолын ұйымдастыру барысына тоқталып «1899 жылғы кеме жүзу маусымында Жоғарғы Ертіс арқылы пароходпен жүк тасу қозғалысы ашылды. 75 ат күші бар «Зыряновский рудник» жүк параходы 16 тамызда Семейден шығып жүк тасыды. «Зыряновский рудник» параходының тәжірибесі Жоғарғы Ертіс бойымен жүк тасу мүмкіндігін аша түсті» деп көрсетіледі.

1901 жылы П. Березницкий мен П.Плешев «Жоғарғы Ертіс пароход сауда» серіктестігін ұйымдастырды. Ондағы мақсат Зайсан көлі, Қара Ертіс арқылы Қытайға жету.

Еліміз Ресей империясына қосылған кезеңнен бастап, Қазақстанның шығысында, Алтай өңірінде қоныстану жоспарлы түрде, бірнеше кезеңдермен жүргізілді.

Соның бірі – әскери қоныстандыру саясаты. Бұл мақсаттар негізінде қамалдар салу, бекіністер салу, тау-кен өндірістерін ашу жұмыстарымен қатар жүргізілді.

Бұл ауқымды саясатты жүзеге асыру үшін әскери мамандар мен қызметкерлер, өндіріс орындарына қажетті жұмысшылар, ауыл шаруашылығына көптеген адамдар қажет болды.

Осы мақсатпен казак әскери бөлімдері Ертіс бойына қоныстандырыла бастады. Олар әскери қызметтерде, гарнизондарда, құрылыс саласында істеді. Кейіннен олар осы өңірдің тұрақты тұрғындарына айналды.

Сондай-ақ бұл аймаққа жер аударылғандар, соғыс тұтқындары жіберілді. Ресейдің ішкі губернияларынан келіп, көптеген шаруалар қоныстанды.

Ертіс өзенінің жоғарғы ағысына шекара бекіністері салына бастады. 1745 жылдардан бастап Колывано-Воскресенск бекінісі, форпостар, редуттар жүйесі салынды. 1791 жылдары Ертістен жоғары, Бұқтырма өзенінен ары Баты, Верхнарым, Малонарым бекіністері салынды.

Ресей әкімшілігі әскерилер мен казактарды осы өңірде тұрақты қалдыру мақсатында құқықтық-экономикалық жеңілдіктер жасалып отырды. Тобол губерниясынан, Томск губерниясынан 2000 солдат, 5000 шаруа Ертіс бойына қоныстандырылды. Казак қоныстанушылары Семей облысының Зайсан, Кендірлік, Көкпекті, Бөкен, Үлкеннарым аймағында казактар қоныстары пайда болды.

Шекара жүйесінен 80 шақырым және казак деревняларынан 40 шақырым алыс жерде ғана казак малшыларына жайылым берілді.

Қоныстанушы казактардың жағдайы арнайы мемлекеттік заңдармен қорғалды. 1773 жылы «Сібір казактары туралы заңға» сәйкес және 1846 жылғы 5 желтоқсандағы «Сібір казактары туралы ережеге» сәйкес жүргізілді.

Осы заңдарға сүйене отырып, қоныстанушы казактарға құнарлы жерлерді күшпен алып беру, жергілікті халықтарды шөлейт, қолайсыз аймақтарға көшіру кең етек алды. Алтай, Ертіс бойында егістік, жайылымдық, орманды алқаптарды күшпен тартып алды. Халық қолайлы жайылым, қыстауларынан айырылды. Ертіс өзенінің жағалауындағы құнарлы жерлер түгелдей казак әскерлеріне қаратылды.

Белгіленген шекара жүйесінен жергілікті халық көшіп өту үшін (жайлауға, немесе қыстауға) салық төлеу жүйесі бекітілді. Әр жылқыға 1 рубль, ірі қараға 40 тиын, қойға 10 тиын салық алып отырды. Осы негізде Мұрын болысы Шекара жүйесі басқармасына 468 жылқы, 774 қой төлеген. Немесе 14407 рубль 68 тиын төлеуге тиіс болған. 1821 жылы Бұқтырма уезі казактарға шекара жүйесінен өту үшін 788 қой төлеген. Отаршылық езгі казактардың көшпелі мал шаруашылығына қатты батты. Орта жүз казактары жыл сайын 100 бас қойға 1 сом, 100 бас іріқараға 8 сом, 100 бас жылқыға 13 сом күміс ақша төледі.

Мал басына салық төлеу жүйесі казак даласына 1822 жылғы Ережеден бастап жүзеге асырылды.

Орал тауынан Алтайға дейінгі аралықта Орал-Сібір жүйесілік казак әскери бөлімдері құрылды. Осы әскери бөлімдерде 46171 адам болса, кейіннен 136756 адамға жеткен.

XVIII ғасырдың басынан Ертіс бойына, Алтай өлкесіне старообрядшылар, поляктар келіп қоныстанады. Олар егін шаруашылығымен, омарта шаруашылығымен шұғылданады.

«1760 жылғы Заңнамада Ресейден діни құдалаумен Польшаға кеткен орыстар қайтарылады. Бұлар «поляктар» Үбі, Үлбі, Ертіс, Нарын өңіріне қоныстанды. Олар Ертіс өңірінде Секисовка, Быструха, Тарханка, Бутаково т.б. елді мекендерді қоныстана бастады.

Поляктар (орыс поляктары) Ертіс бойына, Бұқтырма, Нарын өңіріне қоныстанды. Ел аузында: «Бұл жерге поляк келер, поляк келсе әлек келер» деген сөз аңызға айналған екен.

Балық аулау кәсіпкерлігі дамыды. Құнды балық аулайтын орталықтары Зайсан мен Марқакөл көлдерінде орналасты.

Оңтүстік Алтай ара шаруашылығының орталығы саналды. 1900 жылдарда облыс аймағында 23817 ара ұясы (омарта) шаруашылығы болды. Олардан 4818 пуд бал, 286 пуд

далауыз өндірілді. Бал өнімдері Ресей, Польша, Франция елдеріне дейін шығарылды. Алтай балы, Зайсан балы үлкен сұранысқа ие болды.

1812 жылғы Ирбит (Ірбіт) жәрмеңкесінде Алтай балына тең келерлік бәсекелестер болмады. 1825 жылы омарта саны 86176-ға жетті. Омарталардан 18329 пуд бал алынды».

(Шығыс Қазақстан облысы энциклопедиясы, 79 бет).

Оңтүстік Алтай шаруалары кәсіпшілігінде марал шаруашылығы көбейді. Марал шаруашылығы Бұқтырма өлкесінде, Қалба тауында дамытылды. Оңтүстік Алтай панталық марал шаруашылығына аса қолайлы бірегей аймақ саналады.

Бұқтырма өңірінде «Каменщиктер» қоныстанған. Олар Марал шаруашылығы және омарта шаруашылығымен шұғылданды. Бұқтырма өңірінің алыс түкпірлеріне Ресейден ауыр жұмыстан қашқан жұмысшылар, солдаттар, шаруалар, раскольниктер қашып келіп, жасырын қоныстанған. Осындай жасырын қоныстанушылар «каменщиктер» деп атанып кетеді.

1910 жылдары Зайсан уезі және Марқакөл, Қалжыр өңіріне қоныстанушылар, орыс тұрғындарының саны көбейе берді. «Бұл жылдары Зайсан уезі аймағына 4003 қоныстанушы отбасы келген. Қоныстанушылардың жаңадан 70 учаскесі, 8 хутор құрылды» деген Омбы генерал-губернаторына Семей губернаторы Тройницкийдің есебінде.

«Есен беріп отырған жылда менің басты міндетім 1908-1909 жылдардағыдай Қытаймен шекаралас негізінен қырғыздар мекендейтін облысқа орыс келімсектерін орналастырып, оны Россия империясының бөлінбейтін орыс облысы ету болды. Бұрын көшпелі қырғыздар мекендеген облыстың далалары мен таулы аймақтарындағы уездердің бәрінде қоныстанушы шаруалардың поселкелері пайда болды. Орыс шаруаларын бұдан да көп қоныстандыруға болар еді, бірақ мен шаруалар қоныстанатын жерлерді жан-жақты зерттеп, олар тұруға қолайлы, және шаруашылық жүргізуге өзен-суы бар жерлерді анықтағаннан кейін ғана, орыс шаруаларын әкелуді талап етемін» деген, Тройницкийдің есеп баяндамасынан Ресей үкіметінің асқан дипломатиялық, шовинистік саясатын көреміз.

(«Дидар» газеті 1998 ж, 7 сәуір).

Жыл өткен сайын халықтың өрістері тарылып, өзен-су көздеріне жақын құнарлы жайлау – қыстауларынан айырыла бастады.

«Ертіс болысы» (Қара Ертіс болысы) жаз жайылымының бірі Ақжайлау деген жерден Успенка, Марқакөл жағасынан Уранхайка, Марқакөлдің сол жағынан Еловка, елді мекендері пайда болды. Ертіс пен Алтай аралығынан 1903 жылы Алексеевка, Черняевка, Евгеньевка (Боран ауылы). Бала Қалжыр бойынан Горное (Ақбұлақ) деп аталатын қоныстар салынды.

Қаба өңіріндегі Төсқайың, Балықты-Бұлақ, Шанағаты жерлеріне ішкі Ресейден келген босқындар мен келімсектер өз беттерімен келіп қоныстанған, - деп жазады алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханов.

(Мақсұт ақсақалдың естелігі, таңдамалы шығармалар жинағы I-кітап, Алматы 2002ж).

Әйгілі «Беловодье» жері – Белухадан (Мұзтау) Ертіске дейінгі Оңтүстік Алтай және Батыс Алтай аймағы. Суы сүт болып ағатын қасиетті өзендер Ертіс, Қалжыр, Бұқтырма, Нарын өзендері Алтай биіктерінен басталады.

Өзендерінде су емес сүт ағып жататын жер жаннаты «Ақсу» («Беловодье») туралы аңыз Сібір шаруаларып қызықтырып Алтай жерін аңсайды. Патша өкіметі тыйым салғанымен Алтайдың жолсыз, аймақтарына біртіндеп орыс шаруалары қоныстана бастайды.

XVII ғасырдың басында орыс жерінен келген қоныстанушылар жоғарғы Ертіс бойына, Бұқтырма өзені бойына Бекалқа, Берел, Печи т.б. шағын қоныстар пайда болады. Қоныстанушылар саны жыл сайын өсіп отырды. Бұл қоныстарды Ресей үкіметі есепке алмаған. Адам санын да білмеген. 1761 жылы Бұқтырма бекінісін салған кезде ғана бұл аймақта орыс адамдары тұратын қоныстар бар екенін байқаған.

(Профессор Е.Шмурло «Оңтүстік Алтай мен Қытай шекарасындағы орыс қоныстары»).

1763 жылы Бұқтырма қамалының негізі қаланып, Қара Ертіске және Зайсан көліне қарай экспедиция жіберілді. Ертіс жүйесімен қосылу үшін Өскемен қамалынан Бұқтырмаға дейін редуттар мен қамалдар салынды.

Патша әкімшілігінің Батыс Сібір, Алтай аймағынан түсті металлдарды өндіру XIX ғасырдың екінші жартысында одан ары жалғастырылды. Әсіресе түсті металлдар орындарын іздеу өлкенің оңтүстік аудандарында, атап айтқанда: Күршім, Алқабек, Зайсан көлі аумағына дейінгі жерлерді қамтыды.

1881 жылы Шәуешек келісіміне байланысты шекараға өзгерістер енгізілді. 1883 жылы Ресейге Алтайдың оңтүстік – шығысы, Зайсан жазығын қосқан жаңа шекара белгіленді.

Ресейге Марқакөл мен Қобда өзені өтті. 1890 жылдары Марқакөл мен Қаба өңірінде өз еріктерімен қоныстанушылар, шағын балықшылар мекенін пайда болды.

1903 жылы Алтай тауларының оңтүстік-шығысында Алексеевка (Теректі) Николаевка (Мойылды), Успенка (Ақжайлау) елді мекені пайда болды. Бұл қалалардың бәріне де орыс тұрғындары қоныстанды.

1862 жылы орыс шаруалары Нарын жоталарына жетті. Нарын бойында Таловка, Медведевка ауылдары пайда болды.

Бобров бастаған 55 адам Алтайдың күнгей бетіндегі Алқабек өзеніне дейін келіп орнығады. «Ақсуды» іздеп Қытай иелігіндегі жерлерге өтеді. Олар екі жыл жасырынып жүріп, кері қайтады. Осындай әр түрлі жолдармен келген қоныстанушылар XIX ғасырдың аяғында Қаба өңірі мен Марқакөл маңына тұрақтайды. 1896 жылы Қаба аймағында 500-ге жуық қоныстанушылар тұрды. Олар Шанағаты, Төсқайың, Балықтыбұлақ маңына қоныстанды. Кейіннен Шанағаты – Орловка, Балықтыбұлақ – Владимировка, Төсқайың – Бобровка, Қарағайлы Бұлақ – Еловка болып аталды. Осындай жолдармен Жиделі – Ардинка, Қайнарлы – Архиповка қоныстары салынып, елді мекендер пайда болған. Бұл елді мекендердің барлығында орыс тұрғындары орналасты.

Қазақтардың ежелгі жайлауы, жазғы мал жайылымы болған шалғынды беткейлердің бәрін орыс қоныстанушылары иемденіп, шапшалық, егіндік жерлерге айландырды. Халықтың кең жайлауын орыстар күшпен тартып ала бастады.

1928 жылы қыркүйек айында ВКП (б) Қазақстан орталық комитетімен Атқару комитетінің шешімі бойынша Республикада уездер таратылды. Бұрынғы Зайсан уезіне қарасты территорияда Марқакөл, Күршім, Тарбағатай, Ақсуат, Көкнекті аудандары құрылды.

Марқа өңірінде 1931-1933 жылдары болыстарды біріктіріп, аудандастыру жұмысын жүргізді. Аудандар құрылып, ел басқару жүйесі тікелей өлкелік үкімет билігіне өтті.

Тополев – Мыс пристаны (айлағы) Тұғыл қонысының іргесі 1904-1906 жылдары қаланған. Ел қоныстанған кезге дейін Тұғылдың орнында қалың орман болған. Кілең ақ терек орманы өскен. Қоныстанған елді мекеннің «Тополев –Мыс» деп аталуы содан болса керек. Ел қоныстанған соң, орманды отап үй - құрлысқа пайдаланған. Біраз жылдан кейін теректердің орнында тұқыл түбірлері ғана қалады. Содан ауыл Тұғыл атанған.

Бұл топонимдік атауды алғаш зерттеушілер орыс ғалымы Г.Н. Потанин болды. Қара Ертіс атырабының зерттелу тарихында Г. Потаниннің еңбегі ерекше.

Г. Потанин 1863-1864 жылдары Зайсан көлінде болып, жергілікті балықшылардың балық аулау кәсібімен танысады. Балықшылар қоныстану үшін қолайлы орын белгілейді. Зайсан көлінің географиялық жағдайына шолу жасайды. Көлдің ұзындығы 110 км, тереңдігі 6 метр деп белгіленген.

Г. Потанин Ертіс, Зайсан өңіріндегі халықтар XVII ғасырдан бастап егіншілікпен айналысқандығына назар аударады. Қалжыр, Күршім, Бөкен, Базар, Ласты, Қара Бұға, Шорға өзендері аңғарында суармалы егістіктер болған. Күршім ауданында осындай – 9 тоған болған. Шорға өңірінде -27 тоған, Ласты өзенінде -15 тоған тартылған. Г. Потанин жазбаларында: «Солтүстіктегі Байшуақ сайынан алыстан көптеген көштер көрінеді» - деп жазған.

Қара Ертіс өзенінің оң жағасындағы Ашутас тауында ертеде Черкестер темір өндіріп, одан қылыш, найза, мылтық сияқты қарулар жасаған. Потанин зертеулерінде Қара Ертіс,

Зайсан өңірінің жер атауларына талдау жасаған: Шөп – Суат, Бесшана, Жылыбұлақ, Тұғыл, Қоржын-Түбек, Қызыл-Жыңғыл т.б. топонимдерге талдау жасайды.

1907 жылы Семейден параход магнаты Латиф Садықұлы Мусин (1864-1916) баржамен Зайсан көлі арқылы Қара Ертіспен Евгеньевка елді мекеніне (қазіргі Боран) Қалжыр өзеніне ГЭС салу үшін цемент, құрылыс құралдарын жеткізген.

1911 жылы құрамында орыс-қытай қоғамының мүшелері, бай, көпестер, олардың ішінде әйгілі саудагер М.М. Красильников енген экспедиция Қара Ертісті зерттеп, өзеннің параход қатынасына толық сәйкестігін анықтайды. Көпес Плотников Қара Ертіс су жолына пайдалану үшін 2 параход бөледі.

1912 жылы көрнекті ғалым А.И. Седельниковті «Қара Ертіс жазығы» туралы еңбегін Орталық география қоғамы жоғары бағалап, алтын медальмен марапаттаған.

1826 жылы Зайсан ойпатының теріскейін зерттеген әйгілі Леденбург ботаника экспедициясының мүшесі К.А. Мейер Ертіс арқылы Күршімге дейін жетті. Ол Зайсан көлі, Ертіс жөнінде деректер жинады.

1834 жылы астроном Федоров Ертіс атырабының географиялық орнын белгілейді.

Ертіс өңіріндегі өндіріс қуатының өсуі су жол магистралын кеңейтуді талап етті. Сондықтан Тюмен зауытынан Семей портына теплоходтар мен баржалар келтірілді. Алғашқы теплоход 1928 жылы Гамбург қаласынан сатып алынды. Бұл Ертіс өзенімен жүзген алғашқы теплоход еді. «Жоғарғы Ертіс пароходствосына» көптеген Европалық қалалардан «Ракета», «Метеор» сияқты су жолы машиналары келе бастады. Ертіс бойында өзен вокзалдары, пароходтар, теплоходтар тоқтайтын порттар, айлақтар көбейді.

Алғашқы балықшы артельдері Зайсан өңірінде 1932 жылдары құрыла бастады. Кейіннен артельдер бірігіп балықшы колхоздары құрылды. Колхоздар нығайған кезде шағын балық зауыттары пайда болуы негізінде «Зайсан рыбпром» бірлестігі пайда болған.

1934 жылдары Зайсан балық трессі құрылды. Балық зауыты ашылды. Тұғыл түбегі көлге сұғына кіріп жатады. Түбектің ұзындығы 3 шақырым. Суға кіріп тұратын тұсын «Тұмсық» деп атаған. Балық зауыты осы тұмсыққа орналасқан. Түбектің бергі жағы «Мойын» деп аталады. «Мойында» әртүрлі қоймалар, складтар орналасты.

1935 жылдарда Тұғыл аймағында «Молотов», «Бес шана», «Объединенный труд», «Микоян», «Ақсуат», «Мөнекей», «Қызыл өгіз» балықшы колхоздары болды.

1959 жылы бұл шаруашылық «Зайсан балық комбинаты» деп аталды. 1976 жылы оның негізінде «Зайсан рыбпром» өндірістік бірлестігі құрылды.

ҚазССР балық шаруашылығы министрлігі бойынша товарлы өнімнің 25%-ін «Зайсан рыбпром» бірлестігі шығарып тұрған.

Шығыс Қазақстанның бір байлық көзі – балық. Зайсан-Ертіс бассейні ірі балық шаруашылығы. Қазіргі нарықтық-экономикалық заманында «Зайсан-балық», «Ақсуат-балық», «Шуленов», «Аманат-балық» сияқты жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер көбеюде. Облыста «Күршім» ауданында «Өскемен» тоған шаруашылығы бар. Кәсіпорын қызметкерлері тәжірибелі іскер жандар. Әдетте көлден қанша балық ауланса, сонша мөлшерде майшабақтар жіберілуі қажет. Балық – ел байлығы. Балыққа да мемлекет тарапынан қамқорлық қажет. Бұқтырма және Шүлбі су қоймаларындағы балық қорын молайту мәселесі қаралуда.

XVIII ғасырда қамшат, құндыз Ертіс өңірінде өте көп болған. Осы кезде кезқұйрық (ондатра) жерсіндірілген. 1940 жылы 100 жұп ондатра Балқаш көлінен әкелінген. Қымбат терілі ондатра тез көбейіп, өсіп келеді.

(Справочник государственного архива Восточно-Казахстанской области и его филиалы путеводитель. Алма-Ата 1988).

Марқакөл аймағы мен Қалжыр өңірінің зерттелу тарихы да әріден басталады. Марқакөл өңірі - негізінен Оңтүстік Алтай, оның оңтүстік- шығысында жатқан таулы өңір.

1870 жылдары Ресей үкіметі Марқакөл, Қара-Ертіс, Бұқтырма аймақтарын зерттеп, картаға түсіріп, топографиялық съёмка жасау үшін арнайы экспедиция жібереді.

1877 жылы экспедиция Петербург қаласынан шығады. Бұл экспедицияның зерттеу аймағы Қара Ертістің оң жағы, Ертіс бойы жазығы, Қалжыр өзені бойы, Ертістен Шүмекке дейінгі өңір, Қара Ертіс пен Бұқтырма өзенінің басталатын аймағы яғни Шығыс Алтай, Бес биік, Қобда тауларының аралығы болатын.

Карл Риттердің экспедициясы өзінің зерттеу жұмысын Қара Ертістің оң жағындағы «Ертіс бойы» жазығынан бастайды.

1863 жылы Қара Ертіс өңіріне Карл Струвенің зерттеу жұмыстары басталады. 1873 жылы саяхатшы ғалым Матусовский Марқакөл, Қара Ертіс аймағына ғылыми зерттеу жүргізген. Матусовский экспедициясы Марқакөл, Қалжыр өзенінің басталу аймағы, Құзғынды-Жайдақ, Азутау биігі, Сарымсақты, Таскайнат аймақтарында болған.

Матусовскийдің зерттеулерінен дерек келтірейік: «Қалжыр ағысы қатты тау өзені. Марқакөлден ағып шығатын бір ғана өзен. Өзеннің көлден ағып шығатын жерін, Шүмек деп атайды. Қалжыр өзені көлден ағып шыққан соң, Қара-Бұқа тауларының арасымен оңтүстік бағытқа қарай ағады. Қалжыр өзеніне Құлынкеткен, Шаңдыбұлақ, Аюкеткен, Бала-Қалжыр өзендері құяды. Бала Қалжыр өзені Сарытаудан басталады. Бала-Қалжыр мол сулы ағынды өзен. Бала-Қалжырдың Үлкен-Қалжырға құяр жері Қараөткел деп аталады. Қалжыр өзенінің бойы өсімдік дүниесіне бай».

(Матусовский «Зерттеулері мен күнделіктерінен»).

1863 жылы 17-29 май аралығында Карл Струве және Григорий Потанин 30<sup>0</sup> бойлықпен Ертіс бойы жазығында болып, бұл аймақты картаға түсіреді. Өсімдік дүниесін, жануарларын, аңдары мен құстарына зерттеу жүргізеді. Деректерге жүгінейік:

«Қара Ертістің оң жағалауынан Шеңгелді жазығы басталады. Жері құмды, белесті жазық. Шеңгел деп аталатын бұта қалың өседі. Сексуіл, жыңғыл, жиде, қараған т.б. бұталар көп. Бөкенбай тауының оңтүстік етегіне дейін созылып жататын Шеңгелді жазығы. Бұл жазықта Төрткүл, Үшқара деген таулы жоталар бір-бірімен жалғасып жатады. Бұл таулы жоталардың қойнауы сланец, слюда, известі кристалдардан тұрады. Тас жыныстары қоңыр-қызыл түсті болады. Құрамында темір барлығы байқалады. Төрткүл таулары мен Бөкенбай таулары аралығында Майшілік қайнары бар. Майшілік жері сор, батпақты келеді. Бұл жазықта құландар үйірі мен бөкселер, еліктер көп кездеседі. Майшілік жазығы Бөкенбай тауының оңтүстік етегімен ұштасады. Бұл жазықта Тақыр өзені ағады. Өзен суы Ертіске қосылмай Майшілік бойындағы құмайтқа сіңіп кетеді.

(Карл Струве, Г.Потанин күнделіктерінен 1863 ж 17-19 май).

Карл Струве, Григорий Потанин саяхаты бұдан кейін Оңтүстік Шығыс бағыттағы аймақтарға ауысады.

«1863 жылдың 22 мамында (мамыр) саяхатшылар Үлкен-Қалжыр аймағына бет бұрды. Саяхатшылар Марқакөлден жазықты бөліп тұратын тау қыратының оң жақ беткейімен жүрді. Бұл тау жоталары Марқакөлдің оң жақ жисіні орап, көмкеріп жатқан Азутаудың оңтүстік етегі болып есептеледі. (Бұл жерде саяхатшыларымыз Бесбұғы беткейімен қазіргі Ақбұлақ-Теректі тас жолының бағытымен жүргендігін байқаймыз). Олар Азутаудың оңтүстік етегіндегі жазық аймақпен жүріп өтті. Азутаудың оңтүстік беткейі Майтерек, Майқапшағай қыратты жазығы солтүстігінде Сарытаудың етегімен шектеледі. Бұл аймақта шығысқа қарай біркелкі биік таулы асулар, адырлы-шатқалды Азутау жүйесі созыла орналасқан.

Бұл аймақ - бала күнімізден өскен жеріміз. Маған бұл өңірдің әр тасы, әр жылғасы, әр төбесі таныс десем артық болмас. Майқапшағай, Бесбұғы, Сарытау, Қалжыр өңірінде өсіп, сол аймақта қартайдық.

Осы жазып отырған жер-су атауларының бәрі де Шығыс Қазақстанның, Оңтүстік Алтайдың жер аттары. Азутау жүйесі, одан сәл төменірек Бөкенбай таулы жүйесі оңтүстік-батысқа қарай аласарып келіп, Зайсан қазан шұңқыры мен Ертіс бойы жазығына ұласады.

**Қиын-Керіш каньондары.** Бөкенбай тауының оңтүстік етегінен Қара Ертіс жазығына қарай «Борлы биігі» басталады. Бұл аймақты халық «Қызыл Керіш», «Тайынша Керіш», «Қиын Керіш» деп атайтын тозған ескі тау жүйесі жатыр. Тозған тау жыныстары гипсті тұздардан

тұрады. Төбешіктердің топырақ түсі әр түрлі болады. Топырақ түстері ақ, қызыл, сары, көкшіл түсті болып, белдеу-белдеу ретінде орналасады.

Бұл Тайынша Керіш, Қиын Керіш каньондары жер асты күштерінің әсерінен пайда болған ойық, қуыстарға да ұқсастық бар. Негізінде тозған ескі тау жүйелеріне (жұрнақ тауларға) жатады. Каньондардың орналасу жүйесі өте ғажап. Алыстан қарағанда көп қабатты үйлерге ұқсас. Жақын келгенде жаңағы көп қабатты үйлерге ұқсас каньондар жазық жерде емес, үлкен ойық жыралардан бой көтеріп тұрғандығын көреміз. Ойықтардың тереңдігі 15-20 метрдей. Осы тереңдіктен көтерілген шоқылардың биіктігі 50-60 метрге жетеді.

Осы үйінді шоқыларда әр түрлі көлемді қуыстар кездеседі. Бұл қуыстарға ерте кезде үйірлі жылқыларды қамаған. Боталаған түйелерді жас ботаға суық тимесін деп Тайынша Керіштің қойнау-қолтықтарына айдап кіргізіп тастайтын болған. Осындай шоқылардың қуыстарында қасқыр, түлкі, борсық тәрізді аңдардың апандары көп кездеседі.

Кейбір деректерде Зайсан көлі 60 миллион жыл жасаған деген пікірлер кездеседі. Ал Байкал көлі 10 миллион жыл жасағандығы айтылады. Сонда Зайсан көлі Байкал көлінен көп бұрын пайда болған.

Зайсан көлінен 30 километр қашықтықта Ертіс бойы жазығында Қиын-Керіш ескі таулар (жұрнақ таулар) жүйесі жатыр. Бұлар ғылымда тозған таулар, топыраққа айналған таулар деп аталады. Таулар әбден аласарған және әр түсті топырақ қабаттарынан тұрады.

«Ғылыми деректерде Қиын-Керіш, Тайынша-Керіш таулары мезозой кезеңінің аяғы, кайназойдың басындағы (65 млн жыл бұрынғы) шұбар түсті топырақ қалдығы «Жанып жатқан адырлар», «Жалындаған ғаламшар» деп аталады. (Қызыл топырақ түсіне сәйкес).

Осы Қиын-Керіш тауының қиялы жоталарында кайназойдың бастапқы кезеңіне тән бес түрлі жануарлар әлемі анықталған. Осыдан 35-45 млн жыл бұрынғы қолтырауын, мүйізтұмсықтың сүйек қалдықтары табылған. Қара Ертістің оң жағасындағы Ащутастан субтропикалық өсімдіктердің 78 түрінің белгілері анықталады. Соның ішінде бамбук, грек жаңғағы т.б. өсімдік түрлері табылған».

(Ғаламтор материалдарынан).

Жоғарғы деректерге қарасақ, Зайсан көлі, Қиын-Керіш коньендары, Ащутас таулары бір кезеңде (бор дәуірінде) пайда болған географиялық аймақтар екендігі байқалады.





## ҚАРА ЕРТІС БОЛЫСЫ

Ұлтарактай болса да,  
Ата қаныс жер қымбат.  
Ат төбеліндей болса да,  
Туып өскен ел қымбат.

(Халық даналығы)

Зайсан ауданына қараған аумақта 4 әкімшілік бөлік, яғни 4 болыс болған. Маңырақ болысына – 7 старшын ел, Кендірлік болысына – 11 старшын ел, Қара Ертіс болысына – 8 старшын ел, Шілікті болысына – 11 старшын ел қараған.

Зайсан уезі кезінде 99443 адамы бар 2499 ауылдан тұратын 17 болыс болды. Тұрғындардың 1595-і отырықшылықпен, 950-і жартылай отырықшылықпен өмір сүрді.

Қара Ертіс болысында 1373 шаруашылық, 7761 адам болған. 9 старшын елдің бір старшыны Қара Ертістің оң жағалауын, қалған сегізі сол жағалауын мекендеген. Болыстың оңтүстік шекарасы Зайсан қаласына дейін болса, шығыс шекарасы Алтаймен шектесті. Ертіс жағалауын, Қорған, Ақарал бойын, Қаратал мен Сарыбұлақ аңғарын, Қарабұлақ, Жеменей нулы қойнауын, Кендірлік өзенін, Көкжота, Шенгелді, Маңырақ, Қабырғатал, Кеңарал жерлерін, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, жазда Марқакөл көліне көшті.

(Материал по обследованию хозяйства и землепользования киргизов Семипалатинской области Т.Ш. Зайсанский уезд. СПб, 1913).

Қара Ертіс болысы жөнінде Мақсұт ақсақал былай деп естелік айтады:

- Патшаның бұйрығы бар, соған орай жаңа би сайлаймыз, оның аты «болыс» деп аталады, кімді ұсынасыңдар, дегенде ел Бекбай мен Халитты ұсыныпты. Бұл уақытта болыстардың көмекшілері Бекмұхамбет указ Сатыпалдыұлы тұзақшы руынан, Көпен Жанакұлы, Жапабай Бітібайұлы, Жұрқабай, Егінбай шешен қарсалшақ руынан. Бұлар екінші буындағы ел басқарған адамдар.

Болыстар арасында Қалит Қылыұлының шоқтығы биік еді. Ел аузында жүрген «Көкірім съезі» Халиттың ауылында болады. Съезге Құнанбай қажы қатысқан.

Халит болыс - басқа болыстар сияқты жайлауға шығып жанын күтпеген адам. Оған мысал: «Болыс кезінде 100 шақты кедей жігіттерді шақырып, ақыл беріп, ұйымдастырып, Мөжік деген өзенді бөгеп, тоған қазып, Ақаралдың құнарлы ойпат жеріне су апарады. Барлығына тұқым тауып беріп, егін ектіреді. Өнім жақсы шығып, кедейлердің қарны тойып, қарығы шығады. Бұрын олардың бәрі байларға жалшы болып жүргенде алатын ақысы жазда ішкен айраны, қыстағы ішкен бір сапты аяқ сорпа, бір асым еті болған. Ал бала-шағасына бір бұл алса бір ай, екі ай, егер серкеш сұрап сойып жесе, бір жыл тегін жұмыс істеп береді».

Осылай соры қайнап жүрген жігіттер Халит болысқа ілескеннен кейін, жер байлығының игілігін көре бастайды. Халит өзіне қарасты бір болыс елдің ғана басшысы емес, бүтін төртуылдық адам болған деп айтады ақсақалдар. Халитқа 24 рудан келіп бала болған адамдар болыпты. Олардың барлығы болыс атаның баласымыз дейді екен. Мысалы, Серкеш деген елден біреу келіп бала болған. Ақымбет деген елден, Ноғайдан, Байжігіттен, Қаратайдан, Қожа руынан, Зайсан өңіріндегі Керей, Найманнан балалары болған. Бір әдісі сол, асыранды балаларының сана сезімдеріне қарай он басы, елу басы етіп би сайлап қояды екен. Және төртуыл руынан қыз беріп, қыз алып, нағашы-жиенді де көбейтіп жүрген адам.

Бір күні бір шал келіпті, қолқанаты жоқ, кемпірі екеуі ғана болса керек. Аты Бекболат екен. «Беке, неге келдің?» дегенде: «Қарағым, маған жер бер, егін егем», депті. Сонда «Аз аялдай тұрыңыз» депті де, бағанағы он басы, жүз бас, елубасыларды шақырып, «Мына Бекеңе күздігүні үй басы бір астаудан таза етіп дән берсін, әркім өзі алған дәннен берсін, бұл 1 жыл емес, қашан осы қария дүниеден кеткенге дейін берілсін» депті.

Енді қысқа қарсы соғым уағында тағы келіпті: «Беке, қалай астық болды ма?» депті. «Ой, қарағым, бидай-тары үйіріліп қалды, қоятын жерім жоқ, көбін алғаным жоқ» депті.

«Енді неге келдіңіз?», - дегенде, «Енді бір сойып жейтін мал керек болып тұр» депті. Сонда тағы да әлгілерді шақырып алып, «Мына Бекеңе үй басы бір жамбас берсін, коспасы жоқ жеке жамбас болсын, ірі-қара сойғандар жарты жамбас берсін. Бұл сыбаға Бекең тірі күнінде жыл сайын беріліп тұрсын». Осыны «Беке, аяндап барып түстігіңді де жеп, шайынды ішіп, өзің жинап ал, алыс жердегілер өздері әкеліп береді» деп тапсырады. Ел жайлауда отырғанда кейбір үйдің кереге басында сүрі жамбастар тұрады екен. «Мынау не қылған жамбас?» деп сұрағандарға: «Бұл Бекболаттың жамбасы» дейді екен. Өзі алуға үлгере алмаған жамбастар ғой. Сондықтан ел аузында көп сақталған бір нәрсені «Бекболаттың жамбасындай сақтапсың» дейді екен.

(Ғалым Байбатыров. Шежірелі шығыс өңірі. Өскемен 2006.).

Қара Ертіс болысында Жолдасбайұлы Бекбай болыс, Қылыұлы Халит болыс, Бітібайұлы Жапабай болыс, Жанакұлы Көпен болыс, Мысбаев Мираш болыс сияқты азаматтар болыстықты басқарған.

Зайсан уезінің аумағына Төртуыл, Тоғыз, Қаракерей, Қожанбет рулары қоныстанған.

Қара Ертіс бойына орналасқан Қожанбет, Тоғыз аталары «Қара Ертіс» болысы деп аталды. 9 старшынға біріккен.

Жазда Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Марқакөл, Сарытау, Ақжайлау, Дерелі, Құзғынды-Жайдақ, Үшмұңкер, Секітас, Матабай аймағын жазғы жайлауы ретінде пайдаланған. Бұл өңірде «Қара Ертіс» болысының 8 старшын елі төр жайлауға тарала орналасады. Мәкен Мешелқызы өзінің «Жаз жайлауы - Марқакөл» деген өлеңінде:

Сөз жетпес Марқакөлдің бағасына,  
Жайлауға ел қонғанда жағасына.  
Ананың ақ сүтіндей каусар суың,  
Ұнаған әр қауымның баласына.

Мыңғырған төрт-түлік мал өзінде өскен,  
Ел аңсап, қыстауынан ерте көшкен.  
Тай құлындап, тайынша бұзаулайды,  
Марқаның шалғынын жеп, суын ішкен.

Қалың ел кеше қонған көлдің бойы,  
Марқаның малға толған қыр мен ойы.  
Жылқылы ауыл биікке өрлей көшіп,  
Төменде отар – отар жатыр қойы.

Бетегелі қырлары,  
Балаусалы сайлары.  
Мың – мыңдап мал айдаған,  
Баяғының байлары.  
Үшмұңкер мен Матайбай,  
Еліңнің төр жайлауы.  
Қарсы бетте жатады,  
Құзғынды мен Жайдағы.  
Қойнау сайын қалың мал,  
Жарысып ойнап, жарасып,  
Құлыны мен тайлары.  
Төрлете қонған малды ауыл,  
Бәріне мекен – Алтай тау  
Белуардан шалғыны,  
Әр қойнауда бие бау,- деп жырлайды жайлау салтанатын.

Білезік өзенінің бойын төртуылдың Есімбек, Есенғұл рулары жайлады. Шөптікөл, Көкжота аймағын Тұзақшы рулары жайлады. Кейіннен бұл қоныстар «Тұзақшы кезеңі», «Тұзақшы жайлауы» деп аталды.

Қызыл кезең, Ұранқарағай, Секітас аймағы Жылқайдар-Дүзбай аталарының жайлауы болған. Ал Жылқайдар – Дүзбай, Мыңбай, Сарманак аталарының қыстауы Қаратал, Ақарал, Кеңарал Ертіс жағасына дейінгі кең қоныстар.

Марқа өңірінде осы күнге дейін «Тоғыз жайлауы», «Тұзақшы кезеңі», «Қанжабайдың секітасы», «Жылқайдар жайлауы» деген жер аттары бар. Төрқуыс, Матайбай, Көкжота, Үш - Мүңкер жерлерін төртуылдың Есіркеп, Мая, Жақау, Тұзақшы аталары жайлаған.

Жеті кезең Матайбай,

Суыңнан кеттік тата алмай.

Орыстың жері атанып,

Бір көруге бата алмай,- деп өзінің туған жерге деген

сағынышын жазған екен. Төртуыл Тұзақшы руынан шыққан ақын, әрі ел басқарған болыс апамыз Әшім Ысқақ қызы, Мырзаш Алдиярұлының немересі.

Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Қалжыр, Алқабек бойымен Ақжайлауға қарай көшетін. Ары қарай төр жайлауға тарала қоныстанатын. Төртуыл руларына жазғы жайылымдық жердің тарлығы көп қиындық туғызған. Олар өздерімен көршілес Қожанбет руларынан жайлау жайылымын сұрауға мәжбүр болған. Төртуылдар Алтайға көшкен кезде, Қожанбеттердің жерін басып өтетіндіктен, олар кейде қарсылық білдіріп отырған. Төртуылдарға нақтылы жайлау жолы (көш жолы) белгіленіп, одан ауытқымау талап етілген.

Алтайға ел көшеді буын-буын,

Көрмейсің төртуылдай елдің қуын.

Баспасын егін-шөпті жолындағы,

Мамырлап жатам десе Алтай нуын, - деген сөз ел аузында қалған екен.

Төртуылдың тоғыз руы Қарабүйрек, Тақыр жазығы Байшуақ, Шүршіт сайлары арқылы Шарықты, Топарбұлақ, Арғынбай, Бала Қалжыр арқылы жайлауға шығады. Жазғы жайлауы Сарымсақты, Қарағаш, Барынкөл, Тасқайнат, Көкбұқа аймағы.

Көктемде мал төлдеген соң Тоғыз, Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Алтайға қарай көшетін мезгіл аса көңілді, қызықты болған.

Тоғыз руларының көші сәнді, салтанатты болады екен. Мал түліктерінің ішінде көбінде жылқы, түйе, сиыр малдарын ұстаған. Төртуыл руларының көші жөнінде Құдакел деген атадан шыққан Апашбайұлы Арғынбек ақынның өлеңінен үзінді:

Қазақ еді халқымыз,

Мекендеген Алтайды.

Жайлаушы еді жазды күн,

Алтай басы Марқаны.

Шығушы едік жайлауға,

Ертіс өтіп күрілдеп.

Бозбалалар жылқы айдап,

Қыз-келіншек күлімдеп,

Ел көшкенде мырзалар,

Сұлуды жанап ілімдеп.

Тасқайнат, Сарытау, Көлшілік,

Жайлаушы еді ел шығып.

Асып түссең Қарағаш,

Бар Дөртуыл аралас.

Қозы сойып ерулік,

Беруші еді тамақ-ас.

Тоғыздан шыққан азаматтар қол өнеріне жеттік болған. Ағаштан түйін түйген шеберлер көп болған. «Тоғыздан ұл туса, ағашқа күн туады»- деген сөз содан қалса керек.

Ағаштан ертоқым, домбыра, жүк аяқ, кебеже, сандық, үй ағашы (киіз үйдің ағаштарын) жасаған. Шебер қолдан шыққан бұл заттар басқа рулардың, іргелес аталардың қалауы мен сұрауына ие болған. Мал терілерін өңдеп одан аяқ киім, етік, кебіс-мәсі, саптама етік тәрізді киімдер тігетін шеберлер болған. Бұл киімдер сол кезде аса керекті қажеттіліктер еді. Мал терісінен жасалған ер тұрман әбзелдері, жүген, қамшы тағы басқа заттар екінің бірінің қолынан келе бермейтін қажеттіліктер. Өңделген былғары, былғары тон, ішік тәрізді киімдерді тігуге Зайсан қаласынан іс машиналар алдырып пайдаланған.

- Сондай шебер қолдардан шыққан ыдыс-аяқ, ас-су әбзелдері де көз тойдырарлық еді,- дейді көне көз үлкендер. Қайың ағашынан жасалған табақтар, ет табақтар, қымыз тегештері, оюлы шөміштер үй тірлігінің сәнін келтірері сөзсіз.

Қыста мұз бетіне жол түскен кезде азаматтар шана жолымен Күршім, Қалғұты, Самарға дейін барып айырбас сауда жасаған. Ағаш, тері бұйымдарын апарып, бұл, шәй, астық сияқты заттарға айырбастаған.

Тоғыз елінен пысық, сауатты азаматтар да көп шыққандығы айтылады. Ескіше оқыған сауатты адамдар көп болған. Колхоздастыру кезеңінде көп азаматтар Семей, Зайсан қалаларындағы қысқаша дайындық курстарда оқып білім алған еді.

Тоғыз руына жататын аталардың қыс айларында жылы қыстық үй-қоралары болған. Қысқы үйлерді пеш-қазандықтармен от жағып жылытқан. Сонда Қожанбет аулынан қыдырып келген ақсақалдар «Тоғыздар жазды үйлеріне кіргізіп алыпты ғой!» деп таңырқаған екен. Ол кезде Қожанбеттер қыста да кигіз үймен қыстап шығады екен.

Зайсан уезінің шығыс бөлігін Қара Ертістен бастап Бөкенбай тауы, Қалжыр өзені, Азутау, Марқакөлге дейінгі аралықта Қожанбет рулары қоныстанады. Бұл аймақ «Қалжыр болысы», «Ақжайлау болысы», «Пограничный болысы», «Майтерек болысы», Ертіс бойында «Каморов болысы» сияқты болыстықтарға бөлінген.

Осы болыстықтарда Ысқаков Кәкім болыс, Көлбаев Омар болыс, Өтеулинова Дариға болыс, Ырысбаев Нұртаза болыс, Ағжанұлы Бұтабай болыс, Енсебаев Ахмет болыс, Бижигитов Ақыбай старшын, Жанақұлы Көнен болыс, Ертіс болыстығында, Мысбаев Мираш болыс, осындай азаматтар болыстықтарды басқарған.

XIX ғасырдың аяғында, қазақтардың ежелгі жайлауы, жазғы мал жайылымы болған шалғынды беткейлердің бәрін орыс қоныстанушылары иемденіп, шаппалық, егіндік жерлерге айландырды. Халықтың кең жайлауын орыстар күшпен тартып ала бастады.

Жер үшін талай шайқас, қан төгіс оқиғалар болды. 1903-1905 жылдары орыстар Сарқырама, Кіншюй, Қараған деген жерлерге егін салады. Жайлауға көшкен Тортуыл, Қожанбет елдеріне жол бермейді. Ақжайлау, Кезең, Дерелі тауы деген жерге орыстар зепбірек орнатып, көшті ілгері өткізбейді. «Бір түннің ішінде қазақтар кері көшсін, егін – шөптің шығынын төлесін», - дейді.

Қызылапы, Тарлаулы,

Басып кетсең мал даулы.

Бір қараға бес сомды

Бермей қазақ алмаулы,-депті сол күндерде халық.

Құнарлы жерлердің бәрі казак орыстардың шабындық және егістіктеріне айналды. Адам да, мал да қия баса алмады. Сонда ақын Қырықбай Бейсекенов:

Қарасу есік алды бұлағымыз,

Ахмер жазы – қысы тұрағымыз.

Жеріңс казак – орыс түсіп кетсе,

Бір теңге төлеп шығар лағымыз – деп, Ертіс, Алтай өңірінде мал өрісінің тарылғанын, жайылымдық жердің қоныстанушыларының иелігіне айналғанын айтып отыр.

Халықтың орыс қарашекпендерінен қысым көруі Ертіс бойында, Марқакөл өңірінде, Өр Алтайда кең етек алды.

Төртуылдың 200-дей азаматтары жер үшін шайқасқа шығады. Осы шайқаста Мұханбеттің баласы Омыртқа оққа ұшады.

1907 жылы Ақжайлау бойына Қара Ертіс елі көшіп келсе, орыс мұжықтары көш жолына егін егіп тастаған. Мұжықтар егінге түскен малды мылтықпен атқылап өлтіре бастайды. Жағдайды білмек болып барған Нұғыттың Нұрғалиын орыстар атып өлтіреді («Қазақ» газеті, 1913ж. №30 саны). Теректі бойында Қожанбет Сарыұлы Дімік биді, Төртуыл Омыртқаның ұлы Қасымды Алексеев, Федоров деген орыс купецтері алмаспен улап өлтіреді. Теректі жері Сарыұлы Дімік бидің мекені болған. Дімік биге қастандық жасалған соң, бұл кісінің туыстары, балалары түгел Қытайға ауған. 1995 жылы елге оралған ұрпақтары бар.

Ал Ащылы аулынан Алқабек өзеніне дейінгі кең қоныс Тұрды байдың мекені болған.

Бұл аймақ «Тұрды жиде» жазығы деп аталған. Атақты Құмырсқа сұлу осы Тұрдының елінде болған. Құмырсқа қыздың мазары Тентек сайының аузына таяу жерде тұрғызылған. Мазар 1960 жылға дейін бұзылмай тұрғандығы айтылады. Мазарды Тұрды бай өз қаражатымен жинатқан. Құмырсқа қыздың мазарын 90 байталдың құйрық-жалын күзеп, жылқының қылымен биепің сүтімен илеген орамамен тұрғызған. Ораманы құйғанда арасына жас талдың сәмбіл бұтақтарын салып қоса жинап отырған. Құмырсқа бір байдың қызы еді. Өте сұлу, әрі ақылды. Ақылы мен көркі тең келетін қазақ қыздарын «ару» деп атайды.

«Бейнесі нұр сипатты, қараңғы түнді жарық етеді екен» деген аңыз болған. Құмырсқа да еліне әйгілі арулардың бірі екендігіне, осындай сәулетті мазардың тұрғызылуы дәлел.

Міне, осы тәрізді аяулы мекендері үшін, азаматтар орыс байларымен қантөгіс уақиғаларға дейін барғаны анық.

## ӨЛКЕДЕГІ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ІСІ

1903 жылы Қара Ертіс болысы бойынша тұзақшы руынан Сатыбалдыұлы Бекмұхамбет деген азамат, Серғазы өзені жағасына медресе салады. Медресе алты бөлмелі, асты-үсті тақтайлы кәдімгі қаланың үлгісімен салынады. Бұл медресені салуға қаражат беріп, көмектескен Зайсап қаласының көпесі Бидахмет Бобкин.

Осы медреседе Қара Ертіс болысы құрамындағы 8 старшын ауылдың әр қайсысынан 2 шәкірттен қабылданады. Бекмұхамбет Сатыбалдыұлы Алаш партиясы басшыларымен тығыз байланыста болған. 1918-1919 жылдары алаш өкіметі басшыларының бірі, қазақ арасы ғана емес, түркі әлеміне тұтас жайылған «Оян, қазақтың» авторы Мержақып Дулатов Бекмұхамбет салдырған медреседе балаларға дәріс берген.

Мержақып Дулатов «Жарлы» ауыл мектебінде 1904-1907 жылдары сабақ берген. «Жарлы» ауыл мектебі 1902 жылы ашылған. Алғаш ашылған жылы 8 оқушы оқыған. 1905 жылы 1 қыркүйекте Ақсуат ауыл мектебі ашылып, алғашқы 8 оқушы оқыған. 1903 жылы 10 мамырда Қалжыр болысында ауыл мектебі ашылып 7 оқушы оқыған.

«Аталған кезеңдерде Қара Ертіс бойында, Зайсан өңіріндегі қазақ балаларына білім беру, мектеп ашуға деген сұраныс жергілікті халық арасынан қызу қолдау тапты.

Мысалы Күршім болысының қазақтары 1903 жылдың 6 шілдесінде 500 рубль ақша жинап, болыстықтан мектеп үшін үй салуға өтініш білдірді.

Нарын болысының қазақтары да 500 рубль ақша жинап, 1903 жылы 30 шілдеде мектеп ашу туралы өтініштерін жергілікті әкімшілікке жолдады.

Сол жылдары Беген болысының билеушісі Удеханов пен бай қазақ Жорекенов ауыл мектебін ашу мақсатында 800 рубль және 350 рубль өз қаржыларынан көмек берген. 800 рубль және 350 рубль ол кезеңде недәуір үлкен қаражат еді. Сол кезеңде 1 қой 1 рубль, бір қап бидай 2 рубль болып бағаланған. 1904 жылы Шапшақ ауыл мектебін ашу үшін қазақ Әмірхан Сейсенбаев өзінің 2 бөлмелі үйін береді. Ертіс – Қалжыр ауылдық мектебінің ашылуы кезінде жергілікті халық оқушыларды сүтпен қамтамасыз ету үшін, 8 сиыр бөлді».

(Ғани Қарасаев «Қазақстан және Алтай өңірі, Өскемен 2004ж»).

Шығыс өңіріндегі Катонқарағай аймағындағы Шыңғыстай болысында 1898 жылы бір мектеп және бір мешіт салуға ұлықсат етіледі. Ертіс бойындағы Мұсылман мешіті Баты аулында салынып, Бұқтырма теңізі көтерілгенге дейін халыққа қызмет істеген. Мектеп құрылысын 1903 жылы Ережепұлы Әбдікәрім болыстың басшылығымен аяқтайды. «Байбөрді ауыл мектебі» деп аталады.

Кей деректерде «Байберді мектебі» деп аталады. Байберді Бесікеұлы батыр адам болған. Бесікеұлы Байберді батыр - 1760 жылдары Қаратай елін Сауыр тауынан көшіріп, бұлқынған Бұқтырма, Нарын, Үркер өзендері өңіріне қоныстандырған әйгілі адам.

Кейіннен осы мектеп «Бекбалинская ауылная школа» аталып кетеді. Мектепте әр жыл сайын 30 оқушы қабылдап отырды. Бекбала мектебі 3 сыныптық бастауыш мектеп еді.

Әбдікәрім болыс Омбы далалық генерал губернаторынан рұқсат алып, 1904 жылы жаңа мектеп үйін салады. Жаңа мектеп 1906 жылы бітеді. 1907 жылы жанында мемлекет қаражатымен ашылған интернаты бар. «Русско-киргизская Ережепская двухклассная школа» атты мектеп ашылады. Бұл мектепте жылына 90-100 оқушыға дейін оқыған. Мектепте орыс, қазақ балалары аралас оқыған.

1925 жылдан бастап Шыңғыстай жеті жылдық мектебі болып қайта құрылды. 1934 жылы Шыңғыстай орта мектебі ашылды.

«Ұлттық мектептерге мұғалімдер дайындау мақсатында 1903 жылдың 1 желтоқсанында Семей қаласында мұғалімдер семинариясы ашылды, Оған мемлекеттен 24361 рубль қаржы бөлінді» деп жазылған құжат деректерінде.

Семей облысындағы «Бастауыш білім беруге қамқорлық қоғамы» 1885 жылы 6 сәуірде құрылды. 1894 жылы Семей қаласында 4 сыныпты гимназия ашылады.

Осы жылдарда Өскемен қаласында «Ауыл шаруашылығы мектебі» жұмыс істеген.

Осы кезеңдерде Семей облысының Семей, Зайсан, Көкпекті, Павлодар, Өскемен қалалары уездерінде ер балаларға және қыз балаларға арналған мектеп – интернаттар жұмыс істей бастады. Семей қаласында Ахмет Риза атындағы медресе ашылады. XIX ғасырдың аяғында Шығыс Қазақстан, Алтай, Қара Ертіс өңірінде қазақ тілінде сабақ беретін ауыл мектептері ашыла бастады.

Алғашқы ауыл мектебі 1902 жылы Зайсан уезінің Ақсуат болыстығында ашылды. 1910 жылы Шыңғыстай ауыл мектебі, 1914 жылы Қалжыр болыстығында «Жаңа – ауыл» мектебі ашылды.

Осы жылдары Ертіс бойында Нарын, Сібе, Қалба ауылдарында ауыл мектептері ашылды. 1907-1910 жылдарда орыс-қырғыз ауыл мектептері Тайынты, Тарғын, Айыртау, Ұлан болыстарында ашылған. 1902-1910 жылдары бастауыш білім беретін 3 сыныптық мектептер ашыла бастады. Осы жылдары Ертіс бойындағы Бастауыш аулында ауыл мектебі ашылып, кейіннен Абай атындағы жеті жылдық мектеп ашылып, 1937 жылдары орта мектеп-интернат ашылған, Жаңажол аулында мектеп ашылды.

Осылай Ертіс өңіріндегі әр ауылда мектептер ашылып, күміс қоңыраудың сылдыры, сәбилердің сыңғырлаған күлкісін есту – халыққа зор қуаныш болғаны анық. Бұл мектептер Алтай өңірі, Үлкен Ертіс бойындағы алғашқы білім ошақтары еді.

«Дегенмен, өлкедегі халыққа білім беру ісі баяу жүрді. Ағарту ісі, мәдени даму, ұлттық өркендеу шараларына көңіл бөлінбеді.

1888 жылғы №67 Сібір хабаршысындағы «Семей облысы Өскемен уезіндегі халыққа білім беру жағдайы» атты мақалада халыққа білім беру саласында Өскемен уезі қанағаттанғысыз жағдайда» деп көрсетілген».

(«Өлкедегі халыққа білім беру ісі» Ғани Қарасаев).

Қазақ зиялылары осы қиын кезеңде ұлттық мектептер ашуды, оқу-білімнің пайдалылығын насихаттайды. Бастауыш мектеп бағдарламасын жасайды. Бағыты мен мазмұны қазақша бастауыш мектептер ашып, дәрігерлік орындар салудың жолдарын қарастырады. Жазу емлесін қалыптастыру мен кітаптар, оқулық басып шығаруға талпыныс

жасайды. Бұл жұмыстар Семей қаласында 1918-1920 жылдары құрылған. «Оқытушылар ұйымы» деп аталған ұйымның басшылығымен жасалған.

Көшпелі өмір салтының тұрмыстық ерекшеліктеріне негіздеп бастауыш мектептер жүйесін құру, мұғалімдер даярлау ісін қолға алу үшін, зиялы қауым 1918 жылы Семейде «Оқытушылар ұйымы» құрылады. Оның төрағасы Мінан Тұрғанбаев, хатшысы Мұхтар Әуезов болған. Ауылдың бастауыш мектептеріне арналған оқулық шығарып, 1918-1919 жылдары оқытушыларға деген зәрулікті жоюдың бір жолы ретінде, екі айлық жедел және екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар ашылады. Онда оқытушылар, дәріс берушілер қатарында Қаныш Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Садуақасов. Мінан Тұрғанбаев тағы басқа да зиялы қауым өкілдері болды. 1921 жылы Ж.Аймауытов Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі болған.

Жас ұрпаққа білім беру, ұлттық тәрбие беру жұмыстары жүргізіле бастайды. Семей, Өскемен, Зайсан қалаларында, Күршім, Қара Ертіс, Маралиха, Ақбұлақ, Бесбұғы, Талапкер, Жаңа-Ауыл, Боран, Тополев-мыс елді мекендерінде көтеріңкі мектептер салынған. Сол жылдарда салынған мектеп үйлері 1965-1970 жылдарға дейін қолданысқа жарап тұрды.

Қазақтың көзі ашық азаматтарының бірі Отыншы Әлжанов, ел арасында мектептер ашу, бала оқыту туралы кеңестер өткізеді. О. Әлжанов - Зайсан уезінің азаматы. Омск округтік сотының меншікті аудармашысы. Үлкен қажырлылықпен, халықтың көшпелі тұрмысына лайықтап, шағын мектептердің жұмыс істеуіне тікелей басшылық жасайды.

Осы жылдары Семейде 2 жылдық мал дәрігерін даярлайтын оқу және 2 жылдық партия мектебі ашылған. Шалғай ауылдардан қазақ жастары келіп оқып – білім алып, колхоз жұмыстарына араласқан. Сонымен бірге кенсе, іс қағаздары жұмыстарын оқып үйренген.

Бұл жерде 1 жылдық, 2 жылдық дәрігерлік – фельдшерлік мектептер ашылған.

Сол кезде біздің елден Семейден оқығандар: Тілеужанов Тойша, Нұржанов Төлеміс, Өтеуменова Дариға, Көлбаев Сабит. Салықбаев Сағда, Ақмадисев Уайдолда, Оспанов Сейтмолда, Көпесбаев Қыдырхан, Қырықбаев Құмар тағы басқа азаматтар болған.

Осы орайда Жаңа-Ауыл елді мекені тарихына тоқталмақпын. Өйткені бұл - Марка өңіріндегі тұңғыш онжылдық мектебі ашылған киелі ауыл. Бұл ауылда 1934 жылы алғаш жетіжылдық мектеп ашылып, 1941 жылы алғаш жеті жылдықты бітіруші түлектер: Қалиолда Көшкіншінов, Ахметай Тілеуқенов, Фарид Гумарова, М.Ұябаев, Какен Мақұлбеков, Зәбен Әбіл, Мырзаханова Нұржамал, Жақасв Жақия, Ахметжанов Тұрсынхан, Қасентаева Майшекер. Омаров Ташмұханбет, Дуанбаев Қайлар еді. Осы білім ордасы 1948 жылы орта мектепке айналды. 1951 жылы орта мектепті алғашқы рет 21 оқушы бітірді. Олар: Сағдолла Кәденов, Қ.Әйкенов, Захан Қисықов, Айтжан Көкенова, Қатира Сағидолдина, Бижан Мұқатаева, Зайра Көрпебаева, Лакперова Мәптен, Азимбаев Зәкеш, Қыдырханов Саниолда, Әлпиев Қанания, Станбеков Сейтбек, Хамитжанов Әлмәди еді. Бұл мектеп өзінің құрылу кезінде он бір рет мектеп бітіруші түлектерді ұядан ұшырды.

Осы жылдарда мектепті бітірушілерден атакты ұстаздар, дәрігерлер, зоотехниктер, инженерлер, ғалымдар шықты. Ғалымдар: Қожанов Кеңсхан, Шойынбаев Захан, Тынысбаев Баймұрат, Бейілбаева Майра, Таңыраев Ахмет, Бижігітов Жақсыбай, Бегалина Гүлзада, Темірханова Райхан, Медеубаева Жанар, Жұмекснова Ләйла, Келгенбаева Бақытжан т.б.

Ауданымыздың алтын бесігі, білім ұясы болған Жаңа-Ауыл ауылының болмысы әркімнің-ақ есінде, әр азаматтың жүрек түкірінде жүретіндігі сөзсіз. Қалжыр өзенінің көк бұйра тоғайына оранып, Бөкенбай, Байшуақ тауларының оңтүстік етегімен көмкеріліп, ырысы ақтарылып, кең жазығы көсіліп жатқан, құт мекен ғой бұл.

1928 жылы қыркүйек айында ВКП (б) Қазақстан орталық комитетімен Атқару комитетінің шешімі бойынша Республикада уездер таратылды. Бұрынғы Зайсан уезіне қарасты территорияда Марқакөл, Күршім, Тарбағатай, Ақсуат, Көкпекті аудандары құрылды.

Марқакөл өңірінде 1931-1933 жылдары бұрынғы болыстарды біріктіріп, аудандастыру жұмысын жүргізді. Аудандар құрылып, ел басқару жүйесі тікелей өлкелік үкімет билігіне бағындырылды.

311.631.591.6  
M-347  
AT

МУРШ

V

ЦЕНСЕНСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ  
Главнаго Управленія Землеустройства и Земледѣлія.

МАТЕРІАЛЫ  
ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ

СОБРАННЫЕ  
экспедиціею по изслѣдованію степныхъ  
областей.

Семипалатинская область.

Зайсанскій уѣздъ.

Томъ VIII.

СПЕЦІАЛЬНАЯ ЧАСТЬ

(съ нормами киргизскаго землепользованія)

и общія статистическія таблицы



САНКТЪ-ПЕТЕРБУРГЪ.

Типографія Императорскаго Вѣдомства.

1909.



Отделение Терри

- 1) Тузичи. 2) Эмиль. 3) Акбаракъ. 4) Акбалтакъ.  
(Батаб).  
А) Джанибекъ. В) Токанъ. В) Тогузъ. Босатай. Байбара.  
IV ч. Ирг. в. VII. Маур.  
(Б. урвиз.)  
Амандакъ. Байгара. Окубай. Талавъ. Базаръ. Сарыталдакъ.  
VI ч. Ирг. в.  
IV. Маур. в.  
2. А) Джанибекъ.  
Есергень. Майа. Джанау.  
I ч. Ирг. в.  
Тасмбай. Байкузукъ. Араабай.  
I ч. Ирг. в.  
2. В) Токанъ.  
а) Желкайдаръ. б) Токтагуль. в) Есенгуль. г) Есеибекъ. д) Кудателъ. е) Карелчакъ. ж) Атактабайакъ. з) Буттубай.  
IV, VI ч. Ирг. в. VI ч. Ирг. в. III ч. Ирг. в.  
Мынбай. Джюбай. Сатый. Айтуганъ. Тлеу.  
VIII ч. Ирг. в.  
2. В. б) Тохтагуль.  
Төлебай. Коонтай. Итегенъ. Карабасъ.  
V ч. Ирг. в.  
2. В) Тогузъ.  
Байгузъ. Байсаръ. Олжаме.  
II ч. Ирг. в.  
Джулети. Джаксмай. Байлибай. Боронъ. Метей. Байтмаръ. Гобей.  
II ч. Ирг. в.

У Асболата было 6 сыновей, изъ которыхъ 4 названы были.

ИМЕНА		Урожай при попорок нахо- дятся нахожда- ются	Родона- чальники	ПОДНАС				ИТОГО	
№	ИМЕНА			ПОДНАС				ИТОГО	
				1	2	3	4	5	6
Урожай при попорок нахо- дятся нахожда- ются		Урожай при попорок нахо- дятся нахожда- ются	Родона- чальники	1	2	3	4	5	6
Итого		Итого	Итого	1	2	3	4	5	6
Итого по волости		Итого по волости	Итого по волости	1	2	3	4	5	6
<b>ЧЕРНО-ИРТЫШСКАЯ ВОЛОСТЬ:</b>									
<b>ДКМ ДУБЪ № I.</b>									
1	Боша Огоке	Адыр-Иртыш-аирныз	Есергенъ.	75	0	75	р. Адыр-Иртыш	200	200
2	Кутубай Кетубай	Кытай узень-айрыкы	Джакау.	75	3	75		135	138
3	Тажень Мереке	Ашудас-карасу		30	30	30		185	185
4	Кокпуть Сюмъ	" "		60	60	60		135	135
5	Абрай Кимбай	" "	Майа.	50	50	50		135	135
6	Капырбай Токтожа	" "		50	50	50		140	140
7	Жапыш Киймак	Кок-терек-карасу		55	55	55	р. Кара-Терек	180	180
8	Ыштабай Саты	Карасу-карны		55	55	55		240	240
9	Теменбай Чауенъ	Кузеу-терекъ		75	3	75		250	250
10	Борабай Аюбай	" "		75	3	75		243	243
11	Балабай Бете	" "	Джакау.	75	2	75		264	264
12	Мамышбай Куль	" "		75	3	75		223	223
13	Вашай Мапанъ	Кум-тобе		54	54	54		190	190
14	Атакалы Джауенъ	Кара-чизакъ		55	55	55		170	170
15	Толъ Итепъ	Канурбай-асу		50	50	50		165	165
16	Мамышбай Медеке	Бозайгыр-кумъ		50	50	50		150	150
17	Оразъ Аюбай	Кор-терекъ		50	50	50		160	160
18	Бекыш Сагалъ	" "		50	50	50		154	154
19	Мокъ Сагалъ	" "	Есергенъ.	50	50	50	р. Адыр-Иртыш	150	150
20	Довенбай Оксембай	Кум-джигы		50	50	50		160	160
21	Бай Тютубай	" "		50	50	50		150	150
22	Ерменбай Байджигитъ	" "		50	50	50		150	150
23	Балтыбай Тажикъ	Ак-чий-джигы		50	50	50		150	150
24	Байтелеу Науытъ	Суу-терек-ак-чий		50	50	50		150	150
25	Кокышъ Елебе	Кум-джиокъ		50	50	50		150	150
26	Вазиль Камбасъ	Боз-айгыр-кумъ		50	50	50		150	150
		Батырбай-кумъ	Майа.	30	30	30		150	150

ИМЕНА И ФАМИЛИИ:			РАСЧЕТЫ ПО ВОДНЫМ ИСТОЧНИКАМ				ВОДНОЕ ПОСРЕДСТВО	
1	2	3	4	5		7	8	9
				Указанного города	Остаток по количеству на город			
Хозяйственного учета (зимовки или ветау) по аксакалу.			Урожайности, при которой находится зимовки.			Родона-чальники		
адм. пункт № I.								
27	Джамалханов Байсейит	Батырбай-кумь	е	50	50	50		
28	Джамалбай Мурумбай	Джал-кумь	и	50	50	50		
29	Чамчику Чубе	Талды-кумь	и	35	35	35		
30	Мейшенбай Кашкамбай	Кос-кудуктын-кумы	и	55	55	55		
31	Исембай Кашкамбай	Джамсы-кумь	и	30	30	30		
32	Джамалбай Иседжань	Сейгыр-кумь	и	50	50	50		
33	Мынгузь Кобдыкь	" "	и	50	50	50		
34	Кашакь Манкутть	Куу-колать	и	50	50	50		
35	Черубай Тезекь	Джик-карасу	и	40	40	40		
36	Кармысакь Майкутть	Бурул-гай-кумь	и	50	50	50		
37	Бакань Турдубекь	Кум-джик-карасу	и	50	50	50		
38	Есенджань Коша	" "	и	50	50	50		
39	Асылкань Есембай	" "	и	50	50	50		
40	Тоты Елень	Сергазы-мола	и	50	50	50		
41	Джамалбекь Джамгыр	Кара-джал-кумь	и	40	40	40		
42	Красань Тезекь	Кызыл-жаль	и	40	40	40		
43	Алимбай Айвагузь	Кабрга-таль	и	60	30	60		
44	Амантай Кеуевень	" "	и	35	35	35		
45	Тулузень Кулджань	" "	и	50	50	50		
46	Джамалбай Тогасай	Ак-кумь	и	50	50	50		
47	Обурде Бетакбай	Джик-карасу	и	50	50	50		
48	Башлы Бертзеу	Ак-джал-кумь	и	50	50	50		
49	О т с у т с т в			7	у	ю		
Итого								
адм. пункт № II.								
1	Елю Айтапъ	Кок-терекь	Байсуаль	6 п.	46	46	46	
2	Иса Джатра	Кызыл-агац-Иргышъ		7 п.	47	47	47	
3	Отелбай Тезекь	Борен-аралъ		8 п.	45	45	45	
4	Сары Сарсенъ	Джаллашъ (Атабай-кок-терекь)		9 п.	45	45	45	
	Барлыбай Азобекь	Джага-кок-терекь	Байсуаль	10 п.	45	45	45	
	Мантей Окултуку	Кожабай-аралы		11 п.	45	45	45	
	Мустафа Кулабай	Улас-аралы		12 п.	50	50	50	
	Тасуберды Копдыбай	Аркат-агацъ		13 п.	30	30	30	
	А-метджань Мейсеней	Аша-тюзекь	Карау	14 п.	50	50	50	
	Сембай Мыскаль	Кзбай-аралъ		15 п.	45	45	45	
	Копейъ Джамакь	Арды(Откель-карасу)		16 п.	50	50	50	
	Тойматань Бежей	Джанк-аралъ		17 п.	50	50	50	
	Алембай Коша	Кок-терек-Иргышъ	Байсуаль	18 п.	40	40	40	
	Жилкишбай Кулбай	Баре-кеальды		19 п.	40	40	40	
				20 п.	40	40	40	

№	Хозяйственного аула (символ или истрау) по пасадку	Урочища, при которомъ нахо- дится зимовка.	Родона- чальника.	Средняя температура в течение зимы	Углубка снега.	Средняя высота снежн. покр.	Торговое пункты.	Виды и названья источников	Истрау		Количество лошадей	
									в зиме	в весну		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>адм. аулы № II</b>												
1	Итеган Самалды	Байкан-аралы	Олжаше.	2	40	40	40	Карасу	260	260	1	
2	Байсамова Джунулы	Карык-бол-аралы	Олжаше.	4 п.	38	38	38	р. Кара-Иртыш	260	180	3	
3	Ажарыкбасъ Сайка	Каргайталы	Байсары.	2	40	40	40	Карасу	180	180	7	
4	Бозай Бурабай	Кашары	Байсары.	4 п.	40	40	40	Карасу	180	60	4	
5	Бельшова Ковусса	Кинь-Иртыш	Байсары.	4 п.	50	50	50	Карасу	60	100	7	
6	Туганбай Сарыбай	Чок-юнке	Байгуль.	1-е покол.	45	45	45	р. Кинь-Иртыш	150	150	5	
7	Иташъ Саметей	Ткенекты-откель	Байгуль.	1-е покол.	50	50	50	1 колодезь	180	170	5	
8	Казыбай Камбары	Ит-мурунды-аралы	Байгуль.	7-е покол.	50	50	50	Карасу	170	170	5	
9	Дусеу Кайдымбай	Копырле (Ак-чоку)	Олжаше.	4 п.	60	15	16	Кинь-Иртыш	150	150	5	
10	Сагау Тлеу	Чейтельды-басы	Олжаше.	6 п.	40	40	40	Карасу	165	165	3	
11	Ишамбай Майлы	Баве (Сары-карыны)	Олжаше.	5 п.	40	40	40	Карасу	210	210	9	
12	Джаныенесъ Савбай	Бик-кумъ	Байсары.	2	40	40	40	Карасу	160	160	9	
13	Тлеуде Кшыюкпан	Тугускен-ченгельды	Байсары.	2	40	40	40	Карасу	150	150	5	
14	Казыбай Ешанъ	Дунгулек-карагайы	Байсары.	4 п.	45	45	45	Карасу	210	210	4	
15	Билжагыты Саметей	Арда (Кабакъ)	Байгуль.	4 п.	40	40	40	Карасу	150	150	5	
16	Отенбай Сагау	Бес-кеширъ	Байгуль.	7 п.	45	45	45	по 1 колодезю	150	150	4	
17	Ошай Баленъ	Джагашин	Байгуль.	4 п.	50	50	50	по 1 колодезю	165	165	5	
18	Телеуъ Кедары	(Джолдыбай-бейте)	Байгуль.	7 п.	50	50	50	по 1 колодезю	145	145	7	
19	Улькыи куль (Айгожа-бейте)	Улькыи куль	Байгуль.	2	50	50	50	по 1 колодезю	140	140	8	
20	Елжанъ Джетицебай	Базарбай-мола (Бес-оба-кок-диста)	Олжаше.	5 п.	55	20	35	Карасу	150	150	6	
<b>Итого</b>											202	
<b>адм. аулы № III</b>												
1	Косанъ Отенъ	Кийсамбы	Кудугель.	3 п.	33	33	33	р. Иртыш	305	305	9	
2	Бекбосыла Бурумбетъ	Марал-тюбенъ	Кудугель.	3 п.	60	60	60	р. Иртыш	307	307	10	
3	Ирумбай Енесбай	Семей-чунекъ (Кара-джедъ)	Кудугель.	5 п.	40	40	40	1 колодезь	205	305	11	
4	Дузлетъ Кежамберды	Ак-аралы	Кудугель.	5 п.	30	30	30	1 колодезь	245	245	11	
5	Ертысбай Кесбай	Алпары (Дум-чилыкъ)	Кудугель.	5 п.	30	30	30	р. Кендерей	215	215	11	
6	Малыко Килантай	Тукбыръ	Куттубай	7 п.	25	25	25	1 колодезь	215	215	11	
7	Копыи Маанты	Татач-ченгель (Ак-аралы)	Куттубай	5 п.	25	25	25	р. Алпары	210	210	19	
8	Вайбосылы Джелбарсы	Джайдакъ	Кудугель.	4 п.	30	30	30	р. Бурганъ	255	255	15	
9	Карымбай Божей	Тукбыры Кара-кумъ	Кудугель.	3 п.	30	30	30	по 1 колодезю	205	205	10	
<b>Итого</b>											112	

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Имя	Урочища, при котором находится зимовка.	Родная часть	Сколько голов скота в зимовке	Убойный город.	Большая голова и малая	Торгового пункта.	Вал и название источника	Сколько голов	Сколько голов	Сколько голов	Сколько голов	Количество убойного скота
<b>АДМ. АУЛЪ № IV.</b>												
1	Кашпай Баксанъ	Кабырга талъ	3 п.	20	20	20	по 1 колхозу	263	263	263	10	6
2	Ауастан Кызай	Кок-джира	3 п.	20	20	20		р. Мокшакъ	263	263	263	24
3	Дексанъ Карагай	Можикъ-узень	4 п.	15	15	15	1 колхозу	240	240	240	15	15
4	Тубекбай Кеичимбай	Семиз-чип	4 п.	20	20	20		р. Мокшакъ	240	240	240	15
5	Елеу Бекмурза	Джага	3-е пок.	20	20	20	р. Джага	240	240	240	15	15
6	Мухамедий Чуршутбай	Ак-донгуль		20	20	20		р. Джага	240	240	240	15
7	Уисамбай Кабанбай	Ак-донгуль	3 п.	25	25	25	по 1 колхозу	265	265	265	12	12
8	Мовбай Эсей	Кудбас-аралъ	3 п.	30	20	20		р. Иргыш	230	230	230	13
9	Рахимджанъ Джелбарсъ	Джюз-агачъ	4 п.	60	60	60	р. Иргыш	290	290	290	13	13
10	Егъмбай Бозтекебай	" "	3 п.	60	60	60		р. Мокшакъ	290	290	290	13
11	Ербалагъ Кабанъ	Сары-озекъ	3 п.	15	15	15	р. Мокшакъ	295	295	295	14	14
Итого								340	340	340	14	14
<b>АДМ. АУЛЪ № V.</b>												
1	Кичю Бокшай	Ашудас-асты	3 п.	50	50	50	Откочевалъ въ Камыш	4 года	190	190	190	190
2	Омербай Джатекен	Абдрае-аралъ						Кобентай.	50	50	50	по 1 колхозу
3	Касей Бербозатъ	" "	4-е пок.	80	80	80	р. Кара-Иртыш	230	230	230	230	230
4	Келбай Елгычъ	" "						80	80	80	230	230
5	Такырбасъ Баракбай	Майтубекъ	3 п.	55	55	55	р. Кара-Иртыш	165	165	165	165	165
6	Сарсембай Каракуль	" "						55	55	55	230	230
7	Бексей Такырбасъ	Джигень	3 п.	40	40	40	Телебай.	275	275	275	275	275
8	Джаръ Баетень	" "						40	40	40	235	235
9	Джиргабай Байгозы	" "	7 п.	40	40	40	Кобентай.	194	194	194	194	194
10	Бодай Кожанъ	" "						40	40	40	245	245
11	Татей Каре	" "	1 п.	35	35	35	Кобентай.	230	230	230	230	230
12	Джанабай Бытебай	Бытебай-кумъ (Сары-кумъ)						35	35	35	235	235
13	Джогуралъ Казибекъ	Сары-кумъ	65	50	50	50	по 1 колхозу	205	205	205	205	205
14	Крибай Дауенъ	Чуркъ						50	50	50	200	200
15	Таутасъ Бакъ	Сары-кумъ	3 п.	25	25	25	Карабасъ.	205	205	205	205	205
16	Аваганъ Тенесе	" "						25	25	25	205	205
17	Иса Карабобень	" "	3 п.	50	50	50	Кобентай	210	210	210	210	210
18	Муза Отабай	" "						50	50	50	285	285
19	Чатабай Байгозы	Кабырга-талъ	6 п.	50	50	50	Карабасъ.	220	220	220	220	220
20	Салкы Тертеменъ	Джангыз уй						50	50	50	220	220
21	Оматбай Бабль	Кыргы-кумъ	5 п.	30	30	30	Телебай.	220	220	220	220	220
22	Телегенъ Табисъ	Котрак-откель (Дар-тобе)						30	30	30	220	220
Итого							р. Кара-Иртыш	240	240	240	240	240

Хозяйственного дула (зимошки или ветау) по аксакалу	Урочища, при которомъ нахо- дятся зимошки.	Родъ чальника.	Уездного горюха				Итого	Итого	Итого	Итого	
			1	2	3	4					
<b>АДМ. ДУЛА № VI.</b>											
1. Назарбай Байтжума	Готнак-су	Есембекъ.	12	2	12	р. Кызыл-Агач	160	160	8	5	
2. Ибрагимъ Чанеке	Сары-озень		12	1	12		212	212	10	11	
3. Мурзатай Таланчи	Можакъ-су		14	1	14		235	235	11	11	
4. Мусымъ Кошкыбай	Сары-озень		14	1	14		230	230	3	3	
5. Неа Даякы	Сары-озень		12	2	12		242	242	10	10	
6. Акылбай Молдали	Вара-чинок-ак-ой		12	2	12		235	235	10	10	
7. Ермагень Билджанъ	Сары-озень		6	6	6		317	317	10	10	
8. Удгубай Боскымбай	Бос-аралъ		30	50	50		242	242	4	4	
9. Бекмхамедъ Сагымбалды	Сергазы		2 п.	25	25		225	225	4	4	
10. Каврбай Кудушъ			3 п.	25	25		265	265	6	6	
11. Бурумбекъ Барджауовай	Байкобекъ	3 п.	35	35	245	235	22	22			
12. Карыбай Косеиъ		7 п.	30	30	240	240	12	12			
13. Торгельды Бегенъ	Эккен-терекъ	5 п.	30	30	265	265	5	5			
14. Бозтай Сагымбалды	Кок-джира	Тузакчи.	25	25	25	р. Коксары	225	225	11	11	
15. Акишъ Аманбай	Джарлы		30	30	30	р. Джарлы	260	260	6	6	
16. Битбай Байбосунъ	Олген-терекъ		36	36	36	260	260	6	6		
17. Бекбосунъ Сугуръ	Байкобекъ		7 п.	30	30	275	275	4	4		
18. Ирибай Джаныкулъ	Кара-джедъ		7 п.	30	30	по 1 зиме	275	275	5	5	
19. Аманбай Джолдыбай	Джиге-кумъ		3 п.	30	30	265	265	2	2		
20. Джосунъ Смаилъ	Дженишке-су		1 п.	25	25	235	235	2	2		
21. Бисембай Тойсулай	Каскыр-тубекъ		2 п.	80	80	р. Иртыш	161	161	1	1	
<b>АДМ. ДУЛА № VII.</b>											
Итого											
1. Байсаганъ Мурзатай	Ак-тобенный-асты	Мендыбай.	3	60	60	р. Иртыш	275	275	1	1	
2. Куттугулъ Джолды	(Иртышъ)		1	60	60		275	275	1	1	
3. Куйкалакъ Таке			7 п.	60	60		180	180	4	4	
4. Ибраимъ Карыбай	Сары-манакъ (Арда)		7 п.	55	55		Карасу	155	155	1	1
5. Манебазаръ Байнъ	Доламаналы-тубекъ		3 п.	65	65		р. Иртыш	245	245	1	1
6. Кожаканъ Сегебай	Кор-терекъ		2 п.	60	60		по 1 зиме	180	180	1	1
7. Чекенъ Сегебай	Уялы-агачъ		2 п.	40	40		Ключь	365	365	1	1
8. Баймола Бакей	Давр-бойте		4	25	25		Карасу	235	235	1	1
9. Амре Елемджи	Ак-аралъ		6 п.	25	25		Карасу	250	250	1	1
10. Белатбай Копджасиръ			1 п.	25	25		по 1 зиме	240	240	1	1
11. Джарылгасынъ Бердыгожа	Сары-манакъ	5 п.	25	25	Карасу	210	210	1	1		
12. Оракъ Бермобай	Чубар-агачъ	3 п.	40	40	Карасу	165	165	1	1		
13. Темирбекъ Кажикенъ		Ельбай.	1 п.	25	25	1 п.	210	210	1	1	
14. Телетай Ыкласъ	Кызыл-агачъ-Кен-дарлыкъ		30	30	30	по 1 зиме	210	210	1	1	
15. Нуракъ Уаже	Сары-куль-кумъ		30	30	30	150	150	1	1		
16. Мейманъ Тлепъ		Итого	40	40	40						

Хозяйственный двор (именно или косяк) по аксакалу.	Урожай, при котором выхо- дит аксакал.	Родона- чальница	Сколько сена выделано в косяк сена.				Вид и название источника	Сколько		Всего сена в косяке	Всего сена в косяке	
			4	5	6	7		12	13			
<b>АДМ. ДУЪ № VIII</b>												
1 Арал Туататар	Джоз-атак	И н д а л д а р	4 п.	50	50	50	1 колодезь				3	
2 Джоз-атак	"		7 п.	60	60	60	р. Иртыш	245	245	245	3	
3 Канджар Кумалбай	Кок-терек		4 п.	50	50	50	Карау	270	270	270	1	
4 Жакмык-молда Бетым	Бетым-арал			60	60	60	1 колодезь	255	255	255	1	
5 Иртыш Чалымбай	Ески-келе			55	55	55		240	240	240	3	
6 Маниса Божов	Коргал			50	50	50		270	270	270	11	
7 Абза Буракаев	"			60	60	60	р. Иртыш	290	290	290	4	
8 База Бетым	Тюе-так			50	50	50		210	210	210	6	
9 Садик Давыров	Сары манак			50	50	50	1 колодезь	210	210	210	7	
10 Мухамед Тумай	Джарым узень		1 п.	50	50	50	р. Кенсары	250	250	250	16	
11 Кисеелди Олан	Алпар-узень		7 п.	30	30	30	1 колодезь	255	255	255	22	
12 Чаргабай Кыябай	"		7 п.	30	30	30	р. Аллага	220	220	220	10	
Итого								205	205		88	
<b>КЕНДЕРЛЫКСНАЯ ВОЛОСТЬ</b>												
<b>АДМ. ДУЪ № I</b>												
1 Селек Казалык	Шагыль	Уакс.		20	10	10	р. Шуршутеу	180	180	180	10	
2 Шайымбай Казанбай	Шуршутеу		4 п.	16	16	16	р. Шуршутеу	173	173	173	12	
3 Малебет Иреак	Чибндыкавия		3 п.	30	30	30		157	157	157	1	
4 Тене Коббе	Каскаждынбулагы		1 п.	20	20	20		175	175	175	1	
5 Сасыктаг Джалгал	Бозгиль			60	15	15	Ключ	160	160	160	1	
6 Экибай Тозеген	Карашоку			32	15	15		180	180	180	1	
7 Нураш Тобель	Айдаккель		2 п.	3	3	3		173	173	173	1	
8 Карымбай Ашиев	Уйленены-кунгей		3-е пок.	3,5	3,5	3,5	Сибг	150	150	150	1	
9 Оралмы Токсайбай	Сарбулак		Меркят-Менды.		3	3	3	Ключ	165	165	165	1
10 Джай Алчимбай	Карашагыль				3	3	3	Сибг	175	175	175	1
11 Чиликбай Диеке	Диекедейын-кунгей				3	3	3	Ключ	210	210	210	1
12 Ангай Джалсайдар	Сандыктак			30	2,5	2,5		185	185	185	1	
13 Клышбай Атантай	Каракабак		Меркят-Сакау.	3 п.	15	15	15	р. Желез	135	135	135	1
14 Суяндусь Мурабек	Кшижемей кунгей			3 п.	15	15	15	Сибг	200	200	200	1
15 Назирбай Тогас	Карашоку		Меркят-Менды.		5	6	6		257	257	257	1
16 Шуршутбай Сарсенбе	Сарыташ			3 п.	20	20	20	Ключ	185	185	185	1
17 Тахтамыш Бек	Сарлен		Уакс.		20	15	15	Сибг	170	170	170	1
18 Кешвалбай Жолубай	Карашоку			Меркят.	15	5	5	р. Желез	180	180	180	1
Итого											1	
<b>АДМ. ДУЪ № II</b>												
1 Менетбай Беркумбай	Сарыбет	Меркят.		15	30	30	р. Желез	147	147	147	1	
2 Даниебай Беркумбай	"		3 п.	20	20	20		150	150	150	1	
3 Андыбай Еркенбай	Мынгать			20	20	20	Ключ	150	150	150	1	

383.5  
M-3V  
PC

С.Х



ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ  
ГЛАВНАГО УПРАВЛЕНІЯ ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВА И ЗЕМЛЕДѢЛІЯ.

# МАТЕРІАЛЫ

ПО ОБСЛѢДОВАНІЮ ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНІЯ КИРГИЗЪ

Семипалатинской области.

ТОМЪ III.

## ЗАЙСАНСКІЙ УЪЗДЪ.

Выпускъ I-й (таблицы).

ПОВТОРНОЕ ОБСЛѢДОВАНИЕ

1911 г.

B-132819

С-ПЕТЕРБУРГЪ

1913.



		ИМЕНА			Сколько летъ или сколько лѣтъ существуетъ аулъ		Удаленіе города		ИСТОЧНИКЪ			
		Хозяйственнаго аула (именки или кстау) по аксакалу.	Урочища, при которомъ находится именка.	Родоначальника.	7	8	9	10	11	12	13	14
1	10-11	Тубета Булибоне.	Асу-сай.	Маматекъ.	100 л.	100	100	100	100	100	100	100
2	12-14	Джамаути Кутнай.	Сары-чоку.	"	"	100	100	100	100	100	100	100
3	13	Сыдыкь Дамамбасынъ.	Сасык-бастау.	"	110 л.	100	100	100	100	100	100	100
4	12-14	Чолокь Укурдай.	Терс-айрык.	"	4 п.	130	130	130	130	130	130	130
5	13	Чожабай Чанъ.	Колдонен-кора.	"	100 л.	80	80	80	80	80	80	80
6	20	Оразоай Тогымбай.	Чат-булакъ.	"	3-4 п.	123	123	123	123	123	123	123
7	10	Болубай Тозькушскъ.	Тугул-кора.	"	100 л.	120	120	120	120	120	120	120
8	9	Джуусуь Тайкай.	Камаатъ.	"	7-8 п.	130	130	130	130	130	130	130
9	7	Джаку Турганъ.	Узуун-джартасъ.	"	26 л.	132	132	132	132	132	132	132
10	7,8	Мухе Ногоса.	Чалакты-булакъ.	"	"	130	130	130	130	130	130	130
11	4,9,10,13,14	Божекъ Бабекенъ.	Джангыз-талъ.	"	6 л.	100	100	100	100	100	100	100
		Итого . . .	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
12	28	Макачь-Кийкара.	Кунгей-кора.	Кошкарбай.	3 п.	130	130	130	130	130	130	130
13	1-3,5	Капкай Асубай.	Сегизбай булакъ.	"	3-4 п.	130	130	130	130	130	130	130
14	2-4,6	Нехизъ Боклукъ.	Кур-сай.	"	5 п.	130	130	130	130	130	130	130
15	4,7,8,9	Бузубай Айгулда.	Култай булакъ.	Маметекъ.	4 п.	130	130	130	130	130	130	130
16	29	Тевешъ Джеткенъ.	Кийтын-кара.	"	6-7 п.	130	130	130	130	130	130	130
17	7,8,9,10-16	Кунзаъ Джаке.	Чат-кора.	Уотай.	150 л.	90	90	90	90	90	90	90
18	11-15	Мамсанаръ Чиликбай.	Джартас-кора.	Чотай.	4 п.	100	100	100	100	100	100	100
19	17-27	Анпъ Дорбышъ.	Кыял-джартасъ.	Казакшай.	3 п.	130	130	130	130	130	130	130
20	19	Бегалъ Бухиреза.	Терс-айрыкъ.	"	3-4 п.	130	130	130	130	130	130	130
21	20	Таутый Нурикъ.	Кашкын-чат.	Чотай.	"	105	105	105	105	105	105	105
22	18	Ташкын Айсакашъ.	Тес-бастау.	Орчакъ.	"	120	120	120	120	120	120	120
23	22,21	Брмекжан Айсакашъ.	Тес-бастау.	Орчакъ.	"	120	120	120	120	120	120	120
		Итого . . .	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
<b>Черно-Иртышская волость.</b>												
24	26-31	Аубакыръ Кашкимбай.	Кос-кудусъ.	Маба.	66 л.	45	45	45	45	45	45	45
25	3-6	Халиолла Антабай.	Карасу-кары.	"	"	80	80	80	80	80	80	80
26	7,8	Игонбай Джурка.	Сенгур-кумъ.	Есергенъ.	61 г.	60	60	60	60	60	60	60
27	45-48	Асылканъ Есинбай.	Кум-джикъ, карасу.	Джаку.	"	45	45	45	45	45	45	45
28	39	Хабдыль-Насыр-Синыр.	Сергазы-мола.	Есергенъ.	7 п.	25	25	25	25	25	25	25
29	40	Дутбай Даукенъ.	Кабырга-галъ.	Джаку.	61 г.	50	50	50	50	50	50	50
30	9-12	Курбай Аюбай.	Кузат-терекъ.	"	86 л.	70	70	70	70	70	70	70
31	10,25	Турканай Тобожанъ.	Воз-айгырь.	Есергенъ.	61 г.	55	55	55	55	55	55	55
32	17-19	Омашъ Автасъ.	Кара-терекъ.	"	"	55	55	55	55	55	55	55
33	21-24	Бакыжан-Бай.	Джангыз, кум-джикъ.	"	"	40	40	40	40	40	40	40
34	13-15	Омаръ Джеуанъ.	Кара чиликъ.	"	65 л.	60	60	60	60	60	60	60
35	1,2	Салырбай Кайкбай.	Алжаб-Ирт. Ийрыкъ.	"	7 п.	60	60	60	60	60	60	60
		Итого . . .	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—

№№ дворов по списку 1908 г.		Хозяйственного двора (зимова или встау) по аксакалу.		Урочища, при ко- торомъ находится зимова.		Родона- чальника.		Сколько летъ в этомъ урочище существуетъ		У какого герцога		Сколько летъ в этомъ урочище существуетъ		Сколько летъ в этомъ урочище существуетъ	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
II															
1	38	Елманъ Джетпасбай.	Базарбай-моал.	Ольжаше.	5 п.	50									
2	29,32	Исепанъ Наръ.	Джогачий.	Байгуль.	7 п.	50									
3	21	Дюсунъ Китапъ.	Ткенекты-откель.	"	"	50									
4	23	Саакамбай Байбаларъ.	Копырле.	Ольжаше.	4 п.	50									
5	27,19,	Калдыбай Ичанъ.	Кипи-Иртышъ.	Байгуль.	"	50									
6	20,28			"	7 п.	50									
7	13,14	Джеакзимбой Кулбай.	Баракельды.	Байжары.	?	50									
8	16,20,18	Серыкнай Дюсембы.	Вийкъ-кумъ.	Байгуль.	7 п.	45									
9	22	Касамбай Камдаръ.	Итирунды-ораль.	"	"	50									
10	8,11	Навканъ Джурка.	Арда-откель-карасу	"	6 п.	50									
11	12	Тайматай Боженъ.	Джайкъ-ораль.	"	57 л.	50									
12	1,2	Какумбай Боку.	Кокъ-терекъ.	Ольжаше.	?	50									
13	24,15,	Кайчубай Байсемисъ	Баке.												
14	16,25			Байгуль.	?	50									
15	3	Силыбай Косаутанъ.	Боренъ-араль.	"	7 п.	50									
16	4	Тургамбай Токенъ.	Джаланашъ.	"	3 г.	50									
17	2,3,5,6	Балыганъ Садыкъ.	Чайшакъ-куль.	"	8 п.	50									
18	7	Мантей Окупчикъ.	Кожабай оралы.	"	7 п.	50									
19	6	Мустафа Кудабай.	Ула-саранъ.	"	"	60									
20	5	Сарсембы Барлубай.	Джоба Коктерекъ.	"	"										
Итого . . .															
III															
1	7,8	Катий Манатъ.	Акъ-араль.	Кудагель.	4 п.	30									
2	4	Тлеубай Калыубай.		"	5 п.	30									
3	1,2,3	Тлеуберды Тогузджигит	Кыйсамбы.	"	3 п.	40									
4	5	Ертысбай Ксебай.	Алиаръ.	"	7 п.	30									
5	4,5	Аргымбекъ Чалий.	Акъ-араль.	"	5 п.	30									
6	9	Кареубай Бужей.	Каракумъ.	Тайлякъ.	7 п.	30									
7	1	Джансбай Божий.	Вай-гобекъ.	"	5 л.	18									
8	6	Вабыръ Тайтыке.	Тукбыръ.	Куттубай.	7 п.	30									
9	6	Мурзаканъ Догужи.	"	"	5 п.	30									
Итого . . .															
IV															
1	3	Карабекъ Малкубай.	Мажикъ-узень.	Токанъ.	3 г.	30									
2	11	Ерболатъ Кабланъ.	Сары-озень.	Албалатъ.	5 п.	30									
3	7,8	Юсумбай Кабанбай.	Акдонгуль.	Есенгуль.	7 п.	30									
4	9,10	Егымбай Ульдыкбай.	Дюсагашъ.	Токанъ.	3-4 п.	30									
5	4	Турдаулетъ Данилбай.	Чубарагачъ.	Есенгуль.	1 г.	30									
6	6	Армалий Урсумбай.	Мужиксу.	Карсалчакъ.	2 г.	30									
7	6,10	Амантай Керейбай.	Мужиксу Джаганы.	"	1 г.	30									
8	4	Касенъ Джанджумъ.	Семизъ-Чий.	Есенгуль.	4 п.	30									
9	3	Дюсунъ Карымсагъ.	Мужиксу.	Карсалчакъ.	3 п.	30									
10	2	Джелкабай Ретай.	Кокъ-жра.	"	"										
11	1	Кшукъ Аракъ.	Кабыргатасъ.	"	"										
Итого . . .															

		ИМЕНА		УРОЖИЩА		РОДОИМЕНА		СКОЛЬКО ДАТЬ ВЪЗЛ. ПО ДАНИИ СУБСИДИИ		СКОЛЬКО ДАТЬ ВЪЗЛ. ПО УКАЗАННОМУ ПОРЯДКУ		ВОДА	
		Хозяйственного уезда (имени или встану) по аксакалу		Урожайна, при которомъ находится аймонка		Родоименна		СКОЛЬКО ДАТЬ ВЪЗЛ. ПО ДАНИИ СУБСИДИИ		СКОЛЬКО ДАТЬ ВЪЗЛ. ПО УКАЗАННОМУ ПОРЯДКУ		ВОДА	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
V													
1	V	15,21	Умузбай Басель.	Кырлекумъ.	Карабасъ.	3-7 п.							
2		16-20	Боранчи Муса.	Сары-куль.	"	5 п.							
3		2,9											
4		3,4	Джетинъсь Чогай.	Абдрасъ-араль.	Кобентай.	4 п.							
5		2,2	Джакъсыбай Майкогъ.	Даиръ.	"	5 п.							
6		7,8,10	Дзубайканъ Вакай.	Джаогаъ.	Толебай.	3 п.							
7		11-14	Тасуке Татей.	Сарыкуль.	Кобентай.	70 л.							
		15,6	Саресзабай Каракулъ.	Мий-тюбекъ.	Толебай.	40 л.							
			Итого . . .	—	—	—							
VI													
1	VI	9,10,11	Бекмухамедъ Сатыбалд.	Серазы.	Есембекъ.	3 п.							
2		18-20											
3		14,16	Битебай Байбосунъ.	Ольген-терекъ.	Тузакчи.	"							
4		17	Бекбосунъ Сугуръ.	Байкобекъ.	"	7 п.							
5		12	Алалебай Шаптонъ.	Байкобекъ.	"	"							
6		15	Чидере Османъ.	Джарлы.	"	3 п.							
7		13	Вейсекъ Токумбекъ.	Эккен-Терекъ.	"	4 п.							
8		1-5	Марсу Буромбай.	Ватпаксу.	Есембекъ.	7 п.							
9		6,7	Акубай Молданъ.	Карачиликъ.	"	"							
10		8	Курашбай Уткельбай.	Коз-орал.	"	41 л.							
		21	Урнекъ Тойгулы.	Каскыръ-Тубекъ.	Тузакчи.	2 п.							
			Итого . . .	—	—	—							
VII													
1	VII	4,11	Ибрай Карбай.	Сарыманакъ.	Едыльбай.	4,7 п.							
2		6	Омаръ Саггай.	Каргерекъ.	Мендыбай.	2 п.							
3		12,15	Чаку Байгу.	Чубарагашъ.	"	3-4 п.							
4		3,13,14	Бактубай Откельбай.	Кзылагачъ.	Едыльбай.	4 п.							
5		5,13	Коканъ Ботыбай.	Даир.	"	3 п.							
6		1-3	Бийгазанъ Мурзатай.	Иртышъ.	Мендыбай.	1 п.							
7		8	Баймузда Бакенъ.	Даиръ-бентъ.	"	4 п.							
8		9,10	Джюркабай Смаилъ.	Ак-араль.	"	6 п.							
9		16	Ольчатъ Токоатъ.	Сарыкуль кумъ.	Едыльбай.	4 п.							
10		7	Сулейменъ Чокенъ.	Уалылагачъ.	Мендыбай.	2 п.							
11		12	Мухамеда Тогузбай.	Куеакъ.	"	3 п.							
			Итого . . .	—	—	—							
VIII													
1	VIII	12	Чаргайбай Клякбай.	Алпар-озень.	Жияккайдар.	7 п.							
2		10	Аубакыръ Мейрманъ.	Джарлы-озень.	"	4 п.							
3		11	Вакй Омаръ.	Алпаръ-озень.	"	7 п.							
4		11	Ахмабий Ашантай.	Алпаръ-озень.	"	"							
5		8	Медеубай Борткай.	Тюетасъ.	"	"							
6		5-7	Чегетай Касабай.	Корганъ.	"	2 п.							
7		9	Салык-Джасырыкъ.	Сарыманынъ.	"	7 п.							
8		1-3	Сабий Джаигудей.	Джюсагачъ.	"	"							
9			Нурке Мйврашбай.	Джарлы-озень.	"	30 л.							
10		4	Кабий		"	7 п.							



ПЕРВАЯ ВСЕОБЩАЯ ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ  
РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ, 1897 Г.

312  
11261  
PK

ИЗДАНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДѢЛЪ  
ПОДЪ РЕДАКЦИЮ Н. А. ТРОИЦКАГО

18708  
131100-3  
84



LXXXIV. СЕМИПАЛАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ.



243753



1905.

# XXII. (Продолжение). Распределение населения по...

Наименование занятия по занятию	Белгородская				Житомирская				Владимирская				Полтавская				
	Самостоятельно		Число		Самостоятельно		Число		Самостоятельно		Число		Самостоятельно		Число		
	м.	ж.	м.	ж.	м.	ж.	м.	ж.	м.	ж.	м.	ж.	м.	ж.	м.	ж.	
1. Земледелие (всего)	11	11	18	11													
2. Земледелие (без подсчетов)	20	20	31	20													
3. Земледелие (с подсчетами)	1	1	1	1													
4. Земледелие (с подсчетами)	41	41	41	41													
5. Земледелие (с подсчетами)	1	1	1	1													
6. Земледелие (с подсчетами)	130	130	184	131													
7. Земледелие (с подсчетами)	110	110	120	110													
8. Земледелие (с подсчетами)	45	45	2	4													
9. Земледелие (с подсчетами)	15	15	7	7													
10. Земледелие (с подсчетами)	170	170	160	171													
11. Земледелие (с подсчетами)	4	4	1	1													
12. Земледелие (с подсчетами)	12	12	10	12													
13. Земледелие (с подсчетами)	13	13	7	12													
14. Земледелие (с подсчетами)	10	10	6	10													
15. Земледелие (с подсчетами)	100	100	10	100													
16. Земледелие (с подсчетами)	10	10	8	10													
17. Земледелие (с подсчетами)	147	147	4	145													
18. Земледелие (с подсчетами)	60	60	1	60													
19. Земледелие (с подсчетами)	7	7	1	7													
20. Земледелие (с подсчетами)	11	11	7	10													
21. Земледелие (с подсчетами)	10	10	11	17													
22. Земледелие (с подсчетами)	1	1	2	2													
23. Земледелие (с подсчетами)	60	60	12	40													
24. Земледелие (с подсчетами)	32	32	7	19													
25. Земледелие (с подсчетами)	5	5	2	4													
26. Земледелие (с подсчетами)	130	130	98	124													
27. Земледелие (с подсчетами)	162	162	200	452													
28. Земледелие (с подсчетами)	3	3	4	8													
29. Земледелие (с подсчетами)	7	7	8	8													
30. Земледелие (с подсчетами)	11	11	11	27													
31. Земледелие (с подсчетами)	46	46	2	25													
32. Земледелие (с подсчетами)	11	11	1	1													
33. Земледелие (с подсчетами)	14	14	12	40													
34. Земледелие (с подсчетами)	9	9	4	15													
35. Земледелие (с подсчетами)	11	11	1	14													
36. Земледелие (с подсчетами)	10	10	19	27													
37. Земледелие (с подсчетами)	45	45	3	25													
38. Земледелие (с подсчетами)	112	112	18	111													
39. Земледелие (с подсчетами)	5	5	7	8													
40. Земледелие (с подсчетами)	3	3	1	4													
41. Земледелие (с подсчетами)	10	10	8	13													
42. Земледелие (с подсчетами)	9	9	2	14													
43. Земледелие (с подсчетами)	7	7	2	2													
44. Земледелие (с подсчетами)	1	1	1	1													
45. Земледелие (с подсчетами)	7	7	1	7													
46. Земледелие (с подсчетами)	20	20	21	25													
47. Земледелие (с подсчетами)	43	43	1	41													
48. Земледелие (с подсчетами)	1	1	117	12													
49. Земледелие (с подсчетами)	11	11	11	9													
50. Земледелие (с подсчетами)	2	2	14	1													
51. Земледелие (с подсчетами)	13	13	28	7													
52. Земледелие (с подсчетами)	254	254	46	371													
53. Земледелие (с подсчетами)	1	1	1	1													
54. Земледелие (с подсчетами)	8	8	1	1													
55. Земледелие (с подсчетами)																	
56. Земледелие (с подсчетами)																	
57. Земледелие (с подсчетами)																	
58. Земледелие (с подсчетами)																	
59. Земледелие (с подсчетами)																	
60. Земледелие (с подсчетами)																	
61. Земледелие (с подсчетами)																	
62. Земледелие (с подсчетами)																	
63. Земледелие (с подсчетами)																	
64. Земледелие (с подсчетами)																	
65. Земледелие (с подсчетами)																	
66. Земледелие (с подсчетами)																	
67. Земледелие (с подсчетами)																	
68. Земледелие (с подсчетами)																	
69. Земледелие (с подсчетами)																	
70. Земледелие (с подсчетами)																	
71. Земледелие (с подсчетами)																	
72. Земледелие (с подсчетами)																	
73. Земледелие (с подсчетами)																	
74. Земледелие (с подсчетами)																	
75. Земледелие (с подсчетами)																	
76. Земледелие (с подсчетами)																	
77. Земледелие (с подсчетами)																	
78. Земледелие (с подсчетами)																	
79. Земледелие (с подсчетами)																	
80. Земледелие (с подсчетами)																	
81. Земледелие (с подсчетами)																	
82. Земледелие (с подсчетами)																	
83. Земледелие (с подсчетами)																	
84. Земледелие (с подсчетами)																	
85. Земледелие (с подсчетами)																	
86. Земледелие (с подсчетами)																	
87. Земледелие (с подсчетами)																	
88. Земледелие (с подсчетами)																	
89. Земледелие (с подсчетами)																	
90. Земледелие (с подсчетами)																	
91. Земледелие (с подсчетами)																	
92. Земледелие (с подсчетами)																	
93. Земледелие (с подсчетами)																	
94. Земледелие (с подсчетами)																	
95. Земледелие (с подсчетами)																	
96. Земледелие (с подсчетами)																	
97. Земледелие (с подсчетами)																	
98. Земледелие (с подсчетами)																	
99. Земледелие (с подсчетами)																	
100. Земледелие (с подсчетами)																	



## ТОҒЫЗ ТОҒАНЫ

Тарихтан белгілі 1929 жылдары байлардың, ауқатты деген қазақтардың мал –мүлкін тәркілеу саясаты басталады. Ел ішіндегі бай тұқымдары мен би, болыстың ұрпақтарын қудалау сияқты солақай саясаттың қыспағынан қашып, тоғыз руының азаматтары колхоздастыру ісіне кеңінен араласады. Осы кезеңдегі бір тарихи аухымды шаруа «Тоғыз тоғаны» жайлы айтылар сөз де көп.

Осы мақсатпен 1929-30 жылдары Қалжыр өзенінен тоған тарту жұмысы басталады. Тоған суымен Қара Ертіс бойындағы жазықтың құнарлы аймақтарды суландырып, егін шаруашылығын кеңейтуді мақсат етеді.

Тоған қазу жұмысына Қара Ертіс бойынан, тоғыз руынан көп ел көшіп келген. Қалжыр өзенінің алқымына 40 – 50 кигіз үй тігіліп, тоған қазу жұмысы басталған. Тепсе темір үзетін азаматтар тоған қазу жұмысына аттанады.

Тоғанның ұзындығы 20 – 25 шақырымнан асады. Тоған арқылы су жеткізіп Дузағаш, Мұрынтолағай, Түйетас, Үшкүл жазықтарына астық егуді мақсат еткен. Тоғанның артық суы Қызылүйеңкі тұсынан Қара Ертіске құйылатын болған.

Тоған жұмысы Қалжыр өзенінің алқымынан басталады. Әрі жазық, әрі Ертіс бағытына қарай еңістеу, ылдилы болып кететін жер бетінің табиғи ыңғайы да тоған суының іркілмей, еркін жүруіне қолайлы болған.

Тоған қазуға қажетті еңбек құралдарын Зайсан қаласынан жеткізіп тұрған.

Тоған қазу жұмысын ұйымдастырып, басшылық еткен азаматтар: Иса би Көпенұлы, Күмпейісов Қаби, Бажықов Мешел, Ақмадиев Уайдолда, Құмарбек Көпенұлы сияқты азаматтар көп еңбек сіңірген. Тоған жұмысында жүздеген адам істеген. Жерді әр кісіге 10 саржаннан өлшеп беріп отырған. Жұмыс құралдары лом, күрек, қайла, кетпен сияқты қарапайым құралдар болған тәрізді.

Осындай үлкен ауқымды жұмысқа тоғыз руынан:

Матабай Айшыұлы	Момбаев Изет
Ілгекбаев Қасайын	Тұрсынғожин Әбдікәрім
Бажықов Мешел	Семізбаев Кәуен
Молдабаев Хамитжан	Мағұлшанов Шаяхмет
Тілеубаев Қазыке	Бижігітов Бидахмет
Ықыбай Байторыұлы	Құлиекөв Микен
Ықыбаев Қалиакпер	Насиханов Биғали

сияқты көптеген сауатты, іскер азаматтар қатысқан. Осы азаматтар Иса би Көпенұлының басшылығымен халықты тоған жұмысына жұмылдырады. Сол кезде «Тоғыздың тоғыз белсендісі» деп атапты. Осы өңірде колхоздастыру кезеңінде де көп қызмет жасаған адамдар.

Осы тоған жұмысына келген азаматтардың ішінде оқымаған инженерлер, табиғат сырын оқымай ұғынған үлкендердің ақыл – кеңесі көп пайдалы болғандығы айтылады. Осындай үлкендерден Байторыұлы Ықыбай (Ықыбаев Қалиакпердің әкесі), Бейілбай ақсақал, Биғали Насиханұлы т.б. азаматтар жұмыскерлерге өте қымбат кеңестер беріп отырған. - Кейбір еңістеу, су еркін жүретін жерлерге келгенде, жердің үстіңгі берік қабатын (судың табанын) тереңдетіп қазбаңдар. Үстіңгі қабатты алсаңдар жер асты қорқауы көбейіп кетеді. Арнаны дамбылап, қомдап, қамыс пен қарағанды қоса жинап бекітіңдер – деген кеңестері өте пайдалы болған.

Осы үлкендер тоғамның арнасын қазған кезде, жазық пен қайқан, биіктеу жерлерді де өз тәжірибесімен айырып, анықтап беріп отырған.

Тоған жұмысы қарқынды жүрген. Тоған арнасын Тұзағаш, Тасөткел, Мұрынтолағайға дейін жеткізген. Бірақ тоғанға су жіберген кезде, жер асты қуыстары (қорқаулар) пайда болып, шаруашылыққа кедергі жасаған.

Тоғам жұмысына тағы бір кедергі болған жағдай жұмыскерлерді қудалап, тоған жұмыскерлерінің белсенді мүшелерін «Бұлар бай тұқымы, канал қазу жұмысына әдейі кедергі жасап отыр», деп жала жауып, қудалайды. Канал жұмысында жүрген жас ақын

Құмарбек Көпенұлына жала жауып, «Ол землемер орысты өлтірді» деп көрсетеді. Құмарбек ақын Саржомарт жайлауында ұсталады. Теректі аулы мен Боран аралығындағы Сорқұдық деген жерден қашып, Құмарбек ақын қытай шекарасынан өтіп кетеді. Канал жұмысының басшыларының бірі, Ілгекбаев Қасайынды «Бұрын молда болған» деген жаламен құдалайды. «Орыс солдаттының атын ұрлады» деп, жазықсыз түрмеге жапқызады. Кеңестік тәртіптің шолақ белсенділері көп зиянкестік әрекеттерге барады.

1932 жылдарда канал жұмыскерлері сол маңайдағы колхоздарға таралып, әртүрлі шаруашылықта жұмыс жасаған.

Бажықов Мешел, Ақмадиев Уайдолда Жаңа – Ауылдағы «Ленин» колхозына ауысады. Семізбаев Кәуен «Қазақстан» колхозында бастық болып істеген. Айшин Матабай, Мағұлшанов Шаяхмет «Талапкер» колхозына ауысады. Айшин Матабай колхоз бастығы болды. Кейіннен Мағұлшанов Шаяхмет «Талапкер» колхозында бастық болып, 1942 жылы әскерге кеткенге дейін осы колхозда қызмет істеген. Мағұлшанов Шаяхмет әкемнің інісі еді. Біздің немере ағайымыз еді. Біз ол кісіні «Әйе» деп атайтынбыз. Әйем әскерге кетерде Майғаншағайға, біздің үйге келіп, амандасып кетіп еді.

Колхоздастыру кезеңінде Мұсахан, Бажанай, II Қазақстан елді мекендері «Ленин» атындағы колхозға біріктірілді. Колхоз ұжымшары 1933 жылы ұйымдастырылып, колхоздың тұңғыш төрағасы менің әкем Бажықов Мешел болған еді. 1933 жылда 1938 жылға дейін «Ленин» колхозында қызмет істеді. Әкем 1938 жылы Майқапшағай алтын руднигіне (өндірісіне) қызметке ауыстырылды. Әкем Бажықов Мешел, Ақмадиев Уайдолда, Көлбаев Сабит сол кездегі білімді сауатты адамдар еді.

Әкемнен кейін 1938 жылдан «Ленин» колхозының бастығы Ақмадиев Уайдолда, ауылдық кеңестің бастығы Жүкенов Құдабай, хатшысы Молдабаев Хамитжан деген азаматтар болды. Бұдан кейінгі жылдарда «Ленин» колхозында Төлеңгітов Тұрдығұл, Шөкесев Өмір, Тоқбаев Нұрғали, Мұстафин Жүсіпбек, Маубасов Әділдәбек сынды азаматтар колхоз шаруашылығын басқарды.

Қалжыр өзені, Ертіс дария, Марқакөл, Зайсан көлі, Бұқтырма теңізі бұлар телегей – теңіз байлық көзі екендігіне ешқандай дау болмас. Бұл – мол сулы, жасыл нулы аймақ.

Шалқып жатқан көлі де жоқ, сарқырап жатқан өзені де жоқ, құрғақ - шөлді аймақтар да бар. Қолда бардың қадірін бағаламай жүргендейміз бе, деген ой да туындайды кей тұста.

Қалжыр өзені – бұл өңірдің нәрі. Бұл – жасыл желекке оранған өлке. Өзен бойы жасыл тоғай. Тоғайда қайың, үйеңкі, терек, жиде, тал ағаштары өседі. Жемісті ағаштардан мойыл, долана, шәңгіш, итмұрын, бүрген, ұшқат өседі.

Қалжыр бойында суармалы егістік, шабындық, бақша жемістері өсірілетін кең алқаптар болған.

Қалжыр өңіріндегі халық ежелден егіншілікпен шұғылданған. Қалжыр өзенінен тоған тартып, егістік алқаптарды суландырған. Мұндай ірі тоғандар «Қарақия» тоғаны, «Тоғыз» тоғаны, «Көктұма» тоғаны, «Ефим» тоғаны, «Роман» тоғаны 1930 жылдары қазылған. «Көктұма» тоғаны арқылы Тегістік жазығын суландырып астық егуді мақсат еткен.

«Тоғыз тоғаны» 1929-30 жылдары қазылған. Тоған қазу жұмысына Қара Ертіс бойынан Тоғыз руынан көп ел көшіп келген.

Колхоздастыру кезінде «Тоғыз тоғаны», «Ефим» тоғаны сияқты су жүйелері егіндік, жайылымдық жерлерді құнарландыруда маңызы зор болды. Кейіннен көп жерлерде қорқау пайда болу салдарынан «Тоғыз тоғаны» істен шығып, арнасы тоза бастаған кезде 1966 жылы жас агроном Қизатов Төлеген тоғанды, қалпына келтіру жөнінде біраз еңбек етіп, тоған совхоз егін шаруашылығына, шабындық алқаптарды нәрлендіруге көп пайдасын тигізді.

Тоған – бұл ауқымды құрылыс. Бүгін де шаруашылыққа жарамды қалпында жатыр. Бұл игілікті бастама келешекте халықтың кәдесіне жарайтыны сөзсіз.



## ҚИЛЫ ЗАМАН – ҚИЫН КҮНДЕР

(Тұрысбек Өкісханов естелігі)

Осы ел басынан өткен 1929 жылдар мен 1933 жылдар аралығындағы өтпелі кезең жайлы, сол кезеңді көзімен көрген Тұрысбек Өкісханов ағамыздың естелігін беріп отырмыз. Т. Өкісханов – осы Қара Ертіс болысында болып, өзгеріс кезеңдеріне белсене араласып, атсалысқан азамат. Бұрынғыдан қалған сөз бар: «Көзіммен көргенімді айтайын ба? Әлде, құлағыммен естігенімді айтайын ба?» деген екен». Әрине, көзбен көрген анық болары сөзсіз.

Сөз кезегін Қара Ертіс бойының ежелгі тұрғыны, екі ғасырдың куәсі, Тоғыз руының білікті азаматы Тұрысбек Өкісханов ағамызға берейік:

«Соңғы жылдары, әсіресе Қазан төңкерісінен аз бұрыншақ біздің руды «Тоғыз» деп атап кетіпті. Оның себебі сол арғы бабамыз Байқұлдың 9 ұлдарының санымен болса керек. Анығында Тоғыз деген кісінің аты жоқ. Осы 9 ұлдардың мекені – Түйе тастап Мөнкейге дейінгі Ертіс жағалауы».

Менің өз атам – Солаң деген кісіден менің әкем – Өкісхан жалғыз ұл. Атамыз Солаң 36 жасында ерте қайтыс болған, артында 6 жасар Өкісхан мен апамыз 25 жасында жесір қалады. Мал дегенде жалғыз сиыр қалыпты. Әжеміз Мент Құлтабайқызы жалғыз ұлын өсіре келе, қолқанат етіп жансақтай жүріп, дәл мүшел жасқа толарда моллаға апарып оқуға береді екен. Атамыз Солаңның қайтыс болардағы өсиеті бойынша – «Өкісханды оқыт» деген өтінішін орындай келе, апамыз Мент ұлын ертіп апарып, Ихсан деген моллаға оқуға береді. Оқуға баланы қабылдан алған молла, баланың әкесі жоқ, жетім екенін ескеріп, әрі қолғанат етіп үй шаруасына ұстау үшін, баланы «тегін оқытамын» деп алып қалады да, үш жылдай үйінде ұстап, оқытып шығарады. Баланың шешесін шақыртып, «Міне, балаңыз үлкен молла болды» деп, батасын беріп, үйіне қайтарады. Бұл 16 жасқа толғаны – 1900 жыл екен.

Оқудан оралып, үйіне қайтып келген әкеміз Өкісхан – Дәулеттен тараған Жайық ауылына имам болып, моллалық жасап, әр жердегі бытыраңқы елдің балаларын үйіне жинап, күндіз оқытып, әрі кейде түнделетіп ұсақ-түйек ағаш шабу өнерімен де шұғылданады. Әкеміз сол кезден бастап, кейін қазақ ауылында кең қолданылатын ағаштан – қасық, ожау, аяқ, тостаған, шөміш, шелек, астау, келі-келсап, сандық, шана, доға, кәшевке, кереует тағы басқа бұйымдарды шебер жасап шығарушы еді. Сол өзі жасаған ағаш бұйымдарын ауыл арасынан басқа, әсіресе қысқа шана жолы мен көрші аудандардың Тұғыл, Қара-қас, онан ары Ертіс бойы мен Құйған, Камышынка, Баты, Құлажорға, Қостөбе сияқты т.б. сол өзен бойындағы ауылды елдерге саудалап қайтушы еді. Ондағы әкелетін табысы – бір шана бидай, тары және бір уыс күміс ақша... Жол-жөнекей арлы-берлі қонатын таныстарына – өз мәнерімен әндетіп оқып беретін әр түрлі қисса-жыр, өлең жазылған қаншама кітәпшалар бар... Оларын «қандай ұйып тындайды» - деп келетін жарықтық. Ол кісінің дауысы қандай әсем еді, тындаушыларын бірден өзіне тартып баурап алатын. Қайсы бір қиссаларды оқығанда көбі жылап отыратын. Әкемде «Жәмсан» деген, «Намрұт патша», «Құла-Мерген», «Мәлікес-Пықия», «Қалқаман-Мамыр», «Біржан сал мен Сараның» айтыс өлеңі, т.б. Шарифат туралы қиссалар... болған.

Осы кәсіптерін елді колхоздандыру науқанынан бір жылдай бұрын 1929 жылдары тастауға мәжбүр болып еді. Өйткені, сол кездегі шолақ белсенділер, байлармен қоса молда-қожаларға да «атамыз, жоямыз», деп шабуыл жасай бастайды. Сонда құран-намаздарын жасырып оқып жүрдік.

Әкеміз Өкісханның «балалық» шағы 32 жасында аяқталып, әрең дегенде 1916 жылы шешеміз Кәкіш Қона қызына үйленеді. Сол кездегі «қалыңмал» берудің әсеріне де байланысты болса керек...

Мен өзім бес жасымнан бастап әкемнен арабша оқу оқыдым.

Әуелі әліфбе сонан соң әптиек, иман – шарт. Сосан құран – кәрім. Мен оқыған кезде қағаз-қарындаш жоқ болғандықтан ағаштан жонып, жасап берген қалақшаға талдың шала жанған күйесімен әріптерді жазып үйрендім. Сол кездегі арабтың әріптерін түгел үйренгенше әрбір әріпті жекелеп қалақшаға жазып үйреніп, сосын қалақшадағы жазылған

ескі жазуларды қырын тастап, қайтадан күйемен келесі әріптерді жазып жүріп-ақ үйреніп, хат таныдым. Келесі жылы әкем Зайсан дуанынан бір қарындаш және қағаз әкеп беріп қуантқан еді. Ал енді құран-кәрімді бес мәрте аударып оқып шыққан соң, әкем құран-кәрімді жаттатқызды. Әкем: «Осыны түгел жатқа білсең – Шокетан қари боласың», - дейтін.

Сол тәсілім бойынша мен 30 пара құранның 6 парасын толық жаттап алған кезімде, жаңаша төте жазу оқуына баруыма тура келді. Біздің үйден үш шақырым Бәрекелді деген жердегі жаңадан салынған мектепте төте оқуды жаяу барып оқып қайтып жүрдім.

Иә, өткенді еске түсірмей, бүгінгінің нарқын пайымдау қиын сияқты. Мен сияқтылардың балалық кездегі қиын-қыстау уақыттарда өмір сүріп, тіршілік еткен күндерімізді қалайша ұмытпақпын. Сол кезде біз алғаш Кеңес Үкіметі орнаған жылдары туып, дүниеге келсек те, сонау 1930 жылға дейін біздің Зайсан уезіндегі ел, ауыл сияқты емес әр жерде бытыраңқы бір – екі, үш үйден ғана там-қыстақтарда мекендеп, жазда әр ру бойынша 10-20 үйлер әр түрлі күрке, қос немесе барлары киіз үй тігіп, «пәленшенің» аулы атанып, жазда көшіп, қыста қыстақтарымызда өмір сүрдік. Кедейлер жазды күні тек қана байлардың көлігіне мініп, малын айдасып, көшіне ілесіп, солардың жайлауларын жайлап жүрді. Біз өзіміз Иса бидің көшіне ілесіп жүрдік. Сол кездегі жайлауымыз – «Тоғыз жайлауы» деп аталатын. Суы күмістей мөлдіреген Марқакөлінің теріскейі, Алтай тауының сілемінде. Жайлауға «Байшуақ» дейтін саймен өрлеп көшетінбіз. Ұшы-қиырсыз мөлдір аспан астында, Алтайдың сұлу да тәкәшар табиғатын аралаудың рахатын сөзбен айтып, не оны қағазға түсіріп жеткізе алмаспын. Қолдың саласындай сыңсыған қарағай аспанмен тіреседі... Жер ақ-ау, шіркін! Егер жер бетінде жәннәт бар болса, сол осы – Алтай!

Сол жылдары елдегі «көсеміміз» - би, «халық ағарту ісін» - молла басқарады. Үлкен адамдар хат танымайды. Тек қана жаттайтыны – намаз. Оқта-текте бір кездесетін Сопы дегендер бар. Олар бар жерде кейбіреулер сегіз жасынан балаларын «Әліф-би»-ді оқытуға береді. Ол кезде не қағаз, не қарындаш жоқ. Көпшілік араб оқуын түсінбейді. Ұқпайды да. Сол үшін де сонда моллалардан үнемі тобылғы шыбыртқы «жейді»... Сол үшін де балалардың көбі оқудан қашып-пысып жүреді. Анық ынта қойып оқыған зерексымақтары – ағаш қалақшаға анадай жазылған әріптердің бейнесін ежіктей жүріп 2-3 жылда хат таныған болады. Қыста оқу жоқ – жартылай жалаңаштылық және де бытырап жатқан ел. Хат танығандарының онан әрі оқытындары – Әптиек пен Иманшарт. Ең жоғарғы оқу 575 беттік құран – кәрімді оқу. Мұны 2-3 мәрте аударып оқығандары Молла атанады.

Бұрын елді, неше түрлі аурулар (суық тиген, сүзек, безгек, қызылша, тырысқақ, шешек, оба, мерез, құрт аурулары сияқтылар) меңдеген болатын. Сол себепті де, әсіресе балалар ауырғып, әрі өлімі көп еді. Әр үйде бұрын шұрқырап балалар туып жатса, олардың көбі шетінеп жататын. Баяғы «құдай өзі берді, өзі алды» - онан басқасын ешкім білмейді. Анда-саңда кездесетін баксы-балгерлерден басқа ешбір адам дәрігерін көріп білмейміз. Сол бір тажал эпидемияның және түрлі антисанитариялықтың салдарынан қаншама балалары болса да, ақыры бір баласыз «қу бас» болып атанып, артынан түбегейлі түтіндері өшіп қалатындар да болды ғой. Біз өзіміз жоғарыда айтқанымдай, тірі туған 10 баладан төртеуіміз ғана өстік. Әлі есімде, тегі 1926 жыл болу керек, бір ерекше эпидемияның кесірінен біздің аймақтың балалары, кейбір жас өспірімдер де өліп жатқанда менің екі қарындасым мен бір інішегім екі күн ішінде шетінеп кетіп еді.

1928 жылдан бастап байларды конфискулеу басталды. Соған дейін байлар да малай ұстады. Расында кедейлердің еңбегін қанаушылық болып еді. Мысалы, мен өзім он жасымнан бастап жаз айларында, өзіміздің Бұлаш деген ағайынның екі жүздей қойын бағып жүрдім. Сондағы еңбекәкім – күнделікті айран-қатықтан басқа 6 ай жазға беретіні – бір бас еркек тоқты ғана болатын. Осы Бұлаш сияқты байлар, қаншама малдары болса да, олардың тұрмыстық жағдайлары өте төмен болатын. Оларда көрнекті тұрмысқа қолайлы үйлері, не моншалары болмады ғой. Елдің көбі бит-бүргеден көз ашпайды. Ел арасында ешкі қотыр деген ауру жиі болатын. Өзіміз де бала кезімізде осыны басымыздан кешірдік қой!

Ал енді мәдениет жағынан да онша білімді болмадық.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарда аласапыран елде ерекше қобалжушылық болды. Байлар мен билердің маңайы қаптаған құйыршықтар, әр түрлі бандылар. Айрандай ұйып отырған бейбіт халықты бай-кедейге бөліп, бірін-біріне айдап салып, оған ара түскен кейбір оқыған көзі ашықтарды «халық жауы» деп ат қойып, итжеккенге айдап, немесе табанда желкеден атып өлтіріп жатты. Жетім мен жесірдің көз жастары көл болған, әпербақан, ұрда-жықтардың өз халқының қанын аш кенедей аяусыз сорған заман еді. Тіпті, қайсыбір қанішерлері адамдардың өлтірмей жанын алып, бауыздамай қанын ішіп жүрді де...

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы советтендіру жылдары біздің жақтағылар қатты күйзелді. Ауқатты адамдардың малдары таланды. Тіпті, ұранға елірген шолақ белсенділер ақ ниетті молдаларды шектеп, қуғындауды мақсат етті. Талайларды жазықсыз кінәлады. Тіпті, ұлт руларымызды қорлауға дейін барды. Ел тозып, жан сауғалап, көбі арғы бетке қашты. 1930 жылдарға дейін сол кездегі шекара күзетінің нашарлығын пайдаланып, Қытаймен шекарадан түрлі жау, бандалар арлы-берлі босып жүретін. Әсіресе, 1928 жылы ауқатты, «әлеуметтік хауіпті» деген қазақтардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды жер аудару науқаны басталарда, текті тұқымға жататын би-болыс, бай-молдаларды саяси тұрғыда құртуға бағытталған Қазақ автономия үкіметінің сол кездегі солақай «бөтен» саясатынан қорыққан талай халықтар үрке бастады.

Ақыры, 1929 жылдың күзінде Қара Ертіс жағалауындағы елді үгіттеп, Кеңес үкіметіне қарсы пікір туғызып, Иса би, Мұқан, Құмарбек т.б. атақты кісілер елді басқарып, бір түнде ұйымдастырып, шекарадан Қытайға өткізіп әкетті. Бұл қасіретті олар өздерінің ұрпағын, мал-мүлкін сақтап қалу үшін істеуге мәжбүр болып еді. Ол қашқан елдің арасында тақыр кедейлер де кетіп еді... «Болшабай келді, малдарыңды талап алады, бір қазанға қаратады. Әйелдеріңе билік қоймайды, аман күндеріңде Қытайға ауайық» деп елді үгіттеді. Сонда ел босып, Қытай өткенде қазақтың талай жас боздақтары сондағы қытай, өзбек, ұйғыр, сібе т.б. сияқтылардың құлы болып «жан сақтады».

Дәл осы кездерден кейін, өзіміздің Қара Ертіс өзенінің ски жағындағы бытыраңқы жәй шаруалар №2 ауыл кеңесіне біріктіріліп, оның алғашқы ұйымдастырушы басшылары – Сембасев Әбдірахман мен Төленбергенов Файзолла деген азаматтар болды. Сол кооператив негізіне бейімделген «Қызыл ту» қауымы ұйымына қарасты «Ақ арал», «Кең арал», «Архат» және «Бәрекелді» деп аталатын төрт қосшы ұйымдары құрылған. Кейініректе Қара Ертістің оң жағында Ленин атындағы және «Жаңа - Ауыл» колхоздары құрылып, ал Ертістің сол жағынан «Қара Ертіс» ет совхозы құрылды. Мойын серіктерден ірілендірген «Жаңа тірлік» пен «Қызыл жұлдыз» деген колхоздар құрылды. Сөйтіп, 1930 жылдан бастап ауыл-селолар болып шоғырлана бастап, халық социалистік өмірге бетбұрыс жасай бастады. «Мойынсерік» дегендерін шағын колхоздарға біріктіріп, ортаға малдарынан беріп, ел – егін егу, шөп шабу, үй салу шараларын бастады. Колхоздарда жұмыс оңалып, бірер жылдан соң өкімет орнына астық, ет поставкасын берді. 1935 жылы, қазіргі біздің Зайсан аймағы бойынша (Марқа жағын қоспағанда) 36 ұсақ колхоздар болып еді. Марқакөл өңірінде 24 колхоз құрылды.

Сондай-ақ, әр жерде шағын мектептер ашып, ең әуелі араб графикасы бойынша, қазақша төте оқу жүйесі жүргізіле бастаған еді. Сол 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұвтың реформасымен қазақ тілінің ерекшелігіне сай араб емлелі ұлттық «Әліппе» халықты жаппай сауаттылыққа баули бастаған. Ал 1930 жылдан бастап қазақ тілінің төл әліппесі латын әріптері алынды. Алайда, 1940 жылы қазақ алфавиті кирилл таңбасына көшіріліп, осы күнге дейін міне, сонымен жазып, оқып келеміз...

Жаңа заманда байсалдылықпен өмір сүруге ел арасынан ең алғашқы шыққан Тоғыз руының зиялы азаматтары – Қаби Күмпеисов, Оразбай Теміржанов, Қали Рахымбаев, Сепбосын Мәнтеев, Матабай Айшын, Қизат Жантасов, Нұрғазы Орысбаев т.б. сол сияқтылар ерен іскерлікпен өз елінде, халық арасында қажырлы еңбектене білді. 1932 жылдың қысында жеткен нәубет ашаршылық салдары біздің жақта да басталды. Әсіресе, 1933 жылдың шыңырау ашаршылығына әкеліп соқты.

...Правда газетінің Қазақ төңкерісінің 12 жылдығына арналған санында (7.10.29 ж) Сталиннің «Ұлы өзгеріс жолы» деген мақаласының ауылдағы өзгерістерге қатысты бөлігінде

«Шаруалар колхоздарға тұтас ауылдарымен және аудан облыстарымен тұтас кіре бастады» деп еді. И.В. Сталиннің «көрегендігімен» біздің ірі социалистік ауыл шаруашылығымыз көп ұзамай-ақ керемет қарқынмен «өркендеу» жолына түскені паш етілді. «Біздің елеулі еліміз – деп көрсетілді газетте – үш жылдан кейін әлемдегі бірден-бір ең астықты елге болмаса да, ең астықты елдердің біріне айналатындығына күмән жоқ». 1929 жылы айтылған сөз бұдан үш жыл өткен соң, ауылда болып жатқан «ұлы өзгерістер» - ұлы ашаршылыққа әкеп соқты.

Иә, мен өзімше тоқығаным, біз екі түрлі тарих оқып өттік. Біріншісі – мектеп оқулығы. Онда, 1929-1933 жылдардағы жаппай колхоздандыру және құрылыстар мен алғашқы бесжылдықтар жетістігі, жеңістері өтіледі. Екіншісі – жазылмаған тарих, көзімізбен көрген тарих. Көмусіз қалған өліктер мен аштардың қынадай қырылғаны көз алдымнан кетпейді. Әрине, екі тарих бір-біріне қабыспайды ғой. Қаншама қазақ халқы ауыр азап шекті емес пе? Олар елінен, жерінен безді, малынан айырылып талғажаусыз қалды, мың-мыңдап қырылды. Кесірлі қасіреттің жұртты есеңгіреткені сонша – анасы баласын, баласы анасын көмусіз қалдырды. Бұл ашаршылық бізде болған ұлттық трагедия, ел басына түскен қаратүнек қасірет еді.

1928-1930 жылдары малы барды «бай-кулаксың» деп конфескелеп, олардың малын ішкері айдатқызды. Өздерін тұтқындады. Біздің жерге жалаулатып келіп енген Кеңес өкіметі – қалған кедей-кепшіктерді «Өкімет деген өзіміз, ендеше өздерің-өздеріңді асырайсың» деген ұрдажық ұранымен халықты ешбір қамқорсыз қалдырып, қаншама адамдар аштықтан қырыла бастады. Оларды арулап көмер дәрмен ешкімде жоқ. Тоң жерді қазар әл-қуат жоқ. «Жер жібігенде көмерміз»-деп, мәйітті қармен бүркеп жасырған болады.

Сол жылы Қара Ертіс өңіріндегі бізге іргелес ауылдарда «Тоғыз» елінің үлкендердің жоқтап, есептеп шығарғандары – ашаршылықта 56 адам қайтыс болған, 22 бала өлген екен.

Иә, сол жылдары айдың күннің аманында қазақтардың жүздеген емес, мыңдаған емес, миллиондап қырылатын не бар еді. Тіпті, сонау «ақтабан шұбырынды да», сары табан сүргін, үркіншілікте де, азамат соғысы мен әуелі мен көрген Ұлы Отан соғысы жылдарында да, дәл осы 1932-1933 жылдардағыдай ойранды қазақ басынан кешкен емес! Соғыста ерлікпен қаза болғандардың артында ұрпағы қалды ғой. Ал мынау аштық апаты адамның жасына қарамаған. Емшектегі нәрестеден еңкейген кәріге дейін тұтас баудай қиып түсірген. Қазақ үйлері қаңырап, тіршілік тоқтап, жолдардың бойында ісіп-кеуіп өліктер жатты ғой...

(Тұрысбек Өкісханұлы. «Өмір өткелдері», 2005 ж. Өскемен.).



Алтай мен Сарыарқаны жалғап жатқан Ертіс дария.

## АСЫРА СІЛТЕУ КЕЗЕҢІ

(1930-1932 жылдар)

1929-1933 жылдардағы елді жаппай колхоздастыру, күшпен қоңыстандыру саясаты, алым-салықтың көбеюі халықты күйзеушілікке ұшыратты. «Зорлық-зомбылыққа, ашаршылыққа шыдамаған қазақтар мың-мыңдап Қытайға, Монголияға босып көше бастады. 1930 жылы мұндайлардың саны 121,2 мың адам болса, 1931 жылы 1 миллион 74 мыңға жетті. Бұл қазақ халқының үштен бір бөлігі еді».

(«Литературная Россия» №18, 1990ж).

1925 ж Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Шая Голощекин келеді. Ш.Голощекин «Ұлы көсемнің дана нұсқауларын басшылыққа алу» деген желеумен, қазақ халқына әкімшілік қыспақтың сан алуан түрін қолданды. Қазақстанда «Кіші Октябрь» жасаймын деген әпербақан саясат халыққа адам-айтқысыз қиыншылық әкелді. Кеңес дәуірі орнаған кезде 1927 жылдары қазақ байлары тәркіге түсті. 1929 жылы жаппай коллективтендіру кезеңі басталды.

Зорлықпен коллективтендіру қыспағына түскен халқы үшін қабырғасы қайысып, ел-жұртты бұл қиыншылықтан құтқарудың жолын іздестіріп, соған әртүрлі әрекеттер жасаған азаматтар да болды. Ел иесіз болмаған. Бірақ өкімет қысымынан халық көп зардап шеккені анық.

Алтай өңірінде коллективтендіру және күшпен отырықшыландыру саясатының салдарынан 1929-1930 жылдарда халық қанша ауыр азап шекті. Олар елінен, жерінен безді. Халық малынан, жерінен, елінен айырылып және ашаршылық зардабынан мың мыңдап қырылды. 1930-1932 жылдардағы ашаршылық ұлттық трагедияға айналды. Кейбір үйдің есіктері ашылмай, түтіні шықпай қалған жағдайлар көп болды.

Жалғыз-жарым жүрген адамды тонап, қолындағы азығын, астындағы көлігін тартып алып, өздерін суға тастап жіберген жағдайлар да болған. Марқакөл ауданындағы Қалжыр өзенінің бойындағы Черняевка ауылы көп уақытқа дейін «Жаман қала» атанған (осындай себептерге сәйкес). Бірлі-жарым кісі ауыл іргесінен жүруге қорқатын болған.

Зайсан өңіріндегі Қорған елді мекенінде жол тосып, кісі тонау, кісі өлтіру етек алған. Осындай сұмдықтың бәрі сол ашаршылық пен жоқшылықтың салдары еді.

Осы қиын кезеңде халқы үшін қан жылаған, қолынан келген қамқорлықтарын жасаған азаматтар көп болған. Олардың көбі Отан үшін отқа күйді. Ауыр азапқа тартылды.

Біз төменде сол ауыр кезеңде, тағдыр-тауқыметін тартқан Қара Ертіс бойындағы азаматтар жайлы деректерді ұсынып отырмыз.

Осындай қиын кезеңде босқыншылық, сондай-ақ Қытай ауғандар саны шекараға таяу аудандарда: Марқакөл, Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында кең етек алды.

1929 жылы 30 қарашада Қытайдағы Сарсүмбе қаласы аймағынан Нұрғали Мұқабаев бастаған 30 адамдық қарулы қол, шекара бойында шайқаса отырып, Алқабек өзені арқылы 60 отбасын көшіріп әкеткен.

Осы жылы 11 ақпанда Алқабек өзенінің жағасында шекарашылармен атыса отырып, 30-дай отбасын Қытайға өткізіп әкеткендігі айтылады. Бұлар шекараға жақын отырған Тоғыз, Төртуыл руларының және Жарболды, Қожанбет руларының ауылдары еді.

1931 жылы шілде айында 500 үй Ақнайман елі Қытай жеріне өтпекші болған. Осы көштің жартысы Қытай еліне өтіп кетеді. Жартысы шекарада ұсталады. 1930 жылы Қара Ертіс өңірінен 400 үй тоғыз елін ұйымдастырып, Ақыметжан бай басшылық етіп, бір түнде Қытай шекарасынан өткізіп әкеткен.

**Біздің еліміздің үлкендері, ел ағалары, руымыздың басшы азаматтары қалай болған? Сол жақсылар жайлы деректер неге аз?-деген сұрақ әркімнің жүрек түкпірінде жүргені анық. Әркім осыны білуге құмар екені сөзсіз. Сол көңіл түкпірінде жүрген сауалдарыңызға төменгі тақырыптардан жауап аларсыз.**

Еліміздің бетке ұстар азаматтары, ел жақсылары түгел кудаланып, абақтыға қамалды. Копшілігі Қытай еліне өтіп кетті. Зайсан абақтысында және Семей абақтысында көп азаматтар ату жазасымен өлтірілді, Сібірге (Итжеккенге) айдалды.

Халықтың басынан осынша зұлмат, ауыр кезеңдер өткені анық.

Осы қиыншылық кезеңнің тағдыр тауқыметін бастан кешкен азаматтардың өмірінен деректі мәліметтерге тоқтала отырып, кейінгі ұрпақтар өмірі және ұрпақтар жетістігі жайлы деректерімізді жалғастырмақпыз.

**Ата жолы жалғасар.** Жоғарғы қуғын – сүргін жайлы тақырыптарды оқып отырып: - Ел ер-азаматтарынан, айрылған екен. Сүт бетіндегі қаймақтар түгел құрдымға кеткен екен – деп, оқырман көңілі құлазып қалуы да мүмкін – ау!

– Япырай, сонда ел жағдайы қалай болған екен? – деген ой туындауы әбден мүмкін. Ондай қиын күндердің болғанын тарих растап отыр.

Бірақ: «Бір ұрпақ, бір ұрпақты алмастырып,

Уақыт бір орнында қалмас тұрып.

Ат тұяғын тай басар,

Ел дәстүрі жалғасар» - деген, даналық сөз бар екен халқымызда.

Біздің Қара Ертіс өңірінде 1950-1960 жылдардан бастап, ұжымдар мен кеншарлар көбейді. Бұл шаруашылықтар нығайып, елдің әлеуметтік жағдайы жақсара бастады. Ел еңсесін көтерді. Жөргектегі сәбилер де есейіп, ат жалын тарта бастады.

Сол қоғамның қойнауында біркелкі, өрімдей жастар өсіп келе жатты. Иә, өрімдей қыздар мен жігіттер ер жетіп келе жатты.

Мектептер көбейіп, орталау мектептер, орта білім беретін мектептер, интернаттар көбейді.

Жастар оқуға, білім алуға талаптанды. Жастардың білімге деген ұмтылысы жоғары болды.

Мақсаттары – оқу, білім алу. Еңбекке адал көзқараспен қарау.

Ұстанымдары – Отанды сүю, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық сияқты абзал қасиеттерді бойларына сіңірді.

Осы жеткіншектердің ішінен көптеген білімді азаматтар, білікті мамандар шыққаны баршаңызға мәлім.

Төменде Қара Ертіс өңірінен шыққан сол абзал азаматтар жайлы, олардың өмірі мен қызметтері жайлы деректерді беріп отырмыз.

«Халқы қалай?» дегізбе,

«Азаматы қалай?» дегізбе.

Өскелең елдің, ұл – қызы,

Қиядан қиын жол ізде, - деп...

Иә, ол кезеңнің азаматтары осындай ізгі ниетпен еңбекке араласты. Үлкен өмірге атсалысты. Бұлар еңбекке белсенділікпен араласқан бір кезеңнің тамаша ұрпақтары еді.

Білімді де іскер, қажырлы да қайратты, құрыштай берік азаматтар өсіп, алдыңғы аға ұрпақтың орнын басты.

Бұл азаматтардың ішінен ірі ғылыми қызметкерлер, дәрігерлер, инженерлер, мұғалімдер, көптеген ауыл шаруашылық мамандары шықты. Төменде «Тоғыз әулеті» деген тақырықта.

Қара Ертіс өңірінің бір қатарлы азаматтарының еңбек жолдарын, өсу жолдарын оқырмандарға ұсынып отырмыз.



# ТОҒЫЗ ӘУЛЕТІ

(Суреттер сыр шертеді)

## Төртуыл ұраны - Баймұрат батыр

Ер азамат атқа қонған кезде оларға басшылық еткен, ұйымдастырып бірлік-берекеге үндеген, белсеніп халқының қамын ойлаған, айтулы батырлар болған.

Жауына айбар, халқына пана болған батырлардың ерлік істері тарих беттерінен орын алуы парыз. Ел қорғаны болған ерлердің бірі – Төртуыл руынан Баймұрат Батыр.

Баймұрат батыр - әйгілі Бұқа батырдың ұрпағы. Төртуыл ішінде Ақбаракқа жатады. Бұқа батыр – Салқам Жәңгірдің (1611ж) тұсында қол бастаған адам.

Баймұрат 1706 жылы туған. Бүкіл Төртуыл руының ұраны “Баймұрат.” Баймұрат – төртуылдың елдік ұраны. Сөз бастайтын шешені, ту ұстаған батыры.

Баймұрат мінезі ауыр, нығыз адам болған. Ал шайқас кезінде өте шапшаң, қайратты, әдіс-тәсілі мол, қайсар батыр болған. “Баймұрат батыр жекпе-жектең шебері”- дейді екен. Батырдың жорық серігі “Наркызыл” деген тұлпары болыпты.

Баймұрат Абылай ордасында өтетін хан кеңесіне, жорық жоспарларына арнайы шақырылып отырған. Баймұрат батыр - Әбілфейіз ханмен, Қабанбай батырмен бірге жоңғар шапқыншылығы кезінде Шу, Талас, Іле бойын азат етудегі ірі шайқастарға қатысқан. Ташкентті азат етуге, Қоқан хандығына аттанған аламан жорыққа қатысқан бірегей батыр.

Баймұрат “Алакөл” жорығында және “Шаған” шайқасында оң қанатты басқарған. Бір ауыр шайқас – бір жарым жылға созылған “Шаған” соғысы. 1740 жылы күзде басталады. Септен бастаған жоңғар әскері Сарыарқаға қайта шабуыл жасайды. Сол жылы қыста, ақпан айында, Лама-Доржы отыз мың әскермен шабуыл бастайды. Осы шайқас тарихта “Шаған ” соғысы деп аталған. Қоңыр әулие деген жерде қатты шайқас болады. “Шаған” соғысына Абылай 4 қосын әскер жіберген. Барлық жасаққа Қабанбай қолбасшы, кеңесшісі Қазбек би болады. Бірінші топқа керей Жәнібек басшы, ақылшысы Қызай Есенгелді. Екінші топқа Көкжал Барак басшы, ақылшысы Сүбебай. Жаудың оң қанатына төртуыл Баймұрат батыр, сол қанатына бура Ақпантай батыр шығады.

Ақ найзасы түспеген берік қолдан,

Тірісінде дұшпанын жеңіп болған.

Қазақтың бас батыры Қабанбайға,

Батыр бабам Баймұрат серік болған – дейді, Баймұрат батыр

жайлы Зайсандық ақын Ғалым Байбатыров.

Жоңғарлармен болған сұрапыл шайқастың бірі 80 күнге созылған “Шорға соғысы”. Бұл шайқаста Тарбағатай, Қандысу бойы, Құлыстай аймағы жаудан азат етілді. “Шорға” соғысы шығыс өңірін жаудан азат етуде шешуші қадам болады. Алтай, Алқабек, Білезікті мекендеген жоңғарлар тұтқиылдан шабуыл жасайды. Шорға жазығындағы (Толағай тауының батысы, Зайсан көлінің түстігіндегі жазық аймақ) найман Төртуыл Бәйжігіт елін көп шығынға ұшыратып, Қалбаға қарай қуады. Бұл 1745-1750 жылдары болған.

Қазақ батырлары қайтадан ту түбіне жиналып, 27 батыр бас қосып ақылдасады. Сол батырлардың бас қосуы туралы Кәрібай ақын былай деп жырлайды:

Қабанбай, Ер Бөгенбай, Көкжал Барак,

Уалы, сүйегі Уақ батыр Бармақ

Бердіқожа, Қасабай, батыр Жантай,

Қаз дауысты Қазыбек өңкей саңлақ.

Баймұрат, Райымбек, батыр Тентек

Барлығы жауға кеткен кегін алмақ

Қосай, Тама, Дәулетбай, батыр Шөрек,  
Барлығына Қабанбай қолбасы болып  
Айқасты ата жаумен бірнеше рет  
Қалмаққа келіп тиді Шорғадағы  
Ер Барақ, батыр Жаман, Дәулетбайдың  
Аққан қан қылышынан сорғалады, - дейді.

Осы 27 батырдың ішінде тағы Баймұрат батырдың қанды шайқаста Қабанбай қосынында болғанын көреміз. Баймұрат «Шорға» соғысында 3000 қолмен Маңырақ тауында ойраттармен соғысып, Шағаноба, Шілікті бойындағы ұрысты басқарған.

Бұл шайқастан кейін Абылай ханның жарлығымен Баймұрат батыр мен Көкжал Барақ Қалба тауында торғауыттармен соғысып, Қалба өңірін жаудан азат етіп Ақшәуліге (Аякөзге) ту тіккен. Бұл шешуші шайқас 1750 жылдары болған. Қалба, Аблайкит, Тайынты, Сібе аймағын жаудан тазартады. Жау күйрей жеңіледі. Көкжал Барақ пен Баймұрат батыр 5000 әскерді басқарып, торғауыттарды түре қуып, бұл өңірді жау құрсауынан босатады.

Торғауыттар мен қалмақтардан босаған Қалба өңіріне найман тайпасына жататын рулар мен аталар қоныстанып, ел ата мекенге оралады. «Батыр – халық мерейі» дейді. Ал батырлық – елі үшін, жері үшін, ел игілігі үшін істелген ерлік іс.

Төртуыл руын бастап ата мекенге орналастырған Баймұрат батыр еді. Жалпақ ел Төртуылдың көшін Баймұрат бастап 1750 жылдары Қалба тауына орналастырады. Төртуылдар Байбура, Самар, Көкпекті аймақтарын жазда жайлап, қысы жеңіл болатын Қалба тауының шығыс етегін қыстаған. Төртуылдар ондаған жылдар осы өңірді мекендеген. Осы өңірде “Төртуылдың көп зираты” деген қорым бүгінге дейін сақталған.

Қазақ – қытай қатынастары жақсарған соң, Төртуыл руы Зайсан аймағына, Ертіс бойына орналасады.

Бұл өңір Сауыр мен Маңырақ тауының етегі, жайылымы кең, жері шүйгін, сай, жылғалары толған жеміс-жидек болады. Бұл - Қара Ертіс өзенінің Зайсан көліне құятын тұсы көгалды, қалың қопа, аса бір шүйгін аймақ.

Төртуылдардың осы өлкеге қоныстануы 1760 жылдары болса керек. Төртуыл Апашбайұлы Арғынбек ақын «Қазақ Сырдан ауғанда» деген тарихи дастанында төртуылдың ата мекенге қоныстануын былай баяндайды:

Төртуыл Көкпектіге келіп жетті  
Сол жерді біраз жылдар мекен етті.  
Сұлтанкелді, Есенкелді екі мырза  
Бірі бай, бірі батыр асыл текті.  
Қара Ертісті мекен етті көп төртуыл,  
Ноғай, Сағал, Сегізбай, Назар бұлбұл.  
Боқатай би, Бөтеке, Тоқабай бай  
Төртуыл беріп еді түгел шылбыр.  
Мәз Бігібай, Жансары, Бөкі мырза,  
Қалды ғой бәрінен де дүние құрғыр.  
Көпен болыс, Бекбай, Шөкет, Халит, Айтқұл,  
Ғаділет жұрт билеген өңкей мәшһүр.  
Болыс Қатай, Тақырбас Босқынбай би,  
Аттарын түгендейін хатта бір-бір.

#### Баймұрат батырдың ата тегін таратсақ:

Төртуылдан → Ақбарақ → Дәулетай, Кенжеғұл, Әйтiм  
Дәулетай → Бұқа, Шөтік, Елтезер  
Бұқадан → Баймұрат, Бәйменбет, Есет  
Баймұраттан → Өтеу, Танатар, Ақша, Түрке.



Төртуыл руынан шыққан әйгілі батырлар көп болған. Тарихи деректерге қарағанда қол бастаған Төртуыл Бағар батыр, Төртуыл Тоқабай батыр, Төртуыл Жауғашұлы Сарыбай батыр, Ақшора батыр қосыны, Төртуыл Бердіке батыр жасағы деп аталыпты.

Жазушы Қ.Жұмаділовтың "Дарабоз" романының (1-кітап, 225 бет) Баймұрат батырдың атқосшысы Берікболдың естелігі бойынша келесі деректі беріп отырмыз. "Түн келіп, қараңғылық түсті, күні бойы сіркіреп жауған жаңбыр енді ғана толастаған, Түнде келіп, ықтаған жеріміз жартылай құлаған күмбез бейіт.

Күздің қара суығы өңменімізден өтіп барады. Бір мезетте қолбасшымыз Қабанбай батыр: "Жігіттер, біреуің барып маңайдан отын тауып әкеліңдер. От жағып, киім келтірейік. Ыстық ас істеп ішейік"- деп бұйырады. Туралап айтпаса да бұл сөз қарсы алдында отырған біздің Баймұратқа айтылғандай болып еді.

- Жүр, Берікбол, бірдеңе тауып келейік, - деп Баймұрат орынынан көтерілді. Сыртқа шығып, маңайды шолып қараса, таяу арада тіске шұқыр ештеңе көрінбейді. Айнала селеу, тақыр дала. Мана жол-жөнекей осыдан жарты шақырымдай жерде айналасын шарбақпен қоршаған бір көне зират тұрған. Мөлшерлеп бейітті тез тауып, тоқыма шарбақтың бір шетінен сыныдырып ала бастады. Осы мезетте құдай басқа салмасын, бір сұмдық оқиға болды. Кенет ортадағы ескі бейіттен үлдеген, шыңғырған бір дауыс шыққандай болды да, іле-шала түн-түнектің арасынан кебінін сүйреткен бірнеше аруақ ағарандап шыға келді.

"Әй, дінсіздер! Тірі дүниені тауысып, енді өлікті тонайын дедіңдер ме? Құдайдың қаһарына ұшырамай тұрғанда тез кетіңдер бұл арадан?!"-деген қорқынышты үн естілді.

Баймұраттың ойына ештеңе келетін емес. Алдаспаның қынабынан суырып алды да: - Қайт кейін. О несі ей?! Өлген аруақ сендер түгіл, тірі Қабанбай үсіп өлейін деп жатыр. Осы арада қылышқа туралайын демесеңдер, тез көрлеріңе барып жатыңдар, - деп әлгі аруақтарға тұра ұмтылады. Аруақтарға да жан керек екен, жанағы аппақ сұлбалар лезде көзден ғайып болды. Біз алған отынымызды асықпай буып, маңағы орнымызға қайтып келдік. Келсек ескі күмбездің іші дуылдаған күлкі. Мен есіктен кіре бере көрген сұмдығымды айта бастап едім, жолдастарымыз одан арман дуылдасты. Болған оқиғаны олар өзімнен де жақсы біліп отыр.

Қабанбай орнынан тұрып, Баймұратты құшақтай алды. "Бәрекелді бауырым! Бұқа бабаңа тартқан нағыз батыр екенсің ғой. "Өлген аруақ сен түгіл, тірі Қабанбай үсіп өлгелі жатыр" -депсің-ау. Мынау бір айта жүретін сөз болды." -деп жас батырдың маңдайынан сүйеді. Сөйтсек бұл оқиға былай болған екен: - Осы топтың ішінде Керей Жәнібек батыр да бар болатын. Баймұрат пен Жәнібек кұрдас, екеуі қатты ойпайтын. Біз отынға баруға қамданғанда Жәнібектің де ойына бір құлық кіреді. Ескі бейіттен басқа жерде отын жоғын сезеді де Баймұратты қорқытпақ болады. Сол ойын қолбасыға айтқан екен, жастарды сынағысы келген Қабекең де қарсы болмапты. Сонан соң Жәнібек қасына бір-екі жолдасын ертеді де бізден бұрынырақ барып, көйлек-дамбалдарымен ағарандап, жаңағы бейітке жасырыныпты. Аруақ кейпінде бізді шошытпақ болған солар екен. Міне, жігіттер, батыр деген атаққа ие болу үшін осындай талай сыннан өтуге тура келеді. Енді ойлап отырсам сол кезде Қабанбай қырық жаста, ал Баймұрат 25-ке әлі тола қоймаған".

Баймұрат батырдың ерлік істерін наш ететін тағы бір дерек Тоқта - Барлық өңіріндегі шайқаста болған. Барлық тауының батыс баурайы қолбасшы Қабанбайдың кіндік қаны тамған жері. Осы арада үлкен қақтығыста қалмақ қолы жағынан "жекпе-жек",- деп бір дәу қалмақ желе шоқырақтап ортаға шығады.

Сол кезде Баймұрат Қаракерей батырлары Еспенбет, Дәулетбай, Қасабайлардың алдын орап: - Ауыл өздеріңдікі ғой, Қабекеңнің туған жерінде маған да бір кезек беріңіздер,- дейді.

Жолың болсын, Баймұрат батыр! Бұл жолы кезек сенікі. Бұқа бабаның аруағы қолдасын, жауынды жайратып қайт!-деп, рұқсат береді Қабекең. Сайысқа шыққан қалмақ батыры он алты жасында Қабанбай өлтірген Өлже-жырғал ноянның немересі Мәңке-жырғал екен.

Баймұрат жекпе-жектің хас шебері атанған, даңқы ерте шыққан батыр. Оның ерінің алдыңғы қапталында "барып кел" атанған шоқпары үнемі даяр жүреді екен. Бұл екі құлаштай шынжыр бауы бар, бір ұшы ердің алдыңғы шеттегіне бекітілген аумағы кішігірім шәуімдей

домалақ шойын. Осы қаруды қолданған Баймұрат Мәңке–жырғалмен болған жекпе-жекті ұзаққа созбай тез жеңіп, асқан ерлік үлгісін көрсеткен.

Ертістің екі жағын азат етуде үлкен ерлік көрсеткен Қабанбай батыр Марқакөлдің жотасының бір биігінде отырып, бас сардар қазақ руларына жоңғарлардан азат етілген ата жұрт жерін қоныстану үшін, Барқытбел баурайын Байжігіт еліне, Сауыр, Сайқан, Алтай тауларын Керей еліне, Ақ найман, Саржомарт, Қожамбет, Қаратайға, Ертістің оң жағын, Төртуылдың Ақболат, Андабарақ руларына Ертістің сол жағын тұрақты мекен етіп бекітеді.

Шорға шайқасында жұмық Дәулетбай, көкжарлы Барақ, ақнайман Жаман, төртуыл Баймұрат, керей Жәнібек, уақ Уәлі сынды батырлар көзге түседі.

Шыңғыстау өлкесі үшін болған 1751 жылғы шайқаста Ақтамберді, Өтеген, Мамай, Тоқтамыс, Баймұрат секілді әйгілі батырлар өз өмірлерін қиды.

Баймұрат батыр соңғы өмірін Тарбағатай тауының күнгей бетіндегі орта Құлыстай өңірінде өткізген. Оның зираты қазіргі Шәуешек қаласына таяу Абдыра аулының Күшікбай деген жерінде. Баймұрат ұрпақтары ел толқыған аласапыранды кезде де, батыр бабаларының белгісі жатқан осы өңірден тапжылмапты.

### Көпен болыс

Көпен болыс Қара Ертіс өзенінің оң жағасындағы Ертіс бойы жазығында дүниеге келген. Арғы аталары Тоғыз руының Дәулет деген тармағына жататын Апар, Тұлпар деген аталардан шыққан. Көпеннің өз әкесі Жанақ – батыр болған адам.

Көпен болыс төртуыл еліне көп жыл болыс болған. Орыс патшасының саясаты мен ел билігін қатар ұстай білген, білгір ел басқарушысы болып, әділ билік жүргізген адам.

Жанақұлы Көпен болыс Ертіс бойындағы «Көк - Иірім» съезінде сайланған. Қазір бұл жер «Көпеннің көк терегі» деп аталады. Бұл съезге ұлы ақын Абай қатысып, елге беделді билер Сегізбай би, Назар би қатысқан.

Көпен Жанақұлы 1860 жылдары Көкиірім съезінде болыстық лауазымына сайланады.

Көпен болыс Төртуыл елінің көп жақсы, әйгілі адамдарымен Семей жеріндегі – Шар өзенінің бойында, Абай төбе би болған Қарамола съезіне қатысады. Бұл Қарамола съезіне Керей, Найман, Арғын, Уақ елдерінен көп билер, болыстар, әр елдің лауазымды адамдары қатысқан үлкен жиын болған. Қарамола съезі 1885 жылы өткізілген.

Осы съезде Көпен болыс бүкіл төртуылдың арыз – аманатын айтып, жоғын жоқтап, ел мүддесін қорғап сөйлеген. Ұтымды ойларын ортаға салып, тартынбай сөйлеген шешендігіне жұрт риза болған екен.

Көпен болыс болып тұрған кезінде, Байжігіт елінде Ыдырыш қажыға ас беріледі. Бұл асқа тоғыз таңбалы найман елі түгел шақырылған. Астың өтетін уақыты, орны бір жыл бұрын белгіленеді. Бүкіл найман еліне "Сауын" айтылады.

Шақыру бойынша Андабараққа қарасты болыстың елі өздерінің игі жақсы адамдарын ертіп, жүйрік — жорға аттарын, балуандарын, әнші – күйшілерін, сал – серілерін ертіп асқа барыпты. Ас құрметіне әзірленген тарту – таралғының өзі бір керуеннің жүгіндей болады.

Ас 15–20 күнге созылып, салт бойынша бәйге жарысы, балуан күресі, ақындар айтысы өткізіліп, жиналған халық мол қызыққа кенелсе керек. Бәйге жарысына Найман елінен келген 300 ат түнемелге айдалып қосылады. Осы бәйге жарысында Көпеннің "Көкаяғы" деген ат бәйгеден бірінші келіп, 100 жылқы бас бәйгеге беріледі.

Ас тарап елге қайтар кезде, Көпен болыс: "Жол алыс, жер шалғай. 100 тайды шұрқыратып айдап жүрудің реті жоқ" – деп Көкаяқтың бәйгесіне берілген 100 жылқыны Байжігіттегі құдасына сыйлап кетіпті.

Бұл Көпен болыстың кісілік келбетін танытатын іс болса керек.

Және мұндай жол бұрынғы астарда да болған. Аста берілген тарту–таралғыны жақын–туыстарына, жолдас–жораларына, жоқ–жітіктерге үлестіріп, таратып беретін салт болған. "Тойға барсаң тойып бар, асқа барсаң аш бар" дейді халқымыз. Ас – молшылық, мереке

ретінде өтілетін үлкен жиын. Астан аты жоқ жаяулар ат мініп, соғымы жоқтар соғымын жетелеп қайтатын салт болған.

Елге қайтып келген соң, Көпенге еріп асқа барған ел адамдары мен артта қалған ағайын, сөз тудырады. "Көпен болыс бізді тең көрмеді. Кокаяқтың бір жолғы бас бәйгесін бізге кимады. Жердің үстімен барып, астымен қайттық" деп сөз тудырады. Көпен болыс өзінің кең мінезі мен жайсаң жаратылысына орай, бұл сөздердің де жөнін тауып, ағайынды орнықтырады. Елдің өкпе–ренішінен құтылу үшін, жосын бойынша Төртуылдың үлкен биі Боқатай бидің шаңырағына ат–шапан айыбын апарып, алдынан өтеді.

Боқатай би кешірім жасаған соң, ел–жұрт, ағайын тынышталған екен.

Ал Көпен болыстың өзінен үш ұл болған. Ол балалары: Иса, Ахмет, Құмарбек. Құмарбек Көпенұлы ақын болған. Құмарбек ақынның көптеген өлеңдері бүгінге дейін ел аузында сақталып, ағымдағы басылымдар да орын алып жүр. Құмарбек әрі ақын, әрі әнші, қайратты, өте сымбатты ер мінезді азамат болған. Құмарбек – елінің есінде сақталып, тарихта аты қалған азамат.

Көпен болыстың балаларынан тараған ұрпақтары, немерелері көп. Барлығы білімді, өнерлі азаматтар. Олар Өскемен, Алматы қаласында, Зайсан өңірінде тұрады

### **Көпенұлы Иса би**

Иса Көпенұлы Тоғыз елінің Дәулет атасының биі болған. Сөзі дуалы, елге қадірлі әділ билік құрған адам. Иса би сол жылдардағы кеңес өкіметінің елді отырықшылық өмірге көшіру, егіншілікпен шұғылдану, оқу–білім жөніндегі бағытын қостайды. Қалжыр өзенінен тоған қазу жұмысына халықты жұмылдырып, басшылық етеді.

Тұрысбек Өкісханұлы өзінің бір естелігінде: "Сол жылдарда біздің елдің тура биі Иса Көпенұлы болды. Кедейлер жайлауға көшкенде өздерінде көлігі болмағандықтан байлардың көшіне ілесіп, малын айдасып, солардың жайлауын бірге жайлап жүреді. Біз өзіміз Көпен болыстың баласы Иса бидің көшіне ілесіп көшіні жүрдік", – дейді.

(Т. Өкісханұлы "Өмір өткелдері" 7 бет, 2005ж).

Иса би елге қамқор, кең мінезді адам болған. Өзі асқан мерген, аңшы болған екен. Және балуандық өнері де болған. Кейінгі кезге дейін үлкендер Иса балуан деп айтып отыратын.

"Бай тұқымы, әкесі болыс болған, колхоз шаруашылығына кедергі келтіру үшін, Қалжыр өзенінен қазылған тоған жұмысын әдейі аяқтамай отыр" – деген жала жауып, қудалау күшейеді.


Сондықтан Иса би елінен, жерінен лажсыз кетіп, Қытай еліне өтеді.

Сонда Иса би 90 түйеге жүк артып көшкен екен. Басқа да көп қазынасын Қалжыр өзенінің бойында қоймаға қалдырған. Бірақ қойманың қай жерге қойылғаны жайлы дерек жоқ. Тоқсан түйеге жүкті артып даярлаған соң, жас боталары жолда кедергі болады деп, 90 ботаны қораға қамап қалдырып кеткен екен. Көші ұзаған соң, ол боталарды артта қалған ел–жұрт бөліп алып пайдаланған.

### **Көпенұлы Құмарбек ақын**

Көпенұлы Құмарбек – руы Тоғыз. 1899 жылы Қара Ертістің бойында дүниеге келген. Төртуылдың Андабарақ, одан Солтанкелді, одан Тоғыз. Құмарбек Тоғыздың Байғұлдан тарайтын Дәулет деген атасынан. Дәулеттен Жанкісі, Жанкісіден Тұлпар, Тұлпардан Жанақ, Құмарбек Жанақтың ұлы Көпен болыстың екінші әйелі – Қанипадан туған.

Құмарбек сұнғақ бойлы, қараторы, қияқтай қара мұртты, өңді, үнемі күлімдеп жүретін жайдары жігіт болыпты. Басына арғынша тігілген төрт төбе тымақ, өзіне жарасымды шолақ шапан киіп, жиын тойдың көркі болған кісі екен. Ән салғанда дауысы қозы көш жерден



естілетін үні өте зор болыпты. 1918 жылдары орыстың бір жер өлшейтін маманы Алтай жайлауында белгісіз жағдайда қайтыс болады. Оның өлімін еш қатысы жоқ жазықсыз, елдің ерке серісі Құмарбектен көріп, орыс ұлығы анық-қанығына жетпей ұстап, абақтыға жабады. Көп ұзамай ел арасында Құмарбектің «Орыстар ұстағанда» әні тарайды.

Сонау жиырмасыншы жылдардан бастап-ақ ақындық өнері, әншілігімен тыңдаушыларын елітіп өмір сүрген ауылдың ақыны Құмарбек Көпен болыстың ұлы еді.

Құмарбек Байқұл руының (кейін Тоғыз деп аталып кетіпті) Дәулетінен шыққан. Оның туған ағасы Иса деген адам осы біздің рудың тура биі болған. Белгілі Қазан төңкерісі басталар кезде Құмарбек ақынды өткір өлеңдері үшін көре алмаған біреулер: «ол землемер орысты өлтірді» деп (онысы дала кезіп жүріп, өз

ажалынан өлген екен) жала жауып, көрсетіп, оны айдап бара жатқанда қашып құтылып, Қытай жеріне өтіп кетеді.

Ол өр Алтайға, сонда діни медресе бітірген Қазіке деген апайына қара тартып барып паналайды. Өрісі қайта кеңіп, барған елін ән мен жырға бөлейді. Әмбе Қазіке апайы да айтыскерлігімен, жезтаңдай әншілігімен ол елде «ақын келін» атанған екен. Сондағы Құмарбектің өзінің нақақтан ұсталып, одан әрең қашып құтылғандығын айтқан өлеңі «Орыстар ұстағанда».

... Сол қайғы-қасіретті жылдардағы халықты мұңлы ойға батырып, шерін қозғайтын өлеңдерінің бірі – «Қайран Алтай - Марқакөл» деген әні еді. Қашқан ел шекарадан өткен соң, артында қалған қайран мекен, туып өскен жерін сағынып, көкірегі қарс айрылып ақын былай деп жырлайды:

#### **«Қайран, Алтай - Марқакөл»**

Біздің ел Қара Ертісті қыстайтұғын,  
Шағи мен түлкі тымақ тыстайтұғын.  
Елімнің ен байлығы малдан басқа,  
Құс аулап, қасқыр, түлкі ұстайтұғын.

Мал сыймай жатушы еді Бөкенбайға,  
Жер қайда Тасқайнаттай бұл Алтайда.  
Қой қоздап, қозы ширап болғаннан соң,  
Бет алып көшуші еді ел жайлауға.

Сұрасаң әкем аты Көпен болыс,  
Сайлаған болыстыққа қазақ, орыс.  
Жаз – жайлау самалында сауық құрып,  
Жағасын Марқакөлдің қылған қоныс.

Қара Ертіс, Қара Бүйрек, қайран мекен.  
Сол жерді қайта айналып көрер ме екем?  
Адамзат басқа түспей білмейді ғой,  
Жалғанда жер сағынған қиын екен.

Дүние дөңгеленіп өтер ме екен,  
Бар қызық оралмасқа кетер ме екен.  
Аңырап артта қалды, қайран Алтай  
Күн туып қайта айланып жетер ме екем?!

Құмарбектің әсем үнін қозы көш жерден естіген босқын елдің қариялары сонда ботадай боздап, көздерінен жас парлаған көрінеді. Әсіресе, ақынның тоғыз шумақтан тұратын «Қайран Алтай - Марқакөл» әнін сол кезде жатқа айтып жүруші еді.

Құмарбек марқұм өзінің кіндік кесіп, кір жуған жеріне барып қайтуды аңсап, қайда барса да қыр соңынан қалмай жүрген қара көлеңкені сезіп, соның өз түбіне жететінін біліп, елге аттанар күні мынандай «Қоштасу» зарын жазып, көзге түсетін жерге қойып кетіпті:

Жерге түспес ақиық, қанатынан талып тұр,  
Көңілге түскен бір қиял, сол араға барып тұр.  
Тұрмайтынын білген соң, өмірден көңіл қалып тұр.  
Енді тағдыр тап беріп, тамағымнан алып тұр.  
Кәрі шеше, жас бала, артта шулап қалып тұр.  
Қош болыңдар, көрмесем, сөнсе көзден жарық нұр.  
Ажал артып, алысқан, етегімнен алып тұр!...

Ақынның бұл өлеңін елімен қоштасу зары, әрі өзіне-өзі арнаған жоқтауы дер едім.

Құмарбек ақын ата жұрттан алыс кетіп, Абақ Керей елінде зарығып, сағыныш арқалап жүріп 1932 жылы елде қалған ағасы Ахмет дегенге амандасып қайтуға екінші рет жасырын келе жатқанда, шекара солдаттарының оғына ұшып, қаза табады. Бұл оқиғаны мен 1958-жылы сонда Құмарбектің қасында бірге келе жатып аман қалған Темірше Күшікбайұлы деген қариядан ауызекі естіген едім.



Ол кісінің өлеңінің көбі жазылмаған, тек елдің жаттауында халық өлеңі іспеттес болып қала берді. Тіпті, қаншама қара өлеңдері сонау 1940-жылдарға дейін ел арасында айтылып келсе де, кейінде оны қашқынның ескілікті жат өлеңі деп елеп ескермеді. Дегенмен, ақынның өзімен бірге өлеңдері елінің есінде, тарихта қалды. Осы Құмарбек марқұмның әкесі Көпеннің бәйбішесінен Иса би туады. Исаның бәйбішесі Маданнан жалғыз ұл Дуанхан туады. Оның ұрпағы осы Зайсан ауданында да бар. Ал, Көпен болыстың тоқалынан осы Құмарбек ақын.

Ақынның артында қалған бәйбішесі Нұржамал жеңгей, Қайдаш, Әсетқан, Мұратқан және Мақсұтхан деген ұлдарымен 1954 жылы Қытай жерінен қайта елге қоныс аударған оралмандармен бірге ауданымызға көшіп келіп, балалары әр салада жұмыс істеді. Ал, жалғыз қызы Гүлашқан сол Қытай жерінде тұрмыста қалыпты.

Ақынның үлкен ұлы Қайдаш аздап болса да әкесінің өлеңдерін әнімен айтып жүрді. Қазірде Құмарбектің отыздан астам немере-шөберелері мен жиен-жиеншарлары осы Зайсанда, өз облысымыз бен Алматы жағында өмір сүріп жатыр.

(Дидаг газеті, 18.02.2003ж.)

### «Қайран, Алтай-Марқакөл!» әнінің авторы Құмарбек Көпенұлы туралы не білеміз?

Көне тарихтың түкпірінде өз заманында аты шыққан талай таланттардың есімдері ескерусіз қалып жатыр. Солардың бірі – қысқа ғұмыры арпалыс пен тайталаста өткен Құмарбек ақын. Орыстың отарлауына қарсы тұрып, 19 жасында қолына кісен салыныпты.

Құмарбек Марқакөлдің Қара Ертіс бойын жайлағын Төртуыл Тоғыз руынан тараған елге көп жыл болыс болған атақты Көпен Жанақұлының шаңырағында 1899 жылы өмерге келген. Атақты Көпен болыс дегенді тегіннен-тегін айтып отырғанымыз жоқ. Тарихта аты

қалған Қарамола съезіне қатысып, Абаймен сөз жарыстырғандардың бірі осы Көпен болыс болған. Ол арғын, найман, тобықтылардың игі жақсылары бас қосқан айтулы жиынға наймандардың арыз-армандарын арқалай барып, өз елінің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған.

Атасы айтулы Жанақ батыр, әкесі белгілі Көпен болыс, осындай текті атадан тараған ұрпақ неге осал болсын. Құмарбек жастайынан ән мен жырға құмартып, ержете келе сал-серілікті серік еткен. Сөз өнерінің құдіретін ерекше бағалай білген. Ақындық дарыны да ерте ашылған. Ол жанына өнерлі құрбыларын ерте жүріп, той-думанның көркі болған екен.

Көпен болыс дүниеден озғанда кенже ұлы Құмарбек бес жастағы ойын баласы екен. Оны жастайынан бетінен қақпай, еркелетіп өсерген Көпен болыстың бірінші әйелінен туған ағасы Иса болыпты. Ол өз заманында Иса би атанып, ел сөзін ұстап, билік құрған.

Сұңғақ бойлы, қияқтай кара мұртты жас пері өз ортасынан оза шауып, әнші Құмарбек ақын атана бастаған шағында, орыс ұлықтарымен ерегесіп, басы дауға қалады. Жасы 16-17-ден енді асқанда, патшалық Ресейден ауып келген кара шекпендердің Алтайды емін-еркін жайлай бастаған отаршыл саясатын елден бұрын ұғады. Өр мінез жас үлкен жиындар мен ойын-тойларда ашық наразылық білдіреді. Орысқа жер бермеу жөнінде ел арасында үгіт жүргізіп жүргені ұлыққа қайдан ұнасын. Ұлықтар соңына андушы қосып, түрлі жала жауып, ақырында 19 жастағы жігіттің қолына темір кісен салады. Ақынның біздің қолымыздағы:

-Біздің ел Қара Ертістің кыстай-тұғын,

Шағимен түлкі тымақ тыстай-тұғын.

Қу орыс құрсау салып аяқ-қолға,

Неғылдым он тоғызда ұстай-тұғын,- деп келетін бас-аяғы он екі шумактан тұратын өлеңі осы кезде туғаны анық. Өлең жолдарына қарағанда, ол орыс ұлықтары айдап бара жатқан жолда ебін тауып, қашып құтылады.

Оның сол жолда жүріп:

-Құтылдым сары орыстан ыңғайы кеп,

Ойладым қайта ауылға барайын деп.

Құрытып қу бүкірді бұл дүниеден,

Қайғыны отбасын салайын деп, - деп айтуына қарағанда оны ұстатқан өз тумаларының бірі болған сияқты. Ол тағы да:

-Арамзаны атып-ақ кетер едім,

Балаларының қорықтым көз жасынан,-деп, аяушылық білдіреді.

Құмарбек осы кеткеннен Өр Алтайға бір-ақ тоқтайды. Жалпы, ақын өмірі 1916 жылдың дүрбелеңі мен қазаққа қасірет әкелген Қазан төңкерісіне дөп келеді.

Тақырға су шығарған тарлан. Арғы бетте бірер жыл паналаған ақын кеңес өкіметі орныққаннан кейін туған жеріне қайтып оралады. Ол жаңа өкіметтің егін салу арқылы елді отырықшылыққа бейімдеу, халықтың сауатын ашу, оқу-білімге жетелеу саясатын қолдай білген. Сөйтіп, Қалжыр өзенінің алқымын бөгеп, Тақыр жазығына тоған тарту арқылы су шығару сияқты жұмыстарға бас-көз болған екен. Күні бүгінге дейін бұл жерді жергілікті тұрғындар «Тоғыз тоғаны» деп атайды.

Бұл мамыражай тірлік ұзаққа бармады. Кеңес өкіметінің 1929 жылдан басталған байлар мен орташалардың мал-мүліктерін тәркілеу мен өздерін қудалау сияқты саясаты елді дүрбелеңге түсіргені тарихтан белгілі. Осы зобалаңда ұрпағының амандығын, мал-мүлкін сақтап қалу үшін, Қытай ауып кетуге мәжбүр болған. Қара Ертіс бойын жайлаған 400 түтінді Ахметжан бай мен Құмарбек ақын басқарып, арғы бетке өтеді. Ақын ел өміріндегі осынау бір тар жол, тайғақ кешу кезеңін:

-Төр жайлаудан кер жусан шөп кете ме,

Бала туып, жат жерде ер жете ме?

Балапаннан айырылған қоңыр қаздай,

Мекенінен қалың ел шын кете ме?

Біз көштік түнделетіп, алды абайлап,  
Топырлаған бар байлық – малды айдап.  
Зар жылап, шуылдаған қанша халық,  
Өттік қой шекарадан а, құдайлап,-деген жыр жолдарымен суреттеген.

Ақынның туған жерге деген сағынышы оны шекарадан әрі-бері жасырын түрде талай өткізген сияқты. Аласапыран ауа көшу кезінде бір әкеден туғандардың бірі көпсе, бірі көше алмай қалған. Ол елде қалып қойған бір жасар Бикамалды артынан алып өтіп, ағасы Кәукен Файзоллаұлының қолына табыстаған екен.

Сөз реті келгенде айта кетейік, бізге Құмарбек ақын туралы біраз деректер берген Серік Ақтанов Бикамал Файзоллақызынан туады. Серік Құмарбек ақынға жисен болып келеді.

Серіктің қызметі жоғарылап, жуықта Өскеменнен Астанаға қоныс аударды. Қазір көлік және коммуникациялар министрлігінің «Қазақавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры болып жұмыс істеп жатыр.

Осылайша шекарадан жасырын өтіп жүрген есіл ер Құмарбек ақын, 1935 жылы қызыл шекарашылардың қолынан мерт болады. Бұл жолы ол елде қалған ағасы Ахметжанның амандығын біліп қайту үшін жолға шыққан екен.

Қайда барса да қыр соңынан қалмай жүрген қара ниеттілердің күндердің күнінде өзінің түбіне жетерін сезіп жүрсе керек, осы сапарға аттанарда мынадай қоштасу өлеңін жазып, оны көрнеу жерге тастап кетіпті:

-Жерге түспес ақиық,  
Қанатынан талып тұр.  
Көңілге түсіп бір қиял,  
Сол араға барып тұр.  
Тұрмайтынын білген соң,  
Өмірден көңілі қалып тұр.  
Енді тағдыр тап беріп,  
Тамағынан алып тұр.  
Кәрі шеше, жас бала,  
Артта шулап қалып тұр.  
Ажал арбап алыстан,  
Бөрі етекпен тартып тұр.  
Қош болыңдар көрмесем,  
Сөнсе көзден жарық нұр!

Бұл ақынның соңғы өлеңі екені даусыз. Кезінде кеңес жағы оны «қашқын» деп атағандықтан, өлеңдері мен әндері ауызға алынбай, халық әндерінің қатарына қосылып кете берген. Құмарбектің әрі ақын, әрі әнші ретінде атын шығарған өлеңі – «Қайран, Алтай-Марқакөл!». Бұл бүкіл Өр Алтай қазақтарының «Ағажай-Алтайдан» кейінгі сүйіп айтатын әніне айналған екен. Кір жуып, кіндік кескен жерлерін сағынған мұңлықтар іштегі мұң-шерлерін осы әндермен тарқататын болған.

Өз басым осы екі әнді алғаш рет осыдан елу жылдай бұрын, студент кезімде естігенмін. Алматының Тастақ деп аталатын шеткі жағында ағайыммен көршілес Шәкен деген егделеу кісі бастаған бірнеше қазақ отбасы тұратын. Бұл 60-шы жылдардың басында Қытайдан көшіп келген екен. Бәрі де сауықшыл жандар болатын, тұрмыстарын да тез түзеп алғанды. Шәкен аға да, Нұрбәти тәте де әнді тамылжытып салатын. Көршілер бас қосқанда оларға «арғы жақтағы өлеңдерден айтыңызшы» деп қолқалап отыратын. Бір түрлі мұңлы әндерді естігенде бәріміз үн-түнсіз қалатынбыз. Солар осы екі ән еді. Біз мұңы халық әндері деп білдік. «Қайран, Алтай-Марқакөлдің» нақты иесі кім екенін осыншама жыл өткеннен кейін ғана біліп отырмын.

«Ағажай-Алтай» әнін біздің елге оралман ағайындардың алып келгені белгілі. Бұл ән халық арасына кеңінен тарап кетті. Бірақ, «Қайран, Алтай-Марқакөл!» әні әлі күнге жалпақ жұртқа танылмауда. Мәдидің атақты «Қарқаралысымен» сарындас осы әннің толық мәтінін

оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдім. «Ағажай-Алтай» тәріздес бұл ән де бәлкім, орындаушысын табар.

### Қайран, Алтай – Марқакөл

-Біздің ел Қара Ертісті қыстай-тұғын,  
Шағимен түлкі тымақ тыстай-тұғын.  
Елімнің малдан басқа ең байлығы-  
Еріксе қасқыр, түлкі ұстай-тұғын.

Қайырмасы:

Ей, Алқа көл,  
Әттең, Алтай, Марқакөл,  
Көрер ме екем, қайран ел?!

Сұрасаң әкем аты Көпен болыс,  
Сайлаған болыстыққа қазақ-орыс.  
Құс салып, ит жүгіртіп, саят құрған,  
Жағасы Қара Ертістің – ата қоныс.

Мал сыймай жатушы еді Бөкенбайға,  
Жер қайда Тасқайнаттай бұл Алтайда?  
Қой қоздап, қозы ширап болғаннан соң,  
Бет алып, көшуші еді ел жайлауға.

Марқаның қоныс болар саласы да,  
Көз тартар көркем сұлу даласы да.  
Алтайға бақ боп қонған Марқакөлге,  
Таң қалған талай адам баласы да.

Қара Ертіс, Қарабүйрек қайран мекен,  
Шіркін-ай, қайта айналып көрер ме екем?  
Адамзат басқа түспей білмейді ғой  
Жалғанда жер сағынған қиын екен.

Аман бол Қалжыр, Тақыр, Бөкенбайым,  
Терісайырық, Ұзынбұлақ, Кемерқайың.  
Жасымнан ойнап-күлген қайран мекен,  
Көретін қайта айналып бар ма жайым?!

Кеңестік келген тәртіп қиын болды,  
Еркіне бай мен молда тыйым болды.  
Сауғалап, аман сақтап мал мен басты,  
Көшуге бұл арадан жиын болды.

Дүние дөңгеленіп өтер ме екен,  
Бар қызық осыменен бітер ме екен.  
Аңырап, артта қалдың, қайран Алтай,  
Жат бауыр секілденіп, бізге бөтен.  
Қара Ертіс біздің елдің мекені екен,  
Көп тұлпар кермедегі көрер ме екем.  
Қайырылып, туған жерді біз-ау көріп,  
Шіркін-ай, сол арманға жетер ме екем?!



Иә, небәрі отыз үш жыл ғана өмір сүріп, қудалаудан көз ашпай, қазақтың басынан өткен нәубеттің құрбаны болған дарынды ақынның бізге мәлім тағдырының шет жағасы осындай. Шерменде болып, арманда кеткен Құмарбек Көпенұлы жайында айтылар сөз әлі алда деп білемін.

Себебі, ақынның Алматыда тұратын немересі Бауыржан Құмарбеков атасының ел аузында сақталып қалған әндері мен өлеңдерін жинастырып, жарыққа шығаруды ойластырып жүр екен.

Құмарбек ақынның бәйбішесі Нұржамал бес ұлымен Қазақстанға 1955 жылы көшіп келіпті. Ал ақынның кіндігінен тараған ұрпақтардың біразы қазір Зайсан ауданында тұрып жатқан көрінеді. Олардың арасында аталарының өлеңдері мен әндерін білетіндері бар болуы бек мүмкін. Ендігі жерде солар Құмарбек Көпенұлының ақындық һәм әншілік өнерінің елге танылуына атсалысса, нұр үстіне нұр болмақ.

(Мұрат Әміренов. 28 ақпан 2014 жыл, Айтылмай жүрген ақындар).

### Әсет Құмарбекұлы



Құмарбектің екінші ұлы Әсетте де ата-бабасынан дарыған көп қасиеті бар адам еді. Көпен болыстың әкесі Шығыс өңіріне әйгілі Жанақ батыр – орыс империясының қазақ жеріне отарлау саясатына түбегейлі қарсы болып, өзінің наразылығын ашық көрсетіп кеткен батыр қазақ. Әсет ағаны осы бабасына тартқан деуші еді.

Құмарбек ақын өзінің үрім-бұтағын, анасын, бала-шағасын арғы бетке өткізгеннен кейін, өзі қапыда көз жұмады. Ал ары қарай жат жер, жат елде жан сақтау, аман қалу, өмір сүру ақынның ұрпағы үшін қиын кезең еді.

Міне, осы қиыншылықтың бәрін жеңіп, жеңіп қана қоймай, 1949 жылы құрылған Шығыс Түркістан армиясының қатарында болып, көзсіз ерліктер көрсетіп «Батыр» атанып, атты әскер полкын басқарған Әсет Құмарбекұлы болатын.

Әсет аға 1923 жылы Қара Ертістің бойында (қазіргі Марқакөл ауданы) дүниеге келген. Сол тұста атақты ақын, әнші Әсет Найманбаевтың қазақ даласына даңқы шығып тұрған кезі еді. Екі дарын иесі кездесті ме, ол жөнінде нақты дерек жоқ, бірақ Құмарбек өзінің екінші ұлының атын Әсет деп қоюы тегін емес.

Әсет аға - өте қайратты, өжет, намысшыл болған адам. Өзі қандай жетімшілік көріп жүрсе де, ешкімді өзіне басындырмай бауырларын да, өзін де қорғай білген.

Шығыс Түркістан армиясы негізінде қазақ халқының бостандығы, тәуелсіздігінің басы болып құрылып, халық арасында үлкен беделге ие болды. Бүкіл қазақ халқын соңынан ерте алатын Шығыс Түркістан мемлекетінен Сталин бастаған Совет үкіметі де, Мао Цзе Дун бастаған Қытай үкіметі де қорқып, сан түрлі айла, зымыян іс жасады. Қазақтың өзін бір-біріне айдап салып, ақыры түбіне жеткен еді. Қазір айтып отырсақ ол - тарих.

Шығыс Түркістан мемлекетінің басында қазақ азаматтары тұрды – деп, Молдағаров Тоқан деген ақсақал айтып еді. Ол кісі қазір көзі тірі 80-жаста Зайсан қаласында тұрады.

«Мен Әсеттен 10 жастай кіші болдым, бірақ жақсы білетінмін, көрші тұрдық. Әсекең мен ес білгенде әскер қатарында жүрді. Батыр тұлғалы, өжет, өте шапшаң қимылдайтын мінезі тік еді. Сол кезде үш аймақтан біріктіріп Алтайда уақытша өкімет құрды. Оның Уәлиі болып генерал Дәлелхан Сүгірбаев сайланды. Бұл Советке де, қытайдың Гоминдан мемлекетіне де бағынбады. Шығыс Түркістан мемлекеті болып бекіді.

Алтайда сол өкіметтің Ұлттық Армиясы құрылды. Бастығы генерал Дәлелхан елі керей «шеруші» еді. Көмекші болып інісі полковник Бәделхан сайланды. Әскер құрылғаннан

кейін Советтер одағынан көмек келе бастады. Қару-жарақ, оқыған әскери адамдар жіберді, себебі қытайдың ескі Гоминдан мемлекетін құлатып, қытайда социализмді орнатуға Советтер одағы өте мүделі болды. Міне, сол әскердің құрамын полковник Емцов деген тағы бір орыс подполковнигі Москвадан келіп әскери тактика жаттығулар жасап соғысқа үйретті. Әсеттің сол кездегі дәрежесі капитан. Бұтабаев Смеке деген азамат ол да сол шендес, екеуі атты әскер эскадрильясын басқарды. Бұл нағыз от пен өрттің ортасында жүресің деген сөз.»

Он жылға жуық соғыста Әсекеңе қанша рет ажал төніп тұрса да, аман қалып жүрді. Өкімет оған екі рет «Батыр» атағын берді. Нағыз ер еді. Осы жақпен салыстырсақ Бауыржан Момышұлы тәрізді екен. Әсетке оқ дарымайтын киесі бар «Қара батыр» дейтін. Ол кісінің даңқы шыққандығы соншалық жаулары Әсеттің басына ақша, алтын сыйлықтар тігіп кім де кім «Қара батырды» өлтірсе сый ақы, алтын да ұсынады. Міне, сол ажалдан да расында «киесі» аман алып қалып жүрді. Өзінің бір әңгімесінде Әсекең сондай жансыздардың бірі өз әскерінің ішіне кіріп соғыс жүріп жатқанда, артынан әлгі жансыз атады. Құдыреттің күштілігі дәл сол сәтте астындағы аты сүрініп сәл еңкейіп қалғанда, оқ құлағының түбінен өтеді. Әсекең кімнің атқанын бірден байқап, сатқынды ұстап алдына салады. Ол болса жалынып, бала-шағасын айтып, жауларыңыз осы іске мәжбүрледі, балаңнан айырыласың деген соң барып едім - деп. Әсет ақыры кешірім беріп қоя беріпті.

1955 жылы «Ата мекенге» қайту мүмкіндігі туғанда, Әсет аға өзімен бірге 500 үйдің жанұяның құжаттарын айлап, тыным таппай жүгіріп дайындап елге алып келді. Сол кезде келген ағайындар әлі де Әсет ағаға рахметін айтып отырады.

Ата мекенге келгеннен соң трактор оқуын оқып механизатор болды, жылқы бақты, отарлап қой бақты. Еселі еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Жыл қортындысында ақшалай, заттай сыйлықтар алып жүрді. 6.09.1973 жылы күні КСРО-ның №775633 Жоғары Кеңесінің бұйрығымен, «Боран» совхозының аға шопаны Құмарбеков Әсет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. 1986 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейін шопан болды.

1952 жылы соғыста даңқы шыққан Әсет батыр Керей елінің ел билеушісі, бай Тұрдыхан Мәзұлы деген зәңгінің 15 жасар Зейнеп (Зәйіп) деген қызына үйленіп, тату тәтті ғұмыр кешті. Артында төрт ұл, төрт қызын қалдырды. Балаларының көбісі жоғары білім алды. Ақылды, тәрбиелі ұрпағы Қатон Қарағай, Өскемен, Алматы қаласында тұрып жатыр.

Әсет Құмарбекұлы 1989 жылы 31 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Боран совхозының Арденке ауылында қайтыс болып, сол жерге жерленді.

Жұбайы Зәйіп шешеміз Алматыда кенже ұлы Мараттың қолында. Немере, шөбере сүйіп отырған бақытты әже.

### **Бауыржан Құмарбеков**

(Ата жолынан бастау алған киелі өнері)

Құмарбек ақынның ұрпақтарының ішінде әншілігі бойынан көрінгені тұңғыш ұлы Қайдаш (Қайырлыхан) еді.

Бұл кісінің өмірі де аумалы-төкпелі Қытай жерінде өтті. Қазақтардың қиындық өміріне жастық шағы дөп келді. Дегенмен ауыл аймақтың әншісі бола жүріп, 1949-1950 жылдарда Қытай елінде орнаған социализмнің ұйымдастырған халық театры, халық өнерпаздары байқауының жеңімпазы болды. Актерлық қырынан көрініп, халық театрының көптеген белгілі тұлғаларын сомдаған.

Атамекенге оралғаннан кейін, 35-40 жасқа келген Қайдаш аға, Кеңес өкіметіндегі жаңа жерге қалыптасу, жан бағу, бала-шаға оқыту, өсіру тауқыметімен атадан қалған киелі өнермен қоштасқандай болды. Той томалақ жиындарда ән салмаса көп ән айтпады.

Ал немерелерінің ішінен ақынның үшінші ұлы Мұратханнан туған немересі Бауыржан өнерлі болды. Құмарбек атасының домбырасын ұстап, әндерін айтып «Қазақтың 1000 әні» дискі жинаққа кіргізді.



Қазақ радиосынан хабар жүргізіп, радионың алтын қорына жаздырды. Өлең толғауларын тағы басқа Құмарбек ақынға байланысты тың деректер жинады. Зайсан, Марқакөл өңірінен шығып жатқан кітаптарға атасы жайлы толық қанды мағлұмат берді.

Бауыржан 1959 жылы 8 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Жамбыл аулында дүниеге келді. Мектеп бітіріп, әскер қатарынан оралғаннан кейін, Республикалық эстрада-цирк өнер студиясының дәстүрлі ән бөлімі Жүсіпбек Елебековтың класына түсті. Ұстазы Жәнібек Карменовтан дәріс алды. Семей өңірінде, туған жері Зайсан ауданында өнер саласында қызмет атқарды. Ән айтты, өнер көрсетті. Эль-Фараби атындағы Шымкент мәдени-ағарту институтын бітірді. Көптеген әнші-термешілер байқауларына қатысып, жеңімпаз болды. Дискі жинағын шығарды, Қазақ радиосынан, телевидениеден ән айтты. Бұл күндері Алматыға қоныс аударып жеке творчествосымен айналысуда. Түпкі мақсаты атасы

Құмарбек Көпенұлы жайлы үлкен кітап шығаруға дайындалып жүр. Отбасы, бала-шаға, немерелері бар.

### Ақыметжан би

Ақыметжан – руы Төртуыл ішінде Тоғыз руынан. Сөзге жүйрік, үзеңгілестері арасында шоқтығы биік, басқа рулардың атқамінерлері оны «Төртуылдың қорғаны болған төрт биінің бірі» деп санаған.

Ақыметжан – руы Тоғыз. Қара Ертіс бойының байы болған. 1928 жылғы 27 тамыздағы ірі байларды тәркілеу (конфискациялау) туралы қаулы шығып, ауқаттылар тізіміне іліккендердің басына ауыр күн туды. Бай-құлақтарды тап ретінде жою құжатпен заңдастырылды.

Бұл асыра сілтеу әсіресе, 1929 жылдың қысында асқынып, тіпті шектен шықты. Жемшөп қоры болмағандықтан, халықтан тартып алынған қора-қора малдар бірінің жүнін бірі жеп аштан қырылып жатты. Ел ішінде шаш ал десе, бас алатын әпербақан белсенділер қаптап кетті. Кейбір өкілдер момын шаруа адамының кеудесіне мініп алып, өкіметке кім қарсы, тыққан малың қайда? – деп қинайтын болды. Ақыметжан бай осы кезде 400-дей үйді ертіп Қытайға өтіп кетті.

Сырт ел Найман, Арғын, Уақ, Керей арасында болған құн дауы, жер дауы, жесір дауы, ұрлық, барымта сияқты жұмыстарға бел шешіп дауға түсетін, шешен білгір ел намысын сыртқа жібермейтін Рахымжан, Топажан, Тұражан, Ақыметжан деген ағаларымыз болыпты. Бұларды сырт ел – «Төртуылдың төрт жаны» - деп атапты.

Осы зобалаңда ауқаттылар мен қоса қаншама тақыр кедейлер де мекен жайын тастап қашты емес пе? Сол қайғы қасіретті жылдардың шерін қозғайтын Көпенұлы Құмарбектің «Қайран, Алтай - Марқакөл» әні босқан халықтың ән ұранына айналды.

Осы 400 үй тоғыз елін ұйымдастырып, Қытай еліне өткізіп әкеткен азаматтар Иса би, Құмарбек ақын, Ақыметжан бай сияқты азаматтар басшылық еткен. Сонда халық түн ішінде үдере көшіп, Қара Ертістен үрлеген (ішіне ауа толтырылған) қарынды құшпақтап, арғы жағаға жүзіп өткені ел ішінде көп жылдарға дейін аңыз болып айтылып жүрді.

Ахметжан бидің ұрпақтары қазіргі таңда Қытай халық республикасының Үрімші қаласында тұрады.



Бижігіт би Бажықұлы Қара Ертіс өңірінде 1870 жылы дүниеге келген. Қыстау – қоныстары Жанды-Қарасу елді мекенінде болған.

Бажық атамыздың Бижігіт, Ақыбай, Иіс, Иісхан деген төрт ұлы болады. Ұлдары ескіше сауатты, ауыл молдасынан оқыған адамдар. Барлығы да діни терең білімді, құран аударған адамдар. Бижігіт атамыз Зайсан қаласындағы медреседе оқып, діни білімін толықтырған. Ақылды, зерек адам болған. Бижігіт атамыз би болған. Әділ билік жүргізген, ойға терең, сөзге шешен адам болған. Халқына қамқор болған. Кейіннен Қара Ертіс болыстығында старшын қызметін атқарған.

Бижігіт атамыздың бірінші әйелі Мыңжылқы деген адам. Қожанбет ішінде Сырынбет атасына жататын Ерқасымов Жеңсіханның апайлары еді.

Екінші әйелі Қожанбет ішінде Егізқара атасына жататын Жолымбетұлы Сәйкенің қарындасы Айтжан деген адам. Сайкенов Қасеннің әпекесі еді.

Бажық бай болған адам. Төрт түлігі түгел өсіп, өріске симай жатады екен. «Бажықтың кілең көк шұбар жылқылары өріске симайды»- дейді екен халық. Малдарын санаған кезде, жай ғана түсіне қарап түстеп түгендеп қоя салады екен. Малға көз тимесін деп сақтық жасаған.

Бажық атамыз қыста соғым сойған кезде де малды санап соймайтын болған. Ас қоятын шарбақ шопалада үлкендігі кісі бойы ағаш кебеже тұрады. Сойылған малдың бастарын сол кебежеге тастай береді екен. Кебеже сойылған малдың басына толған кезде, - Е, жылдағы мөлшеріндей болды ғой. Осы жететін шығар,-деп қоя салатын болса керек.

Бажық байдың әкелері Сәметай, Сәкөк деген аталарымызға қыдыр дарыған, бақ қонған қасиетті адамдар болыпты.

Бірде Сәметай мен Сәкөк бабаларымыз өрістегі малды байқап қайтпақшы болып, қырдағы мал өрістерін аралап келе жатса керек. Екеуі бір биікке шығып, биіктен төңіректі шолып тұрған кезде, ақ боз атқа мінген, ақ шапан киген, ақ сақалды екі адам өрістегі малды қайтарып, қайырып жүр екен.

Бұл ғажапты көрген бабаларымыз: - Е, тәуба, малдың иесі өзі бағып жүр екен. Біз енді осы жерден ауылға қайтайық. «Байдың малы жоғалмас Қыдыр баққан» деген сөз бар еді,- дейді екеуі өзара кеңесіп.

- Қыдыр атамыз малды, өзі қайырып, өзі бағып жүр екен. Бұл екеуімізге Алланың көрсеткен аяны болар. Және бұл сырды екеуімізден басқа еш адамға сездірмейік, құпия сақтайық,- дейді Сәкөк пен Сәметай аталарымыз.

- Аллаға тәуба! Болашағымыз, ұрпағымыз бақытты - дәулетті болады екен,-десіпті.

Сол кезден бастап бабаларымыздың мал мен басы тең өсіп, бай-дәулетті ғұмыр кешкен. Кең көсіліп жатқан бай әулет. Жаз жайлауы – Марқакөл, Тасқайнат, Көлшілік. Тоғыз жайлауы дейтін шұрайлы өңір. Жасыл шалғынды, салқын-сабал, мөлдір бұлақты таулы өңір. Қойнау сайын қалың мал. Ақ шаңқан үйлер жайлау төрінің жарасымы болған.

Бижігіт атамыз мінезге бай, ақылмен сөйлейтін, байсалды мінезді адам болған. Ақылды білімді мінезімен ел - жұртына қадірлі сыйлы болса керек.

Бір жылы іргелес қоныстанған екі ауылдың арасында жер дауы басталып, көпке дейін тынышталмаған. Жер дауы, қоныс дауы қашан да оңай болмаған. Қарсы жақтағылар тіпті қол жинап, атқа қонып Бижігіт би аулына қарай аттанады.

Мұны естіген Бижігіт атамыз, - Азамат жинаудың қажеті жоқ. Ел ішін дүрбелеңге салмаңдар,-депті. Өзінің балалары мен бауырларын ғана қасына алып, 40 адам атқа қонады. Қолдарына қамшыдан басқа қару да ұстамайды. Осы қырықшақты салт атты адам бір биікке шығып, байқап біраз тұрады. Қарсы жақтағылар да Бижігіт биге бата алмай, іркіле береді.

Сонда Бижігіт би қарсы жақтың бір азаматын шақырып алып, - Елге күлкі, сүйекке таңба болмай, кері қайтыңыздар. Ана көпшілікке осыны айтыңыз. Жау қолында кеткен жер жоқ, жұрт сабырға келсін,-депті.

Қарсы жағы да орнымен айтқан билікке жүгініп, жаңжалдарын тоқтатқан екен.

1929-1930 жылдарда байлардың мал-мүлкін тәртілеу саясаты кезінде Бижігіт аталарымыз артық малын, жылқыларын қыстаудан алыс, шалғай аймаққа айдап тастайтын болған. Сол әпер-бақан басшылықтың кезінде көп малдарын жақын ағайын-туыстарына, ауылдастарына үлестіріп, таратып береді. Мемлекеттік санақтан кейін халық малсыз қалған қиыншылық кезде, халық арасында ашаршылық басталған. Осы қиыншылықтан халықты аман алып шығу үшін қорада қалған малды санақ, тінту-тергеу кезінде артық мал шықпасын деп, екі-үш малдан түнде сойып, Қара Ертістің жағасындағы қалың қопа-қамыстың ішіне апарып жасырған. Сонда үйде бір асым ет қалтыруға қорқатын болған. Халықты жоқшылықтан, ашаршылықтан қорғау үшін Бижігіт би қоластындағы азаматтармен ақылдаса отырып, осындай әрекеттер жасаған. Халық тоғайдан отын алған болып, балық аулаған болып қамысқа кіріп, бір асым етті жасырып әкеліп азық еткен. Осындай жасырылған азық-түлік қорын пайдаланып халық ашаршылықтан аман қалған. Ол кезде заң қатты, тәртіп қатал болғаны көпке мәлім.

Бижігіт атамыз, Мағұлша атамыз, Ақыбай атамыз және Мыңжылқы, Айтжан әжелеріміз Жанды – Қарасуға таяу жердегі Қара Ертістің қабағына жерленген. Аталарымыздың белгісі Ертістің қабағына таяу жердегі, биік қыраттың үстінде әлі де тұр.

Қара Ертіс бойына орыс тұрғындары қоныстанып, 1900 жылдары Ардеңке, Евгеньевка, Солжақ - Қалжыр елді мекендері салынған кезде, Бижігіт би өзінің ағайын ауылдастарымен түгел қоныс аударып, «Жанды-Қарасу» аймағына барып қоныстанады. Қоныс-мекеннің, мал өрісінің тарылуына байланысты болса керек.

Сұлтанкелді атамыздан бастап Бижігітұлы Бидахметке дейінгі аталарымыздың белгісі қазіргі Боран аулына таяу жерде Қара Ертістің жағасында тұр. Осы жерде тоғыз елінің үлкен қорымы жатыр.

Қара Ертіс өңірі Тоғыз және Төртуыл аталарының тарихи белгілеріне бай.

Бижігіт бидің шежіресін таратсақ: Андабарақ – Сұлтанкелді – Тәңірберген – Тебей (Жаналы) – Бәтірбек – Сәметай – Бажық – **Бижігіт** – Рахмет, Бидахмет – Көкенай, Жақсыбай – Ғалым, Шыңғыс.

### Ілгекбайұлы Қасайын молда

Ілгекбаев Қасайын, Ілгекбаев Мұсайын деген ағайынды екі азамат еді. Руы Тоғыз ішінде Серіқара атасына жатады. Бұлардың үлкен аталары Айнатай болады.

Қасайын молданың өзінен Ұлықбек, Сайлаубек, Санияз деген үш ұлы болған.

Қасайын молда 1930-1934 жылдарға дейін «Тоғыз тоғамы» деп аталатын ауқымды үлкен жұмысқа басшылық еткен.

Тоғыз руының азаматтары Қалжыр өзенінен Қара Ертіс жазығына тоған тарту жұмысына құлшына кіріседі.

Осы жұмысқа Молдабаев Хамитжан, Ілгекбаев Қасайын, Бажықов Рахмет, Тілеубаев Қазыке, Мағұлшанов Шаяхмет, Құмарбек Көпенұлы, Иса би Көпенұлы сияқты азаматтар басшылық еткен.

Тоған қазу жұмысы аяқталып, енді іске қосыла бастаған кезде, сол кездің солақай саясаттың кесірінен тоғам жұмыскерлерін қудалап, әртүрлі жала жауып, жұмысқа кедергі жасаушылар көбейеді.

Тағдыр тауқыметіне амал бар ма? Осындай себептермен Ілгекбаев Қасайын тұтқындалып, заңға тартылып, абақтыға жабылады. Кейіннен шалғай батыстағы «Ақ теңіз –Балтық каналында» көп жыл жұмыс істейді. Ал Құмарбек Көпенұлы Қытай жеріне қашып кетуге мәжбүр болады. Көптеген канал жұмыскерлері Марқакөл өңіріндегі «Ленин» колхозына ауысады. Қалғандары «Талапкер» колхозына ауысады.

Қалибек Алтыбаевтың «Атамекен Зайсан» кітабында Қасайын Ілгекбаев туралы берілген келесі деректі ұсынып отырмыз.

Қасайын Ілгекбаев –1903 жылы Зайсан ауданы, Қара Ертіс бойында дүниеге келген, 1993 жылы ақпан айында Дайыр ауылында қайтыс болды. Бұл кісінің өмір жолы өте күрделі. Руы –Тоғыз, Серіғара. Әкесі Ілгекбай аса бай адам болмағанымен, өзінің пысықтығы арқасында ауылдағы алдыңғы қатарлы отбасылардың бірі болған. 1913 жылы Ілгекбай баласы Қасайынды Зайсан қаласындағы мешіт жанынан ашылған діни медресеге оқуға береді, ол осы медреседен хат танып, діни білім алады. Қасайын молда Кеңес өкіметі орнағанға дейін балаларға діни дәріс беріп, Қазан төңкерісінен кейін үкімет жұмысына белсене араласады. Қолынан іс келетін, беделі барынша артып келе жатқан азаматты көре алмаған біреулер Рожков ауылына қонып шыққан солдаттың атын ұрлады деп, сол кездегі «Паш ал десе, бас алатын» НКВД қызметкерлері Қарысбек Әбдірахманов арқылы жазықсыз түрмеге жаптырады. Сөйтіп солақай саясаттың кесірінен он жылға бас бостандығынан айырылып, ең алдымен Қарағанды жерінде мал бағып, одан кейін «Беломор – Балтық» каналын салуға апарады. Қасайын Ілгекбайұлы сол жерде жүріп, өзінің жазықсыз сотталғанын айтып, жоғарғы сотқа шағымданады. Жоғарғы сот қылмыстық істі тексеріп, дәлелсіз сотталған, –деп ақтайды. («Дана Илгекбаеву оглы Касайну, в том что он согласно определен судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда СССР от 16.04.1941 г приговорен народным судом Зайсанского района от 27.07.1934 года отменить за отсутствием состава преступления и определения дело производство прекратить, освободить 10 мая 1941 года» – делініпті).

Сөйтіп, жеті жыл абақтының аңы дәмін татқан азамат 1941 жылы мамыр айында туған үйіне оралады. Өзі жазықсыз айдалып кеткенде, шиедтей екі баласы мен артында қалған жарына енді қосылдым ба деген Қасайынның үміті ақталмай, соғыс өрті қайта шарпыды. Арада бір ай өтер-өтпесте майданға алынып, Ставрополь өлкесінде тұтқынға түседі. Біраз уақыт ұстағаннан кейін, тұтқындарды Польша жеріне жөнелтеді. Бір күні мұсылманбыз деген тұтқындарды лагерь алаңына жинап, Мұстафа Шоқаймен кездестірді. Қасайын Ілгекбайұлы Мұстафа Шоқаймен бетпе-бет сөйлесіп, «Түркістан» легионына қабылданып, 511-ші батальонның молдасы болып тағайындалады. Мұстафа Шоқаймен тұңғыш кездескен Зайсандық осы кісі болуы мүмкін. Қорлық-зорлықтан, аштан өлген мұсылмандардың жаназасын шығарып, арулап, жерлеп, мұсылман дәстүрлерін қолдан келгенше іске асырған. 1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан соң елге оралып, бейбіт жұмысқа араласады. Бірақ бұл тыныштық ұзаққа бармай, «соғыста немісте тұтқында болғансың»–деген айып тағылады. Соғыста концлагерьде көрген азабы аздай, 1950 жылғы қуғын-сүргінге ілінеді. Бұл жолы «Отанын сатқан» деген жаламен 25 жылға сотталады. Кейін бұл мерзім Түркістан әскери округі прокурорының наразылығы негізінде Түркістан легионында болсадағы өз отандастарына, партизандарға қарсы оқ атпағаны үшін 10 жыл мерзімге қысқартылады. 1950 жылдан 1955 жылға дейін Сібірдің суық аязына төзіп, Иркутск түрмесінде өмірін өткізеді. Өмір бойы қуғын-сүргінде, соғыста, түрмеде болып, елге қайта оралғаннан кейін «Кендірлік» кеңшарында істеді. Туған жеріне, өз еліне келгеннен кейін де Алланың ақ жолы Ислам парыздарын жүзеге асырғаны үшін, талай-талай ауыр сөздер естіді. Осының бәріне төзіп шыдады. Ол арабша көп оқыған, шын ниетімен Алла жолына берілгендігін дәлелдеп, тоқсан жасқа келіп өмірден озды.

## Молда Сейіт (Байсейіт молда)

Тоғыз руының ішінде Отар атасына жататын Бөрен тармағынан Тоқбай, Өтеміс деген екі ата тарайды. Осы Тоқбайдың немересі Байсейіт - үлкен молда болған адам. Семей қаласында медресе оқып діни білім алған. Семей медресесің тәмәмдаған соң, өз еліне келіп, көп жыл молдалық құрған.

XX ғасырдың басында Зайсан қаласындағы мешітте көп жыл молда болып істеп, халыққа адал қызмет көрсеткен адам. Дін тарихын халыққа ұғындырып, уағыздауда білгір адам болған.

Байсейіт өте діндар, сопы адам болса керек. Үйіне келген қонақтарын суға шомылдырып, дәрет алғызып, намазға жығылтып қайтарады екен. «Бір адамды намазға тұрғызып, сәждеге маңдайын тигізген, орындалған бір парыз» - дейтін көрінеді. Осындай мінездеріне қарай, ел Байсейіт демей, ол кісіні Молда Сейіт деп атап кетіпті.

Сонда Молда Сейіттің сырын білетін адамдар молданың үйіне қонуға жасқанып, ол кісі намазға тұрғызбай қоймайды деп, Байсейіттің інісі Қапсалық, Қапсәлім, Насимолда деген ағайындарының үйіне барып қонады екен.

Осы Молда Сейіттең бес ұл таралады. Олар: Уазірхан, Әбілғазиз, Әбілқак, Әбілқадір, Әбілахат деген азаматтар еді. Молда Сейіттің балалары бәрі де зерек, ақылды, іскер, азаматтар болған. Бәрі де ескіше оқыған, діни білімді адамдар еді.

Байсейіт молда колхоз шаруашылығында көп жыл еңбек етіп, туған аулында дүниеден озды.

### Азиз Байсейітұлы

Балаларының ішінде Әбілғазиз өте зерек, алғыр болған еді. Ұлының талапты, зерек азамат болатынын байқаған Байсейіт молда, баласын Ташкент қаласына жіберді. Ислам дініне шынайы берілген Байсейіт молда, Әбілғазизге діни білімді тереңдетіп оқуды тапсырады.

Бірақ Әбілғазиз Ташкентке барған соң, діни оқуды оқымайды. Сол кездегі «Партшкол» деп аталатын, партия кадрларын даярлайтын мектепте үш жыл оқып, саяси білім алады. 1932 жылы оқуын тәмәмдап, Зайсан қаласына оралады.

Әбілғазиз Ташкентте оқып жүрген кезінде Мариям деген өзбек қызына үйленеді. Әбілғазиздің ата-анасының қуанышында шек жоқ. Баласы оқуын бітіріп, және үлбірден жап-жас Мариямды көріп, көңілдері толып, мерейі өсіп отырған кездері еді.

Көп ұзамай Әбілғазизді Семей қаласына қызметке шақырады. Әбілғазизді жолдастары да, үй-іші де Әзиз деп атайтын еді. Семейге келген соң, Әзизді Семей Автодорожный техникумына директорлық қызметке жібереді. Әзиз қызметке мықты, беделді азамат болды. Елдегі іні-бауырларын да қалаға шақырып, оқытуды мақсат етеді. Інілері Әбілқак, Әбілахат, ағайындарының балалары бәрі Әзиздің үйінде тұрып оқыған.

1934 жылы Әзиздің Тұрсанай деген қызы дүниеге келеді. Тұрсанайдан кейін Серік деген ұлы болады.

1937-1938 жылдары Әзизді молданың баласы, бай тұқымнан шыққан деп көрсетіп, қудалау басталады. Тергеу жүргізіп, Семей түрмесіне жабылады.

Кейіннен сол кездегі жазаның ең ауыр түрі «Тройной» деп аталатын үкіммен сотталады. «Тройной» деген сол кездегі ұғым бойынша, әр кезеңі 10 жылдан үш кезеңге кесіледі. Яғни, 30 жыл бас бостандығынан айырылып, түрмеде болуға шығарылатын үкім.

Әзиз шалғайдағы суық та, сұрқай Сібір өңіріне айдалады. Әзиз Сібірге айдалған соң, оның жұбайы Мариямды және туыстарын қудалау басталады. Жиі-жиі тінту, сұрау-тергеу жұмысы көбейеді. Сондықтан Мариям Қарағанды қаласына таяу Саран руднигіне көшеді. Інісі Әбілахат Жезқазғанға ауысады.

Эзиз 1948 жылы бірінші кезеңін (10 жылын) өтеп, 3 айға демалыс алып елге келіп қайтады. Демалыс мерзімі біткен соң. Қайтадан абақтыға жабылып, бұрынғы орнына Сібірге жөнелтіледі.

Эзиз Байсейітұлы Саран қаласында жерленген.

Ал, Эзиздің қызы Тұрсанай Ташкент қаласына кетеді. Сол жерде оқып, университет бітіреді. Туыстарының қолында тұрып оқиды. Тұрсанай да өте зерек, алғыр бала болады. Жоғары оқу орнын үздік бағамен бітіреді. Ташкент университетінде сабақ беріп, қызмет бабында жоғарылап өсіп отырады. Парламент мүшесі болған. Өзбек ССР-і Жоғарғы Кеңесі құрамында қызмет атқарған.

### Дауылбайұлы Даданбай молда

Даданбай молда – тоғыз руының Сәметай тармағынан шыққан. Сәметайдан – Бажық, Китап, Сартқожа туады. Сартқожадан Таңқақ және Дауылбай деген аталар таралады.

Дауылбайдан – Даданбай молда туған. Дауылбай діндар, ескіше оқыған адам еді. Озінің екі ұлы Даданбай мен Бөденбайды ескіше оқуға береді. Кейде өз үйіне молда жалдап оқытады. Үлкен ұлы Даданбай оқуға өте зерек, алғыр бала болады. Даданбай 1885 жылы Қара Ертіс өңірінде дүниеге келген.

Әкесі Даданбайды ары қарай оқытуды мақсат етіп, Бұқара қаласына оқуға жібереді.

Бұқара сияқты алыс аймаққа бала жіберіп оқыту, ол кезде оңай шаруа болмаған.

Қожанбет елінің, атақозы атасынан Сартұлы Нұрсағит деген шәкірт екеуі бірге барып оқыған. Нұрсағит та оқуға зерек шәкірт болған.

Даданбай құран-кәрімді жаттап, иман-шарт ережелерін жетік меңгерген. Тарих ілімі саласынан көп білімді үйренеді. Үлкен діни білімі бар молла ретінде елге оралады.

Даданбай өз бетінше де діни кітаптарды оқып, күндіз-түні кітап қопарып өз білімін терендетумен болады. Мұсылмандықты ерекше қастерлеп, дін тарихын, пайғамбарлардың өмір жолын шәкірттеріне уағыздауда өте білгір болған. Даданбай мен Нұрсағит Бұқарадан оқуларын бітіріп, 1920 жылдары елге келген соң, Зайсан медресесінде молдалық қызмет атқарады. Ауыл балаларын діни рәсімге оқытып, баулиды.

1932 жылдары Даданбай молданы қудалап, халықты діни көзқарасқа тәрбиелейді деген жала жауып, сөз ілігеді. Құдалау, көрсету көбейген соң, Даданбай молда бұрын өзі оқыған Бұқара қаласына кетуге мәжбүр болады.

Бір күні ертемен намазға тұрған Даданбай із-түссіз жоғалып кетеді. Ауыл маңында екі кесісі, қолына ұстаған құман шәйнегі қалады.

Ағайындары неше күндей ауыл төңірегінен іздегенмен ешбір дерек таба алмайды.

Даданбай молда таң намазында үйден шығып, Боран айлағына жетіп, жүк баржасына отырып, Семей қаласына жетеді. Одан әрі жүк керуендерімен ілесіп, Бұқараға кетеді.

Сол жерде аздан діни жұмыстармен айналысып 1943 жылға дейін тұрады. 1942 жылы Даданбайдың немере інісі Бижігітов Бидаш майдангер өзбек жігітінен кездейсоқ Даданбай ағасы жайлы деректі естиді. Майданға келген өзбек жігіті: "Біздің елде Даданбай деген молда пайда болды. Басқа жақтан келген адам. Қайдан келгені белгісіз. Түр-бейнесі, бойы, жас-мөлшері өзіңіздің айтқаныңызға ұқсайды. Өткір көзді, өжет мінезді адам", - дейді. Даданбай молданың одан кейінгі өмірі белгісіз.

Даданбай молданың елде жүрген кезде екі ұлы болған. Үлкен ұлы Қали, кіші ұлы Мержақып. Қали 1943 жылы Отан соғысына кетеді. Қалидан бір қыз қалады. Ал Мержақып 1959 жылға дейін "Талаңкер" колхозында тұрды. Екі қызы, бір ұлы болған. Мержақыптың үлкен қызы Нұржамал, ұлы Өмірбек, кіші қызы Бағжан.

Мержақыптың үш баласы да мектепте өте жақсы оқыды. Екі қызы да жоғары білімді. Ұлы Өмірбек мектепті бітірген соң, қайтыс болды. Мержақыптың жұбайы Қайырсын үш баласын оқытып жеткізді. Екі қызына жоғары білім берді. Қыздарын тұрмысқа беріп, немере сүйген қадірлі ана. Қайырсын үлкен қызы Нұржамалдың қолында Өскемен қаласында тұрды.



Менің өз атам – Солаң деген кісіден менің әкем – Өкісхан жалғыз ұл. Атамыз Солаң 36 жасында ерте қайтыс болған, артында 6 жасар ұлы Өкісханмен апамыз 25 жасында жесір қалады. Біздің атамыз Солаңның қайтыс болардағы өсиеті бойынша —«Өкісханды оқыт» деген өтінішін орындай келе, апамыз Мент ұлын ертіп апарып, Ихсан деген молдаға оқуға береді. Оқуға баланы қабылдаған молла баланың әкесі жоқ, жартылай жетім екенін ескеріп, әрі қолғанат етіп үй шаруасына ұстау үшін, баланы «тегін оқытамын» деп алып қалады. Үш жылдай үйінде ұстап, оқытады. Артынан оның шешесін шақыртып, «Міне, балаңыз енді үлкен молда болды»деп, батасын беріп, үйіне қайтарады. Бұл Өкісханның 16 жасқа толғаны – 1900 жыл екен.

Оқудан оралып, үйіне қайтып келген әкеміз Өкісхан – Дәулеттен тараған Жайық аулына имам болып, моллалық жасап, әр жердегі бытыраңқы елдің балаларын үйіне жинап, күндіз оқытып, кейде түнделетіп ағаш шабу өнерімен де шұғылданады.

Тұғыл, Қара-қас, онан ары Ертіс бойы мен Құйған, Камышынка, Баты, Құлажорға, Қостөбе сияқты Ертіс өзені бойындағы ауылды елдерге дейін саудалап, ағайын арасындағы сенімді – сергек әрі пысық жолдасы мен бірер айдай жолаушылап қайтушы еді. Ондағы әкелетін табысы – бір шана бидай, тары және бір уыс күміс ақша... Жол – жөнекей арлы-берлі қонатын таныстарының ішінде – өз мәнерімен әндетіп оқып беретін әр түрлі қисса-жыр, өлең жазылған қаншама кітапшалары бар... Оларын оқығанда халық «қандай ұйып тыңдайды» - деп келетін жарықтық. Ол кісінің дауысы қандай әсем еді, тыңдаушыларын бірден өзіне тартып баурап алатын. Қайсы бір қиссаларды оқығанда көбі жылап отыратын. Әкем сонда «Жәмсап», «Намрұт патша», «Құла-мерген», «Қалқаман - Мамыр», «Біржан сал мен Сараның айтысы», т.б. Шарифат туралы қиссалар... Сол уақытта маңайдағы көршілер «Өкісхан молланың кезекті оқитын өлең-қиссаларын тыңдаймыз» -деп жиналушы еді. Әмбе ясин намазына ұйып қатысады. Жұма намазы да ылғи біздің үйде оқылатын.

Осы кәсіптерін елді колхоздандыру науқанынан бір жылдай бұрын, 1929 жылдары тастауға мәжбүр болып еді. Өйткені, сол кездегі шолақтар, байлармен қоса молда-қожаларға да «атамыз, жоямыз», деп шабуыл жасай бастайды. Сонда құран-намаздарын жасырып оқып жүрдік. Сол өлең кітаптарын елге мен де оқып беріп жүрдім. Олардың қайсы бірін, әсіресе «Біржан мен Сараның айтысын» жатқа, әндетіп айтып жүруші едім...

Менің ата-бабаларым: Солаң, Татан, Шомақ, Жайық, Дәулет, Байқұл, Күшік, Тәңірберген. Одан ары Солтанкелді. Міне, тоғыз атама дейінгілер осылар болды. Ал, менің бірінші атам – Солаң деген кісі өзі соңы болса керек. Солаң деген аты мана Қытай елі жақтағы бір ұлыстың атымен аталынып – ат қойылыпты.

Әкеміз Өкісханның «балалық» шағы 32 жасында аяқталып, әрең дегенде 1916 жылы шешеміз Кәкіш Қоша қызына үйленеді. Бұның өзі сол кездегі «қалыңмал» берудің әсеріне байланысты болса керек. 15 жылдай табысын жинап, қалыңмал үшін өтей беріпті. Дегенмен қайын жұртына келісілген 40 байтал құнын өтей алмай, ақыры басқа жолмен үйленген. Сөйтіп, 1917 жылдан бастап ең тұңғыш ұлы Тұрсина, сонан соң мен – Тұрысбек, Жүнісбек, Мүздәліпа, Лауия, Мауия, Мәрзия, Әнуарбек, Заманбек, Әніғамбек деген 10 бала болыпты.

Мен өзім бес жасымнан бастап әкемнен арабша оқу оқыдым.

Әуелі әліфбе, сонан соң әптиек, иман – шарт. Сосан құран –кәрім. Мен өзім оқыған кезде қағаз-қарындаш жоқ болғандықтан ағаш қалақшаға талдың шала жанған күйесімен әріптерді жазып үйрендім. Сол кездегі арабтың әріптерін түгел үйренгенше, әрбір әрібін жекелеп қалақшаға жазып, сосын қалақшадағы ескі жазуларды қырып тастап, қайтадан күйемен келесі әріптерді жазып жүріп-ақ, хат таныдым. Келесі жылы әкем Зайсан дуанынан бір қарындаш және қағаз әкеп беріп қуантқан еді. Ал енді құран-кәрімді бес мәрте аударыш оқып шыққан соң, әкем сол құран-кәрімді жаттатқызды. Әкем «осыны түгел жатқа білсең, Шокетан қари боласың» - дейтін.

(Өкісханұлы Тұрысбектің естелігінен).



Тұрысбек Өкісханұлы 1920 жылы қазан айының 7-жұлдызында Ақарал аймағындағы Қара Ертіс өзенінің оң жағалауындағы "Жайық" аралында дүниеге келген. Байқұл деген бабамыздың үш әйелдерінен туған 9 ұлдарының (Жаманбай, Бөрен, Дәулет, Серіғара, Сөрті, Бәйтемір, Отар, Теңіз, Тебей) Дәулетінен тарайды.

Соңғы жылдары, әсіресе Қазан төңкерісінен аз бұрынырақ біздің руды "Тоғыз" деп атап кетіпті. Оның себебі сол арғы бабамыз Байқұлдың 9 ұлдарының санымен байланысты болса керек. Анығында Тоғыз деген кісінің аты жоқ. Осы 9 ұлдардың мекені – Түйетастан Мөнекейге шейінгі Ертіс жағалауы.

Тұрысбек Өкісханұлы бес жасынан бастап он екіге дейін өз әкесінен діни оқуды оқыған. 1939 жылы "Большевик" орта мектебін үздік бітіреді де, сол кездегі "Красный Пограничник" колхозында хатшылық, әрі бастауыш комсомол ұйымының да хатшылық жұмысын қоса атқарып жүргенде, 1940 жылы партияның шақыруымен "Шығыс тас жолы" құрылысына қатынасып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

1940 жылы қазан айында Совет армиясы қатарына шақырылып, одан 1946 жылы аман-есен елге оралады. Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыста көрсеткен ерліктері үшін "Әскери қызметі үшін", "Ерлігі үшін" медальдары және "Қызыл жұлдыз", "Отан соғысының II-дәрежелі" ордендерімен марапатталған.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде Өкісханұлы Тұрысбек 1946-1975 жылдары мемлекеттік статистиканың аудандық мекемесін басқарып, ондағы өнегелі қызметі үшін "Құрмет белгісі" ордені, "Даңқты еңбегі үшін" медалімен марапатталды. Осы мерзімде – Жоғары ведомства, Министрліктің 5 мәрте құрмет грамоталарын алды. Еңбек пен оқуды үйлестіре жүріп, 1949 жылы статистика техникумін, 1956 жылы Бүкілодақтық экономикалық институтты сырттай бітірді. Бұл кісі аудандық, облыстық және республикалық газеттерге 100-ден астам әр түрлі мақалалар жазды.

Еңбегінің соңында 1982 жылға дейін №62 жол-құрылыс басқармасында кадр бөлімін және техника қауіпсіздігі жұмыстарын басқарды. Ал, 1940 жылдан бастап Коммунистік партия өз жұмысын доғарғанша оның қатарында болды.

Тұрысбек Өкісханұлы 1982 жылдан құрметті демалысқа шыққан соң, дербес зейнеткердің "Өмір өткелдері" деген кітабы 2005 жылы Өскемен қаласында "Медия-Альянс" баспасынан шыққан. Кітап Шығыс Қазақстан облысы ішкі саясат департаментінің тапсырысы бойынша әлеуметтік маңызды әдебиет негізінде шығарылған.

Тұрысбек Өкісханұлы "Өмір өткелдері" деген кітабында өзінің өмір жолдарының әр түрлі кезеңдерін, қиын-қыстау уақыттарды, алапат соғыс қасіретін бірге көрген майдандастардың өмірі жайлы терең тебіреніспен жазады. Соғыс аяқталған кездегі Жеңіс күнінің қуанышты сәттерін, өзінің жүректен шыққан жыр жолдарымен өрнектейді. Тұрысбек Өкісхановтың бұл кітабы шынайы өмір шындығына негізделген, жалпы оқырман қауымға арналған.

"Өмір өткелдері" бүгінгі жастарға да, өмірден көргені мол үлкендерге де тартымды да қызықты шығарма. Тұрысбек Өкісханұлының "Исламдық дін, тәлім-тәрбие және өмірлік-өнеге" деген кітабы 2006 жылы облыстық "Рудный Алтай" газетінің баспаханасында басылған.

Өкісханнан - Тұрысбек, Заманбек, Тұрсина үш ұл болған. Тұрысбектің өзінің ұлы Қанатбек, Төлеген және немересі Азамат атасының жолын, өмір-өнегесін жалғастыруда.



Шүленұлы Жәмке - ежелден Қара Ертіс бойын, Нұр-Зайсан өңірін мекендеген азамат. Жәмке 1890 жылы дүниеге келген. Бала жасынан балықшылық пен теңіз кәсібін үйренген.

Жәмке Шүленұлы Андабарақтан таралады. Андабарақ Сұлтанкелдіден тоғыз ұл туған. Осыдан бұл ел «тоғыз руы» аталады. Осы тоғыз ұлдан тек Тәңірбердіден ғана ұрпақ тарайды. Тәңірберді ұрпағы тоғыз елі болып жалғасып келеміз.

Тоғыз руының ішінде Сәметай, Сәкөк деген ірі тармағы бар. Жәмке Шүленұлы Сәкөк тармағына жатады. Сәкөктен Өтепбай Өтеміс деген екі ұл. Өтепбайдан Шүлен, Қасымбек туады. Шүленнен – Кенесбай, Кеңесбек (Жәмке), Қасымбай, Қыдырмолда деген төрт ұл тараған. Ал Жәмке атадан Қабдрахман, Қадылбек, Ниязбек деген ұлдары таралады.

Үлкендердің айтуы бойынша, Сәкөк бабамызға Қыдыр дарыған деген сөз бар. Сәкөк бабамыз түс көріп, түсінде Қыдыр ата бата берген екен.

Қыдыр ата батасын беріп тұрып: «Пендем, сен бұл түсінді жан адамға айтпа» деп, алақанымен бетін сипап, жүріп кеткен екен.

Осы түстен кейін Сәкөк атадан тараған әулетке бақ қонып, дәулеті күн санап өсіпті. Мал – басы бірдей өскен. Сәкөктен тараған бүгінгі ұрпақтары да бай – берекелі өмір сүруде.

Жәмке атамыз қайратты, қажырлы, іске тиянақты, аз сөйлейтін нығыз мінезді адам болған. Ағайынға қамқор, үлкен – кішіге қайырымды адам еді. Өзі жауырыны жерге тимеген балуан болған. Үлкендер «Ақ балуан» деп атаған.

Жәмке атамыз және Қасымбек аталарымыз 1930 жылдары Марқакөл өңіріндегі Қаражал, Жыланды алтын өндірісінде көп жыл еңбек еткен. 1940 жылдары Тұғыл елді мекеніне көшіп келеді. Тұғыл балық зауытында жұмысқа кіреді. Осы жылдары әскерге шақырылып, үш жылдан артық уақыт майдан даласында болады. 1944 жылы елге аман – сау оралады. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Тұғыл балық зауытында көп жыл еңбек етеді.

Жәмке ата өзінің балалары жайлы қызықты әңгімелер айтып отыратын. Осындай бір естеліктерін келтіре кетуді жөн көрдім.

1930 жылдардағы қиыншылық кездер. Ел ішінде бірін – бірі көрсету, заңға тартып, абақтыға жабу сияқты әпербақан саясат көбейген кезең. Және бүкіл елді қамтыған ашаршылық халыққа аса ауыр тиген уақыт. Халық лажсыздан шекара асып, жан сауғалауға мәжбүр болған ауыр кезең еді. Қайратты азаматтардың ұйымдастырып, басшылық етуімен, Қара Ертіс бойындағы Тоғыз ауылдары бір түнде үдере көшіп, Шәуешек тұсынан арғы бетке өтеді. 50 ден астам отбасы мал – мүлкімен шекараға жақындаған кезде, шекара отрядтарының тосқауылына кездеседі. Қуғыншылардың қарша бораған оғынан қорғанып, жанталаспен жүрген кезде, жөргегіне орып, қоржынға салып алған баласынан көз жазып қалады. Бұл кенже баласы Қабдрахман еді. Жәмке атамыз келген ізімен кері қайтуға мәжбүр болады. Атамыз кенжесін орауымен көк мұздың үстінде жатқан жерінен тауып алады. Бала дін – аман. Содан атамыз «Қой, жалғыз ұлымнан айырылып қалар жайым жоқ, не көрсем де еліммен бірге көрейін», - деп Қабдрахманын құшақтаған бойы туған ата мекеніне оралыпты.

Енді бір әңгіменің жүйесі 1934-35 жылдары болған екен. Бұл кезде Жәмке атамыз Жалаңаш өндірісінде жұмыс істеп жүрген. Өндірістің бастығы Таңырықов Смағұл деген азамат болған.

Ойнап жүрген бала Қабдрахман, жұмыскерлер алтын жуып кеткен забойдағы құмның арасынан үлкендігі қасықтың басындай таза сап алтын тауып алады. Қабдрахман алтынды әкеліп әкесіне көрсетеді. Міне осы алтынды мемлекетке өткізіп, одан алған ордеріне

баласына мектепке киетін киім, кітап, дәптер алады. Сонда Жәмке атамыз «Қабдрахман балам Алланың рахымымен туған. Бала несібесі тәңірден», - деп отыратын еді.

Жәмке атамыз - соғыс және еңбек ардагері. Еліне өте қадірлі азамат болды.

1983 жылы халқының және бала – шағасының құрметіне бөленіп, 97 жасында дүниеден озды.

### Досым Асанов



1892 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Шеңгелді аулында кедей – шаруа отбасында дүниеге келді. Досым 10 жасынан 18 жасына дейін әртүрлі жұмыстарды істеді. Жиырма жастан бастап ширек ғасыр Алқабек кен өндірісінде ағаш даярлау шаруашылығында жұмыс істеді. 1935-1938 жылдары Куйбышев колхозында шопан болып істеді. Мал сырын жақсы білетін аға шопан қаһарлы қыста да, жыл сайын отарын шығынсыз бақты. 1945 жылы шопан жылдық жоспарын асыра орындады. Досым Асановтың еңбегі бағаланып "Қызыл жұлдыз" және "Ленин" орденімен марапатталған. Еңбегі жанған аға шопан 1947 жылы отарындағы 517 саулықтан 648 қозы алды. Яғни әр жүз саулықтан 125 төл алған. Мал шаруашылығын өркендетудегі жоғарғы жетістігі үшін, СССР Жоғарғы Советінің Бұйрығы бойынша Досым Асановқа "Социалистік Еңбек Ері" атағы берілді. 1958 жылы "Еңбек Қызыл Ту" орденімен, екінші рет "Ленин" орденімен және "Орақ-Балға" алтын медалімен марапатталған. Досым Асанов - аудандық және ауылдық советтің депутатына сайланып, қоғамдық саяси істерге де ат салысқан азамат. Досым Асанов - айтулы

еңбек ардагері, еңбегімен Ер атанған үлкен тұлға. Досым аталар – ел мақтанышы. Досым Асанов Төртуыл → Тоғыз → Қаратоқа аталарына жатады.

### Усанов Кенжебай

Усанов Кенжебай Төртуыл → Тоғыз руының → Дәулет атасына жатады. Ұлы Отан соғысы кезінде Тегістік колхозында қой директоры болып жұмыс істеген Усанов Кенжебайдың 1940 жылы жалғыз ұлы Әділбек Ұлы Отан соғысына кетеді. Ол кезде Әділбек 18 жаста еді. «Атам соғыс кезінде қой мен түйені қатар бағыпты. Қажырлы еңбегімен, ұжымның мал санын өсіруге мол үлес қосады. Қой сауып, ақ ірімшік жасап, жүннен шұлық, қолқап тоқып майдандағы жауынгерлерге жіберіпті» деп еске алады немересі.

Кенжебай ата өте кеңпейіл, көпшіл адам болған. Ел – жұртпен араласып, ағайын – туыстарымен жақын қарым-қатынасын алыстатпайтын пейілі кең, үлкенге де, кішіге де қамқор азамат болған. Еңбегімен құраған дәулетін ешкімнен аямайтын, үйінен қонақ үзілмейтін, дастарханы жиналмайтын ырысты-берекелі үлкен отбасы болған.

Үйінде қарындастары, жиендері, Әділбектің келіншегі Мәпеткен болды. Кенжебай ата бұлардың бәрін де еркелетіп, жүдетпей, жақсыны кигізіп, дәмдіні ішкізіп отырды.

Отан соғысы жүріп жатқан жылдар еді. Ел басында өте ауыр күндер өтіп жатты. Осындай кезеңдерде Кенжебай аталар жетім балаларға, жесір қарындастары мен келіндеріне пана болды. Қиын күндерде тозып кетпесін деп, қанатының астына алып, тәрбие берген.



Асыл қариялар тар заманда қажымай – талмай, асқан қайраттылықпен, тылда қажырлы еңбек етті.

Кенжебай ата 1958 жылы ұлы Қағазбекті үйлендіріп, үлкен қуанышқа бөленді. Немере сүйді. Қалжыр аулының қадірлі қариясы болып зейнетке шықты.

Ұлы Қағазбек вет.санитар, жылқышы, 1970-ші жылы Шенгелді бөлімшесінің бөлімше меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1976 жылдан бастап түйе бақты. Еңбектері бағаланып көптеген мақтау

қағаздарымен марапатталды.

1963 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Алматыда жас мал өсірушілердің алғашқы слеті болады. Сонда үлкен бір орынның үлкен бір басшысы сонау Алтай өңірінен келген Қағазбек Кенжебаевқа қатысушылардың ду да - ду қол шапалақтауы үстінде «Құрмет Белгісі» орденін тапсырады.

1983 жылғы 14 ноябрьдегі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумының Указы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Қағазбек алты ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Қызы Бақытжан Қалжыр ауылында мектеп кітапханасында кітапханашы. Ардақ үй шаруасында. Ұлдары Мамырбек, Манарбек жүргізуші, Манат, Мұрат, Нұрбақыт тракторист. Қанат үйдің кенжесі шешесі Ләтаймен бірге қара шаңырақ иесі. Мамырбектен үш ұл бар Нұрлат, Мерхат, Жігер. Манарбектен – Жарқын, Айсара, Асыл. Манатта – Мейір, Жайнар, Жанат, Айгерім, Дарын. Мұратта – Нұрзат, Нұртас. Нұрбақытта – Қуаныш, Дамир, Іңкәр. Қанатбекте – Жансая, Жанайым, Бекзат, Еркенұр, Ерзат.

Осы 6 ұлы, 21 немерелері – Кенжебай ата мен Қағазбектің салихалы өмір жолын жалғастырып жатқан азаматтар. Жақсының ұрпақтары.

### Қалиакбер Ықыбаев

Қоғамымызда болған екі жүйенің де ыстық суығын басынан кешірген Төртуыл - Тоғыз ұрпағының Дәулет атасының азаматы-соғыс және еңбек ардагері Қалиакбер Ықыбаев.

Ру-руымен ата қонысын сағалап, әркім өз ықтиярымен ырысын шайқайтын заман тарих тереңіне ысырылып, жер - жерде қауымдасып күн көру яғни, колхоздарға бірігіп жұмыс істеу және ел еңсесін түсірмес үшін егіншілікке бет бұрған кез. Азаматтар Қалжыр өзенінің асау суына алқымнан арна ашып, Тұмсықшиден Тасөткелге дейін тоған тарту туралы тоқтам жасады. Ол кезде техника жоқ, оны қойып лом, қайла мен күрек қат кезең.

Бұл 1926 жыл еді. Тепсе темір үзетіндей жігіттермен бірге атамыз да тоған қазуға аттанады. Изет Момбаев деген азаматты ертіп алып аяқсыз қалған істі ары қарай жалғастырады. Тоған тартудың үмітсіз қарекет еместігін білген сол кездегі ауатком төрағасы Оралбаев деген кісі енді бұл іске тікелей көңіл бөліп, арнайы бригада жасақтайды. Сонымен бұл тоған екі жылда тартылып бітеді.

1934 жылы колхоздың ұста дүкеніне балғашы болып кіреді. Содан бастап осы кәсіппен айланысып, ұзақ жылдар бойы өзі де үйреніп, өзгеге де үйрете білді.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында, басынан аяғына дейін Қиыр Шығыста Жапониямен шектес шекарада өткізеді. Әскери борышын абыроймен атқарғаны үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» тағы да басқа медальдарымен

марапатталған. Соғыстан жеңіспен оралған ол, еңбек майданына құлшына кіріседі. «Баптай білсең жер жомарт» деп халық тегін айтпаған ғой, оған жаз бойы төгілген тердің бодауы қосылған соң, күзде қырман қызылға толады да қалады. Мерейі үстем болған екі азамат П.Мирошниченко мен Ықыбаев Калиекпер Алматыдағы Халық Шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне барып қайтады.

Табиғатында тыныш отыруды білмейтін, қолынан келген көмегін ешқашанда аямайтын, мен үлкенмін деп бәлсіңбейтін, адал әрекеттің өтеуі өмірдің өзінен игілік ретінде қайтып отыр. Атамыз 87 жасында бұл өмірден өтті. Артына ұрпаққа өнеге болар еңбек жолы қалды. Саналы ғұмырының серігі болған өмірлік жары Нүрзия анамыз екеуі сегіз бала тәрбиелеп өсірді. Сегіз баладан 17 немере, 23 шөбере өмірге келіп, тамырын тереңге жаюда.

Үлкені Зарлықан техника тілін меңгерген механик, өмірлік жұбайы Роза екеуі үш ұлдарын тәрбиелеп, жеткізді. Үлкені Зейін ҰҚК- да, ортаншысы Данияр әке жолын қуып, жүргізуші, кенжесі Дамир әскери қызметте, майор. Балаларынан төрт немерелері бар, Өскемен қаласында тұрады, зейнеткер. Рахат 2010 жылдан бері отбасымен Астана қаласында тұрады. Ақбота және Расул есімді балалары және немересі бар. Үлкен қызы Рая, ол да жұбайы Қалиолда екеуі екі қыз, екі ұл өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған, ауыл ақсақалдарының бірі, зейнеткерлер. Күпәні Алматы қаласының тұрғыны болып кетті, бизнеспен айналысады, қосағы Сембек екеуінің Руфат атты ұлы, Зарина есімді қызы бар, олардан төрт немере сүйіп отыр. Гулдені Асубұлақ аулында тұрады, ауруханада беделді аға медбике. Жолдасы Талғат екеуінің екі қыз, бір ұлы бар, олардан төрт немере сүйіп отыр. Кенже қызы Гулшарат Бобровка ауылында мұғалім, жолдасы Манарбек екеуі төрт қыз өсіріп, олардан немере сүйіп отыр. Кенже ұлдары Ғалым мен зайыбы Жанар екеуінен Диана, Айдана, Медина есімді қыздары мен Дидар атты ұлдары бар. Олар Талғар қаласында тұрады. Ал қара шаңырақ иесі Серік Өскемен қаласында тұрады. Зайыбы Асия екеуі екі бала өсіріп, қызын тұрмысқа шығарып, ұлын үйлендіріп немере сүйіп отыр.

### **Ықыбаев Рахат Калиекперұлы**

Рахат Марқакөл ауданы Қалжыр аулының тумасы. 1970 жылы Қалжыр орта мектебінде 1-ші сыныпқа барады. 1980 жылы мектепті үздік бағамен бітіріп, жоғарғы оқу орнына түседі. Институтты тамамдаған Рахат еңбек жолын Балқаш қаласында бастады.

Рахат 2010 жылдан бері отбасымен Астана қаласында тұрады. Ақбота және Расул есімді балалары және немересі бар. Әскери қызметте болғандықтан зейнетке ерте шықты.



Ол еңбек жолын 1988 жылдан Приозерск қаласындағы әскери бөлімінде электроника саласының инженерлігінен бастады.

1993 жылдан Алматы қаласындағы ғылым Министрлігінің радиоэлектроника мен жаңа технологиялар институты филиалының инженер-электроник қызметін атқарды. Ал 1994 жылдан Приозерск қаласының маслихатының Хатшысы болып тағайындалып, қаланың өркендеуіне, жастар ісінің дұрыс жолға қойылуына өз үлесін қосты. Осы жылдары ол өзінің ғылыми жобаларын қорғады. 1997 жылдан 2008 жылға дейін әскери қызметін жалғастырып, командалық пункт бастығының орынбасары қызметінен зейнеткерлікке шықты. Қызметімен қатар ол қоғамдық жұмыстармен көбірек айналысады. 2010 жылдан Астана қаласының «Тіл және мәдениет қалалық басқармасының» мүшесі. Бүгінде Рахат - берекелі отбасы. Ұлы Расул мен

Ақботасы жоғары білімді азаматтар.

«Жалғызының жолына қарап өтті...»

Балалық шағымда сұрапыл соғыстың кесірінен асыл жарынан айырылып, төрт баламен жесір қалған әжем Мағидың әңгімесінен атам Әмірханның майданнан қайтпаған жалғыз ұлы Манаптың (Ғабдылмәнәп) жолын өмірінің соңына дейін зарыға күтіп өткенін жиі еститінмін. Балалық шақта аса мән беріп, тереңіне үңіле алмасам да, есейе келе оның бір шаңырақтың қасіреті екенін зерделедім.

Майдан даласында көз жұмып, артынша қара қағаз келген аталарымды іздестіруді мен 1989 жылдан бастадым. Сол жылдары әскер қатарында жүргенде Мамаев қорғанына барудың сәті түсті. Ондағы бауырластар зиратында жерленген мыңдаған жауынгерлердің арасынан атамның есімін іздеп таба алмадым. Одан кейін де көп іздестірдім. Өкініштісі, барлық жерден «із-түссіз жоғалған» деген бір ғана жауап келетін.

2007 жылы Манап Әмірханұлының туғанына бір ғасыр толуына орай арнайы ас бердік. Осы кезден бастап іздестіру жұмыстарын жан-жақты жүргізе бастадық. Ерлан деген Досым Астанадағы тиісті орындарға Амирханов деген фамилиямен сұрау салып еді, «біреуі Смоленск түбінде, екіншісі Махачкала қаласының Киров ауданының Ескі орыс зиратындағы бауырластар қабірінде жерленген» деген жауап алдық. Өкінішке орай, бұл жолы да Ташкент қаласынан «Амирханов Мұхамед» деген жауынгер болып шықты. Осылайша, «әкешемнің арманын орындасам» деген ойым тағы да тығырыққа келіп тірелді.

Кіндік қаны тамған - Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданындағы Қалжыр аулына барып, ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, тәуекелге бел буып, соғысқа қатысқан барлық майдангерлердің аттары жазылған «Ер есімі – ел есінде» Даңқ мемориалының құрылысын сол күзде бастап кеттік. Інім Мұратбек жобасын жасады. Алматылық ағамыз Жақсыбай Бижігітов, аудан әкімі Алтайбек Сейітов пен ауыл азаматтары Ж. Әзімбаев, Е. Көшкіншінов, К. Мұсабаев, О. Дәулетбаев, М. Қомшабаев, Қ. Қайролдиндер барынша ат салысты. Әскери мұрағат арқылы соғыста мерт болғандар мен ардагерлердің аты-жөндерін іздестіріп, деректерді жинауға Зайсан аудандық әскери бастығы жерлесім Жанат Толыбаевтың көп көмегі тиді.

Жеңістің 66 жылдығына орай, 2011 жылы 7 мамыр күні Күршім ауданының Қалжыр



аулындағы «Ардагерлер саябағында», «Ер есімі – ел есінде» атты Даңқ мемориалы ресми түрде аштық. Ашылу салтанатына аудандағы соғыс және тыл ардагерлері шақырылып, сый-сыяпат көрсетіліп, жат жерде шейіт болған жауынгерлер рухына арналып ас беріліп, Құран бағышталды. ...Ескерткіш тақтаға қарап отырып, ресми дерек бойынша Күршім ауданынан майданға 9500 азамат аттанғанын, оның 2600-інің із-түзсіз

жоғалып, 2400-інің ерлікпен қаза тапқаны анықталды.

2016 жылы Теректі аулында Бақытбек Қабенұлы халыққа жаңа мешіт үйін пайдалануға берді. Марқакөл тұрғындары атынан ауылдастары үлкен ризашылықпен Бақытбекке ақбоз тұлпар мінгізді.

Бақытбек Қабенұлы Манап - Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қалжыр аулының тумасы. Тоғыз ішінде Дәулет атасының азаматы.

### **Бажықов Мешел (Рахмет) Бижігітұлы**

(Жақсының аты өшпейді)

Бұл орайда мен өзімнің ардақты әкем, құрметті ел адамы, кезінде «Жалғанның гүлі» деп ел – жұртына танылған, жайсаң мінезді, жомарт жанды аяулы АЗАМАТ жайлы айтпақпын.

Әкемнің ер мінезін, дархан қасиеттерін терең таратып жаза алмайтыныма өкінемін. Өйткені мен 5 жасқа толмаған кезімде әкем Отан соғысына аттанды. 1943 жылдың тамыз айы еді. Әкем майданға аттанғанда мен небәрі төрт жарым жаста ғана едім.

Біз тоғыз руының бір тармағы Тебей ішінде Сәметай, Сәкөк деген атадан тараймыз. Сәметай бабамыздан Бажық туады. Бұл кісі біздің үлкен атамыз. Бажықтан – Бижігіт, Ақыбай, Иісхан, Иіс деген төрт ұл туған. Өз атамыз Бижігіттен – Рахмет, Бидахмет деген екі ұл туады. Кейіннен Рахмет (Мешел) атанып, Бидахмет (Бидаш) атанып кетеді.

Ақыбай атамыздан жалғыз ұл Рахымсолтан еді. Жас кезінде баланы еркелетіп Бүйткен деп атапты.

Біздің Тоғыз елінің мекені Қара Ертістің оң жағасы бойындағы жазық аймақ.

Негізі біздің елдің қыстау – мекені қазіргі Ардеңкеден (Мойылды) бастап, Мөнекейге дейінгі Ертіс бойы жазығы.

Менің әкем Бажықов Мешел Бижігітұлы 1898 жылы Зайсан уезі Қара Ертіс болыстығындағы Жанды – Қарасу елді мекенінде дүниеге келген. 1933 жылда 1938 жылға дейін «Ленин» колхозында қызмет істеді. Колхоз (ұжым) бастығы болды.

Әкем 1938 жылы Майқапшағай алтын руднигіне (өндірісіне) қызметке ауыстырылды. Әкем Бажықов Мешел, Ақмадиев Уайдолда, Көлбаев Сабит сол кездегі білімді сауатты адамдар еді.

Әкемнен кейін 1938 жылдан «Ленин» колхозының бастығы Ақмадиев Уайдолда, ауылдық кеңестің бастығы Жүкенов Құдабай, хатшысы Молдабаев Хамитжан деген азаматтар болды. Бұдан кейінгі жылдарда «Ленин» колхозында Төлеңгітов Тұрдығұл, Шөкеев Өмір, Тоқбаев Нұрғали, Мұстафин Жүсіпбек, Маубасов Әділдабек сынды азаматтар колхоз шаруашылығын басқарды.

Майқапшағай алтын кенішінде көп жұмыскерлер еңбек етті. Бұл елді мекенде мектеп, сауда дүкені, монша, асхана, ағаш өңдейтін шеберхана жұмыс істеген.

Нұржанов Төлеміс «Майқапшағай» алтын өндірісінде 1940 – 1945 жылдар аралығында управляющи қызметін атқарған. Бажықов Мешел «Майқапшағай», «Қаражал» өндірісінде бастық болып, 1938 -1943 жылдарда қызмет еткен. Баймурзин Абылмажын тау – кен инженері «Майқапшағай», «Маралиха», «Монко» өндірістерінде қызмет істеген.

1943 жылдың тамыз айы. Әкемді жиі-жиі армияға шақырта бастады. Әкем дереу бізді Майқапшағайдан көшіріп Майтерекке әкеліп орналастырды. Біз шешем екеуіміз әкемді Зайсан қаласына дейін шығарып салмақ болдық. Жолға жинала бастадық, күздің ыстық күндерінің бірі еді. Әкемнің пәуеске арбасына қара атты шегіп жолға шықтық.

Әкемнің ең соңғы жазған хаты 1944 жылы апрель айында келген еді. Одан кейін жолдасы өзбек жігітінен бір хат келген. Ол хатта әкемнің қайтыс болғанын айтып жазған екен.

Бұдан кейінгі әкеміз жайлы деректі 67 жылдан кейін ғаламтордан тауып отырмыз.

Ғаламтор дерегіне сүйенсек, [www.obd-memorial.ru](http://www.obd-memorial.ru) мәліметтерінде Бажиков Мишель 1901 жылғы, туған жері ШҚО, Марқакөл ауданы, Горный селосы. Әскерге шақырылған жері



1943 жыл, Зайсан РӘК, Қазақ ССР. Соңғы әскери қызметі орыны –3 гвардиялық әуе – десант дивизиясы. Әскери шені - қатардағы жауынгер. П/п 51055 –В. Қайтыс болған уақыты 08.05.1944 жыл. Жерленген жері туралы мәлімет жоқ.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 3 гвардиялық әуе – десант дивизиясының әскери шебін ғаламтордан іздестіру кезінде, 2-ші Украин фронтында 27 –ші Армия құрамында Уманско – Боташанский операциясына қатысқаны анықталды. 3 гвардиялық әуе – десант дивизиясын Кеңес Өкіметінің маршалы И.Н.Конеv басқарған. Уман – Боташан операциясының жетістігі Оңтүстік Украина, Молдавия жері жаудан толығымен азат етіліп, неміс армиясын СССР шекарасынан шығарған.

### Бидахмет Бижігітұлы



Бижігітұлы Бидахмет (Бидаш) 1901 жылы Қара Ертіс аймағындағы Жанды-Қарасу елді мекенінде дүниеге келген.

Бидаш өте сері, кіршіктей таза жүретін адам болған. Өтірік – өсек айту, мақтанып сөйлеу сияқты әдеттерді ұнатпайтын. Өзі - он қолынан өнері тамған шебер адам. Қолы шебер, әр нәрсеге мұхият, ерінбейтін шаруақор адам болған. Сол кездерде Жанды-Қарасу ауылында 35-40 отбасы мекен еткен. Ауылда бастауыш мектеп болған. Сауда дүкендері болған. Кейіннен бұл ауыл теңіз астында қалды.

Бидаш 1936 жылы Хамзақызы Нұрсағиламен отбасын құрап, екі ұл, екі қыз өсірген. 1938 жылы Қаражал, Майқапшағай алтын өндірісінде жұмыс істеген.

1941 жылы майданға Ұлы Отан соғысына аттанады.

1943 жылы шайқас кезінде ауыр жарақат алып І топтағы соғыс мүгедегі ретінде елге оралады. Соғыстың ауыр жылдарында денсаулығы нашарлығына қарамай, колхоз шаруашылығына араласады.

Көп жыл «Қазақстан» колхозында еңбек етті. Кейін Қалжыр кеншарында еңбек етіп, 1961 жылы зейнет демалысына шығады.

Бижігітұлы Бидахмет 1984 жылы 11 марта «Отечественной Войны» І степени атты орденімен марапатталады, басқа да юбилейный медальдармен марапатталған.

1935-1936 жылдары елді жаппай сауаттандыру кезеңінде Хамзақызы Нұрсағила алғашқы білімді адамдардың қатарында болып, сауат ашу мектебінде қызмет істеген. Нұрсағила Хамзақызы сауат ашу мектебінен алған алғашқы табысына, әкесі Хамзаға дөңбектен салынған үй сатып бердім деп отыратын еді.

Колхоз шаруашылығындағы қажырлы еңбектері үшін Марқакөл ауданы бойынша 6 әйел «Тылдағы ерең еңбегі» атты медальға иегер болады. Соның бірі Нұрсағила Хамзақызы.

Бижігітұлы Бидахметпен жары Нұрсағила Хамзақызы тәрбиелі, өнегелі отбасы болды.

Балаларын еңбек сүйгіштікке, адалдыққа баулыған. Балаларын оқып білім алуға тәрбиелеген. Ұлдарын оқытты. Жоғары білім берді. Ұлдары Бидашев Көкенай мен Бижігітов Жақсыбай елінің жоғары білімді, білікті, іскер азаматтары болды. Ел арасында қадірлі, Марқакөл өңірінен шыққан бірегей азаматтар.

Бижігітұлы Бидахметтің ұрпақтары бүгінде Алматы қаласында және Өскемен қаласында тұрады.



Китапов Иманмәди Жақыпұлы 1905 жылы Қара Ертіс жағасындағы Шенгелді елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Жақып Китапұлы Тоғыз руының Сәметай әулетінің азаматы болған. Жақыптың Иманмәди, Иманша, Иманбай деген үш ұлдары болады.

1920 жылы Зайсан қаласында 4 сыныптық орысша және қазақша мектеп ашылады. Алғашқы ашылған мектепке әр ауылдан жиналған 100 бала оқуға тартылады.

Китапов Иманмәди осы 4 сыныптық мектепте оқып, сол кездегі төте оқу әдісімен білім алады. Сабақты үздік оқып, комсомол қатарына өтеді.

Мектепті бітірген соң, Зайсан қаласында комсомол комитетінде қызмет істейді.

1925 жылы Семей қаласындағы 2 жылдық партия мектебіне оқуға жіберіледі. Иманмәди Семейде оқып жүрген кезінде, Зайсаннан келген, 2 жылдық жеделдетілген мұғалімдер даярлайтын курста оқитын Кагарманова Зайдаға үйленеді.

Семейдің зиялы қауым басшылығымен 1918–1920 жылдары оқытушыларға зәрулікті жою мақсатында 2 жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар ашып, бұл курстарда оқитын жастарға Қаныш Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мінан Тұрғанбаевтар сабақ берген.

Сол жылдары Зайда мен Иманмәдидің үлкен қызы Жамал дүниеге келеді. Келесі жылы Зайда екеуі де оқуларын бітіріп, Зайсан қаласына қызметке келеді.

Китапов Иманмәди Зайсан аудандық партия комитетінде қызмет істейді.

Китапова Зайда Марқакөл өңірінде барып–келіп істейтін "Женсовет" ұйымына қызметке жіберіледі. Әйелдердің сауатын ашу, әйелдерді қоғамдық істерге тарту мақсатындағы жұмыстарға басшылық жасайды. Сауатсыздықты жою, қызыл–отау жұмыстарына белсене араласады. Қоғамдағы әйелдер ролі туралы сабақтар өткізіп, дәрістер оқиды. Партия, комсомол қатарына жастарды тарту саласында көп жұмыстар істейді.

Зайда Китапова Марқакөл аймағына жұмысқа келгенде, Даданбаев Қали деген адамның үйіне уақытша пәтерге тұрады. Даданбаев Қали туыстық жағынан Иманмәдиге ағайын, бұрыннан таныс адамдар болған. Қали атақты Даданбай молданың ұлы.

Даданбаев Қали, Китапов Иманмәди, Бажықов Мешел, Бижігітов Бидаш, Күмпейісов Қабі – бәрі қатар өскен замандас, Тоғыз әулетінің азаматтары еді.



Иманмәди сауатты, іскер азамат болған. Соған орай Тарбығатайда елді колхоздастру, отырықшыландыру саясатын жүргізу үшін іскер азаматтар жіберіледі. Құлжанов Смағұл аудандық парткомның бірінші хатшысы, Әлімбаев Мейрам аудандық атқару комитетінің төрағасы, Китапов Иманмәдиді 1927 жылы Тарбығатай аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметіне ауыстырады.

1929 жылы үкіметтің коллективизация мәселесіне сәйкес, кадрлар алмастыру саясатына байланысты Китапов Иманмәдиді Жамбыл облысына "Жамбыл қант заводының" директоры қызметіне тағайындайды.

Жамбыл қант заводында 2 жыл қызмет істеген соң, Қазалы қаласына қызметке ауыстырады. Бұл жерде жаңадан құрыла бастаған Қазалы

МТС-і маман кадрларға зәру болып тұрған уақыт еді. Китапов Иманмәди 1934-36 жылдары Қазалы қаласының МТС-нің директоры қызметінде істейді.

Осы Қазалы қаласында қызметте болған кезінде, Төтенше комиссар Әліби Жанкелдинмен кездеседі.

Ә. Жанкелдин 1925-37 жылдары ҚАССР ОАК Президиумы председателінің орынбасары, ал 1921-29 жылдары ҚАССР-ның Қамсыздандыру халкомының міндетін қоса атқарады. Осы жұмыстардың барысымен Ә. Жанкелдин Қазалыға жиі келіп тұрған.

Ә. Жанкелдин іс сапарымен Қазалы қаласына келетінін естіген Иманмәди әйелі Зайдаға – Сен базарға барып, бір семіз қой сатып алшы. Үйге сыйлы қонақ келетін болды,- дейді. Зайда базардан аралап жүріп, бір семіз қойды 4 сомға сатып алады. Қойды алып жүрейін десе, қой орнынан қозғалып, жүре алмайды. Сөйтсе, семіз қойлар құйрығын көтере алмай, жатып қалады екен. Содан арбакеш жолдап қойды үйге әкеледі. Иманмәди мен Зайда қонақтарын күтіп, риза көңілмен шығарып салады.

Кейіннен Әліби Жанкелдин мен Иманмәди жақын жолдас болып кетеді. Иманмәдидің байыпты мінезі, іске талаптылығы, басшылық жұмыстағы іскерлігі төтенше комиссарға да ұнайды.

Келесі жылы іс сапарымен Қазалыға келгенде, Төтенше комиссарды азаматтар дастарханға шақырғанда: «Мен Зайда келінімнің қолынан бір шай ішсем болар» - деген екен. Осылай Әліби мен Иманмәди жақын жолдас болған, сыйлас болған адамдар. Иманмәди өзінің немересінің атын Әліби деп қойған екен.

Екеуі де – қиын кезең тудырған тарихи тұлғалар. Ел тарихында өз іздерін қалдырған азаматтар.

Китапов Иманмәди 1936 жылы Зайсанға қайтып келіп, Зайсан қаласының әкімі қызметінде істейді.

1938 жылы Иманмәдиді НКВД қамауға алып, 58 статья бойынша 10 жылға сотталып, абақтыға жабылады.

Жолдасы Китапова Зайда, төрт баласымен Зайсанда қалады. Үлкен қызы Жамал, Роза, Жанна, ұлы Вил бір жасқа толмаған кезі болса керек.



Айдауда болған жылдарында Риддер шахтасында жұмыс істеп, Беламор – Балтық каналы құрылысында ауыр жұмыстарда болып, Свердловскіде шақтада жұмыс істейді. 8 жыл дегенде ауыру болып елге оралады. Иманмәди Китапов 1948 жылы қайтыс болады.

Иманмәдидің жолдасы Зайданы "Халық жауының әйелі" ретінде басшылық жұмыстардан шеттетіледі. Кешегі коммунист Китапова Зайдаға сенімсіздікпен қарайтын болды. Бірақ Зайда түрлі басқа жұмыстарда істеп, тігінші, кілетші, балабақша тәрбиешісі тағы басқа жұмыстарда істейді.

Зайда қиыншылыққа мойымай, төрт баласын оқытып жеткізеді. Жамал мен Жаннасы жоғары білім алады.

Иманмәдидің қыздары Китапова Жамал, Китапов Жанна әкелері жоқ болса да талаптанып оқып, жоғары оқу орнын бітіріп, екеуі де жас өспірімдерді тәрбиелеу саласында қызмет істеді. Жамал 42 жыл,

**Китапова Жанна** Жанна 35 жыл қызмет істеді. Екеуі де "Халық ағарту ісінің озаты" атағының иегері. Екеуі де "Құрмет белгісі" ордендерімен марапатталады.

Жамал мен Жаннаны «Асылдың қиығы, алтынның сынығы» десек, артық айтқандық болмас.

Иманмәдидің бір інісі Иманша "Тұғыл балық" колхозының бастығы болып қызмет істеген. Иманшаға да Қытайға ел көшіруге араласқан деген жалған сөздер ілігіп, НКВД тергеуге алып, заңға тартылады. 17 жыл Сібірде ссылкада Колыма, Магадан жерлерінде болып, 1955 жылы елге ауру болып, денсаулығы нашарлап оралады. Екінші інісі Иманбай Омбы қаласындағы кадет корпусын бітіріп, Бахты заставасында кезекті күзетте тұрған кезде, Қытайға қашқан ақтың атамандарымен шайқаста қаза табады.

Жақып Китапұлы үш ұлын да оқытады. 1920 жыл мен 1930 жылдар аралығындағы өте киын кезеңде, балаларына оқуға, білім алуына жағдай жасайды.

Бірақ, үш ұлы да киын кезеңнің құрбаны болғаны өкінішті -ақ! Осы жолдарды жазып отырғанда өзімнің де қабырғам қайысқандай болды.

### Жамкенов Қабдрахман



Жамкенов Қабдрахман Жәмкеұлы 1931 жылы 23 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Тарбығатай ауданындағы Тұғыл кентінде дүниеге келген.

Тоғыз руының Тебей атасына жататын Сәметай –Сәкөк тармағынан шыққан азамат.

Қабдрахман Жәмкеұлының ата-бабасы ежелден Қара Ертіс өзенінің оң жағасын Нұр-Зайсан өңірін мекендеген үлкен әулет. "Арғы бабалары Сәкөк атасына түсінде Қыдыр Ата бата берген екен. Қыдыр дарыған әулет деп аталатын. Бұл Сәкөк атамыздан өрбіген жақсы азаматтар да көп болған. Мал –басы тең өскен" деген аңыз бүгінге дейін айтылады.

Осы әулеттің ішіндегі ең дәулеттісі Шүлен деген адам екен. Шүленнен: Кеңесбай, Қасымбай, Кеңесбек (Жәмке) деген үш ұлы болған. Ағайынды үшеуі де ұрпақты, іргелі, дәулетті болған адамдар. Қабдрахман осы Жәмкенің баласы. Қабдрахман жасынан оқуға зерек, шаруаға икемді, ширақ бала

болып өседі.

Талапты жас уақыт талабына сай, арнаулы білім қажет екендігін ерте түсінеді. Осы мақсатпен шалғайдағы Гурьев қаласына барып, балық шаруашылығы техникумын тамамдайды. Техникумды 1957 жылы бітіріп, балық шаруашылығындағы еңбек жолын Тұғылдағы балық заводы директорының орынбасары қызметінен бастайды.

Бұл жылдары Зайсан балық шаруашылығында үлкен өзгерістер болған еді. Приозерныйда алып комбинаттың жаңа өндірістік кешені салынып, кемелер тоқтайтын ірі айлақтар көбейді. Комбинаттың жұмыс ауқымы кенейді. Сиымдылығы 1000 тонналық тоңазытқыштар, жаңа цехтар іске қосылды. Қуаты 500 тонналық жапондық тоңазытқыштар, жаңа тұрпатты кемелер көбейді. Міне, осындай ауқымды шаруашылыққа жас маман Жамкенов Қабдрахман белсене араласты. Қайнаған еңбектің ортасында жүріп, белсенді басшылық жасады. 1985 жылы "Зайсан балық комбинаты" іске қосылды.

Қ. Жамкеновтың іскерлігі мен шаруашылықтағы ұйымдастырушылық қабілетін байқаған облыс басшылары Қабдрахман Жамкеновты Тарбығатай аудандық партия комитетіне қызметке шақырады. Аудандық партия комитеті өндіріс бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындайды. Кейіннен көп жылдай аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметінде болды.

Партия және кеңес қызметінде істеп жүрген кезінде, Қабдрахман Жәмкеұлы Өскемен педагогикалық институтының тарих және қоғамтану факультетін сырттай оқып, 1964–1969 жылдары тамамдаған. Кейінгі жылдарда Алматы жоғары партия мектебінде оқып бітіреді.

1983–1989 жылдары Қ. Жәмкеұлы Зайсан өндіріс бірлестігінде басшылық қызметтерде болады. Шығыс Қазақстанда балық шаруашылығының дамуына өзінің қажырлы еңбегімен, іскерлігімен мол үлес қосады. Қ.Жәмкеұлы комбинат директоры болып тұрған жылдарда балық шаруашылығының өндірістік жағдайын жетілдіруге көп көңіл бөліп, балық аулау жоспарын артығымен орындауға мүмкіндік тудырады. Комбинаттың материалдық базасы жан-жақты нығайтылды. Комбинат балық өнімін еліміздің көптеген қалаларына

шығарып тұрды (Мәскеу, Омск, Томск, Алтай өлкесі, Барнауыл, Рубцовка) және республикада жетекші орын алды.

1989 жылдан Өскемен қаласындағы "Зайсан балық өндіру" бірлестігінің бас инженері болып қызмет атқарды.

Қабдрахман Жәмкеұлы - небір жауапты қызметтерді атқара жүріп, қай салада қызмет жасаса да, үнемі жақсы қасиеттерімен танылып, ел құрметіне бөленген азамат.

Абзал азаматтың көп жылғы еңбегі бағаланып, "Еңбектегі ерлігі үшін", "В.И. Лениннің туғаны 100 жыл" медальдарымен марапатталған, Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды. Бірнеше мәрте Тарбығатай аудандық кеңесінің депутаты болып сайланады.

Қабдрахман 1957 жылы Зайсан өңірінде өскен Самал Закарияқызымен отбасын құрады. Мамандығы мұғалім. Қабдрахман мен Самал қос аққудай қатар жүріп, көп жыл қызмет істеді. Өнегелі отбасы болды. "Жақсыдан шарапат" дегендей ағайынға тиянақ, елге басшы болды. Жанұясында 7 бала тәрбиелеп өсірді. Олар: Ермек, Ерік, Еркін, Бауыржан және Нұргүл, Айгүл, Миргүл. Сүйікті ұл-қыздары бәрі де жоғары білімді. Әр салада еңбек етіп, қызмет істеп жүрген азаматтар. Самал - бүгінде зейнеткер, "Күміс алқа" иегері. Балалары мен немерелерінің ортасында отырған құрметті әже.

Қабдрахман Жәмкеұлы 1990 жылы облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып отырды.

Қабдрахман Жамкеновқа арнап, балалары әкелерінің туғанына 80 жыл толуына орай шығарған "Көңілі көлдей, жан әке" деген естелік кітап жарық көрді. Қазірде "Көңілі көлдей, жан әке" кітабы көпшіліктің ризашылықпен сүйіп оқитын шығармасына айналды.

### Ризабек Ерментайұлы (1938-2009)



Ризабек Ерментайұлы 7-сәуірде 1938-жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Жаңа-Ауыл селосындағы Ерментай Мұсаұлы мен Бағза Қасымқызының отбасында дүниеге келген. Төртуыл→ Тоғыз руының→ Дәулет→Жанкісі атасына жатады. Ол 3 жасқа толар толмас кезінде анасы қайтыс болып, әкесінің қамқорлығы және өзінің алғырлығы, зеректігі арқасында оқу оқып, білім алады.

18 жасында Ризабек Ерментайұлы Семей қаласындағы педагогикалық училищені бітіріп (1954ж), Марқакөл ауданы, Рождественка (қазіргі - Жиделі) ауылындағы мектепте мұғалім болады. Ол кейіннен мектеп меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Өскемен мемлекеттік педагогикалық институтының тарих бөлімін бітірген жоғары білімді маман, оқу-білімге құмар, ұйымдастырушылық қабілеті жетілген педагог ретінде Ризабек Ерментайұлы 1965-жылы Қазақстан Компартиясының Марқакөл аудандық

комитетінің инструкторы қызметіне шақырылады; одан соң аудандық халық ағарту бөліміне мектеп инспекторы болып тағайындалады. Қиындықтың қандайынан да мойымайтын Ризабек Ерментайұлы кейіннен Мәскеу қаласындағы 6 жылдық Кәсіподақ ұйымының Бүкілодақтық Жоғары Мектебіне түсіп, экономист мамандығын меңгереді. Ерекше білімділігімен, жан-дүниесінің рухани кеңдігімен, елжандығымен, еңбекқорлығымен,

шыдамдылығымен, сабырлығымен, адамдарға деген орасан мейірім-кеңдігімен, адамгершілік қағидаларын қатаң ұстануымен, қарапайымдылығымен ел ішінде сый-құрметке ие болған. Ризабек Ерментайұлы Боран совхозы жұмысшы комитетінің председателі, партия комитетінің хатшысы, Халық депутаттарының селолық Кеңесінің атқару комитетінің председателі қызметтеріне бірнеше реттен сайланады.

1994-жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Ризабек Ерментайұлы Өскемен қалалық жұмыспен қамту орталығында бас маман – мемлекеттік инспектор қызметін абыроймен атқарды. Ризабек Ерментайұлы халқына адалдықпен аянбай, орасан еңбек сіңірген, бірнеше облыстық, республикалық, одақтық (Кеңес кезінде) деңгейіндегі мақтау қағаздарымен, мерейтойлық медальдармен марапатталған еңбек ардагері болды.

Ризабек Ерментайұлы 1960-жылы Күлзада Мұқтарқызымен отбасын құрайды. Жұбайы да ағарту саласында қызмет атқарды; зейнеткерлік жасқа жеткенше үздіксіз педагогтік іс-әрекетті жүзеге асырды. Олар бес бала тәрбиелеп жеткізді. Қазір ұл-қыздары өмірде өз орындарын тауып, әр түрлі салаларда еңбек етеді. Тұңғыш қызы Ардақ – мектепті алтын медальмен, институтты қызыл дипломмен бітірген; Мәскеу қаласындағы Ресей Білім беру Академиясында аспирантурада оқып, кандидаттық диссертация, одан кейін докторлық диссертация қорғаған, педагогика мен психология саласындағы танымал ғалым; қазір Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетінде профессор.

Одан кейінгі қызы Азат - мектепті алтын медальмен аяқтап, үш жоғарғы оқу орынын үздік оқып бітірген – Мәскеуде программист мамандығын игерген; дүниежүзілік сертификатқа қол жеткізген білікті маман. Ұлы Айбар – Алматыда университетті техникалық мамандық бойынша жоғары дәрежеде бітірген, жұбайы Жаннұрым Мұқтарқызы медицина ғылымдарының кандидаты, Алматыдағы медициналық академияда доцент. Ұлы Айдар – Риганың авиациялық оқу орнын, кейін Алматыда университет бітіріп, ақпараттық технологиялармен байланысты жұмыс істейді; оның жұбайы Шынар Оралбекқызы – мектепте педагог. Ризабек Ерментайұлының кенже қызы – Айнұр да мектепті медальмен және экономика мен ағылшын тіліне қатысты екі университетті оқып, үздік бітірген; оның жолдасы Алмас Бақытбекұлы – менеджмент саласында аса құзіретті маман.

Қазір Ризабек Ерментайұлының немере-жиендері де аяулы аталарының өсиеттілектерін ұмытпақ емес. Айерке - Қазақ-Британ университетін қызыл дипломмен үздік бітіріп, жұмыс істеп жүр. Айжан – дәрігер болуды армандап, кезінде атасы ем алған Германиядағы Мюнхен қаласында білім алуда. Әлишер – Англияның атаулы бір университетінде студент. Әсем мен Айзере биыл орта мектеп бітіреді. Әлижан мен Әлиасқар – мектепте оқиды.

Өмірден ерте кеткен аса аяулы әкеміз, атамыз – Ризабек Ерментайұлы өзінің ақыл-парасатығы, азаматтық тұрпаты, білімділігі, кең пейілі, дархан көңілі, мақсаткерлігі, төзімділігі, өнегелі өмір мен абзал жаны, әкелік қамқор болмысы арқылы бұл өмірге өшпестей із қалдырды. Біз әкемізді, атамызды әрқашан сағынышпен еске алып, осынау аяулы жанның ұрпақтары болғанымызды еш уақытта ұмытпаймыз.

(Ризабек Ерментайұлының қызы – Ардақ Ризабекқызы).

### **Малдыбаев Жақыпбек**

Малдыбаев Жақыпбек 1907 жылы 15 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Қара Ертіс өзенінің оң жағасындағы Шеңгелді аулында дүниеге келген. Жақыпбек Төртуыл→Тоғыз руының→Серіқара атасына жатады. Ол - қазақ халқының тұңғыш әскери ұшқышы. Жақыпбек 1929 жылы арыз жазып, өзі тіленіп қызыл әскер қатарына алынды. Ақпан айында Түркменияның Мерв қаласына орналасқан Түркістан ерекше кавалериялық бригадасының 82 полкына әскери міндетін өтеуге келеді. 1932 жылы наурыз айында В.И.Ленин атындағы біріккен Орта Азия мектебінің кавалерия бөлімшесін взвод командирі дәрежесін алып, бітіріп шығады. 1933 жылы 1 қаңтарда СССР революциялық Әскери кеңесінің №22 бұйрығымен



ұшқыштар және ұшқыш-бақылаушылар даярлайтын 9-шы әскери мектебіне қабылданып, 1934 жылғы 24 шілдеде бітіреді. Орта Азия әскери округінің Сталинабад қаласындағы Свердлов атындағы 40-шы авиациялық отрядына аға ұшқыш-бақылаушы, сонымен қатар фото қызмет бастығы болып тағайындалады. 1937 жылы 19 маусымда ұшқыштар звеносының флагштурман қызметіне тағайындалады. 1937 жылы Қиыр Шығыстағы Хасан көлі маңындағы ұрысқа қатысқан. 1938-ші жылы Москва қаласындағы Жуковский атындағы әскери-әуе академиясын сырттай оқып бітірген. Жақыпбек 1938 жылы көктемде Испания соғысына қатысып, одан аман сау еліне оралып келе жатқанда, Ташкент қаласының маңында ұшақ апатынан қазаға ұшыраған. 2015 жылы баспадан шыққан «Шығыс Қазақстан облысы энциклопедиясы» кітабының 511 бетінде Жақыпбек Малдыбаев жайлы дерек берілген. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында толық мағлұмат бар.

Жақаңның есімін есте қалдыру бағытында Зайсан, Тарбағатай, Күршім аудандарында тұратын, өсіп-өнген Малдыбаевтар ұрпағы, сол кезде Марқакөл ауданында белді-белді қызметтер атқарған жерлестері Ризабек Ерментаев, Көкенай Бидашев, Зайсан ауданында басшы қызметтерде болған Қазбек Биқадамов, Болат Садықов сынды азаматтар көп еңбек сіңірді. 1997 жылы мамырда Жақыпбек Малдыбаевтың 90 жылдығы Зайсанда тойланып, аудан орталығындағы бір көшеге есімі беріліп, мемориалдық тақта орнатылды. Күршім, Марқакөл аудандарында көше аттары берілген. Шеңгелді аулындағы орта мектеп Малдыбаев Жақыпбек атымен аталады. Өскемен қаласында қазақ халқының тұңғыш ұшқышына Малдыбаев Жақыпбекке 1994 жылы ескерткіш қойылған.



Малдыбаев Жақыпбек бірінші қатарда екінші отыр.



Малдыбаев Жақыпбектің әйелі Юлия.

### Шари Малдыбаев (1910-1976)



Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы Шенгелді ауылы тумасы.

Шари Малдыбаев Төртуыл→Тоғыз руының →Серіқара атасына жатады.

Ұлы Отан соғысы алдында Зайсан қаласының аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып істеді. 1943 жылы Семей қаласына көшірілген Тамбов жаяу әскер училищесін бітірді.

Офицер дәрежесінде Оңтүстік-Батыс майданның 94-ші гвардиялық дивизиясы 283-ші атқыштар полкына рота парторгі етіп жіберіледі.

1944 жылы шілдеде аға лейтенант Малдыбаев 4-ші Украин майданы 237-ші атқыштар дивизиясының құрамында Югославия, Венгрия, Чехословакия, Закарпатья аумағында соғысты.

I және II дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және көптеген медальдармен

наградталды.

Соғыс аяқталғаннан кейін өзінің туған жері Зайсан өңірінде халыққа білім беру саласында көп жыл қызмет істеді. Шари Малдыбаев – Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мұғалім.

Малдыбаев Шаридың 4 ұлы бар: Нұрбек, Нұрхан, Серік, Борис. Ұлдарының барлығы жоғары білімді, іскер азаматтар.



## Омар Малдыбаев (1903-1943)



Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы Шеңгелді ауылының тумасы.

Ұлы отан соғысының алдында «Қызыл Зайсан» колхозында егіс бригадасының бригадирі болып істеді.

Майданда 1942 жылғы қазаннан болды.

Белоруссия бағытындағы 88-ші атқыштар дивизиясы құрамында барлау ротасында соғысты, жеке өзі жаудың бағалы 14 «тілін» жеткізді.

Смоленск облысы Рыбки деревнясы маңында 1943 жылы ерлікпен қаза тапты.

## Құмарбек Малдыбаев (1921-1994)



Шығыс Қазақстан облысы Қаратал ауылының тумасы.

Харьков әскери училищесін бітірген. Майданда 1941 жылдан АНТ – 20 жауынгер экипаж құрамында болған. Тоғыз ірі жауынгерлік әуе шайқастарына қатысып, жаудың ондаған эшелондарын, машиналарын, ұшақтарын жойды.


1942 жылдан эскадрон старшинасы дәрежесінде 268 атты әскер полкының құрамында болды.

Жеңіс күнін Прагада қарсы алды. Соғыс аяқталғаннан кейін туған ауылына қайтып келіп, халыққа білім беру саласында еңбек етті.

ІІІ дәрежелі Даңқ, ІІ дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және 12 медальмен наградталды.

Малдыбаев Құмарбектің 3 ұлы бар: Нұрлыбек, Болат, Талғат. Барлығы Зайсан өңірінде өсіп - өнген азаматтар.

## Әбілбек Малдыбаев (1919-2004)



Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы Шеңгелді ауылының тумасы.

1939 жылы Сталинабад медициналық училищесін бітіріп, өз еркімен ақфиндермен соғысқа кетеді. Ұрыстардың бірінде ауыр жараланып, қайтарылады. Ұлы Отан соғысы жылдарында денсаулық сақтау саласында істеп, майдан үшін санитарлық нұсқаушылар даярлайды.

Соғыс аяқталғаннан кейін оқытушылық қызметпен шұғылданған.

Малдыбаев Әбілбектен Жеңіс деген ұлы бар.



1928 жылы 15 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Ақарал ауылында дүниеге келген. Қалдыбаев Мұхаметхан Төртуыл→Тоғыз руының →Серіқара→Айнатай атасына жатады.

1948 жылы Семейдегі Н.К. Крупская атындағы мемлекеттік мұғалімдер институтына түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандығы бойынша 1951 жылы жоғары оқу орнын бітіріп шықты. Білім әлемінің қақпасын кеңінен ашып, мектеп табалдырығын аттап, ұстаздық жолын бастағанда М.Қалдыбаев жиырма екі жаста болатын.

1952-1987 жылдар аралығында мектепте мамандығы бойынша қызмет атқарды. Ардагер ұстаздың шәкірттері де жүздеп саналады. Олардың ішінде ауыл шаруашылығының мамандары, тамаша еңбек адамдары, өндіріс озаттары, дәрігерлер бар. Ұстаздық жолын таңдаған ізбасарлары да жоқ емес.

1946 жылы Зайсан ауданы, Көғадай селосында "Большевик" атындағы қазақ орта

мектебінде пионер вожатғы болды. Мектептегі пионер ұйымының жұмысын жақсартқаны үшін 1946 жылы мамыр айының 25-күні Зайсан аудандық пионер ұйымының меңгерушісі Есімхан Магаев "Мақтау грамотасын" табыс етті.

1947 жылы сәуірде "Отан соғысы. 1941-1945 жыл" медалін алды. 1947 жылы зайсан аудандық Лениншіл Коммунистік жастар одағының ұйымы мен мектептегі қоғамдық жұмыстарға араласып, комсомол ұйымының жүктемелерін үздік орындағаны үшін, Зайсан аудандық Жастар Одағының бірінші секретары Молжігітов "Мақтау грамотасын" табыс етті.

1950 жылы Омск облысының Русско-Полянский ауданына қарасты «Жас-қайрат» жеті жылдық мектебінде мұғалім болды. Мектептің ішкі-тысқы қоғамдық жұмысына жақсы араласқаны үшін, әкімшілік "Мақтау грамотасын" тапсырды. Екі рет мектеп директоры А.Сүлейменовтің бұйрығы бойынша алғыс жарияланды.

1952-1976 жылдар аралығында Қалжыр орта мектебінде мектеп әкімшілігінің жазбаша бұйрығы бойынша жастарды оқытып-тәрбиелеуде және оларды коммунистік рухта тәрбиелеуде қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін, еңбек кітапшасына жазылған алғыс жарияланған. 1970 жылы Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан коммунистік партиясының даңқты 50 жылдық мерекесі қарсаңында мектеп Қазақстан КП облыстық комитеті мен еңбекшілер депутатының облыстық советінің "ҚазССР 50 жыл" мақтау қағазын тапсырды. Марқакөл аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің "50 лет образование СССР" құрметті қағазын тапсырды. 1971 жылы 5 қазанда Марқакөл аудандық оқу бөлімі мұғалімдік қызметіне 25 жыл және жастарды ұзақ жылдар оқыту мен тәрбиелеудегі еңбегін ескеріп, оқу бөлімінен Қ.Багенов ҚССР Оқу Министрлігінің куәлігін табыс етті. 1975 жылы 9 майда Ұлы Отан Соғысының жеңісіне 30 жыл мерекесі қарсаңында, осы мерекеге дайындық барысындағы еңбегін бағалап, мектеп әкімшілігі мақтау грамотасымен марапаттады. 1976 жылы мұғалімдер күні қарсаңында октябрьде мектеп әкімшілігі жастарды тәрбиелеуде, оқытуда қоғамдық жұмыстарды үнемі тыңғылықты орындап келгені үшін "Мақтау грамотасымен" марапатталды.

1970 – жылдары Қалжыр орта мектебінде кешкі мектепті басқарды. 35 жыл еңбек еткен Ұстазға "Халық ағарту ісінің озық қызметкері" атағы берілген.

Ұжымында, оқушылары арасында абыройға бөленген Ұстаз 1987 жылы 1 қыркүйекте зейнеткерлікке шықты.


Отбасында зайыбы Макеш Жамбағысқызы екеуі 10 бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Ғалия – мектепте іс жүргізуші. Балдырған – Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетін 1985 жылы бітірген. Қазір Қалжыр дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі. Меруерт – Өскемен медицина училищесін бітірген. Қазіргі уақытта Ақмола облысына қарасты Жолымбет руднигінде медбике болып істейді. Саягүл – Алматы медицина училищесін бітірген. Қазіргі кезде жеке кәсіпкер. Озат – Алматы халықаралық қатынастар институтын бітірген. Қазіргі кезде жеке кәсіпкерлікпен айналысуда. Лунара – Семей педагогикалық институтының араб тілі және филология факультетін бітірген. Қазіргі уақытта Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет істеуде.

Макеш Жамбағысқызы - "Алтын алқа" иегері.

Мұхаметқан Мұхамедиұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де "Адам тағдыры - тәрбиеден", "Ұстазына қарап шәкірті өседі", "Ұстаздық – ұлы қызмет", "Өнеге - от басынан", "Ата-ана ықпалды болса", "Ғылым, білім-кітапта" атты мақалалары газет бетіне жарияланған. "Қазақтың тұңғыш ұшқышы" тақырыбында "Ер есімі – ел есінде" дегендей Отан үшін аянбай еңбек еткен інісі батыр Жақыпбек Малдыбаев туралы да жазған еді.

Қалдыбасв Мұхаметқан Мұхамедиұлы аянбай еңбек етіп, балалары мен шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берген, ізденімпаз ұстаз ретінде есте сақталады.

### Мешелев Бүйткен Ақыбайұлы (Ұлы Отан соғысының ардагері)



Мешелев Бүйткен Ақыбайұлы 1924 жылы 28 январьда Зайсан ауданы 1-ауыл Советінде дүниеге келген. Төртуыл→Тоғыз руының→ Сәметай - Сәкөк атасына жатады. Марқакөл ауданы Бесбұғы аулындағы «Жданов» жеті жылдық мектебін үздік бағамен бітірген. 1941 жылы сентябрьден Қаражал – Майқапшағай бастауыш мектебінде мұғалім болып қызмет істеді.

Совет Армиясы қатарына 1942 жылы 28 август күні Отан қорғауға аттанды. Пенза Облысы Пенза қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтті. Сталинград майданындағы 71-гвардия атқыштар полкінда болып, соғысқа қатысқан. 1943 жылы февраль айында сол жақ білегінен оқ жарықшағымен жараланып госпитальға түскен, біраздан кейін жазылып, осы жылы қайта соғысқа кірді. Львовтағы кіші командирлер дайындайтын курстан өтіп, кіші сержант званиясын алған. 1944 жылы Мамаев қорған шайқасында тамыз айында сол жақ аяғынан жараланып, Сталинградтағы госпитальда октябрь айына дейін емделіп жазылып шыққан. Осы жылы Белоруссиядағы Карпат тауындағы соғысқа қатысқан. 1944 жылы 21 январьда сол жақ қолдан оқ тиіп, снаряд жарылғанда жардың астында қалған, сондықтан құлақ естуі нашарлаған. Ұлы Отан соғысына 1945 жылғы 9 майға дейін қатысып, жауды жеңіп, Отанын қорғап, азаматтық борышын өтеп, елге 1945 жылы январьда оралған. Елге келгеннен кейін Зайсан педагогикалық училищесін бітіріп, Марқакөл ауданы Горный орта мектебінде мұғалім болып істеді. 1948 жылы Тақыр – Қарасу мектебінде мұғалім болып істеген. 1953 жылдан Теріскей – Бөкенбай бастауыш мектебінде директор болып істеді. 1984 жылы еңбек демалысына шықты. Сонда да жұмыстан қол үзбей Қызыл – Отау меңгерушісі болып 1988 жылға дейін істеді. Ауылдың құрметті ақсақалы болды. Бүкең 1948 жылы үйленіп, Бәтін тәте екеуі 9 бала тәрбиелеп өсірді. Өзімен кездесіп ауызба-ауыз сөйлескен

кезде, 1995 жылы 16 немересі болды. Соғыстағы ерлігі үшін «Боевой заслуги медалімен», «II дәрежелі орденмен» 6 рет юбилейный медальдармен және «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

(Дайындаған Марқакөл ауданы Ақбұлақ әкімшілігінің  
Әскери есеп басқармасының басшысы Молдаханов Ерболат.)

### Солдат сәлемі

Ассалау мағалайкум, әкетайым!  
Бұл күнде қандай боп жүр хал жағдайын?  
Қуатты әскер-ойын жаттығуын,  
Құлпырып ойнап жатыр Бүйткен айың!

Қаражал, басың биік бауырың жазық,  
Болды ғой он бауырсақ он күн азық.  
Бет бұрып тұрмыз қазір батыс жаққа,  
Барады күннен - күнге заман азып.

Дүние, енді білдім жалғаныңды,  
Еркелік, балалық шақ қалғаныңды.  
Жан әке, ең аяғы мен сағындым,  
Шашымды ұстарамен алғаныңды.

Отырған сирек село шетіндеміз,  
Батыстан соғар желдің өтіндеміз.  
Отанға жау шабуыл жасай қалса,  
Бір қадам шегінбеуге бекінгенбіз.

Мәкенім, шын жүрегім жалындаған!  
Қызығың, балалығың арылмаған.  
Кеудеме Бықайым деп еркелеуші ең,  
Сол жерің қиын боп жүр жаным маған.

Қараған қабағыма апам, тәтем.  
Отыр ма осы күнде аман-есен.  
Сау ма екен Нұрсағила жеңгетайым,  
Бауырым Тәкеш, Күләш айналайын.

Тұрмасақ ақ қағазбен амандасып,  
Ой жетпес жерде қалды-ау біздің мекен!

Мешелев Бүйткен, 1942жыл.

### Балаларға нұр жаусын!

Өмір көші із басып жүргеніміз,  
Жетпістің жетегіне кіргеніміз.  
Бала сүю, ер жету, отау болу,  
Талай той, думан қызық, өткердік біз.  
Мерей той жасап отыр балаларым,  
Ғарышқа шарықтады көңіліміз.

Анамның асыл арман қуанышы,  
Макира- Дюсипханмен жарық жұлдыз.  
Соңынан Сәуле-Көпен жалғастырған,  
Елу бір берекелі, ырысты күз.  
Қуаныш-Сараменен ол бір төбе,  
Қарлығаш-Баймұратпен төртіншіміз.  
Алма-Асқар облыс орталықта  
Марат атты ауданда Серігіміз,  
Тәрбиеші бөбектер қоғамында,  
Серікте – Жанна атты келініміз.  
Би келін, ерке Болат үйде бірге,  
Жүрмейді жекешеге әміріміз.  
Ғалым жүр Лениногорда интернатта,  
Ғарифолла кенжеміз соңғы жұлдыз.

Азамат қанша тапса көрінбейді,  
Армандас, қол ұстасқан серігіңіз.  
Бәйбішем – Бәтіш отыр бірге тойлап,  
Өсірген тәрбиелеп ұл менен қыз.

Ақ сүті, ана бейне борыш деген,  
Ұл –келін анаменен силасарсыз.  
Туыстық, бауырмалды, бірлік жолда,  
Немере, шөберемді өсіреміз.

«Жетпіс» деп той жасаған ата-анаға,  
Қыз-күйеу, ұл мен келін жүрегіміз.  
«Нұр жаусын» көп жасандар, қарақтарым,  
Денсаулық, берік бақыт тілегіміз.  
Шат көңіл, бек қуаныш толқынында,  
Арманның биігінде отырмыз біз.

Туысым апайларың Мәкен атты,  
Бәзікен тұңғыш жездең, асыл затты.  
Сыйласып, өмір кешіп, үлгі алып,  
Тұрындар жиендермен салтанатты.

Облыс аудан жолдың өр басында,  
Мекенім құт Бөкенбай бұрқасында.  
Қызыл үй елім берген құтты болды,  
Отырмын бар баламның ортасында.

Көп алғыс, мың рахмет айналайын,  
Дамысын сыйластықтар өскен сайын.  
Ендігі үлкендерің менен соңғы  
Баурым Бидашұлы Көкенайым.

28 қаңтар 1994 жыл.

(Мешелев Бүйткеннің 70 жылдық мерей тойынан.)

## Зарықбай Ыбырайұлы "Жырлап өткен Алтайын"



Әр, елдің құрмет тұтар тұлғалы азаматтары болады. Зарықбай Ыбырайұлы Төртуыл→Тоғыз руының→Дәулет атасына жатады. Халқымыздың ыстық махаббатына бөленген, тірлігінде еліне, жеріне аянбай еңбек етіп, өткен ғұмырында жұртшылық алдында, тұрғыластары арасында танымал болған. Мұндай тарландар Шығыс Қазақстан өлкесінде де өмір сүрген. Бірақ, оларды көзі тірісінде төбеге көтеріп, көзден кеткен соң, көңілден өшіріп жүрген жайымыз бар. Мен бұл жерде ұстаз, кеңес қызметкері, ақын-педагог ретінде облыс жұртшылығына есімі жақсы таныс, Өскеменің, Зайсаның, Алтайын, оның азаматтарын жырлап, алпысқа жетпей өмірмен қоштасқан Зарықбай Ыбыраев туралы айтайын деп отырмын.

Аяулы азаматтың мейірім шарапаты айналасына тимей қалған жоқ. Ұлы Отан соғысының ардагері, ақын-ұстаз өмірінің соңғы жылдары кеңес қызметінде болған, жас ұрпақ тәрбиесіне, облыстың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да мол үлес қосты.

Зәкеш аға (ізбасар інілері осылай атаушы еді) 1921 жылы Қара Ертіс бойындағы Архат деген жерде дүниеге келген. Бұрынға Зайсан ауданы. Әкесі Ыбырай кедей шаруа болған. Әкеден үш жасында жетім қалған оны, анасы Момынжан аялап өсірді. Баласын азамат санатына қосуды қай ана армандамайды. Момынжан да Зәкештің бастауыш, орта мектептерді үздік бітіруіне себепші болды.

Орта мектепті 1939 жылы үздік бітірген Зарықбай ағамызды Зайсан аудандық газетіне қызметке шақырады. Аудандық газетте жұмыс істей жүріп, өлең жазумен айналысты. Аяулы ағамыздың сол жылдардағы аудандық газет беттерінде "Зайсаным", "Жеменей", "Шекарашы", "Отан солдатты" деген өлеңдері жарияланған. Мен Зайсан педучилищесін әкеме бөле болып келетін Зәкеннің үйінде тұрып бітірдім. Зәкеш ағаның ақындық талантына сол бала кезімнен куә болған едім. Ол 1939 жылы күзде әскерге шақыртылады.

Зарықбай Ыбырайұлының Отан соғысы кезіндегі ерліктері өз алдына бір төбе. Рота комсоргі З.Ыбыраев Румыния, Венгрия, Австрия жерін неміс фашистерінен азат етуге қатысты. Сөйтіп, жауынгерлік наградаларымен 1946 жылы туып-өскен Зайсанына оралды. Әскерден келген соң Зайсан аудандық Кеңесі атқару комитетінде мәдениет бөлімінің, соңында жалпы бөлімнің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Отбасы жағдайының ауырлығына қарамастан 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тіл-әдібиет факультетіне оқуға түсті. Зәкеш ағаның алғырлығын, жүрген ортасындағы абыройын мен осы институтта да байқадым. Бүкіл студенттер қауымы оны Зәке деуші еді. Институт ректоры Асқар Закарин, партком хатшысы атақты Мәлік Ғабдуллин де майдангер студентке аса бір құрметпен, жақсы пейілмен қарайтын.

Ауылда қарт анасы, үлкен қызы Розасы мен зайыбы Зинат бар. Соғыстан кейінгі жағдай белгілі, соңынан келер көмек жоқ. Осыны ескерген Зәкең институтта оқи жүріп, астанадағы қазақ мектептерінің бірінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Институтты үздік дипломмен бітірген оның алдында ғылымның даңғыл жолы жатыр еді. Бірақ Зәкеш ағамыз еңбек жолын таңдады. Өзін ҚазПИ-дің аспирантурасына қалдыру жөніндегі шешімге қарамастан Зайсан қайдасын деп тартып отырды.

Біраз уақыт Кіші Қаратал орта мектебінде (бұрынғы Благодарный) оқу ісін меңгеруші, директор болып, оқу-тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл аударды. Ал, 1955 жылы

Өскемендегі «Жамбыл» атындағы мектеп-интернатқа директорлыққа шақырылды. Осы кезеңнен бастап Өскемен оның өмірінен берік орын алды. Кейін ұстаздық жолын Кеңес қызметіне ауыстырды. Зәкең қайбір қызметтің тізгінін ұстамасын өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын. Қалалық Кеңес төрағасының орынбасары, облыстық Кеңес атқару комитетінің хатшысы ретінде Өскемен қаласының көркейіп, гүлденуіне мол үлес қосты. Ұзақ жылдар облыстық Кеңестің депутаты, ретінде Кеңестердің көпшілік-ұйымдастыру жұмысына ерекше назар аударды. Өзін сергек те ұқыпты адам ретінде танытты. Өскемен қалалық жоспарлау комиссиясының төрағасы да болып қызмет атқарды.

Зәкең Кеңес қызметінде жүрсе де әдіби шығармашылықтан қол үзген емес. Оның сол жылдардағы өлеңдерін, очерктері мен мақалаларын облыстық "Коммунизм туы" беттерінен жиі оқитынбыз. Республикалық баспасөз беттерінде де ақын өлеңдері жарияланып жүрді. Көзі тірісінде "Замана сазы" атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Ал, қайтыс болғаннан кейін "Алтайым – асқар асуым" деген өлеңдер жинағы мен "Өскемен оттары" атты публицистикалық толғауы жарияланды. Ақын өлеңдерінде туған жерге деген іңкәрлік бар. Зәкең поэзия есігін ашқаннан көзі жұмылғанша нұр Зайсанын, асқар Алтайын, мұз құрсаңған Сауырды жырлап өтті. Ол туған жеріне шынымен ғашық еді. Ақын ағаның "Өскеменім – әнім менің" деген өлеңі осы іңкәр көңілден, үлкен жүректен туған сырлы дүние.

Аңсап келем, аңсап келем алыстан,

Қайдасыңдар ыстық мекен, таныс жан?!

Өскен жерім – Өскеменім өрісім.

Кеудесінен ақ қанатты әні ұшқан, - деген жалғыз ауыз шумақтан-ақ тұнып тұрған лириканы байқап, ақын талантын танимыз. Ақын ағаның "Өскеменім – әнім менің!" деген өлеңіне атақты сазгер Әсет Бейсеуов ән-әуен жазды.

Мезгілсіз ажал килікпегенде дарынды ақын, ұстаз ағамыз, асқар Алтайынан талай-талай ақ қанатты жыр ұшырар еді. Кеңес қызметінде жауапты жұмыста жүргендіктен талай жыр кітаптарының шығуына қолбайлау болғаны анық. Зәкең, 1972 жылы көз жұмды. Бірақ оның артында қалған үш жинағын оқып отырып, ардагер ағамызды арамызда жүргендей сезінеміз. Зәкеңнің ұл-қыздары да ер жетті. Қазір Зинат жеңгеміз үбірлі-шүбірлі болып отыр. Розасы – дәрігер, Нияз Алматыда қызметте, Шолпан әке жолын қуып ұстаздықты қалаған. Ұлдары Серік пен Алтай жоғарғы білімді мамандар.

Әр елдің, әр жердің сүйікті перзенттері болады. Зайсан үшін Зарықбай Ыбыраевтың орны бөлек. Сонымен бірге қызметтес, жай таныс-біліс болған адамдардың өздері Зәкеңнің есімін ауыздарынан тастамай, әрдайым еске алып отырады. Сондайда маған ой келеді. Осындай халқына еңбегі сіңген азаматтардың есімдері неге ұмыт қалады? Мәселен, Зайсан ауданының басшылары, білім басқармасындағылар Зәкеңнің өскен, оқыған жері Зайсан ауданының бір мектебіне осы кісінің есімін беруді неге ойластырмайды? Естүімше, Зайсан қаласында бір елеусіз, жартыкеш көшеге Зәкеңнің аты беріліпті. Оған да шүкіршілік дер едік-ау. Туған жеріне тәңіріндей табынып, соның ыстығына күйіп, суығына тоңып өскен төл перзенттерінің есімдері ескерусіз қалып келеді. Бір кезде мұндай мәселе көтерсек, жоғарыда отырған құдіреттілер "мынау жершіл" деп айтады-ау деп қорықтық. Ендігі енжарлығымызға жол болсын. Ортамыздан шыққан асылдарымыздың рухын өзіміз қадірлеп-қастерлемесек, өзгелер бізді неғылсын. Ендігі мәселе көзі тірісінде ешкімнен марапат, мақтау сұрамаған, оны қажет деп те санамаған асыл азаматтың есімін есте қалдырудың шарасын іздестірген жөн. Облыс басшылығы, мәслихат, тіл қоғамы Зәкеңнің ел алдындағы еңбегін ескеріп, маңызды шараларға барады деген үміттеміз. Тірісінде өзі он жылдан астам жауапты хатшы болып қызмет атқарған облыстық атқару комитетінің үйі (қазіргі облыстық әкім) маңындағы үлкен көшелердің біріне Зарықбай Ыбыраевтың аты берілсе, құба-құп болар еді. Ендеше, оның есімі ескерусіз қалмасын.

(Мамырбек Тұрғанбаев, ардагер-ұстаз.)

## Мухаметкалиев Касымхан Нұғыманұлы



Я Мухаметкалиев Касымхан родился в 1920 году (Акаральский с/с, Зайсанский район, ВКО). Тортуыл→Тогуз→Олжашы.

Мой отец Орникпаев Нугуман до октябрьской революции жил на берегу Иртыш, летом занимался рыбаловством, а зимой охотой.

Затем после Октябрьской революции до 1929 года работал у кулаков. В 1930 переехал в город Зайсан, где до начала Отечественной войны работает каменщиком. В 1942 году был призван в РККА и в 1943 году погиб в боях с немецкими оккупантами.

Я с малых лет остался без матери, поэтому с 10 лет воспитывался у отца моей матери Мухаметкали.

С 1934 по 1939 находился в интернате при Большевицкой средней школе, где окончил 9 классов.

С 1939 по 1940 учебный год учился в Зайсанском педучилище и одновременно работал в редакции райгазета «Социалистик жол».

1940-1941 - ответственный секретарь районной газеты «Социалистик жол», Восточно-Казахстанской области.

1941-1941 - ответственный редактор районной газеты «Социалистик жол», город Зайсан, Восточно-Казахстанской области.

1941-1942 – штатный пропагандист Маркакольского райкома КП /б/ Казахстана, Восточно-Казахстанской области.

1942-1942 – заместитель начальника полиотдела Высокогорский МТС, Курчумского района, Восточно-Казахстанской области.

1942-1943 - слушатель военно-политического училища РККА им. Фрунзе, город Горький.

1943-1943 – заместитель командира роты по политчасти 38-го учебно-танкового полка, город Челябинск.

1943-1944 – слушатель Челябинского танкового училища, город Челябинск.

1944-1945 – командир танка, 1 Украинский, 3 Белорусский, 1 Прибалтийский фронта и Центральная группа оккупационных войск.

1945-1946 – слушатель школы пропагандистов при ЦК КП /б/ Казахстана, город Алматы.

1946-1948 - слушатель двухгодичной партийной школы при ЦК КП /б/ Казахстана, город Алма-Ата.

1948-1956 – инструктор отдела пропаганды и агитации ЦК КП Казахстана, город Алматы.

1956-1957 – заведующий сектором культпросвет учреждений отдела пропаганды и агитации ЦК КП Казахстана, город Алматы.

1957-н/вр - инструктор отдела пропаганды и агитации ЦК КП Казахстана, город Алматы.



## Нілібаев Әубәкір



Нілібаев Әубәкір Дастанұлы – көрнекті қаламгер, ақын, аудармашы. 1928 жылғы 20 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында, Қара Ертіс өзенінің жағасында, «Сәрсеннің көк терегі» деген жерде дүниеге келген.

Нілібаев Әубәкір Тоғыз руының Отар атасына жатады. Отардан→Байбарақ, Байбарақтан→Құттыбай, Құттыбайдан→Сәрсен, Сәрсеннен→Сары, Сарыдан→Дастан, Дастаннан → Әубәкір болып таралады.

Зайсан педогогикалық училищесін 1948 жылы, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филологиялық факультетін 1961 жылы бітірген.

Туған ауданының мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқарған.

1959 жылдан журналистік жұмысқа ауысып, Зайсан аудандық «Достық», Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеген.

Қазақстан Жазушылар одағы фольклор секциясының кеңесшісі болып қызмет атқарған. В.И. Ленин туралы «Болашақ осылай басталған» атты поэмалар циклын жеке кітап етіп шығарды.

1983 жылы «Маркстің махаббаты» деген поэма жазып, өзінің таңдап алған негізгі тақырыбын жалғастыра түсті.

Әубәкір Нілібаевтың «Таңғы тыныс» 1967ж, «Болашақ осылай басталған» 1970 ж, «Ақмарал»1970 ж, «Жыр жалау»1972 ж, «Қоңыр жел», «Алаулаған армандар» 1974 жылдары, «Көңіл көзі», «Аққу-қаздар»1977 ж, «Іңкәр жүрек», «Жер жүрегі», «Марқакөл»поэмасы 1984ж, «Жиһан сөзі», «Асыл адам», «Мың сөз» 2001 жылы жыр жинақтары жарық көрген.

«Советский писатель» баспасынан «Звезды степи» деген жыр жинағы 1985 жылы шыққан.

Эсхилдің «Бұғауланған Прометейін» қазақ тіліне аударып, «Бұғауланған бұла жыр» деген атпен жазып шыққан. Азия және Америка ақындарының өлеңдерін, «Ленинді әлем жырлайды» атты кітабы, Пакистан ақыны Мұхаммад Икбалдың таңдамалы өлеңдері мен поэмаларын аударған. Эжен Потеенің поэмалары мен өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Р. Тагордың таңдамалы шығармаларын аударып бастырған.

1983 жылы Нілібаев Әубәкірдің құрастыруымен Монголия ақындарының өлеңі қазақ тілінде жарық көрді.

1986 жылы Мәскеудегі «Современник» баспасынан «Степное солнце» деген атпен қазақ ақындарының өлеңдері орыс тілінде басылып шықты.

Әубәкір Нілібаев Үндістан Республикасының Падма Шри сыйлығының, Пакистан Республикасы Икбал академиясының «Икбалдың Алтын ескерткіші» сыйлығының иегері.

«Жеңістің 60 жылдығы» медалімен және «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Көрнекті ақын, аудармашы Ә.Нілібаев Зайсан ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

## Төтенаев Базарбек Өртенбайұлы

(ғылым докторы, академик)



Базарбек Төтенаев тоғыз руының Олжашы тармағына жатады. Олжашыдан – Сыбанқұл, Сыбанқұлдан – Майлыбай, Серікбай, Жақсыбай. Жақсыбайдан – Өртенбай, Төтенай болып таралады.

Төтенаев Базарбек 1942 жылы Зайсан ауданы Қаратал аулында дүниеге келген.

Төтенаев Базарбек Өртенбайұлы – (1942-2004ж) тарих ғылымдарының докторы, академик. Ол 1959 жылы орта мектепті бітіріп, осы жылы Қазақтың Мемлекеттік физкультура және спорт институтына түсіп, 1963 жылы бітіріп шықты. Осы жылдан бастап мектепте дене тәрбиесі пәнінен сабақ берді. 1971 жылдан Халыққа білім беру министрлігінде инспектор, оқу-методикалық кабинетінің меңгерушісі, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің бастығы, ғылыми лабораторияның меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер болып қызмет істейді.

1972 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, «Қазақтың ұлттық ойындарының даму тарихы» деген (қазақтың ұлттық ойындарының – халық мәдениетінің негізі) деген тақырыпта тарих ғылымының (этнография саласы бойынша) кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. СССР спорт шебері, Қазақстан комсомол сыйлығының лауреаты, СССР және Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі, «Қазақстан спортына сіңірген еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі. Көптеген ғалымдар дайындаған республикаға белгілі ұстаз.

Қазақстандағы балалар спортын дамытудағы еңбегі, болашақ ұрпақ үшін ұшан-теңіз. Ол дене тәрбиесі мен спорт саласының тек қана ұлт ойындарын зерттеп, дамытып қана қойған жоқ, жалпы Қазақстандағы дене тәрбиесі негізін қалаушылардың бірі ретінде, осы саладағы мамандардың республика көлеміндегі ұстазы болып есептеледі. Тұңғыш рет орысша – қазақша спорт атауларының сөздігін жазды.

1992 жылы шығыстанушы А. Жолдасовпен бірге Құрбанғали Халиттың «Тауарих хамса» тарихи-әдеби еңбегін түпнұсқадан аударды.

Ғылыми зерттеу жұмысында, әсіресе қазақ халқының этнографиясын зерттеуде Б. Төтенайдың өзіндік орны бар. Кешегі дүниеден өткен ғұлама ғалым – Әлкей Марғұланның оқушысы ретінде, халық этногенезінің бір бұтағы – қазақтың ұлттық ойындары көшпелі халықтың өнерінің негізін қалайды, деген қағиданы ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шықты. Адам баласының адами болмысы тек ойын процессінде ғана қалыптасады да, осы ойын кезінде бойындағы барлық қабілет-қасиетін, яғни барлық өнерін ортаға салады. Осы тақырыпты зерттеу барысында «Қазақтың ұлттық ойындары» атты екі монография және «Селодағы дене шынықтыру және спорт» атты монография, «Игры народов СССР» (Қазақстан бөлімі), «Дене тәрбиесі» оқулығының авторы, сондай-ақ, 25-тен астам оқу құралдар мен оқу бағдарламасының, 50-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

Аяулы азамат, үлкен ғалым, ұлағатты ұстаз Төтенаев Базарбек 2004 жылы өмірден озды. Әрине, үлкен талант иесі өмірден ертерек кетті.

(Шығыс Қазақстан облысы энциклопедиясы, 754 бет).



Омаров Базарбек Акишевич родился 38 мая 1939 году в урочище Темир-Су Зайсанского района Восточно-Казахстанской области в семье лесника. Төртуыл→Тоғыз руының→Байтемір атасына жатады.

Отец, Акыш, долгие годы (70 лет) проработал лесником Зайсанского лесхоза, умер в 1992 году на 97 году жизни.

Базарбек Акишевич окончил школу Талгарский техникум механизации сельского и лесного хозяйства и работал преподавателем спец. Дисциплин в СПТУ – №19 г. Зайсана. Принимал активное участие в подготовке молодых механизаторов для сельскохозяйственных предприятий региона.

В 1969 году заканчивает Усть-Каменогорский строительно-дорожный институт, работает старшим механиком дорожно-строительных организаций Зайсанского района.

В 1970 году его переводят инструктором Зайсанского райкома КП Казахстана, в 1975 году с отрывом от производства заканчивает Алма-Атинскую Высшую Партийную школу, продолжает работать в Зайсанском райкоме партий инструктором, затем заведующим организационным отделом этого же райкома.

В 1978 году его направляет работать секретарем Тарбагатайского районного исполнительного комитета, где проработал до февраля 1987 года. В феврале 1987 году переходит в аппарат Восточно-Казахстанского областного комитета компартии Казахстана, где работает председателем комиссии партийного контроля вплоть до роспуска партий.

С августа 1991 года работает в управлении Государственным имуществом, директором автобазы, с марта 1992 года заведующим отделом организационно-инспекторской и кадровой работы Восточно-Казахстанской областной администрации, заместителем руководителя аппарата акимата ВКО.

С февраля 1998 года до ухода на пенсию возглавляет вновь созданное управление по миграции и демографии по ВКО Агентства по миграции и демографии Республики Казахстан.

Общий трудовой стаж работы составляет более 46 лет, на заслуженный отдых ушел в возрасте 67 лет. Принимал активное участие в общественной жизни области. Избирался депутатом районных и областного Советов нескольких созывов, членом райкомов, обкома партий.

Работа комиссии партийного контроля того периода была очень сложной, порой непредсказуемой, связанной с началом перестройки, выходом, отказом людей от членства КПСС. Работа усложнялась последствиями декабрьских событий 1986 года. В данной обстановке необходимо было находить оптимальные решения с учетом сложившихся ситуации.

В 2002-2005 годах возглавлял Восточно-Казахстанскую областную избирательную комиссию. Много сил и умения приложил по приему и размещению, трудоустройству оралманов возвратившихся на свою историческую Родину. За многолетнюю и плодотворную работу в советских, партийных и государственных органов награжден медалями и почетными грамотами ВС и СМ Каз ССР.

Супруга, Омарова Айгуль Айтмухаметовна, окончила Усть-Каменогорский педагогический институт. В настоящее время работает преподавателем на должности доцента кафедры биологии, имеет академическое звание доцента ВКГУ. Является автором многих научных статей и учебно-методических пособий, которыми пользуются студенты и

учителя школ. Восточно-Казахстанской области. За многолетнюю педагогическую деятельность награждена знаком «Отличник просвещения КазССР», многими юбилейным наградами.

Омаровы имеет 3 сыновей, 3 внуков.

Старший сын – Ербол, после окончания Алматинского филиала Усть-Каменогорского строительного-дорожного института в г. Алматы, работал в дорожных организациях г. Алматы, затем в органах гос. безопасности, подполковник КНБ. Его сын, Нартай, учится в Вузе США г. Бостоне. Жена, Жанар, кандидат физико-математических наук, доцент Казахско-Британского университета.

Второй сын – Ернар – окончил юридический факультет ВКГУ, в настоящее время работает юристом в транспортной компаний г. Алматы. Жена, Раушан, экономист, работает в Транс-Телекоме г. Алматы. Дети Армен и Асанали – учащиеся школы.

Третий сын - Ертай, окончил юридический факультет ВКГУ, работает помощником прокурора г. Риддера ВКО.

### **Тохтамұрат Мұқанұлы Ахметжанов** (Профессор, саясаткер, ағартушы)



1938 жылы шілденің 15-де Қытай мемлекетінің Алтай аймағында, Алтай қаласында дүниеге келген. Төртуыл → Тоғыз руының → Дәулет атасына жатады.

1956 жылы Алтай қаласында орта мектепті бітіріп, 1959 жылы Шинжан педагогика университетіне түседі, саяси оқу ағарту факультетін бітіріп, Ұйғыр автономиялық аймақтағы Шинжан коммунистік партиясының құрамындағы саяси партия мектебіне ұстаз болып қызметке орналасады.

1961-1963 жылдары Пекин орталық ұлттар университетінің саяси оқу ағарту факультетін бітіреді. Шинжан – Ұйғыр автономиялық партия мектебінде, саяси экономика шаруашылығы басқару ғылымынан тыңдаушыларға дәріс оқып және де осы салада ғылыми жұмыстармен шұғылданған.

Саяси экономика мен шаруашылықта басқару ғылымын, ғылыми түрде зерттеу нәтижесінде бірнеше кітаптар, баяндамалар, мақалалар жазған. Аймақтық, аудандық оқу ағарту жүйесінде, оқулық есебінде, саясаттанушылар мен аспиранттарға зор көмегі тиген.

Саяси экономика кафедрасының профессоры және саяси партия мектебінің шаруашылығының директоры қызметін атқарды.

2003 жылы зор құрметпен зейнеткерлікке шығады.

Жанұясында үш ұлы, бір қызы бар. Ұлдары: Ерлан, Серік, Серікжан Қытай мемлекетінің университеттерін бітіріп, мемлекеттік мұнай компаниясында қызмет етеді. Қызы Күлән – медицина ғылымының докторы, профессор. Тохтамұрат ағамыз немерелерінің қызығына тоймай, бақытты өмір сүруде.

Арманы біреу: Ата-бабасының туған өскен елі Қазақ елі, Марқа жеріне оралу.



Ахметжанов Тохтамұрат Мұқанұлының жанұясы

### Күлән Тохтамұратқызы

(Медицина ғылымының докторы, профессор)



1967 жылы желтоқсанның 15-де Қытай мемлекетінің Алтай аймағындағы, Ақсу ауданында, Ақсу қаласында дүниеге келген.

Осы қаладағы орта мектепті бітіріп, 1994 жылы Пекин медицина университетін бітірген. Мамандығы гинеколог. Өзінің мамандығы бойынша еңбек етіп жүргенде, 2003 жылы Тайванда өткен «Ана мен балалар денсаулығын сақтау»-туралы ғылыми конференцияға қатысып, осы салада мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған. Ғылыми еңбектері газетпен ғылыми журналдарға басылып, дәрігер мен емшілердің күнделікті жұмысында іске асқан.

2007-2012 жылдары өз мамандығын ғылыми жұмыстармен жалғастару мақсатында Жапония мемлекетіне сапар шегеді. Токиодағы Чин Жен Чау – медицина университетіне оқуға түсіп, ғылыми білімін жетілдіре отырып, ғылыми зерттеулер жүргізген. Осы жылдары көптен жазған еңбектерінің «Семіздіктің

баланың жетілуіне кері әсер беретін» - деген тақырыпта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде зор табысқа жетіп, монографиялық еңбектері ағылшын, жапон, қытай тілдеріне аударылып, нәтижесінде медицина ғылымының докторының диссертациясын қорғап, медицина ғылымының докторы атағының иегері болды.

21 жылдық ғылыми зерттеу барысында, көптеген тәжірибе жинақтап, медицина ғылымына көп үлес қосты. 100-ден астам ғылыми мақалаларымен, баяндамалары, ұсыныстарымен ғылыми еңбектерімен дүние жүзілік басылымдармен халықаралық конференцияларда талқылап, жарияланған.

Қазір Шинжан Ұйғыр аймақтағы Үрімші қаласында, автономиялық докторханасында, әйелдер аурулары бөлімінде қызмет етеді. Әйелдер ауруларына диагноз қойып емдеу жөнінде автономиялық аймақ көлемінде жоғары көрсеткішке ие болып, алдыңғы қатарлы еңбек етуде. Күлән ағылшын, жапон, қытай тілдерін жақсы меңгерген маман.

Жанұясында: Жұбайы Ермұрат дәрігер-ревматолог. Бір қыз, бір ұл тәрбиелеп, бақытты өмір сүруде.

### Бейілбаева Майра Лұқпановна



Бейілбаева Майра Марқакөл ауданы Жаңа-Ауыл ауылында дүниеге келген. Тоғыз руының Теңіз атасына жатады. Аталары: Бейілбай, Тұрабай, Сиырбай, Түктібай. Бейілбайдан Нілдіш туады. Нілдішқызы Майра болып таралады. Анасы Дуанова Зылихат. Қожанбет ішінде сырымбет руынан.

Майра Жаңа-Ауыл орта мектебін үздік бағамен бітірген. Жастайынан білімге алғыр Майра Нілдішқызы білім жолын Алматы қаласында жалғастырды.

Бейілбаева Майра Лұқпановна 1966 жылы Алматының мемлекеттік медицина институтына түсіп, 1972 жылы үздік белгімен диплом алып шықты. Мемлекеттік емтихан комиссиясының 1972 жылғы 1 июль қарары бойынша Бейілбаеваға М.Л. дәрігер-педиатр деген квалификация берілді.

Еңбек жолын Алматы қаласында эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтында бастаған. Майра Лұқпановна алғашқы ғылыми-зерттеу жұмысын Алматы қаласында қорғаған, 1976 жылы 24 майда медицина ғылымының кандидаты

ғылыми дәрежесі берілген. СССР министрлер советінің жоғарғы аттестациялық комиссияның шешімі бойынша 28.07.82 жылы Майра Лұқпановнаға аға ғылыми қызметкер деген ғылыми атағы берілген.

Майра Лұқпановнаның көптеген ғылыми еңбектері ғылыми конференцияларда тыңдалып, баспалардан жарық көрген. Ғылым саласында авторлық куәліктер алуының орны өте зор ғылыми жетістік: авторлық куәлік №1374490 «Способ получения антисыворотки к стафилококковому энтеротоксину типа а» 15.10.87.; авторлық куәлік №1489021 «Способ получения иммунного интерферона» 22.02.89.

Тәжірибелік мамандарға арналған әдістемелік нұсқаулар жариялаған: 1985 жылы «Приготовление стафилококковго энтеротоксина типа А и использование его в качестве индуктура гамма-интерферона»; 1987 жылы «Ускоренная лабораторная диагностика токсикоинфекций стафилококковой этиологии». 1989 жылы Л.В. Громашевский атындағы эпидемиология және инфекциялық аурулар Киев ғылыми-зерттеу институтында «Стафилококковые энтеротоксины (выделение, свойства и конструирование диагностических тест-систем)» докторлық ғылыми жұмысын қорғап, 20.10.89 жылы медицина ғылымының докторы ғылыми дәрежесі иегері атанды.

Майраның жанұясы, қызы және ұлы Алматы қаласында тұрады.



Болаттың қайтыс болғанына биыл 11 жыл болады, уақыт зымырап өтіп барады. Бидашев Көкенайды естуім болмаса, көріскен емеспіз. Көкенай екеулеріңізге көп рақметімді айтамын, Бөкенді ұмытпай естеріңізге алғандарыңыз үшін. «Әкең өлседе, әкеңнің көзін көрген өлмесін»-деген осы болар.

Болаттың өз қолымен жазған автобиографиясы жоқ екен, енді бар құжаттарға сүйеніп жазып көрейін.

Ата – бабалары Зайсан өңірінде тұрған, ал Марқакөлге 1930 жылдарда колхоздастыру кезінде келіп қоныстанған. Төртуыл→Тоғыз руының→Теңіз атасына жатады. Бапыш – атасы Марқакөлде тұрған, Болаттың 4-5 жасқа келген кезінде қайтыс болған. Болат атасы – Бапышты өте бір балалық сағыныш сезіммен еске алып айтып еді маған. Әкесі өлгеннен кейін Бапыш атасына деген сезімінің ерекше болғаны соншалықты, отчествосын атасының атымен жазғыздырғаны есімде.

Бапыш – атасы, мейрімді кісі болса керек. Болатты ерекше жақсы көріп, көтеріп, жетелеп жанында ұстап, қойнына жатқызып, еркелеткен. Атасының өлімі өзіне өте ауыр болғанын айтып еді. Әкесі – Нұрғали 1894 жылы туған Зайсан ауданы, Ақарал ауыл Советі, Ақарал аулында. 1968 жылы қазан айының 27 күні қайтыс болған.

Нұрғалиев Болат Бапышевич 1942 жылы 7 қарашада шаруа отбасында Марқакөл ауданының «Боран» аулында туған. 1950 жылы 1 сыныпқа барып, 1960 жылы 10 сыныпты бітірген. Жаңа – Ауылдағы Ленин атындағы мектепте оқыған.

Болат өзі тырысып оқыған азамат, оқуды мақсат тұтқан. Сол заманда талай жастар талаптанып, өздері ұмтылыс жасаған ғой, Болат та солардың бірі болған. Семей қаласында үлкен курста оқып жүрген жерлес – достары: Солтанянов Достан, Багенов Кәдір, Шойынбаев Зақан, Көксеменов Мәукен, Шөгелев Слямбек, Жабықбаев Рафик өте сыйлас достары еді.

1962 жылы 2-ші курстан Совет Армиясы қатарына шақырылып Литва жерінде Каунас, Неман, Клайнеда, Рига қалаларында болған. 3 жыл әскери борышын абыроймен атқарған.

1965 жылы институтта оқып жүріп екеуіміз таныстық. Болат сондай кішіпейіл, өзін ұстай білетін, таза жігіт еді. Темекі шегіп көрмеген, арақ-сыра ішпейтін. Екеуіміз дос болып кеттік, көбінесе институтта кездесіп жүрдік. Болат менен 2-3 жас үлкен болғанымен, мінезі бір 30 жас үлкен кісі сияқты болатын.

1967 жылы жазғы каникулда 20-күндік баламызды көтеріп Боранға бардық. Нұрғали атаны алғаш көргенім. Бойшаң, батыр тұлғалы, денесін тік ұстайтын қарт кісі екен, ақ сақалды. Атаны өте қатал деп айтатын Болаттың жақын достары, Қатал болғанымен де маған ата ұнады. Өзіл сөйлейтін, көңілі түссе көл болатын жомарттығы бар. Жақсы қарсы алды, дайындалған әдейі. Бізге жақсы сый – құрмет көрсетті.

1969 жылы диплом алып Болат өз елінде еңбек жолын бастады, 5 жыл жұмыс істеді.

1. Зоотехник отделения «Жыра - Құдық» Боран созхозы

2. Зоотехник по планированию Маркакольского РСУ с.Алексеевка

3. Инспектор Госстатистики с.Алексеевка

4. И.о. начальника машино-счетной станции Маркакольского района

5. Государственный инспектор по закупкам и качеству с/х продуктов Маркакольского района.

1974 жылы Семейге келді ауысып. Осы жылдың 18 қыркүйектен бастап

Овцеводство СЗВИ-ге ауысты. Кафедра овцеводствоға МНС болып СЗВИ-де еңбек жолын бастады.

1985 жылы 3 қазанда – Начальник научно-исследовательского сектора.

1988 жылы 24/02 - Северо-Восточное территориальное отделение КазНИТИО-ға ауысқан, отдел внедренияға бас маман болып 1993 жылдың 18/01 – дейін істеген.

1993 жылы 18/01 – қайта кафедра овцеводствоға СМС по хоздоговорной теме болып орналасқан.

1994 жылы 27/01 – ассистент болып ауыстырылған овцеводство және ұсақ мал кафедрасына ауыстырылған.

1994 жылы 1/11 - осы кафедраға аға оқытушы қызметіне ауыстырылды.

1997 жылы 24/06 – и.о. доцента болып ауысқан 3 жылдық контрактпен.

2002 жылы 3/07-де Болат қайтыс болды, артында қайғыға батып, күйзеліп семьясы қалды.

Болаттың еңбегі жанып өте жақсы нәтиже шығарды. Еңбектері өрге басты, жоғары бағаланды. Тек совхоз емес, район емес, облыс емес, Республика бойынша жаңа порода «Байс» Москвадағы көрмеге қойылып, әйгілі болып кетті.

1994 жылы Болат автор болып бекітілді.

1995 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

1998 жылы докторантураға берілген жолдамасын Нұрал Майтқанович азаматтың сұрауы бойынша жолын берді. Жалпы Алматылық профессорлар Болаттың докторский қорғағанын қалады, бәрі тілектес болды.

Сый – сыйпатсыз болмаған. Қай жерде істесе де, ақшадай сыйлық, құрмет грамоталар, благодарственное письмо деген сияқты құттықтаулар көп болды.

Ең үлкен сыйлығы көзі тірісінде алған, ол - достарының үлкен жылы ықыластары, тілектері, жылы лебіздері жазған шумақ өлеңдері.

Болат екеуміздің 36 жыл өміріміз бірге өтті, мен әр қашан қолдау көрсеттім, жағдай жасадым. 3 ұл бала сүйдік, тату – тәтті өмір сүрдік, ынтымақты от басы болдық. Достары көп, қонақжай болдық. Балалар өсіп ер жетті, екі үлкен баламыз үйленді, қуаныштадық, үйімізге сүйкімді қыздар келді, келіндеріміз Лаура, Мая есімді. Алла тағала бізге тәтті, сүйкімді немерелер берді. Үлкен баламыздан – Әділжан, Азамат, Алижан атты немерелерді сүйдік. Ортаншы баламыздан – Айжан, Римма, Алия атты немерелерді сүйдік.

Болат өте ақ көңіл, ақылы көркіне сай, адамгершілігі мол, адал, сүйікті жарым болды. Балаларыма үлгілі, сүйікті әке болды. Немерелеріме сүйікті ата болды.

Артында қалған іздері – балалары оқып жетті, жоғарғы білімдерін алып, әр салада абыроймен еңбектерін істеді. Үлкен баламыз – Қанат мамандығы юрист УВД саласында істеді, былтыр зейнетке шықты. Ортаншы баламыз – Қуат, мамандығы дәрігер – нейрохирург Астанада, Национальный медицинский холдинг, Республиканский научный центр нейрохирургии, сонда заведующий отделением нейрореабилитации болып қызмет істейді. Былтыр «Қазақстан медицинасын жетілдіруге қосқан еңбегі үшін» - деген медальмен марапатталды. Кіші баламыз – Талғат Шакарим атындағы және «Қайнар» университетін бітірген. Юрист мамандығы бойынша Өскемен қаласындағы Восточный филиал министерства Юстиций сонда УИС саласында істеді, кейінгі 2 жыл Семейде фирмада Начальник Госбезопасности болып істеді.

Әкелерінің атына кір келтірмейді – деп сенем. Тәуба деймін. Мен сол бәйтерек, бір шынар, барым да, – байлығым да осы балаларым.

(22 мамыр 2013 жыл. Фатиманың естелігінен.)



## Нургалиев Куат Булатович



Нургалиев Куат Булатович врач-нейрохирург высшей категории, заведующий отделением нейрореабилитации. Тортуыл→Тогуз→Тениз→Бабыш.

В 1986 г. окончил Семипалатинский Государственный медицинский институт. Стаж работы 20 лет, по специальности 12 лет.

С 2009 г. заведующий отделением нейрореабилитации АО «РНЦНХ».

1992г.-1993г. интернатура по анестезиологии-реаниматологии, 2000г. первичная специализация по нейрохирургии, 2001г. первичная специализация по травматологии, 2002г. первичная специализация мануальной терапии, 2005г. первичная специализация по иглорефлексотерапии, 2006г. первичная специализация по гирудотерапии, 2008г.

«Нейротравма и травма позвоночника» г. Каунас, Литва, 2012г. «Нейрохирургия», г. Пучен, Южная Корея.

e. mail: [www.nurgaliyev\\_kuat@mail.ru](mailto:www.nurgaliyev_kuat@mail.ru)

## Бигалиев Сәбет



Біз найман тайпасына жатамыз. Найман ішінде Төлегетай бабамыздан таралатын Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай деген рулардың төртуылынан тараламыз. Андабарақтың Тоғыз руынан боламыз. Арғы атамыз Қаратоқа. Өз атамыз Тілепбергеннен Бірлікбай, Насиха. Насихадан Биғали, Нұрғали. Менің әкем Биғалидан Сәбет, Сәбит деген екі ұлымыз.

Әкем Биғали ағаш шебері болған. 1930 жылдан ұжымда (колхозда) 1956 жылдан Кеншарда еңбек етті. Зейнетке шыққанша еңбектен қол үзген жоқ. «Тоғыздан ұл туса, ағашқа күн туады» - дейді екен халқымыз. Ерінбейтін, қайратты, қолы шебер адам еді. Ұлдарын, қыздарын оқытты. Жоғары білім берді.

Өзім Марқакөл ауданында өстім. Жаңа – Ауыл орта мектебін 1956 жылы бітірдім. Ары қарай Семей мемлекеттік медициналық институтын тәмамдап, хирург – дәрігер мамандығын алып шықтым. Мамандығым – адам жанының арашасы дәрігер.

Не істедім соны жаза кетейін. Марқакөлде, өзіміздің елде, 5 жыл хирург болып істедім. Жедел түрде жасаған оталарымның (операция) саны - 908, жоспарлы түрде жасалған оталар 98, барлығы 1006 ота жасаған едім.

Өскемен қаласында 8 жыл тұрдым. БСМП деген ауруханада қызмет істедім. Бұдан соң Семейде облыстық ауруханада 20 жылдай жұмыс істедім.

Барлығы 32 жыл 3 ай қызмет істедім.

Осы жылдарда жедел түрде 6157 ота жасадым. Жоспарлы түрде 1341 ота жасаған әкем. Барлығы 7498 операция жасап, осынша адамның өмірін қатерден қорғадық. Осылар туралы өзім жазған кітабым «Өмір дастанда» жақсы жазылған.

Отбасымда 3 балам бар. Солардан 8 немере көріп отырмын. Балаларым жоғары білімді. Қызым Айман Алматы қаласында оқу бөлімінде қызмет істейді. Ұлым Марат төрт-бес шетел тілін біледі. Америка – Қазақстан қарым-қатынас саласында қызмет істейді. Кіші қызым Шымкент қаласында тұрады, мамандығы мұғалім.

### Серғазин Сағиолда Серғазин



Мен, Серғазин Сағиолда Серғазыұлы 1950 жылдың желтоқсан айында Зайсан ауданының Қара Ертіс ауылдық советінің Архат елді мекенінде дүниеге келдім.

Еліміз Тоғыз руының Дәулет атасына жатады. Әкем – Мұса ұлы Серғазы орман шаруашылығында жұмысшы, Ұлы Отан соғысының ардагері. Бірнеше мәрте орден, медальдармен марапатталған.

Шешем – Келгенбаева Сәруар Рүстемқызы, сүйегі – Санияз – төре. Біз 4 ағайындымыз. Ағам – Сейполда 1948 жылғы, қарындасым – Муслима 1953 жылғы, інім Аманжол 1956 жылғы. Олардың өздерінің отбастары, балалары бар.

1959 жылы Шенгелді бастауыш мектебіне оқуға барып, 1964 жылы 4 сыныпты аяқтап, 5 сыныпты Зайсан ауданының Рожков ауылында оқыдым.

Алтынша, жетінші, сегізінші сыныптарда Зайсан қаласындағы мектеп – интернатта оқыдым. 9-10 сыныптарды Марқакөл ауданының Боран

аулындағы В.И. Ленин атындағы орта мектепте оқыдым.

1970 жылы мамыр айында әскер қатарына шақырылып, 1972 жылы борышымды өтеп елге қайттым. Осы жылы тамыз айында Семей мемлекеттік медицина институтына құжаттарды тапсырып, сынаққа өтіп оқуға түстім, емдеу факультетіне.

1978 жылы институтты тәмамдап, Өскемен қаласындағы №2 ауруханаға интернатура өтуге қабылдандым.

1979 жылы шілде айында интернатураны аяқтағаннан кейін, денсаулық бөлімі мені Марқакөл ауданына жіберді, дәрігер терапевт мамандығы бойынша.

1979 жылдың тамыз айынан 1980 жылдың тамыз айларында Бобровка участкелік ауруханасында бас дәрігер болдым.

1981 жылы Боран ауруханасына бөлімшелік дәрігер-терапевт болып ауыстым.

1982 жылдың қаңтар айынан 2008 жылдың маусым айына дейін Қалжыр ауылдық дәрігерлік амбулаториясында бас дәрігер қызметін атқардым.

2008 жылдың маусым айынан осы күнге дейін ШҚО ТЖМ апаттар медицина орталығында – дәрігер болып қызмет атқарамын (филиал ГУ «ЦМК» МЧС РК по ВКО). Үйленгенмін, 4 балам бар. Жолдасым – Майдажан дәрігер. Қазақ –түрік лицейінде дәрігер. Ұлдарым: Амантай – жұмысшы. Ертай, Естай – әскери қызметкер. Қызым Ақмарал – фармацевт.

## Сембаев Әбілғазы (Әдікен)



Қайырбай Сембайұлы 1898 жылы туған. Төртуыл ішінде Тоғыз руының Дәулет атасына жататын Жанкісі-Жәпек тармағының азаматы.

1941 жылы соғысқа аттанып, содан оралмады. Қайырбайдан ұлы Әбілғазы, қызы - Сембаева Күлбаран қалған. Күлбаран 1938 жылғы еді, 2007 жылы қайтыс болды.

Сембаев Әбілғазы (Әдікен) 1929 жылы туылған. Марқакөл ауданы Теректі селосында тұрған.

Сембаев Әбілғазы жұбайы Қайникамал екеуі Қарашілік аулында алғашқы қызметін бастауыш мектептің мұғалімдігінен бастаған.

Біраз жылдан соң, Марқакөл ауданы бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетіне қызметке ауысады.

Сол кездегі КГБ-ның бастығы Сүлеймен Сармановтың көмекшісі болып көп жыл қызмет істейді. Қызметке бейім, іскер азамат Әбілғазыны сол жерден жолдама арқылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы Алматы Жоғарғы

партия мектебіне оқуға жіберіледі.

1960 жылдың басында оқуын қызыл дипломмен бітіреді. Сол жылы Таврия аудандық атқару комитеті бастығының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады.

Бұдан соң Болшенарым Аупарткомның екінші хатшысы болып қызмет жасады. 1960 жылдың ортасында Күршім ауданында Халықтық бақылау комитетінің бастығы болып ауысады.

Соңында отбасы жағдайына байланысты Талдықорған облысы, Үшарал ауданына барып, Поссовет, зав.профком қызметтерін атқарып, 1989 жылы күзде дүниеден озды. Бес баласы қалды. Үлкен ұлы Ғабит қайтыс болды. Екінші ұлы Серік және қыздары Гүлбану, Фарида, Гуля Өскемен мен Алматы қалаларында тұрып жатыр.

## Сембаева Күлбаран



Сембаева Күлбаран Қайырбайқызы 1938 жылы 12 шілдеде Марқакөл ауданы Алексеевка селосында туылған. Алексеевка орта мектебінің 9-шы сыныбын бітіріп,

Лениногорск қаласындағы медициналық училищесіне түседі. Оны 1960 жылы бітіріп, фельдшер-акушер мамандығын алып шығады.

Содан бастап Марқа өңіріндегі Жаңа-Ауыл, Қазақстан, Қарашілік, Приречное және Жиделі елді мекендерінде фельдшер-акушерлік пунктін басқарды. Сол кездегі талап бойынша қыста ат-шанамен, жаз-көктемде салт атпен малшы отарларын аралады. Аттың жалы, түйенің қомында дегендей әйелдерді үйінде, кейде жолда босандырып, аман-есен перзентханаға жеткізіп жүрді.

Мұндай жағдай 120 шақырымдағы Жайлауда болды.



100 ден астам нәрестенің кіндігін кесіп, кіндік ана атанды. Халық арасында беделі жоғары болды.

1980-82 жылдары Боран селолық кеңесіне депутат болып сайланды. Аудандық денсаулық сақтау бөлімі алғыс хат және бағалы сыйлықпен марапаттап отырды. Аудандық партия комитетінің «Құрмет кітабына» есімі жазылды.

1983 жылы Облыс бойынша жарияланған «Үздік фельдшер-акушер пункт» (ФАП) конкурсына қатысты. Қорытындысында 3 орынды иеленді. Ауданның орта арнаулы медицина қызметкерлерінің тәжірибе алмасу семинары өтті.

Денсаулық сақтау саласындағы білікті хирург-дәрігерлер Глеим, Кентбаев, Жабықбаев, Бижігітов Ж, Башабаев М және тағы басқалармен қоян-қолтық қызмет атқарды.

**Қайырбай Сембайұлы** 1984 жылы қажырлы еңбегі тиісті бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалі берілді.

Ғұмырының отыз жылы дәрігерлік қызметке арнап, 1988 жылы зейнеттік демалысқа шықты. Төрт ұл, бір қыз туып, өсіріп жеткізді. 2007 жылы 27 қазанда Жиделі ауылында дүниеден озды. Сембаева Гүлбаранның Ерік, Ержан, Ерлан, Нұрлан деген ұлдары қазір Өскемен қаласында тұрады.

### **Сырбаев Слямбек Жақыпқожаұлы**



Сырбаев Слямбек - 1941 жылы 26 сәуірде Зайсан ауданы, Қара Ертіс өзенінің бойында дүниеге келген. Төртуыл→Тоғыз руының→Теңіз тармағына жатады. Әкесі-Жақыпқожа Сырбайұлы 1942 жылы майданға аттанып оралмаған. Анасы-Мария Дутпайқызы 5 баламен жалғыз қалған.

1947-1957 жылдары Зайсан қаласындағы қазақ орта мектебін тәмамдаған. 1959-1962 жылдар аралығында Семей қаласындағы зооветтехникумды аяқтап, 1962-1969 жылдары Зайсан ауданындағы «Освобождение» колхозына, «Сатпай» қой фермасында мал дәрігері болып жұмыс істейді. Осы фермада коммунистік партия қатарына өтеді. 1969 жылы жасаған еңбегі бағаланып, «Қаратал-Талды» фермасына меңгеруші ретінде ауыстырылады.

1971 жылы Райком партияның шешімімен Қаратал совхозының, «Үлкен-Қаратал» бөлімшесіне меңгеруші болып тағайындалады.

1969-1974 жылдары Семей қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының, мал дәрігері факультетін сырттай бітіреді.

1975 жылы Зайсан ауданындағы XXIV Партсъезд атындағы совхозға мал шаруашылығының бас маманы болып қызмет атқаруды бастайды. Осы уақытқа дейін көкөніс, егін егумен айналысып келе жатқан жаңа совхозға мал шаруашылығын біріктіруге бар күшін салды. Атап айтсақ, Ресейден және Қазақстанның түкпір-түкпірінен «Алатау» тұқымды бұзауларды сатып алып, осы асыл тұқымды сүтті сиырларды және етке арналған ірі-қара мал тұқымын селекциялау жұмысымен айналыса отырып өсірді. Нәтижесінде, совхоз сүт пен ет өндіруден жоғарғы көрсеткіштерге жете алды.

1981 – 1994 жылдар аралығында Зайсан ауданының ауыл шаруашылық басқармасында гос-инспектор, бас зоотехник қызметін атқарған.

1994 - 1996 жылдары Қарабұлақ совхоз директорының орынбасары болып тағайындалды.

Зайыбы – Ожанова Бикамал Қалиасқарқызы, Зайсан ауданында ауыл шаруашылық саласында қызмет еткен.

Екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы жоғарғы білімді, алдыңғы қатардағы қызметкерлер. Сіләмбектің ұлы Айзат Зайсан қаласында тұрады. Сіләмбектің ұлы Айзаттан Ернар, Нұрым деген екі немересі бар.

Қыздары және анасы Ожанова Бикамал Астана қаласында тұрады.

### Әділбек Сиырбайұлы



Сиырбаев Әділбек 26.03.1934 жылы Зайсан ауданы Ақарал ауыл советінде дүниеге келген.

1945-1948 жылдары Мөнекей колхозындағы бастауыш мектепті бітірген.

1949-1955 жылдары Зайсан қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген.

1955-1960 жылдары Семей қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының мал дәрігерлік факультетін үздік дипломмен аяқтаған.

Еңбек етуді 1960-1974 жылдары Зайсан ауданының Қарабұлақ совхозында бастаған. Онда бас мал дәрігері және совхоз директорының орынбасары қызметін атқарған.

1974-1994 жылдары Зайсан ауданының Кеңсай (Мичурин) совхозында бас мал дәрігері, бас зоотехник және совхоз директорының орынбасары қызметін атқарған.

1994 жылдан бастап құрметті демалысқа шыққан. 2003 жылдан бері Семей қаласында тұрады.

Бала күнінен еңбек етуді сүйеге тәрбиеленген.

Ұлы Отан соғыс жылдары кезінде ауылда жұмыс қолы жетпей жатқанда, 1943-44 жылдары колхоздың жұмысын істеген, масақ терген, мал жайған, шөмеле салған.

Сөйтіп, 2010 жылы Жеңістің 65 жылдығына байланысты "Тылда еңбек еткені үшін" медалімен марапатталған.

Кейін совхозда қызмет жасаған кезде де үлкен абыройға бөленіп, 4 рет ауылдық кеңеске депутаттыққа сайланған, совхоздың халықтық бақылау тобының төрағасы болған. 1970 жылы "Лениннің туғанына 100 жыл" медалімен марапатталған.

Жұмысқа талап қоюшылығы мен тыңғылықтылығының арқасында бірнеше жетістіктерге жеткен. Қойды сорттап, асыл тұқыммен асылдандыру тәсілін пайдаланып, жүннің сапасын арттыруға, жұқпалы мал ауруларынан шаруашылықты айықтыру, оларды болғызбау мәселесіне көп еңбек жасаған.

Зайыбы Зәмеш Салахова мұғалима, "Қазақ ССР оқу ағарту ісінің үздігі". Әділбек пен Зәмеш 5 бала, 11 немере тәрбиеледі. Олардың бәрі жоғарғы білімді, алдыңғы қатарлы қызметтегі мамандар.

## Әдібаев Қайырбек



Әдібаев Қайырбек тоғыз руының Серіқара атасынан таралған Жұрын, Мәзбай тармағына жатады.

Әдібаев Қайырбек 1941 жылы 22 ақпанда Зайсан өңірінде дүниеге келген. Қайырбек еңбек жолын Зайсан ауданындағы «Ленин» атындағы колхозда тракторист мамандығынан бастайды.

Талапты жас білімін көтеріп, жетілдіру мақсатында 1962 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылық институтына оқуға түседі. Институтты 1962 жылы тәмамдап, елге оралады. 1967 жылы оқуын бітіріп, дипломымен ауылға оралған жас маман Әдібаев Қайырбек Айнабұлақ совхозына МТМ меңгерушісі қызметіне жіберіледі.

1971 жылы кеншардың бас инженері жұмысына ауыстырылады. 1974 жылы Қарабұлақ аулына Ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарады. Талапты жас аудандық және ауылдық советтің, қоғамдық-саяси

істеріне де белсене араласады. 1978 жылы Әдібаев Қайырбек Мичурин совхозының партия хатшысы қызметіне тағайындалады.


1981-93 жылдары Ақарал совхозының директоры қызметін атқарады. 1993 жылы ПОЭ оңтүстік электр желісінде Алтайэнерго мекемесінде электрэнергия инженері жұмысын атқарады. 1994 жылы Қаратал ауылдық әкімшілігінің басшысына тағайындалады.

1998-2002 жылдары "Кең дала" ауыл шаруашылық бірлестік қоғамының аға менеджері қызметін атқарған.

Әдібаев Қайырбек Майнур Абдуалиевамен отбасын құрады. Отбасының қуанышы болған Ермек, Саян, Арай деген үш баласы болған. Бұл күнде балалары ержетіп, ұядан ұшырып, қияға қондырып отырған бақытты отбасы.

Қайырбек – үлкен-кішіге сыйлы адам. Ел-жұртының қадірлі, құрметті азаматы.

## Зәкеш (Зарқұмар) Қабдешев



Зәкеш Қабдешев 1928 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Ақарал аулында дүниеге келген. Төртуыл→Тоғыз руының→Дәулет→Жәпек атасына жатады.

1942 жылы Теректі (Алексеевка) орта мектебінің 4-класын бітіріп, Қазақстан аулындағы мал фермасының есепшісі болып еңбек жолын бастаған.

1942 жылы шілде айында әкесі Қабдеш Қызыл армия қатарына шақырылып, 1943 жылы Сталинград майданында қаза тапты. Ол кезде Зәкеш небары 14 жаста еді. Сол жылдан бастап Зәкеш екі шаңырақтың иесі болды (екіншісі- нағашысының үй-іші).

Екі әжесін, үш бауырын, ауру анасын асырау оған оңайға түспеді. Бірақ қаршадайынан зерек, еңбекшіл Зәкешті өмірге деген құштарлығы жасыта қоймады. Бір өзі ер-азаматтың жүгін көтеріп, сол жылдың аязды қысынан үй-ішін аман-есен алып шықты. Сол ауылдың

құрметті азаматы болды. Үлкендерден ақыл сұрап, кішілерге қамқор бола білді. Туған-туыс, ел-жұртын, әсіресе жетім-жесірлерге қолынан келгенше көмегін аямады.

Қыста Қалжыр өзені арнасынан шығып, даланы су қаптап жататын. Даладағы шөп маяларды, қырмандағы бидайды су шайып кететін. Амал жоқ, сол су шайған бидайды, тізеден кешіп отырып сүзіп алуға Зәкеш, нағашы апасы Мәлике, қарындасы Бағи сиырға мініп, 5 шақырым жерге баратын. Қақаған сары шұнақ аязда сүзіп әкелген бидайды ауыл болып бөліп жейтін.

1946 жылы Шығанши аулындағы колхоздың есепшісі (бухгалтері) және қойма меңгерушісі болып жүріп бастауыш комсомол ұйымын басқарды.

1947 жылы Зәкеш үйленіп, 1948 жылы анасы Зұлкамал тұңғыш немересін құшты.

1953 жылы Жаңа-ауыл аулындағы Ленин атындағы колхозда бас есепші болып қызмет етті.

1957 жылы Боран совхозының Жырақұдық бөлімшесінде аға есепші және бастауыш партия ұйымының жетекшісі болды. Осы жылдары аудандық және ауылдық советтердің депутатты болып сайланып, 1967 жылы Боран ауыл советінің бастығы болып халқына қызмет етті.

Зәкең еңбек ете жүріп Жаңа-Ауыл қазақ орта мектебін және Өскеменнің ауыл шаруашылық техникумын тамамдаған білікті зоотехник маман еді. Сол себепті 1974 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Боран совхозының зоотехнигі болып, 1988 жылы зейнеткерлікке аудан, ауыл, совхоз болып құрметпен шығарып салды.

Зәкеңнің ең үлкен байлығы туып - өскен елінің халқы болатын. Оның дастарханы сол халқы үшін жайылған, өзі сол халқы үшін еңбек еткен.

Ұлы боп туып-өскен мекенімнің,  
Алпыстың асқарына көтерілдім.  
Жар құшып, бала өсіріп, еңбек еттім,  
Ойлаған мақсатыма жете бердім.  
Сүйемін сұлу Марқа атырабын,  
Әр таңды зор үмітпен атырамын.  
Жарқылдап ақ тілекпен, ақ ниетпен,  
Келіңіз дастарханға шақырамын,-деуші еді Зәкең.


Зәкештің адал еңбегі бағалаланып, ол Шығыс Қазақстан облысы және Марқакөл аудандық атқару комитетінің «Мақтау грамотасымен» және «За трудовую доблесть» т.б. республика медальдарымен марапатталған. Зәкең «Марқакөл ауданының құрметті азаматы» және «Еңбек ардагері» атанды. Ұлы Отан соғысында тылда еңбек етіп, соғыстың жеңіспен аяқталуына ат салысқаны үшін «Юбилейный» медальдары және бағалы сыйлықтар берілді.

Марқакөл елінің сүйікті де, құрметті азаматы 1994 жылы дүниеден озды. Ата-бабасының мекені Қара Ертістің жағасында ел-жұрты, туған-туысы мәңгілік мекеніне зор құрметпен шығарып салды.

От басында: жары Әсия – ұстаз. Балалары: Болатбек – металлург (Бақыт: Дәулет, Мирас; Жандос: Әлібек). Нәзигүл – кәсіпкер, Мақаш – ұстаз. Мейрамбек – кәсіпкер, Марат: Ерсұлтан, Қанат деген ұлдары бар. Сауыр – кәсіпкер. Сапардың ұлы Алтай.

7 немере, 4 жиені бар. Балалары, туған-туыстары 2004 жылы Марқа өңірінде дүниеден озғанына 10 жыл толғанына байланысты еске алып, ас берді. 2014 жылы қызы Нәзигүл Алматы қаласындағы «Береке» мейрамханасында марқакөлдік жерлестер мен туған-туыстарға ас берді. Еске алды. Нәзигүл мен күйеу баласы Алмасқа ақсақалдар алғысын айтып, баталарын берді. Асқа қатысқан адамдар дүниеден озғанына 20 жыл болса да, естеріндегі біз білмеген қыр-сырларын айтып, еске алды.

## Әлкен (Әлиқұмар) Қабдешев



Әлкен (Әлиқұмар) Қабдешев 1938 жылы 9-қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Ақарал аулында дүниеге келді. 1956 жылы Жаңа-Ауыл орта мектебін бітірген.

«Әкем Ұлы Отан соғысына аттанғанда мен бес жаста едім», - дейді Әлкен. Алты жасынан бастап колхоздың егініне шыққан арам шөбін тазалап, шөп шабатын машинаны сүйрететін төрт өгіздің басына ие болып, балалық шағын еңбек етумен өткізген. Бұл еңбек орта мектепті бітіргенше жазғы демалыстағы тіршілігі еді.

1959 жылы осы совхоздың жылқышысы болды. 1961 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басшыларының қолдауымен Шемонаиха қаласындағы ауыл шаруашылық мектебін мал дәрігері мамандығы бойынша оқып бітірді.

1962 жылы Марқакөл ауданындағы «Қалжыр» совхозында мал дәрігері болып, 1968 жылға дейін Шұбаршілік бөлімшесінде еңбек етті.

1965 жылы коммунистік партия мүшелігіне алынды.

1968 жылы Боран совхозының Жаңа-Ауыл бөлімшесінде өз мамандығы бойынша қызмет етіп және сол бөлімшенің бастауыш партия ұйымын басқарды.

1970 жылы Талдықорған қаласындағы Ауыл шаруашылық техникумына түсіп, оны 1972 жылы үздік бағамен бітіріп, 1993 жылға дейін Марқакөл ауданындағы Қалжыр, Боран совхоздарында мал дәрігері болып жұмыс істеді. Қажымай-талмай адал еңбек еткені үшін совхоз зор құрметпен астына тұлпар, үстіне қазақтың шапанын кигізіп зейнеткерлікке шығарып салды.

Әкесі Қабдеш 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1943 жылы Сталинград майданында қаза тапты. Анасы Зұлкамал - Әлкен мен келіні Шайзадан дүниеге келген төрт немересінің қызығына тоймаған бақытты әже еді.


Отбасында: жұбайы Шайза- зейнеткер. Ұлдары: Жеңісбек – кәсіпкер, Нұрлан – заводта инженер – баласы Асылбек; Ерлан-шофер, баласы- Асқар; Бауыржан – шофер, балалары – Ғалым, Шыңғыс. Жеті немересі бар: Немересі Ғалым ақын (баспадан екі кітапшасы шықты), оқу озаты және өнертапқыш. Осы саладағы жарыста облыс бойынша жүлделі орынға ие болып, құрметке бөленді.

### Менің атам

Атам келді бүгін менің Алматыдан,  
Жүгіріп қаумалаймыз жан-жағынан.  
Сағынып қалыпты ғой біздерді де,  
Тентексің деп әрқашан шағынатын.

Атам менің барады қартайыпта,  
Бүкір тартып белі де еңкейіпті.  
Өмір бойы совхозда жұмыс істеп,  
Қаншама азап көріп, тер төгіпті.





1940 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы «Қазақстан» ауылында дүниеге келген.

1947-1957 жылдары Жаңа-Ауыл аулындағы В.И. Ленин атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, 1957-1960 жылдаң Боран совхозының Жаңа-Ауыл бөлімшесіндегі мәдениет үйін және кітапханасының меңгерушісі болып еңбек жолын бастады. 1960 жылы Алматыдағы мал дәрігер - зоотехникалық институтында оқып жүргенде 1963 жылы Совет армиясы қатарына шақырылды, Өзбек республикасындағы Наманған қаласында топография және карта жасау бөлімшесінде 1966 жылға дейін азаматтық борышын атқарды.

Осы жылдары жазғы айларда әскери карталарын жаңарту мақсатымен Совет елінің құмды, тұзды, шөлейтті даласында және Памир, Алтай, Ұлытау, Көкшетау таулы аймақтарында болып, табиғаттың небір сұлу көріністерін, жануарлар әлемін және сарбаздармен командирлердің қорғаныс жолындағы еңбектерінен

түсірілген суреттерін «Красная звезда», «Фрунзовец» газеттері үнемі шығарып турды. Осы газеттер Қалиғумарға тілші есебіне тапсырма беріп, оны орындап тұрған, демек келешек фототілші болуына зор көмегі тиген.

1966 жылдан бастап Марқакөл аудандық «Маяк», «Шамшырақ» газеттерінің фототілшісі бола жүріп, Республика Облыс газеттерінде суреттері шығып оқырмандарға танымал фотокорреспондент болды.

Қалиғумар - жоғарғы білімді журналист. Алматыдағы Республика орталық партия комитетінің, жанындағы жоғарғы партия мектебінің «журналист» факультетін бітірген.

1974 жылдан Қазақстан Журналистер Одағы жанындағы «Журналист» көркем сурет фотостудиясында фототілші болып қызмет атқарып жүріп осы студияның бастауыш партия, кәсіподақ ұйымдарын басқарды.

Қазақстан Республикасының орталық комитетінің бірінші қатшысы Д.А. Қонаевтың қолдауымен Республика мәжіліс, съездеріне және КПСС-тың Москвадағы Кремль съезд сарайында өткен XXVI-съездінің фототілшісі ретінде қатысып қыруар еңбек етті.

1969 жылдан СССР Журналистер Одағының мүшесі, 1983 ж. Халықаралық журналистер Одағының мүшесі және АПН мен ҚазТАГ-тын фототілшісі. 1975 жылдан бастап Одақтық, Республикалық фотокөрмелерге қатысып, күміс және қола медальдарының иегері болды. Ал АПН-ның шешімі бойынша Болгарияның Варна қаласындағы халықаралық журналистер санаториясына жолдама беріп, Қара теңіз жағасындағы «Золотые пески» санаториясында жұбайы Құлжазирамен дем алды.

1985 жылы Москва қаласында өткен дүниежүзілік Жастар фестивальның дипломаты. Қазақфильм киностудиясының жанындағы диофильм өндірісінен шыққан «Алматы менің астанам», «Алғашқы ұстаз», «Туған жерімнің табиғаты» т.б. он диофильмның авторы.

1984 жылы Халықаралық «Достық» қоғамы арқылы ұйымдастырылған авторлық түрлі-түсті көркем сурет көрмесін Индия (Бомбей қаласы), Цейлон (Колумба, Канди қаласы), Мальдив (Мальди қаласы) мемлекеттерінде және Болгария, Румыния, Чехословакия республикаларында болып, Қазақ халқының табиғаты мен жетістіктерін Азия, Европа, Америка, Жапония елдеріне таныстырды.

1988 жылы М.Әуезов атындағы академиялық драма театры арқылы баспадан жарық көрген «СССР халық әртістері» атты кітаптың және 50-ден астам спектакілдер бойынша

жасалған 3 кітаптың авторы. Қазақтың өнер майталмандары А.Әшімов, Ә.Мамбетов, Д.Жолжақсыновтың творчестволық ізі бойынша (фотоальбомдар) кітаптар шығарған.

Марқа өнірінің ардақты ұстазы, Совет еліне аты әйгілі болған Кумаш Нурғалиевтың 70 жылдық мерей тойына арнап шығарған кітаптің суреттерінің авторы.

Қазақ Республикасының 40 жылдық мерей тойына қатысқан Совет Одағының көсемдері, оның ішінде КПСС-тың бас қатшысы Л.И.Брежнев, 15 республикадан келген бірінші партия секретарларын және еңбек ардагерлерін суретке түсіріп, Республика баспаларына бастырған фотожурналист.

1990 жылы Республика «Заң» газетінде қызмет ете жүріп, режиссер СССР халық әртісі А.Әшімов қойған екі сериялы «Қозы Қорпеш – Баян сұлу» кинофильмінің фотосуретшісі болды.

1993 жылы Қазақ Құқықтану және халықаралық қатынастар институтында, ректоры академик С.С. Сартаевтың орынбасары болып 10 жыл қажымай талмай қызмет істеп 2003 жылы зейнеткерлікке шықты.

Қалекенді Егеменді елдің саяси өмірі демалтпады. ҚР парламент мәжілісімен сенаттың тілшісі бола жүре, мемлекеттің адал да ардақты еңбек азаматтарын газет-журнал арқылы халыққа таныстырды.

Отанға сіңірген еңбегі үшін Орталық партия және ЛКСМ орталық комитеттерінің «Мақтау грамотасымен», Қазақстан журналистер Одағының және «Журналист» көркем сурет фотостудиясының «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 1965 жылы Ұлы отан соғысының 25 жыл, пролетариат көсемі В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған «Юбилейный» медальдарымен және Марқакөл ауданының «Құрметті азаматы» деген атаққа ие болған азамат.

Отбасында жұбайы – Күлжазира зейнеткер, «Еңбек ардагері». Ұлы Асхат суретші дизайнер. Қыздары Альмира, Әсем – кәсіпкер. Келіні Алена – театр режиссері – М.Әуезов атындағы театрда.

### Әлкенов Ғалым Бауржанұлы



Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Боран ауылында 9 қыркүйек 1999 жылы дүниеге келді. Мектепалды даярлық тобының табалдырығын халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев атындағы мектеп-гимназиясында аттап, 2005 жылдың қараша айынан бастап Ұлан ауданы Герасимовка орта мектебінде жалғастырды.

Мектеп табалдырығын атағаннан бастап, үлгілі, үздік оқушылардың бірі болды. Орта буынға өткеннен бастап, өлеңге құштарлығы оянып, 5 сыныпта оқып жүрген кезінде 30-40 шағын өлеңдері болып, аудандық «Абай оқуларында» 3 орынды жеңіп алды. Сол жылдан бастап, мектептегі «Жас тілшілер» үйірмесінің белсенді мүшесі. Бірнеше өлеңдері аудандық «Ұлан таңы», облыстық «Өскемен» газеттерінде жарық көрді. 6 сыныпта оқып жүрген кезінде аудандық «Махамбет оқулары» сайысында бас

жүлдені жеңіп алып, 3-ші облыстық «Махамбет оқуларына» жолдама алып, сертификат иеленді. 7 сыныпта аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасында «Тілші әдебиетшілер» номинациясы бойынша 2 орынды иеленді. Сонымен қатар мектепішілік «Өлеңнен керемет сыр өрілген» атты авторлық өлеңдер сайысында жүлделі 1 орынды иеленді. Сол жылы «Ата-баба дәстүрі» жас ақындар айтысында 1 орынды жеңіп алды. 8 сыныпта аудандық «Мұқағали оқулары» сайысында «Болашағым сен барда, мен өлмеспін» номинациясы бойынша 2 орын алды. Осы жылы аудандық «Абай оқуларында» «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясынан 1 орынды жеңіп алды.

Мектепшілік Сара Алпысқызының туған күніне орай өткізілген «Өзінді тану-өмірді тану» атты шығарма сайысында бас жүлдені жеңіп алды. Мектепшілік, аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының 1-ші, 2-ші орын иегері. Аудандық дойбы, шахмат ойындары сайысының 1 орын иегері. 2013 жылы тілдер күніне орай өткізілген аудандық «Жеті түрлі білім біл» атты интеллектуалдық ойынында 1 орын алды. 2013 жылы 7 мамырда Отан қорғаушылар күніне орай өткізілген «Жігіт сұлтан» байқауында жүлделі бас жүлдені жеңіп алды.

6 сыныптан бастап, ғылыми жобамен айналысып, аудандық ғылыми жобалар конкурсында 1 орын алып, 2013 жылы қазан айында Шығыс Қазақстан өңірлік ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы ұйымдастырған Н.Назарбаев зияткерлік мектебінде Республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының облыстық кезеңінде 2 орын иеленіп, диплом және сертификатпен марапатталды. Осы жобамен Ұлан ауданы бойынша, индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қолдауымен «Технологиялық даму бойынша Ұлттық агенттік» ұйымдастырған Өскемен қаласында өткен «Инновациялық форсаж» жобасына қатысып, Ұлан ауданының әкімінің жеке мақтау қағазымен марапатталды.

Пікір. Мектебіміздің алдыңғы қатарлы оқушыларының бірі Әлкенов Ғалым 2010 жылдан бері мектептегі "Жас тілшілер" үйірмесінің мүшесі. Осы жылдан бастап өлең, мақала жазумен айналысып келеді. Жазған өлеңдері "Жас тілшілер" үйірмесінің мүшелері арасында талданып пікір алысу арқылы шығармашылық жұмыстарын шыңдай түсуде.

Ғалым айналасындағыларға өте сезімталдықпен қарайды. Бойындағы өзгеше қасиеттердің бірі достарына арнап әзілдеп өлең құрап жіберуді ұнатады. Өз көргендерін сол қалпында суреттеп жазады. Мысалы, «Апама», «Бауырыма», «Жаңа жыл өлеңдері» болған оқиғаны сол күйінде суреттеп жазған. Өлеңдері газет беттерінен жарық көрді.

Сондай-ақ Ғалым 2011 жылы «Абай оқулары» аудандық сайысында өз шығармашылығымен 3-орынды иеленсе, 2012 жылы аудандық «Махамбет оқуларында» «Бас жүлдені» иеленді. Мектепте өтетін іс-шаралардың бел ортасында жүреді. Мектепшілік дойбы, шахмат ойындарының жүлдегері. Салған суреттері мектептің «Оқушылар шығармашылығы» сурет көрмесінен орын алған. «Балбұлақ» шығармашылық кітапшасы Ғалымның өзі салған суреттерімен безендірілді. Ғалым - оқу озаты, болашағынан үлкен үміт күттіретін оқушы.

(Үйірме жетекшісі: Джакуперова Р.Ж.).

### **Байқодаров Ермұханбет (Ершөкен) Рамазанұлы**

1941 жыл. Әкем ол кезде 13-ақ жаста екен. Сол жылы безгектен бе, әйтеуір атамыз ауырып, 61 жаста дүние салады. Бар азамат соғысқа аттанған сол жылдары апам жесір, баласы жетім қалады.



Атам Қайса Байқодардан үш ағайынды кісі екен. Төртуыл, тоғыз ішінде Серіқарадан тараған ұрпақ Серіқара деген кейін қойылған қосалқы ат өте сері, әнші, күйші адам болған. Серіқарадан кейін 5-6 ата, содан кейін Байқодар, Қодарбай, Өтеген. Өтеген ең кішісі, одан Рахмет, Рахметтен Рысбек туады. Рахмет ерте дүние салған. Екіншісі Қодарбайдан Әдібай, Әдібайдан он бала туған екен, сол он баланың бәрі шешектен

қайтыс болып, бір күнде екі бала жерледік, деп сол үйдегі апамыз Рабиға айтып отыратын. Содан 1940 жылы ұл туып, қайыры болсын деп, атын Қайырбек қойыпты. Сол ағамыз осы күнде Зайсан ауданында, балалы-шағалы, Қараталда тұрады. Көп жыл совхоз директоры болған.

Ал енді ең үлкен атамыз Байқодардан үш ұл: Қайса, Сахари, Рамазан. Қайсаның бәйбішесі Мәрия Мая қызы. Бұл екеуінен жалғыз Нұршаһи деген қыз екен. Қыз асқан сұлу, өте сәнді болып өскен екен, қолы да шебер, ісмер болыпты. Осы қызды Сағатбек пен Минөтбектің нағашы ағасы, яғни аналарының бауыры алпыс байталға айттырып алады, ол кісілер Қытай елінде тұрып жатады.

Енді, Қайсаның кіші інісі Рамазан Егізқараның Жақсыбай деген байының Құрмажан деген қызын айттырып алады. Құрмажанды әкелгендер алты қанат ақ ордасын үй жанына орнатып, неше күн тойлатып қайтады. Құрмажан мен Рамазан көп балалы, үлкен от басына айналады. Қайса ағасы жалғыз қызға қарап отырған соң, төртінші ұлын (Ермұхамбет) Құрмажан бесігімен абысыны Мәрияға әкеліп береді. Мәрия мен Қайса қуанып, баланы еркелетіп өсіреді, оны Ермұханбет демей, Ершөкен, Шөкеш деп атап кетеді, кейін құжат алғанда да Ершөкен деп жазылып кеткен.

Әкем Ермұханбет те ер жете бастайды. Өз аулында тұрған тоғыз Бұқат деген Дәулеттен тараған атаның баласы, Үміт атты қызына үйленеді. Мен сол Үмітханнан туамын.

Менің есімде қалғаны, үйіміз дәл Ертістің жағасында, шыға бергенде – шарбақ үй болушы еді, одан әрі Ертіске дейін көп ағаш өсіп тұрушы еді. 1954 жылы сол жерден көшіп, сол Ертістің төмендеу жағасында Ақ мектеп деген жеті-сегіз үйлі бір ауылға келіп тұрдық. Көшкен себебіміз, Ертіс ағысы жарды үңги-үңги үйлерге қауіп туғыза бастады.

Біздің ауыл тұрған жер Ертістің жағасы, Зайсан көліне таяу, дәл Бүйрек тауының өкпе тұсында, Атсалғанға жетпейтін аралықта орналасқан. Қыста қалаға шығып, айғай салғанда, дауыс жаңғырығып Бүйрекке тиіп, шаңқ етіп қайтып келуші еді. Сол жер табиғи қорық сияқты жер еді. Жаз бойы небір құстың қоныстанып, ұя салатын жері. Үйіміздің арт жағындағы жыра Ертістен жайылған суға толып, ағып жататын. Сол су беті қасқалдаққа толушы еді, асты ұсақ балықтар мекені болды. Шағалалар шаңқылдап, шарқ ұрушы еді. Ертістің қойнаулары балапан шығарған құстарға; қаз бен үйрекке, ақ құтан, көк құтанға, аққу мен қалақ тұмсық, небір сирек құстарға толушы еді. Су астында балық түрлері қандай көп болушы еді!!! Суға түскенде аяғымызды балықтар тістелеп жататын.

Күз болғанда «Қаз қуған» деген қопалы Ертістің бір кішілеу, ағыны жоқ саласына барып, су жаңғағы «төртбұрыш» теріп келуші едік. Бұл тамыз айының аяғына таяу уақыт. Бұның өзі бір ғажайып сәт. «Төртбұрыш – тоғыздың асы» деген мәтел бар. Оны қайықпен барып, сол қайық толғанша теруші едік, қайықтың ернеуі суға 4-5 елі ғана жетпей тұрады. Әкелген соң апаларымыз тай қазанға су құйып қайнатады. Даяр болған соң, бір-бір бала, бір-бір адам, бір-бір тоқпақ, бір-бір пышақ алып, төртбұрышты жарып, ішіндегі дәнін аламыз. Әр үйден тоқпақ дауысы шығып жатады.

Мен өзімді Ертістің баласымын деп есептеймін. Қазір Ертістен жырақта жүрмін, оны анда-санда бір көремін. Көрген сайын көзімнен жас парлайды.

Ертісті есіме алсам, есіме әкем келер. Ол кісі де осы табиғаттың бір бөлшегіндей. Өзі «Охотсоюздың» мүшесі еді, №16, №32 мылтығы бар еді. Мен ес білгелі, қара күзден қыс түскенше ондатр терілерін дайындайтын, басқа да аңдар: ақ тиін, күзен, түлкі, қасқыр терілерін өткізетін. Жылқыны сүйетін, атжанды адам еді. Қолына бір Руденко деген орыс досынан алған кері бие ұстады. Хрущевтың жарлығымен бар жылқы жиналды. Сонда әкем атын жылап тұрып өткізді. Келесі жылы Бұқтырма СЭС-ы салынып бітіп, Ертіс бойындағы бар ауыл көшірілді. Бұл да отырған елге үлкен ауыртпалық болды. Халық өскен жерінен көшуге мәжбүр болды. Бұл 1960 жыл еді. Біреулер Тұғылға қарай көшті. Біздің үй сол баяғы Рысбекке тартты. Ол Зайсан ауданының Дайыр аулында тұратын, үйлі-баранды болған.

Дайыр жақсы ауыл, маса-шыбыны аз, қысы жылы, жазы жайлы. Бірақ әкем жерсінбеді. Әкем содан 1964 жылдан 1990 жылға дейін Қалжыр совхозының Шұбаршілік бөлімшесінде

аға шопан болып жұмыс істеді. Кең далада Ертіспен қатар жүрді. Жаз бойы Алтайдың ата-бабасы жайлаған жотасында, көк шалғында мал өсірді. 1997 жылы көктемде бұл дүниеден мәңгілікке сапар шекті. Бейіті де Ертістің үстіндегі қырқада тұр.

Шешем - тоқыманы жақсы меңгерген адам. Қолы іске бейім шебер адам еді.

Әке-шешем он баланы өсіріп, жеткізді: 3 ұл, 7 қыз болдық. Тұрысбек, Жүнісбек, Алтай, баланың үлкені мен – Бикамал. Менен кейін Бақытжамал, Бижамал, Бақтикамал, Бибігүл, Айгүл, Айнаш, Кенжегүл. Әрбіреуіміз әр салада жұмыс істедік.

Мен өзім Боран аулының тұрғыны Қабдешовтардың келінімін. Жолдасым Болатбекпен 38 жыл ғұмыр кештім, 2 ұлымыз бар, олардан 5 немерем бар.

Үлкені – Бақыт, одан Әйгерім, Дәулет, Мирас. Екінші ұл Жандостан – Айнұр, Әлібек.

(Бикамал Ермуханбетқызы. 2014 жыл).

## Мәнтеев Сепбосын

Мәнтеев Сепбосын - тоғыз руының азаматы. 1892 жылы Қара Ертіс өңірінде шаруа отбасында дүниеге келген. Сепбосын Мәнтеев жасынан өжет мінезді, пысық бала болған. Өте зерек, ұғымтал, талапты азамат болып өседі. Еңбекқор және зеректігімен Сепбосын колхоз жұмысына, қоғамдық істерге белсене араласады.

Мәнтеев Сепбосын шекарашылар сапында болып, бұл салада көп жыл қызмет атқарады. Сепбосын өзінің адал қызметімен ел құрметіне ие болып, халық қалаулысы ретінде, 1938 жылы 24 шілде айында Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа сайланады. Сепбосын Мәнтеев Қазақ ССР Жоғарғы Советіне біздің өңірімізден сайланған алғашқы депутат еді.

Ұлы Отан соғысы кезінде сайлау өтпей, Сепбосын 1948 жылға дейін Жоғарғы Советтің депутаты болып 10 жыл өз парызын абыроймен атқарды.

1920-1930 жылдары бірнеше колхозда басқарма бастығы болып қызмет атқарған. 1950-1958 жылдарда Жарлы Ауылдық Советінің төрағасы болды.

Бұдан кейін «Қазақстан» колхозының бастығы болып көп жыл қызмет жасады.

1936 жылы Совет Одағының Орталық Атқару Комитеті шекарашы С.Мәнтеевке «Қызыл Жұлдыз» орденін және есімі жазылған қаруды Бүкілодақтық староста М.И. Калинин өз қолымен тапсырды.

Осы кезде Зайсан қаласындағы мұражайда ол кісінің әскери киімі, қаруы сақтаулы.

Сепбосын батыр тұлғалы, сергек мінезді адам еді. Зайсан ауданының айтулы азаматы. Жыл сайын 7 қарашадағы шекара мерекелік шеруіне Сепбосын Мәнтеевті құрметпен шақыратын.

Салт бойынша мерекелік шеруді Сепбосын Мәнтеев қабылдайтын. Зайсан қаласындағы Шекаралық бөлімшенің «Мәңгілік қатардағы жауынгері» болып тіркелген.

Зейнетке шыққан соң, Сепбосын көп жылдар бойы Қаратал аулында және Қарабұлақ аулында тұрды.

Сепбосынның Сайран деген ұлы, немерелері Зайсан өңірінде тұрады.



## Жортпасов Қамза



Жортпасов Қамза - тоғыз руының ішінде Дәулет тармағынан шыққан азамат.

Үлкен аталары Қабдолладан Аңсабай, Өңсебай, Өскенбай үшеуі туады. Ал Аңсабайдан Жарас, Шағи, Жортпас туған. Жортпасстың екі ұлы Сақаба мен Қамза.

Жортпасұлы Қамза 1924 жылы Зайсан өңірі, Қара Ертіс өзені бойында дүниеге келген. Мекені "Жайық-Арал" деген жер.

Зайсан ауданы Сартерек аулында 4-ші сыныпты бітірген.

Еңбек жолын 14 жасынан бастап, колхоз жұмысынан бастайды. 1941 жылы Отан соғысы басталып, соғысқа кетеді. Берлин үшін болған шайқаста қатты жараланып, Берлинге небары 60 шақырым қалғанда, 1945 жылы ауыр жарақатпен госпитальға түседі. Контузия алып, 8 ай госпитальда жатады. Жарақатына сәйкес елге оралады.

Елге келген соң отбасын құрап, Биқайша деген қызға үйленеді. Қамзаның отбасында екі қыз, төрт ұлы болады. Қыздары Әсима, Жайдарман, ұлдары Бақытбек, Болатбек, Жайдарбек, Дәулетбек.

Қамза Жортпасұлы үздіксіз мал шаруашылығында еңбек етеді. Ұлы Отан соғысының ардагері, көптеген медальдармен марапатталған, халық құрметіне ие болған азамат.

1974 жылы 54 жасында мезгілсіз жарық дүниеден өтеді.

Ал ағасы Сақаба 1922 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын колхоз жұмысынан бастаған. 20 жасында 1942 жылы майданға аттанады. Соғыс аяқталғанда, аман-есен елге оралады.

Жұмыс бабымен Ставропольский край Минводыға оралады. Сочи қаласында отбасын құрады. Бір ұлы, бір қызы дүниеге келеді. Жұбайы Мария. Немересі жазушы. Балалары жоғары білімді. Әр салада қызмет істеп жүрген азаматтар. Осы күнге дейін бізге хат жазысып тұрады. Сақаба - көптеген медальдармен марапатталып, үлкен құрметке ие болған адам. 1980 жылы Сочидегі мекенінде қайтыс болды.

## Кездікбаев Тоқтарбек

Кездікбаев Тоқтарбек Садуақасұлы 1939 жылы Зайсан ауданы Айнабұлақ аулында дүниеге келген. Руы тоғыз елінің Дәулет атасына жатады.

1970 жылы Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіреді.

1965–1985 жылдары Кеңсай кеншарында бөлімше меңгерушісі, кейіннен жұмысшы комитетінің бастығы, соңғы жиырма жылдан артық уақыт осы Кеңсай кеншарында бас зоотехник болып қызмет атқарған.

1960 жылы Дуанбаева Гапурамен отбасын құрайды. Гапура Өскемен қаласындағы екі жылдық медициналық училищені тәмамдап, фельдшер-медбикелік мамандығы бойынша көп жыл еңбек еткен.



Кездікбаев Тоқтарбек 1974 жылы Алматы қаласында өтілген "Халық шаруашылығы көрмесіне" қатысып, ірі қара малдары төлінен қосымша салмақ өндірудегі жетістігі үшін "Қола" медалімен марапатталды.

1981 жылы Москвадағы "Бүкіл одақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне" облыстық жолдамамен барып, космонавтардың жұлдызды қалашағындағы қабылдауда болып, "Юрий Гагарин" медалімен марапатталған.

Отбасында бес баласы болған. Үлкен ұлы Бейбіт Өскемен жол-құрылыс институтын бітірген. Бейбіт өмірден ертерек кетті, бірақ үш қызы жолдасы Гүлнар Бейбіттің шаңырағын берік ұстап отыр. Бүгінде Бейбіттің қыздары Құралай, Айгерім, Бота үшеуіде жоғары білімді. Құралай Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің халықаралық қатынастар факультетін үздік бағамен бітіріп, қызыл диплом иегері болып, 2006 жылы аяқтады. Құралай 2009–2010 жылдар аралығында Астана қаласында "Дипломатическая академия при президента РК" да оқып, қызыл дипломмен тамамдады. Бейбіттің екінші қызы Айгерім Өскемен қаласындағы №3 гимназия мектебін үздік бітіріп, 2008–2012 жылдары аралығында Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің "Экономика және бизнес" факультетінің туристік-менеджері мамандығы бойынша оқып қызыл дипломға аяқтады. Үшінші қызы Бота оқу озаты. Қазір университетте оқып жүр.

Тоқтарбектің екінші ұлы Кездікбаев Азат - жоғары білімді ғалым зоотехник. Алматы ғылыми зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері болып қызмет атқарған.

Азат жеңіл атлетикадан спорт шебері. Тоқтарбектің үлкен қызы Лаззат - жоғары білімді санаттағы физика-математика саласы бойынша маман. Өскемен қаласындағы КАСУ-да оқу ісінің меңгерушісі.

Тоқтарбектің кіші қызы Жанна - жоғары білімді музыка маманы. Жанна КАСУ-да оқытушы болып қызмет атқарады.

Бүгінде Тоқтарбек пен Гапура Өскемен қаласында тұрып жатыр. Ұл-қыздары мен немерелерінің қуанышына кенеліп отырған ұлағатты отбасы.

### **Кездікбаева Құралай Бейбітқызы**

1984 жылдың 4 қарашасында Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында дүниеге келдім. Әкем Кездікбаев Бейбіт Тоқтарбекұлы Зайсан ауданының тумасы.



Анам Кездікбаева (Тастанова) Гүлнара Әлдібекқызы, Алматы облысының тумасы, әйгілі Домалақ ананың ұрпағы. Сіңілдерім – Бейбіт Әйгерім және Бейбіт Бота.

1991-2001 жылдар аралығында №43 қазақ орта мектебінде, Ж.Жабаев атындағы №3 гимназияда, №20 қазақ орта мектебінде оқығанмын. Мектеп қабырғасында қоғамдық өмірге қатысып, №20 мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін енгізуге атсалыстым. Нәтижесінде мектептің қоғамдық өмірі - оқушылармен құрылған және орнатылған «Парасат» мемлекеті шеңберінде ұйымдастырылатын болды. Сайлау барысында көпшілік дауыс жинап, алғашқы президенті болып сайландым. Бұл менің қоғамдық ұйымдастырушылық саладағы алғашқы қадамым еді. 2001-2006 жж аралығында С. Аманжолов атындағы Шығыс қазақстан мемлекеттік университетінде «халықаралық қатынастар» мамандығын қызыл дипломмен тамамдадым. Бұған дейін ана тілім мен орыс тіліне басқа

ағылшын тілін ғана білсем, енді қытай, неміс тілдерін меңгердім. Халықаралық қатынастар тарихын жетік білетін болдым.

Университет қабырғасындағы жетістігімнің бірі. Өскемен қаласының пікір-сайыс қозғалысының белсенді мүшесі болғаным болса, енді біреуі неміс тілі бойынша DAAD, яғни Неміс академиялық ауысымдар қызметінің арнайы грантын жеңіп алып, 2005 жылы тамыз айында Германия Федеративті Республикасының Нордрейн Вестфалия жерінің (Батыс Германия) Биелефельд қаласына оқуға барғаным. Бұл алғашқы рет Еуропа есігін ашқан, ең қызықты сәттердің бірі еді. Осы сапарым барысында Берлин, Кёльн, Бон қалаларын көрдім.

Есте қаларлық сәт ретінде Қытай Халық Республикасының Шынжаң-Ұйғыр автономды ауданына қытай тілі тәжірибесіне іріктелгенімді айтуға болады. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қытай тілін оқитын 3-4 курс студенттерінен тұратын топты қытай тілінің оқытушысы Сембинов Тоқтархан Сембинович бастап, 2004 жылдың маусым-шілде айларында Қытай әлемін ашып еді бізге. 2006 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа тұрдым.

2007 жылы Нұрахметов Ғалымжан Нұроллаұлымен шаңырақ көтеріп, бүгінгі күні екі баланың ата-анасы болдық. Тұңғышым – Нұрахметова Алиша Ғалымжанқызы 2007 жылы 6 тамызда Өскемен қаласында дүниеге келді. Тағы бір гүліміз – Нұрахметова Наиля Ғалымжанқызы 2013 жылы Будапешт қаласында дүниеге келді. Нұрахметов Ғалымжан Астанада Сақтандыру компаниясының Директоры лауазымын атқарды.

2009-2010 жж аралығында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Дипломатия институтының магистратурасын оқыдым. Академия қабырғасында тілдерді жетілдіріп, 2010 жылдың көктемінде Вена дипломатиялық академиясында тәжірибе алдық. Осылайша Австрияны да танытын болдым.

2011 жылғы наурызда шетелдік іс-сапарыма жанұямен бірге Мажарстан (Венгрия) Будапешт қаласына аттандым. Осында Қазақстан Республикасының Елшілігінде 2 жылға жуық қызмет атқардым. 2015 жылы күзде екінші ұзақ мерзімді шетелдік іс-сапарымызға жанұямызбен бірге Украинаға Киев қаласына аттандық. Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасының Елшілігінде қызмет атқарудамын.



## Әкірам Зәкірұлы

Менің әкем Зәкір ұжымдық шаруашылықта қатардағы малшы болып еңбек еткен еді. Анам Қаныш та қарапайым қазақ қызы болатын. Сүйегі Тәуке, ертіс бойындағы Әрденке деген жерді мекен етіпті. Екі ағайындымын. Аққазы інім екеуіміз еңбек дәмін тата жүріп өстік. Әкірам Зәкірұлы Төртуыл→Тоғыз руының→Бөрен атасына жатады.

«Соғыстың алдында ғана Зайсан қаласындағы педагогикалық училищенің екі курсын тәмамдап, әрі қарай оқуыма қаражат болмай шығып кеткен едім. Сол Марқакөл ауданында қарасты "Свобода Востока" ұжымдық шаруашлығына есепші болып жұмысқа орналастым.

1941 жылдың 17 сәуірінде әскер қатарына алындым. Үш ай Семей қаласында соғыс ісіне машықтанып, аға сержант деген әскери атақ алдым. Соғыс басталып кетті. Біздің бөлім Свердловск қаласында тағы екі ай әскери жаттығудан өтті. Сонымен Малая Печора елді мекенің маңында майданға кірдік», - деп бастайды Зәкірұлы Әкірам өзінің өмір жолын.

1942 жылдың қыркүйек айы. Волохов майданы қанды ұрыстар, алапат қырғын есте "тайға таңба басқандай" болып қалады екен. Бәрі-бәрі бүгінгідей-ақ есімде.

Бұл 1943 жылдың 12-ші қаңтары болатын. Шабуылға шығып, Ленинград қаласын құрсаудан босаттық. Қанды ұрыстар жүріп жатты. Біздің №7 дивизия Ладога көлінің маңындағы Сенярин деген жотада қорғанысқа көшті. Сол жердегі қанды ұрыстардың бірінде жараландым. Ленинград қаласында әскери госпитальда емделдім.

Карелияны азат ету үшін болған шайқастарға қатыстым. Біздің №121-ші жаяу әскер дивизиясының құрамындағы №404-ші артиллерия полкі шабуылға шығып, Выборг қаласын жаудан босатты. Карелияда болған ұрыстарға қатысып, ерлік көрсеткенім үшін маған 1944 жылдың маусым айында "Ерлігі үшін" медалі берілді.

Ленинградты азат еткеннен кейін, Эстония шекарасына келдік. Эстонияның Тарту деген үлкен қаласын жаудан босаттық. Содан кейін іле Таллин қаласын жаудан азат ету үшін болған кескілескен ұрысқа қатысуыма тура келді. Таллин қаласы үшін жан алып, жан беріскен қатты ұрыс болды.



Қала көшелерінде болған ауыр шайқастардың бірінде мойнымнан, аяғымнан жараланып құладым. Госпитальға әкелгеннен кейін аяғымды кесіп тастады. Мұнда үш ай емделдім. Ақыры және ауыр жарақат алғаным, көрсеткен ерлігім үшін "Бірінші дәрежелі Отан соғысы" орденімен басқа медальдар мен марапатталдым.

Соғыстан кейін есепші, 1946-1954 жылдары ауылдағы тұтынушылар одағында директор, 1954-1961 жылдар аралығында сонда қойма меңгерушісі, кейіннен 1976 жылдың мамыр айына дейін автомобиль паркінде есепші-диспетчер болып еңбек етіп, зейнетке шықтым.

1945 жылы желтоқсан айында үйлендім. Тонаш Қойшыбаева екеуіміз 56 жыл тату-тәті құмыр кештік. 1995 жылы 50 жылдық алтын тойымызды атап өттік. Он бір бала, 34 немере, 6 шөбереміз бар. Балаларым жоғары оқу орнын бітірген, әр салада қызмет істеп жүр. Балаларыма ризамын. Әкемнің айтуымен үйленіп, бақытты ғұмыр кештім.

"Міне, менің бар өмірбаянның осы ғана"-дейді Әкірам Зәкірұлы өз өмірі жайлы. Әкірам Зәкірұлы Тоғыз руының Отар тармағының Бөрен деген атасына жатады. Ұлы Отан соғысының ардагері Әкірам Өтебаев 1923 жылы Марқакөл ауданына қарасты Ертіс бойындағы Әрденке (Мойылды) деген жерде дүниеге келген. Әкірам ата 2001 жылы дүниеден озды.

Өтебаев Әкірам Зәкірұлының дүниеден өткенінен 10 жыл толуына байлынысты Өтебаев әулеті 2011 жылы 27 тамыз күні Дайыр ауылында "Әке тағылымына" арналған ас беріп, осы асқа сәйкес Дайыр ауылында Әкірам Зәкірұлының атына берілген көше мен саябақтың ашылу рәсімі өткізілген.

Бұл – соғыс және еңбек ардагері Әкірам Зәкірұлы Өтебаевқа көрсетілген зор құрмет.  
(Балаларының естелігі).

### Өтебаев Арғынғазы Әкірамұлы



Мен Өтебаев Арғынғазы 1949 жылы Зайсан ауданы, Дайыр аулында дүниеге келдім. 1966 жылы Дайыр ауылындағы Н.В. Гоголь орта мектебін бітірдім.

1966-69 жылдары ГорПО-да жұмысшы болдым.

1969-1971 жылдары әскер қатарында болдым.

1971-1973 ж Алматы қаласында кооперативті техникумының құрылыс бөлімін оқып бітірдім.

1976 жылдан бастап стройуправление облпотребсоюздың Зайсан қаласында пивзавод құрылысында мастер болдым, сол жылдың күзінде Ақжар ауылына прораб болып ауыстым. Ақжарда торг.оптов.баз, сосын потребсоюзғы мекеме салғыздым.

1978 жылы үйлендім. 1979 жылы Зайсанға ауыстым. Зайсан қаласында райпотребсоюзға прораб болып қызмет атқардым.

1999 жылы «Қорған-төбе» шаруа қожалығын құрдым. 2001 жылдан бастап жеке кәсіпкер ретінде «ИП Утебаев» деп құрылыс аштым. Сол жылдан бастап аудан көлемінде көптеген мектеп, ауруханалар, кітапхана,

әкімшілік ғимараттарын күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргіздім. Жұмыстарды сапалы жүргізгенім үшін көптеген мақтау грамоталарымен марапатталдым.

2011 жылы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктерін бағалап әкеме Өтебаев Әкірамға Дайыр ауылында көше және саябақ атын берді. Саябақты өз қаражатыма салып, ішіне әкеме бюст орнаттым. Екі жаққа мрамор қабырғаларына соғыс ардагерлерінің, екінші жағына еңбек ардагерлерінің аты-жөндерін жаздырдым. Өтебаев Әкірам атындағы көшені жарықтандырдым.

Әкеме арнап ас бердім. Ат бәйгесін және спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырып, жүлделі орындарға бағалы сыйлықтар тапсырдым.

2011 жылы облыс әкімі Б. Сапарбаев «Қорған төбе» шаруа қожалығының жетекшісі Арғынғазы Өтебаевты белсенді қоғамдық жұмысы және Зайсан ауданының әлеуметтік – экономикалық дамуына елеулі үлес қосқаны үшін мақтау грамотасымен марапаттады.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында туған жеріне жасаған игілікті ісі үшін Өтебаев Арғынғазы Құрмет грамотасымен марапатталды.

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №3/871 ұсынысы негізінде аудандық мәслихаттың шешімімен Арғынғазы Өтебаевқа «Зайсан ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

2016 жылы Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқарудың дамуы мен қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін Арғынғазы Өтебаев «Қазақстан маслихаттарына 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Өтебаев Арғынғазы – халқының алғысына бөленіп жүрген қадірлі азамат.

### Өтебаев Қабдылкәкім Дүсіпұлы



Өтебаев Қабдылкәкім 1930 жылы Зайсан ауданы Дайыр аулында дүниеге келген. Осы Дайыр аулында оқып, 7-ші сыныпты бітіреді. Орыс мектебінде оқыған.

1947 жылдан (колхоз) ұжым жұмысына араласып, көп жыл Дайыр колхозында еңбек етеді.

1959-1970 жылдарда Марқакөл ауданындағы Боран кеншарында құрылыс – бригадасында еңбек еткен. 1971-1980 жылдары Зайсан ауданына ауысып, Дайыр аулында заготовитель қызметін атқарады.

1980-1990 жылдары Дайыр кеншарында есепшілік жұмысында істеді.

1990 жылы зейнет демалысына шықтым. Қабдылкәкім Өтебаев 1955 жылы отбасын құрған. Жолдасы Жамалхан Бабақұмарқызы екеуі – 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген үлкен отбасы. Жамалхан Бабақұмарқызы Жатқанбаева 1936 жылы дүниеге келген. Тегі Қожанбет руының Ақсақал атасына жатады. Жамалханның 7 кластық білімі бар. Қазір «Тыл ардагері»

және 1965-1970 жылдары «Ана даңқы» медальдарымен марапатталған. 1993 жылдан зейнет демалысында.

«Отбасындағы 5 баламыз түгел оқыған, жоғары білімді. Ұлдарым Мүлік, Ерік заң қызметкері. Қыздарым Сағима, Жанар Өскемен қаласындағы Жол-құрылыс институтын бітірген. Өз мамандықтары бойынша еңбек етуде. Екі ұлым кәсіпкер.

Бәрі үйленген, тұрмыс құрған. Балалы – шағалы. Тұрмыстық тіршіліктерін істеп жатыр. Қазір осы балаларымыздан оншақты немере сүйіп отырмыз. Шөберелердің қызығына бөленудеміз»- дейді, Қабдылкәкім қария аса ризашылық сезіммен.

## Бадығанов Әбілманап



Мен Бадығанов Әбілманап Әбілхамитұлы 1938 жылдың ақпан айының 15 жұлдызы күні Қытай Халық Республикасы, Алтай қаласында дүниеге келдім.

Біз тоғыз руының Байтемір тармағына жатамыз. Байтемір ішінде Кенжалы атасынан тараламыз.

1945-1952 жылдар арасында Шәуешек қаласында мектепте 7 жылдық білім алдым.

1955 жылы отбасымызбен Совет үкіметіне оралып, Қырғыз Республикасындағы Ош қаласында екі-үш ай тұрдық. Сол жылы Қазақстанға қайтып, Жанғызтөбе станциясы арқылы Зайсан ауданының Үлкен-Қаратал ауылына келіп қоныстандық. Сол ауылда кешкі мектепте білім алуымды жалғастырдым.

1958 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, Белорус Республикасының Бобруйск деген қаласында өз міндетімді 1962 жылға дейін атқардым. Армия қатарында рота старшинасы болдым, 3 рет арнайы демалыс

алып ауылға келіп қайттым.

1962 жылы Армиядан қайтып оралып, Қаратал совхозына тракторист-шофер болып жұмысқа орналастым. Сол жылы жарым Бибинұр екеуіміз отау құрдық. 1963 жылы қаңтар айының 1 жұлдызында тұңғыш қызым Гүлнара дүниеге келді. 1964 жылдың қазан айының 29 жұлдызында ұлым Мұхтар туды.

1965 жылы облыс орталығы Өскемен қаласына келіп, жоғары оқу орны Өскемен педагогикалық институтының кешкі оқу бөліміне түстім. Оқумен қатар сол институтта жүргізуші болып жұмыс жасадым. 1966 жылы ауылдағы отбасымды Өскемен қаласына көшіріп әкелдім. 1967 жылдың 16 тамыз айында ұлым Тимур, ал 1969 жылдың 29 қыркүйек айында кенже ұлым Дамир дүниеге келді.

1969 жылы институтты бітіріп, "инженер-педагог" мамандығын алып шығып, сол жоғары оқу орнында оқу шебері, мұғалім болып қызмет істеді. 1972-1988 жылдар арасында Өскемен педагогикалық жоғарғы оқу орнында ректордың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің орынбасары болып қызмет атқардым. 1988 жылдан сол жоғарғы оқу орнында мұғалімдік қызметке ауысып,

1993 жылы зейнеткерлікке шықтым. 1994 жылы

**Бадығанов Абілхамит**  
Алматы қаласына қоныс аударып, тұрып жатырмыз.


Қызым Гүлнара Алматы қаласында тұрады. Мамандығы финансист –банкир. Ұлдарым Дамир мен Мұхтар кәсіпкер.

## Бадығанов Мұхтар Абдулманафович



Бадығанов Мұхтар Абдулманафович 1964 жылы 29 қазанда Зайсан ауданы Қаратал аулында дүниеге келген. 1982-1989 жылы Өскемен педагогикалық институттың «физика оқытушысы» мамандығы бойынша жоғары білім алып шыққан. 1989-1993 жылдары Томск қаласындағы ИФМП (институт физики прочности и материаловедения), «Физика твердого тела» саласы бойынша аспирантураны тәмамдаған және де ғылыми жұмыстар атқарып, 11 ғылыми-зерттеу еңбектері жарияланған. 1989-1993 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ғылыми-педагогика саласында аға ғылыми қызметкер және физика пәнінің оқытушысы қызметін атқарған. 2006-2008 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Юриспруденция» мамандығы бойынша жоғары білім алған. «Бакалавр юриспруденции» академиялық дәрежесі берілген. 1994-1999 жылдар аралығында жеке кәсіпкерлікпен шұғылданып, «999» шағын кәсіпкерлік жұмысын

ұйымдастырып өркендетті. 1999 жылы ТОО «АЙКО» директоры, 2005 жылы ТОО «999» директоры қызметін атқарған. 2008 жылдан бастап «Шығыс Қазақстан облысы дзюдо федерациясының» вице-президенті. Мұхтар студенттік шағында самбо, дзюдо, күрес, суда жүзу сияқты спорт түрлерімен белсенді айналысып, облыстық біріншіліктерде жүлдегер болған. 2014 жылы табиғат апатынан адам өмірін қорғап қалған үшін Бадығанов Мұхтар Абдулманафовичқа «Бадығановтар отбасына бейбіт күннің батырын тәрбиелегені үшін»



алғыс хатты Өскемен қаласының әкімі Бердібек Сапарбаев табыстаған. Өскемен қаласында мүмкіншілігі шектеулі жандарға арналған «Жүректен жүрекке» акциясына қатысып қайырымдылық көмегін жасаған үшін алғыс хатпен марапатталған.

Мұхтар мен жұбайы Роза екі қыз бір ұл тәрбиелер отырған үлгілі отбасы. Үлкен қызы Адина мектепті үздік бітіріп, Алматы да КИМЭП жоғарғы оқу орнының түлегі. Адина жанұя құрып, бір бала тәрбиелеп отыр. Ұлы Али мектепті алтын белгімен бітіріп, Алматы энергетика және байланыс университетінде жоғары білім алуда. Али Мұқтарұлы Таеквондо спортынан еліміздің чемпионы атанды. Кіші қызы Адема Мұқтарқызы ән, би, гимнастика саласынан тәлім алуда және қазіргі таңда үлкен жетістіктер көрсетіп жүр. 2015 жылы Түркия мемлекетінде Анталия қаласында өткен жарыстан алтын кубогі иегері.

## Нұрашитұлы Рахметолла



Нұрашитұлы Рахметолла 3 март 1950 жылы Қытай Халық Республикасы, Алтай аймағында дүниеге келген. Көп балалы отбасында (үш ұл, екі қыз) үшінші ұл болып тәрбиеленді. Алтай қаласында орта мектепті 1968 жылы бітірді. Сол жылы Құмыл қаласындағы жоғары әскери ұшқыштар дайындайтын мектебіне оқуға түсті. Оқуды үздік оқып, бірнеше рет марапаттарға ие болды.

1973 жылы сол жоғары оқу орнында ұстаз болып қызмет істеді.

1973-1979 жылдар арасында қызметі жоғарылап, Қытай Халық армиясының полковник шеніне дейін көтеріледі.

1979 жылы отбасы жағдайына байланысты Оштай аудандық әскери комиссариатының І саяси комиссары болып тағайындалады. Осы жылы отбасын құрады, жеңгенің аты Гүлшат. 1982 жылы Оштай аймақтық партия комитетінің ұйғарымы бойынша, сол комитеттің ұйымдастыру бөліміне жұмысқа алынады. Партия атынан көп марапаттарға ие болды.

1987 жылы аймақтық партия комитетінің ұйғарымы бойынша, Алтай аймақтық қамдау кооперативі басқармасының басшысы, партия қоғамының І хатшысы болып тағайындалады. Осы орында Рахметолла ағамыз адал қызметі үшін көп алғыс, марапаттарға өкімет атынан ие болады.

- Екі қыз, бір ұл өсіріп тәрбиелейді. Қыздарының аты Сәулет, Нұргүл, ұлдың аты –Нұрлан. Бәрі жоғары білімді азаматтар.

2005 жылы 5-айында Рахметолла ағамыз денсаулығына байланысты дүниеден озды.

Қытай Халық өкіметінің, Алтай аймақтық партия комитетінің ұйғарымы бойынша қаһармандар зиратына құрметпен жерленді.

Рахметолла Нұрашатұлы Тоғыз руының ішінде Байтемір тармағына жатады. Үлкен аталары Жиналы, Кенжалы, Кеншібай. Рахметолда Кенжалы атасынан таралады. Өз әкесі Нұрашаттан төрт ұл болған. Олар: Қайнолда Рахметолда, Файзолда, Сұңғат.

## Дуанбайұлы Қайлар

1919 жылдың 19 – қазанында Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында дүниеге келген. Төртуыл→Тоғыз руының→Тебей атасына жатады. Әкесі Дуанбай ақсақал мен шешесі Нұрбала ананың жалғыз ұлдары. Сол кездегі Ленин колхозында (қазіргі Жаңа –Ауыл селосы) 8 кластық білім алып, Зайсан қаласының мұғалімдер даярлайтын курсына оқуға түскен. Оқуын аяқтай алмай, сол жерден 1939 жылы қыркүйектің 22 күні Зайсан аудандық Әскери Комиссариаты әскер қатарына шақырылады. Әскери борышын өтеу кезінде, 1941 жылдың маусым айында, Ұлы Отан Соғысы басталып, майданға аттанады. Соғыстың басынан аяғына дейін 593-ші және 819-шы Артиллериялық полктерінде байланыс бөлімшелерінің командирі болады. Кавказды, Варшава мен Одесса қалаларын жаудан азат ету ұрыстарына қатысып, 1945 жылы Берлинде Совет Одағы әскерлерімен Жеңісті бірге қарсы алады. Соғыста көрсеткен ерекше ерліктері үшін бірнеше рет алғыс хаттармен және «Кавказды қорғағаны үшін» («За оборону Кавказа»), «Варшаваны азат еткені үшін» («За освобождение Варшавы»), «Берлинді алғаны үшін» («За взятие Берлина»), «Германиямен



соғыстағы Жеңіс үшін» («За победу над Германией») медальдарымен марапатталған, III дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері. Елге 1946 жылы оралып, сол жылы үйленеді. Жұбайы – Әбілмашарқызы Әсімә (сол жердің тумасы) екеуі соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын көтеруге өз үлестерін қосып, мал шаруашылығы саласында түрлі қызметтер істеген. 8 бала (4 ұл, 4 қыз) сүйіп, үлкен шаңырақ иесі болған. Өмірден жұбайы екеуі де 1979 жылы қайтыс болады. Туыстары, ауылдастары мен жолдас-жоралары қарапайым, ақкөңіл, кішіпейіл адам ретінде еске алады. Таза киініп, таза жүретін сері мінезді азамат болған. Сұңғақ бойлы, сындардай азамат еді. Араласқан адамдарының ішінде әсіресе өзіне іні боп келетін Мешелов Бүйткен ақсақалмен жақын араласып, туыстық сыйластықпен өткен екен. 1945 жылы армиядан елге оралғанда Горный аулында тұратын замандасы Бүйткеннің үй-ішіне, Камария шешелеріне арнайы келіп амандасып кеткен.

Қазір балалары ер жетіп, үйлі – баранды болып, халық шаруашылығының әр саласында жұмыс жасауда, балаларының алды зейнеткерлікте. Артында балаларымен қатар 14 немересі мен 8 шөбересі өсіп келеді.

### **Бексолтанов Түсіпхан**



Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл өңірінің тумасы. Бексолтан ақсақалдың жалғыз ұлы Сейтқалидан Түсіпхан, Түсіпбек деген екі ұл қалды.

Бексолтанов Түсіпхан ағамыз 1937 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Майқапшағайдың алтын өндіретін Қаражал ауылында дүниеге келген. Сол кездегі Ленин колхозында (қазіргі Жаңа – Ауыл селосы) 10 жылдық мектепті бітірген соң еңбекке араласты. Жұмыс істей жүріп, Зайсан қаласындағы мал дәрігерлерін даярлайтын курсты аяқтады. Көп жылдар бойы алған мамандығы бойынша мал дәрігерлік қызметін атқарды. Жастайынан өнерге жақын болып, ән салып, домбыра, баян, мандалин сияқты аспаптарда ойнағанды ұнататын. Өнер сүйгіштігінен бірнеше жыл бойы сол Жаңа – Ауыл селосында клуб меңгеруші болып та қызмет атқарды. Мінезі ашық, көпшіл, өз ортасының ұйтқысы болатын. Еңбекте, өнерде көрсеткен жетістіктері үшін, жергілікті және аудан басшылары тарапынан түрлі марапаттарға ие болды.

1965 жылы отбасын құрап, жұбайы Күлшекер екеуі 3 ұл өсіріп, олардан 5 немере сүйіп отыр. Ұлдары әр түрлі мамандық иелері: Талғаты – кенші, Дәулеті – металлург, Бақыты – жеке кәсіпкер.

Қазір ағамыз бен жеңгеміз зейнеткерлікте, балалары мен немерелерінің қызығына бөленіп отырған жандар.

## Сейтқалиұлы Түсіпбек



Сейтқалиұлы Түсіпбек, 1940 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында қазіргі Жаңа – Ауыл селосында дүниеге келген. Әкеден ерте айырылғандықтан анасына көмектесу үшін, он жылдық мектепті бітірісімен еңбекке ерте араласты. Өзінен кейінгі іні, қарындастарын жеткізуге, олардың білім алуына жағдай жасау мақсатында, шешесіне үлкен қамқоршы болды. Сол жылдары анасымен бірге мал бағумен айналысты. Ұжымның мал басын көбейтуде қосқан үлесі үшін бірнеше рет басшылар тарапынан марапатталып, 1961-1962 жылы жергілікті және аудандық Кеңестің депутаттығына сайланды. 1963 жылы Армия қатарына шақырылып, 2 жыл әскери борышын өтеп, 1965 жылы елге оралды. Соңымен Марқакөл ауданы Боран селосындағы №123 кәсіптік-техникалық училищесінде оқып, ауыл шаруашылығы механизаторы мамандығын алды. Осы

өңірде көп жылдар көлік жүргізуші болып еңбек етті. Қазір зейнеткерлік демалыста. Мінезі салмақты, аз сөйлеп, көп тыңдауды ұнататындықтан болар, туыстары мен жолдастары арасында үлкен құрметке ие.

Іні, қарындастары ағаларының бауырмалдығы мен қамқорлығы үшін үлкен ризашылықтары мен алғыстарын айтып, қарттық өмірінің зейнетін көруге тілектерін білдіреді.

## Байматаев Советхан



Байматаев Советхан Нұрғалиұлы 1937 жылы Зайсан ауданы Мұжықсу ауылында дүниеге келген. Қаратал ауылында мектеп бітірген соң, Кендірлік совхозында жүргізуші болып жұмыс істеген. 1959-1964 жылдары Өскемен жол-құрылыс институтын бітіріп, инженер – механик мамандығын алған. 1964-1986 жылдары Зайсан автобазасында бас инженер болып қызмет атқарған. 1986 жылы Зайсан аудандық агроөндіріс бірлестігінде инженер, бас инженер болып істеген.

1987-1991 жылдары XXIV партсъезд совхозында бас инженер, 1991-1995 жылдары ГКПО «Восток - облагропромстрой» мекемесінің Зайсан филиалында УМС бастығы болып қызмет атқарған. 1995-1996 жылдары Зайсан аудандық көлік инспекциясында істеген. 1998-1999 жылдары АО «Өскемен молкомбинатында» инженер болып қызмет атқарған.

СССР-дің Жоғарғы Советінің Президиумының атынан В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты, 1970 жылы «За доблестный труд» медалімен наградталды. 2004 жылы 14 қыркүйекте «1941-1945 ж Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» мерекелік медалімен наградталды. Жоғары білімді 2 қызы, өз қызметтерін ойдағыдай атқарып жатыр. Зайыбы медицина қызметкері, қазір зейнет демалысында.

Советхан 2006 жылы өмірден өтті. Өскемен қаласында жерленген.

(Өмірбаянды жазған зайыбы Иманғалиева Рәжан).



## Пішеншинов Әнуарбек Қойшыбайұлы



Пішеншинов Әнуарбек Тоғыз руының дәулет атасына жатады. Дәулет ішінде Жанкісі, Жәпек, Жайық деген ішкі тармақтары бар. Бұлар Жайық тармағына жатады.

Жайықтан→Тоқбура→Көнші, Шөнші, Пішенші болып таралады. Пішеншінің төрт ұлы болған - Қожамсейіт, Әбсейіт, Қойшыбай, Жәнібек. Қойшыбайдың балалары: Әнуарбек, Сәбетбек, Бақытбек, Талғатбек.

1930 жылдары ағайынды Пішенші, Көнші, Шөнші - үшеуі де Қытай жеріне ауып көшеді. Сол кезеңдегі әпербақан саясаттың қыспағымен уақытша Қытай асып, кейіннен өз еліне оралған. Пішеншінің балалары Әбсейіт, Қойшыбай екеуі де Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Әбсейіт - соғыс мүгедегі. Снаряд жарықшағы жақ сүйегін сындырып, үлкен жарақат алған. 96 жасында Боран аулында дүниеден озды.

Қойшыбай атамыз өте ісмер, қолы шебер адам болғандықтан, әдейі соғыс тылына қалдырылып, майдандағы жауынгерлерге етік, қалпақ, қолғап тігіп, ауданның тапсырмасы бойынша майданға жөнелтіп тұрған. Соғыс аяқталғанша осы жұмыспен шұғылданған.

Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Қойшыбай халықтың, ауыл адамдарының жағдайы үшін өзінің еңбегін, күшін аямады.

Боран аулында тұратын тұрғындардан мал терісін, аң терілерін жинап, Алексеевқаға апарып, қант, ұн, сабын, сіреңке (оттық), сияқты тауарларға айырбастап, халыққа таратып беріп отырған. Қыста ат шанамен, жазда ат арбамен 70 километр жерге барып – келіп тұру оңай болмағаны белгілі.



Қойшыбай атамыз осындай қажырлы қайратты, қиындыққа мойымайтын азамат болған. Атамыз адал, өтірік айтпайтын, дүзу ниетпен жүретін адам болған (Алма Әнуарбек қызының естелігінен).

Әнуарбек 1935 жылы Марқакөл өңірінде, Боран аулында туылған. 1954 жылы Жаңа-Ауыл орта мектебін бітіреді. 1957 жылы Семей қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, 1962 жылы институтты бітіреді. Еңбек жолын Боран кеншарында зоотехник мамандығы бойынша бастайды. Әнуарбек спорт өнеріне бейім болды. Күрес өнерін ұнататын. Семей қаласы бойынша күрестен чемпион атағын алған. Көкпар жарысына қатысып, бірнеше рет 1-орынға ие болған. Өнердің барлық түріне бейім болды. Скрипка, баян, домбыра аспаптарында ойнайтын. Қазақ әндерін өте келісті орындайтын. Тыңдаушыларын әдемі әнімен баурап алатын.

Әнуарбек батыл, өткір мінезді азамат болды. Ақ көңіл, ашық – жарқын мінезімен өз ортасына тез танымал болып кететін. Туған жері Марқакөлдің табиғатындай кең, дарқан мінезді азамат болды.

1959 жылы Семейде Махамбетова Азат Қапасқызына үйленген. Азат Қаракерей тұқымынан, қарт ұстаз Қапастың қызы еді. Азаттың мамандығы дәрігер. 40 жыл осы өзінің сүйікті мамандығы бойынша халқына қызмет істеді.

Әнуарбек пен Азат тату, берекелі отбасы болды. Елге үлгілі жанұя болған.

Балалары Алма, Сәуле, Гульмира, Алтай жоғары білімді. Өз мамандықтары бойынша қызмет істеуде. Немерелері: Қайдар, Дидар, Әнуар, Гауһар, Лейла, Дариға, Ляззат өсіп келеді. Бәрі де зерек, өнерлі, білімді балалар.

Әнуарбек ауыл шаруашылық маманы ретінде Боран кеншарында, Қатонқарағай ауданында көп жыл еңбек етті.

Әнуарбек 1995 жылы қайтыс болды. Жолдасы Азат, балалары, немерелері Өскемен қаласында тұрады.

### **Пішеншинов Сәбетбек Қойшыбайұлы**



Сәбетбек Қойшыбайұлы Боран аулында дүниеге келген. 1938 жылы туылған. Сәбетбек еңбек жолына ерте араласты. Жетінші сыныпты бітірген соң, Сәбетбек Семейдің ет комбинатына мал айдау жұмысында істеді. Небәрі 14 жасында немере ағасы Ыбырай Әбсейітұлымен бірге Семей қаласына жол шекті.

Әкесі Қойшыбай мен шешесі Қабипа 10 бала тәрбиелеп өсірген үлкен отбасы еді. Осы ата – анасына көмектесуді мақсат етеді. Ағасы Әнуарбек пен жеңгесі Азат екеуі де студент. Семей қаласында оқып жүрген кездері. Көбінде ағасы Әнуарбектен көмегін аямады.

Сәбетбек математика пәнінен өте жақсы оқыған. Кейін қызмет істеген кезде, шаруашылық барысында есеп – қисап жұмысына жүйрік азамат болған. Өте әнші адам болды. Қазақ әндерін, өленнің сөздерін түгел жатқа білетін. Өзінің әдемі ақ жарқын кескініне, сымбатты бой бітіміне, ән орындау шеберлігі жарасып тұратын.

Боран кеншарында жүргізуші болып істеді. Кейіннен МТС меңгерушісі қызметінде істеген.

Жұбайы Хасенова Шайзада Боран емханасының мейірбикесі болып істеген.

Сәбетбектің үш баласы болды. Мұратбек, Альмира, Қанатбек деген балалары болды.

Мұратбек Боран орта мектебін алтын медальмен бітірген. Мұратбек өте қайратты, зерек, ауылдастарына сыйлы азамат болған.

Қанатбек спорттың барлық түрлерінде шеберлік танытқан. Ақ көңіл жігіт болды.

Бірақ Мұратбек пен Қанатбек екеуі де өмірден ертерек кетті.

Альмира жанұясымен Алматы қаласында тұрады, ана жолымен мейірбике болып істейді. Шайзада Алматыда қызы Альмираның қолында тұрады.

## Пшеншинова Нурзифа Қойшыбайқызы



Пшенчинова Нурзифа Койшыбаевна родилась 1 января 1947 года в с.Буран расположенное на берегу игривой речки-баловницы Кальджир – один из притоков седого Иртыша, Маркакольского района Восточно-Казахстанской области, на границе с Китаем.

Нурзифа Пшенчинова окончила Бурановскую СШ, которую до сих пор с огромной благодарностью вспоминает ее и директора Кумаша Нургалиевича Нургалиева – Народного учителя СССР.

В семье родителей было 11 детей, но в живых осталось только четверо – она и трое братьев. Когда Нурзифе исполнилось 17 лет, умерла мама. Работа отрядной пионервожатой предопределила выбор будущей профессии. После окончания школы, в 1965 году Нурзифа начинает свою педагогическую деятельность в Горновской средней школе Маркакольского района Восточно-Казахстанской области в качестве учителя немецкого и казахского языка. В 1970 году поступает в Алма-Атинский институт иностранных языков. Однажды в общежитие Нурзифа встретила своего земляка Кайролла Бухарова, которого знала еще со времен работы в селе Горное. Разговорились, а уже через несколько дней Кайролла пришел в гости со своими друзьями, среди которых был и Торехан Ахметов уроженец поселка Жаксы Акмолинской области, отец которого был организатором и первым директором школы на станции Жаксы, отдавший учительскому труду 35 лет, удостоенный звания «Отличник просвещения Казахской ССР». Завязалась дружба, прочность которой испытывалась два года. Торехан оканчивал школу милиции, получив соответствующее направление на службу в г.Есиль. Пора было создавать свой семейный очаг. В этом плане альтернативы красавице Нурзифе не было. Все началось в городе Есиль, где Торехан работал ОБХСС, а Нурзифа учителем в детдоме. В 1976 году семья переезжает в село Кайракты, Жаксынского района Акмолинской области, где началось совместная педагогическая деятельность Ахметовых. Нурзифа Койшыбаевна обучала детей немецкому и казахскому языкам, а Торехан Ермекович, поступив заочно в Кустанайский пединститут на факультет истории и права, начал преподавать уроки истории и НПВ. Ученики Ахметовой Н.К. всех районных и областных предметных олимпиадах занимают призовые места, она возглавляет с 1980 по 1997 года районное методическое объединение учителей иностранных языков. В 1985 году ее активный, добросовестный труд был оценен знаком «Отличник просвещения КазССР». Нурзифа Койшабаевна дважды была делегатом республиканских совещаний работников образования в 1992г Тургае, в 1984 г. Уральске, как учитель немецкого и казахского языков.

1985 году райком партии и районо назначают Ахметову Н.К. директором Перекатиенской восьмилетней школы, нуждающейся в объединении коллектива и организации качественной учебно-воспитательной работы. За год ею были проведены огромные изменения: построена новая пристройка к школе, бесплатная поездка учащихся в г.Алма-Ату, подписано соглашение и постройке новой двух этажной школы, которая была осуществлена в 1995 году, за что и была награждена медалью имени Ы.Алтынсарина в 1986г.

С 1989 года чета Ахметовых живет и работает в село Белагаш Жаксынского района Акмолинской области, где директором школы с 1992 по 2003 год работал Ахметов Торехан Ермекович.



В апреле 2000 года ученица 11 класса этой школы Имаева Виктория заняла на республиканской олимпиаде по казахскому языку в г. Алматы пятое место, учителем казахского языка и классным руководителем была Нурзифа Койшыбаевна. В этом же году ей присвоено звание «Лучший классный руководитель года».

Своим добросовестным трудом и человеческими качествами Торехан Ермакович и Нурзифа Койшыбаевна заслужили большое уважение среди сельчан, коллег по работе, учеников.

Сын, Бахыт, 1974 года рождения, в свое время успешно закончил Акмолинский аграрный университет. В составе делегации из числа лучших студентов 9 месяцев обучался и проходил стажировку в Германии. Дочь, Гулмира, 1982 года рождения, окончила Белагашскую СШ с отличием, окончила немецко-английский факультет Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева с отличием, после месячной стажировки и обучения в Хелсинском университете, работает в международном аэропорту столицы агентом по особо важным перевозкам.

Н.К. Ахметова награждена грамотами РОО, облОО, благодарственными письмами, знаками «Победитель соцсоревнования», «Отличник просвещения Каз.ССР», медалями имени Ы.Алтынсарина, «Ветеран труда», звание «Лучший классный руководитель года».

(Материал подготовила председатель Совета ветеранов с.Белагаш Ефименко О.Н.)

### Пшенчинов Талгат

1.Сержанту Пшенчинову Талгатбек Койшибаевичу 1957 г.р. В декабре 1977 двухлетнее курсы прапорщиков по ВУС №014 с оценкой отлично на основании приказа командира в/ч 7540 . 7.12.77. подполковник Колеснев.

2.За добросовестное исполнение обязанностей, умению организацию боевой службы награждается почетной грамотой. Ком.в/ч.7540 генерал-майор Ермолов. 29.03.77.



3.Награждается пропорщик Пшенчинов Талгатбек Койшибаевич за усердно проявленные при исполнении воинского долга, отличные показатели в боевой и политической подготовке примерную воинскую дисциплину. в/ч.6569 подполковник Баров.

4.Почетная грамота пропорщику Пшенчинову Т.К. за выполнению служебных обязанности и в связи за 30 летнем образование части. Нач.учреж. ЯУ 114/3 Дудкин.

5. Грамота Пшенчинову Т.К. за добросовестное выполнение воинской обязанностей и примерную воинскую дисциплину. Ком в/ч 6569 Бароев К.М.
6. За безупречную службу в министерстве внутренних дел СССР пропорщик Пшенчинов Т.К. приказом Министра Внутренних дел СССР Р № 368 от 8.10.1986г. грамотой. Ком.в/ч полковник Бароев 6.11.86г.
7. Награждается пропорщик Пшенчинов Т.К. за высокие показатели в службобоевой деятельности, достигнутые успехи в боевой и политической подготовке воен.дисцип. Ком в/ч 6535 полковник А.в.Капыцев.
8. Грамота награждается пропорщик Пшенчинов Т.К. за добросовестное выполнение своих обязанностей и примерную воинскую дисциплину. 1.04.86. Ком. в/ч 6569 Бароев К.М.
9. За добросовестное исполнение своего воинского долга перед родиной объявляю благодарность ком в/ч 6569. 27.02.89. Кузнецов В.А.
10. Удостоверение пропорщику Пшенчинову Т.К. от имени президиума Верховного Совета СССР медаль вручен в соот-ии с Указом Президиума Верх.Совета СССР от 28.01.88г. награжден юбилейной медалью. 70 лет Вооруженных сил СССР. Подполковник Кутузов Е.А. 23.11.88.
11. Грамота награждается пропорщик Пшенчинов Т.К. за высокие показатели в боевой и политической подготовке в летнем периоде обучения 1990 года. Ком в/ч 6569 полковник Кутузов.
12. Почетная грамота награждается Пшенчинов Т.К. за добросовестное выполнение воинского долга, в честь 70 ление Великой Октябрьской социалистической революции. Нач.учреждения ЯУ 114/3 А.Ф. Дудкин.

### **Ұябаев Кәрім Қайсаұлы**

Кәрім өзінің өмір жолын «Қара Ертіс бойынан естеліктер»-деп бастаған екен. Енді Кәрімнің өзін сөйлетейік: Ұябаев Кәрім Қайсаұлы 1941 жылы ақпан айының бірінші жұлдызында, Қара Ертіс бойындағы Архат елді мекенінде дүниеге келіпін.

Біздің ата-бабаларымыздың түп-төркіні өткен ғасырларда 900-1100 жылдардан басталады. Бірінші Найман оның ішінде Төртуыл, оның ішінде Тоғыз руынан боламыз. Тоғыз руының өзі де ішкі тармақтарға бөлінеді. Біздің ата-бабаларымыз Құтымбет, Бұрынбет, Сүйіндік. Құтымбеттен – Меніс, Төгіс, Ұябай туады. Ұябайдан – Ахмет, Қайса, Нәби туған. Ахметтен Қабдрахман. Қайсадан – Қабдуали, Қабдыкәрім, Кәрім туылған. Нәбиден – Қабылғазы, Әбілғазы. Нәбиев Қабылғазы зооветті бітірген. Зоотехник мамандығы бойынша Боран кеншарында көп жыл қызмет етті. Кейіннен Боран ауылдық округінде қызмет істеді. Ал Әбілғазы автомеханик мамандығын игеріп, ДЭУ-де механик болып істеді.

Қайсаұлы Қабдуали мектеп бітірген соң, 1956 жылы Зайсан педучилищесін бітіріп, кейіннен Семей пединститутын бітіреді. Қабдуали Алтай өлкесіне 2 жылға қызметке жіберілді. Қабдуали сол жақта тұрақтап қалды. Алтай өлкесінің Горно-Алтайск қаласында тұрады. Балалары бар. Қабдыкәрім ағамыздың 4 ұлы және қыздары бар. Түгелдей Өскемен қаласында тұрады. Кәрімде 2 ұл, 4 қызы бар. Барлығы Зайсан ауданында тұрады. Қарындасымыз Жамалдың қызы Зайра – жоғары білімді ұстаз. Өскемен қаласындағы №3 мектеп гимназиясында ағылшын тілінде сабақ беріп келеді.

Ұябай атамыздың ұрпақтарының таралу реті осылай.

## Мешелева Мәкира Бүйткенқызы (Жүрек шуағын айналасына шашқан)



Мәкира Бүйткенқызы Мешелева 1949 жылы 6 қарашада Марқакөл ауданының Горный селолық кеңесіне қарасты Ашылыбұлақ ауылында дүниеге келген.

Мәкира Горный орта мектебін 1967 жылы бітіріп бір жыл Бокембай 8-жылдық мектебінің мұғалімі болып істеді. Одан кейін Өскеменде сатушылар дайындайтын училищені бітіріп, өз еңбек жолын Өскемендегі Ушанов алаңындағы шаруашылық тауарлары дүкенінде сатушы болып бастады. Одан кейін жұмыста іскерлігімен көзге түсіп, Өскемен горпромторг мекемесінде товаровед қызметіне көтерілді. Осы қызметте істей жүріп, Мәскеудің Совет саудасы институтына сырттай 1975 жылы оқуға түсіп, оны 1979 жылы тәмамдаған. Жоғары білім алып шыққаннан кейін облыстық тұтынушылар одағының “Коопторг” атты мекемесіне директор болып тағайындалды.

Бұдан соң 1982-1988 жылдары Иркутская областың Усть-Илимск қаласында үлкен бір сауда ұйымының директоры қызметін атқарып, басшылық қызметтегі өзінің тәжірибесін байыта түсті.

Мәкира 1989 жылы автото-қосалқы бөлшектер ұжымының директоры қызметіне ауысты. Осы қызметте істеп жүрген кезде ол сондай-ақ “Старт” және “Сәуле” ұжымының директоры қызметтерін қоса атқарды. Сол кездері Өскеменде қазақ жастарына басшылық қызметі тұрмақ, жай жұмысқа орналасу өте қиын болатын. Мәкира болса өзінің өжеттілігімен, өткірлігімен, еңбекқорлығымен өзін көрсете алды. Бір мезетте 3 бірдей үлкен ұйымды басқару, қол астындағы қаншама адаммен тіл табыса білу екінің бірінің қолынан келмейді, Мәкира болса сол қиындықтардың бәрін жеңе білді..

Қолы жетіп тұрған кезде Мәкира алдына келген жерлестерінің көңілін қалдырып көрген емес...

Мәкира өзінің шуағы мен сәулесін айналасындағы адамдардың барлығына бірдей себетін көктегі Күн рәуішті жан еді. Ол өз бауырлары мен сіңілілеріне қалай қараса, қайындары мен қайын сіңілілеріне де солай қарайтын. Солардың бәрін жетелеп, қалаған оқуларына түсіріп, үйленіп жатса тойларын жасап дегендей, қолынан келгенше туыс-туғандарының барлығына қамқорлық пен қолдау көрсетті.

Мәкира марқұм ер азаматтан артық қызмет істеді. Өскеменге елдің алды болып келіп, қатардағы сатушыдан ірі-ірі сауда мекемелерінің директоры қызметіне дейін көтерілді. Совет саудасының үздігі болды. От жалындай лапылдап жанып тұрған адам еді. Амал қанша, өкінішке қарай өмірі ерте үзілді. Ол Алтайдың аспанына шарықтай көтерілді де, айналаға сәулесі мен шуағын шашып, аққан жұлдыздай ағып түсті. Тірі болғанда Мәкираның алар биіктері алда еді. Бірақ оның сол жеткен биіктері де, қатарынан жоғары еді.

Мәкира қандай биік қызметтерде істесе де өзінің кішіпейіл, мейірімді, қайырымды қалпын, адамгершілік келбетін сақтай білді. Қашан да үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетумен болды. Ол сол үшін де барлығымыздың жүрегімізде мәңгі сақталады.


Семьясына келсек, 1970 жылы сентябрь айында өз кластасы Түсіпханмен семья құрады. Түсіпхан Шығыс Қазақстан педогогикалық институтына 1967 жылы түсіп, 1971 жылы бітіреді. Еңбек жолын 1971 жылы Балалар колониясында тәрбиеші болып бастап, 1980 жылы шаруашылық бөлімінің басшысы болады. Усть-Илимск қаласында Жабық

колониясының инспекторы болып қызмет етеді. Өскеменге келгенде Балалар колониясының ДПМК бастығының көмекшісі болып қызмет атқарды.

Үлкені Самал 1975 жылы 8 марта дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін, 1992 жылы Қарағанды тұтынушылар институтына түсіп 1996 жылы бітірді. Қазір Шығыс Қазақстан облыстық Казпочтада инфармациялық техника бөлімінде басшылық етеді. Тұрмыста екі балалары бар

Екінші қызы Асем 1981 жылы 12-ші декабрьде дүниеге келген, мектепті 1999 жылы қызыл аттестатқа бітіріп, сол жылы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне грандқа түсіп 2004 жылы қызыл дипломға бітіреді. Шығыс Қазақстан облыстық экология департаментінде экологиялық реттеу бөлімінде бас маман болып қызмет атқарады. Тұрмыста, үш баласы бар. Мәкираның балалары да өзі сияқты қызметтерінде беделді, алдарында үлкен мақсаттары бар, аналарына тартып, сол мақсаттарына жетіп, үлкен белестерді бағындыратыны анық.

### Мешелев Қуаныш Бүйткенұлы



1955 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Теріскей Бөкенбай аулында дүниеге келдім. 1972 жылы Горный орта мектебін бітірдім.

1972 жылы Өскемен педагогикалық институтына түсіп. 1977 жылы осы институтты бітірдім. 1985 жылы бейнелеу өнері (ИЗО) курсы бітірдім.

1987 жылы Саратовка техникумының механика факультетін бітірдім. 1977-78 жылы Теріскей Бөкенбай сегіз жылдық мектебінде ұстаздық қызметімді бастадым.

1978-79 жылы Ұлан ауданы Ленинка ауылында А.С. Пушкин атындағы орта мектепте география пәнінен сабақ бердім.

1978-85 жылдары А.С.Пушкин атындағы интернаттың меңгерушісі болдым. 1979-90 жылы Изгутты Айтықов атындағы пионер лагерін басқардым. 1985-1998 жылы А.С. Пушкин атындағы орта мектепте директор орынбасары, бейнелеу өнері техникасына баулу саласында ұстаздық міндетін атқардым. 1999 жылдан Өскеменде жеке кәсіпкермін.

Үш балам бар: Әсел мен Диана жоғары білімді. Екеуі де Өскемен қаласында тұрады. Рүстем мектепте оқиды.

### Мешелев Болат Бүйткенұлы

1966 жылы 26 сентябрьде Теріскей – Бөкенбай ауылында туған. 1973 жылы осы ауылда 1 сыныпқа барған. 1983 жылы Ұлан ауданы Ленинка ауылында 10-шы сыныпты бітірген. 1984-85 жылы Алексеевка селосында СПТУ оқыған. 1986-87 жылы Армия қатарына шақырылып, Калугада азаматтық борышын өтеген.

1989 жылы Өскемендегі мәдени-ағарту училищесінде білімін жетілдіру курсына оқып, Теріскей – Бөкенбай аулы, мәдениет үйінде қызыл отау меңгерушісі болып жұмыс атқарды. 1993 жылдан бастап өз ауылында кәсіпкерлікпен айналысты.



Айлап зейнет ақы алмаған дағдарыс жылдарында, бүкіл бір ауылды және маңайдағы бірнеше ауылдарды асырап отырды. Болат өте қайырымды, терең ойлы, ақылды азамат болды.

Аулына сыйлы, елі үшін, жері үшін еңбек етті. Жас болса да ел-жұртына, ағайын-туысқа бас болған азамат.

1989 жылдың тамыз айында Бақытгүлмен үйленген. От басында екі ұл, бір қызы бар. Ұлы Ерасыл Дәулет Серикбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің сәулет - құрылыс факультетін бітірген. Дастан Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс

Қазақстан мемлекеттік университетінің математика, физика және жаңа технологиялар факультетінің екінші курсын үздік бағамен оқып жүр. Гүлім төртінші сыныпта оқиды.

Болат 2006 жылы 19 тамызда жүрек дертінен кенеттен өмірден озды. Абзал жанды азамат ел-жұртын, ағайын - туыстарын өкінішке қалдырып, өмірден тым ерте кетті.

### Мешелев Серік Бүйткенұлы



1963 жылы 6 қарашада Теріскей Бөкенбай аулында дүниеге келген. 1981 жылы Теректі орта мектебін бітіреді. Сол жылы Өскемен қаласындағы жол-құрылыс институтына түсіп, 1986 жылы институтты тәмамдап, Өскемен жол – құрылысы мамандығын алып шығады.

1987 жылы әскер қатарына шақырылып, 1989 жылға дейін Ижевск қаласында азаматтық борышын атқарады. 1988 жылдары полк мектебінде оқып, азаматтық міндеттерін атқару барысында аға - лейтенант атағын игереді.

1990 жылдан бастап Марқакөл жол пайдалану бөлімінде мастер, бас инженер болып қызмет атқарады.

Қазір Күршім жол пайдалану бөлімінде аға мастер болып қызмет атқарып келеді.

1986 жылы Жанат Советқызына үйленген. Қазір Жанат жеке кәсіпкер.

От басында төрт қызы бар. Мадина Шығыс Қазақстан аймақтық университетінің «Бухгалтерский учет и аудит» факультетін бітірген. Қазір өз мамандығы бойынша қызмет істейді. Альбины С. Аманжолов атындағы мемлекеттік университеттің химия - эксперт факультетін қызыл дипломға бітірді. Алматы қалалық санэпидемстанциясында эксперт-лаборант болып қызмет істейді.

Динара Теректі орта мектебінде оқып, мектепті «Алтын белгі» құрметті атағымен бітіріп, Қазақстан-Түрік университетінің ағылшын аудармашылық факультетінде оқиды.

Серік пен Жанат - берекелі отбасының қызығын көріп отырған бақытты ата-ана.



## Шаяхметов Төлеубай

1951 жылы 28 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында Қалжыр аулында дүниеге келдім. Төртуыл→Тоғыз руының→Тебей атасынан тараламыз.

1958 жылы «Ақмектеп» деген жерде бірінші сыныпқа бардым. Бұл ауылда мектеп болмаған екен. Өйткені, мен сол мектепте өзімнен үлкен балалармен бірге оқыдым. 1959 жылы Бұқтырма бөгеуі салынып, іске қосылғаннан кейін, Кіші Ертістің жағасындағы ауылдар Ақмектеппен, Бәрекелді ауылдарын су басып кетті. Көп ауылдар мен қоныстар су астында қалды. Ауыл тұрғындары бұрынғы Прииртыш ауылына көшіп қоныстанды.

Шарбақтан қабырғасын тоқып, төбесіне тал салып, көңмен, топырақпен жауып баспана тұрғызды. Ішкі жағын балшықпен сылайтын еді. Сондай шарбақ үйлер пайда болды. Біздер сонда тұрдық.

1961 жылы төртінші сыныпты бітіріп, Боран мектеп – интернатына 5 сыныпқа оқуға бардым.

1968 жылы Боран орта мектебін бітіріп, Боран кеншарының Прииртыш бөлімшесінде жұмысшы болып, Шанханайда малшыларға көмекші болдым.

1970 жылы Семей қаласындағы мал дәрігерлік институтына оқуға түстім. 1975 жылы институтты бітірдім. Сол жылы Боран кеншарының Прииртыш бөлімшесінде зоотехник болып қызметке кірістім.

1977 жылы Боран кеншарының Жаңа-Ауыл бөлімшесіне ауыстым. 1980 жылы Боран кеншарында селекционер болып жұмыс істедім.

1989 жылы Боран совхозының бас зоотехнигі, директордың орынбасары болдым.

2005 жылдан Күршім аудандық жер бюросының басшысы болып жұмыс істеймін.

2007 жылы Өскемен жол-құрылыс институтының жер бөлімін сырттан оқып бітірдім.

Шешем Қайныш Ахметалина 1912 жылы туған. Сондай таза, сыпырынған адам еді. Киім-кешек, ыдыс-аяқтарын, ас-суын кіршіктей таза ұстайтын және тамақты да дәмді әзірлейтін. Оқымаса да, оқыған адамдардан кем болмайтын, мінезі де байыпты адам еді.

Мен мектепті бітірген соң, екі жылдай мал баққанға реніш білдіріп: «Біздің ұрқымызда өмір бойы мал баққандар болған жоқ»-деп намыстанып отыратын. Келесі жылы бір сиырын жетектеп апарып сатып, 200 сом ақшаны қалтама салып, батасын беріп еді. Сәукен апайым ертерек тұрмыс құрды. Үш ұлы, екі қыз өсірді. Қазір бір-бір үй болды.

Қошан апайым қазір Теректіде тұрады. Жездем Қайролда екеуі бір ұл, бір қыз өсірді. Екеуі де жоғары білімді. Мектепте мұғалім болып қызмет істейді. Маузипа мен жездем Түсіпбек бес ұл, бес қыз тәрбиелеп өсірген үлкен отбасы. Апайым «Алтын алқа» иегері.

1975 жылы Сапаралинова Айгүл Қабидолдақызымен үйлендім. Мамандығы – дәрігер.



Біз де бес баламызды оқытып, үйлендіріп немере сүйіп отырмыз. Үлкеніміз Гүлназ үш институт бітірген, мамандығы юрист. Жолдасы Ерлан Ұржар ауданында прокурор. Қызымыз Марал Семейдің медицина академиясын бітірген. Ұлымыз Серік жоғары білімді әскери маман. Рауан Өскеменнің құрылыс-жол институтын бітірген және юрфакты сырттай бітірді.

Медет – ұлдың кенжесі. Астана медицина университетін бітірген. Мамандығы – хирург.

Магистратура бітірген. Қазір докторантураға тақырып алды. Сапаралина Айгүл жоғары санатты дәрігер, емхана меңгерушісі. «Шапағат» медалінің иегері. Мақтау грамотасымен марапатталған.

### Әденбек Күсепбайұлы

Әденбек Күсепбайұлы 1909 жылы Зайсан ауданында дүниеге келген. Төртуыл→Тоғыз руына жатады. Көп жылдар «Освобождение» колхозында, кейіннен Кендірлік совхозында әр түрлі салада жұмыс істеген. Егіс бригадирі, кейінгі жылдарда аға шопан болып, мал шаруашылығы саласында еңбек еткен. Шаруаға бейім азамат, шаруашылықтың қай саласында болса да қажырлы еңбегімен көзге түсіп, сый-құрметке бөленеді. Жақсы жұмыстары үшін «Құрмет белгісі» ордені және көптеген медальдармен марапатталған.


Еңбек ете жүріп алқалы жиындарға қатысып, талай рет күресіп, бас бәйгені жеңіп алған. Тарбағатайлық атақты балуан Шиқара мен Ығыланды жыққан.

Қызы Сақыпжамал ағайын-туыстың ұйтқысы. Өз мамандығын жетік меңгерген ұстаз. Осы кезде Әденбектің балалары Зайсан ауданында, Алматы қаласында тұрады.

Күсепбаева Сақыпжамал Әденбекқызы 1948 жылы туған Н. Гоголь атындағы орта мектепті бітіреді. Семей педагогикалық институтын тәмамдайды. Сақыпжамал – барлық өмірін жас ұрпаққа білім беруге арнаған жоғары санатты ұстаз. Жолдасы Қошпанов Бітімхан екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Ұлдары Бейбіт Мәскеудегі физика-технология институтын бітірген. Өскемендегі университетте жұмыс істейді. Жанары Алматыдағы шет тілдер институтын бітірген. Ағылшын тілінің маманы. Аспирантураны тәмамдаған, ғылым кандидаты. Қыздары Жұлдыз Өскемен университетінің экономика факультетін бітірген. Кенжесі Гүлназ Алматы медицина университетін тамамдаған.

### Бардашов Кеңесбек

Кеңесбектің ата-тегін таратсақ: Найман →Төртуыл→Тоғыз→Тебей→Сәкөк аталарынан таралады. Бардашов Кеңесбек еңбек жолын 1952 жылдан 1960 жылға дейін Күршім ауданы Мөнекей балықшы колхозында бастаған. 1964 жылы Зайсан «Рыбкомбинатында» Аманат бөлімшесінде жұмыс істеген. 1976 жылы «Бұқтырма рыбзаводының» Аманат бөлімшесінің бригадирі қызметін атқарады. 1979 жылы «Зайсанрыбпромның» Приозерный бөлімшесінің начальнигі болып тағайындалған.



Бардашов Кеңесбек балық шаруашылығы саласында 40 жылдан астам қажырлы еңбек еткен. Еңбек жолында бірқатар марапаттардың иегері болған. 1970 жылы 20 марта «В.И. Лениннің юбилейлік медалімен марапатталған. 1973 жылы МРХ ҚазССР және ҚазССР президиумының қаулысы бойынша «Социалистік жарыстың озаты» белгісімен марапатталды. 1976 жылы 16 февральда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының және Министрлер Советінің қаулысы бойынша бесжылдықтың тапсырмаларын орындаудағы аса көрнекті табыстары үшін Бардашов Кеңесбектің есімі алтын әріппен Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Алтын Құрмет Кітабына жазылды. 1976 жылдың наурыз айында Зайсан рыбкомбинатының Аманат бөлімшесінің бригадирі

Бардашов Кеңесбек «Победитель Социалистического соревнования 1975 года» төс белгісімен марапатталған. 1981 жылы 10 июльде «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағы берілген. 1983 жылы июнь айында Министррыбного хозяйства СССР «Отличник социалистического соревнования рыбной промышленности СССР» төс белгісінің иегері. 1990 жылы 30 январьда қажырлы еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бардашов Кеңесбек үздіксіз еңбек жолында аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі 20-ға жуық мақтау қағаздарымен марапатталған, 10 медаль және 1 орденнің иегері.

Бардашов Кеңесбек - 7 бала таратқан ұлағатты жанұя. Кеңесбектің ұлдары - Сәдібек, Нұрбек, Еркінбек, Талғат, Маралбек әке жолын ұстаған еңбеккер азаматтар. Кеңесбек төрт немеренің атасы – Маралбектен→Қуаныш, Талғаттан→Бекзат, Нұрбектен→Манарбек, Сәдібектен→Бердібек.

### Барлықов Құрманбек



Барлықов Құрманбек Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Тұғыл (Тополев - мыс) аулында 1939 жылы желтоқсан айының 30 күні дүниеге келіпін.

Ататек негізім: Найман→Төртуыл→Тоғыз→Тебей→Сәкөк атасынан тараламыз.

1948 жылы 1-ші сыныпқа барып, 1958 жылы 10-шы сыныпты бітірдім. Сол жылы әскерге шақырылып, 1962 жылы елге оралдым.

1963 жылы Өскемен қаласындағы Индустриальный техникумына оқуға түстім. Техникумды бітірген соң, Өскемен Машзаводы КИП «А» «Контрольная измерительной приборы», «Автоматика» бөлімін 4 жыл басқардым. Осылай еңбек жолымды Өскемен қаласында бастадым.

1977 жылы Өскемен Спец МНУ треста «Казкооп строймонтажда» инженер болып қызметке орналастым. Осы қызметте көп жыл жұмыс жасап, 1995 жылы зейнеттік демалысыма шықтым.

### Сайлау Селенұлы Төленгітов



Сайлау Төленгітов – руы Тоғыз. Әкесі Селен Төленгітов елге танымал, жоғары білімді азамат болған. Көп жыл мектепте мұғалім болып еңбек сіңірген ұстаз. Оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерінде істеген.

Төленгітов Селен (1936-1940) жылдары Амангелді атындағы орта мектепте директор қызметін атқарған.

Сайлау Селенұлы Төленгітов 1948 жылы туған. 1965 жылы Зайсан қаласындағы орта мектепті, 1972 жылы Семей қаласындағы медициналық институтты бітірген. Өскемен қаласында, Марқакөл ауданында дәрігер болып істеді. 1977 жылдан бастап әскери дәрігер қызметін атқарған. Өзбекстанның Навои қаласында лазарет бастығы, полктің медицина қызметінің бастығы болып 1990 жылға дейін істеді. 1990-1993 жылдар Степногорск қаласында қызмет істеді. 1993 жылдан Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің әскери дәрігерлік комиссиясының

бастығы. Әскери шені – полковник.

## БИЖІГІТОВТАР ӨУЛЕТІ

### Бидашев Көкенай



Бидашев Көкенай Бидашметұлы 1945 жылы Марқакөл ауданы Қазақстан аулында дүниеге келген. 1954 жылы Қазақстан ауылындағы бастауыш мектептің 1-ші сыныбына барды. 1965 жылы Боран орта мектебінен 11 сыныпты бітіріп орта білім аттестатын алды. 1964 жылы Алматы қаласындағы ауыл шаруашылық институтының механика факультетіне түсіп, 1969 жылы инженер-механик мамандығын алады. Бидашев Көкенай еңбек жолын Қалжыр кеншерында МТМ меңгерушісі қызметінен бастайды. Өзіне тапсырылған шаруашылықтағы әр іске тиянақтылығы мен іскерлігін танытқан жас маманның жұмысқа деген қабылетін көре білген аудандық партия комитеті, Көкенай Бидашевті 1971 жылы Марқакөл аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, 1972 жылы бірінші хатшысы қызметіне ұсынады. Көкенай Бидашұлы аудан

жастарын Марқакөл ауданының өзекті мәселелерін шешу жолына бағыттай отырып, белсенді қызмет атқарды. Ауданымыздың экономикасын дамытуға жастарды жұмылдыра отырып, лайықты үлес қосты. 1973 жылы аудандық Ауыл шаруашылығы басқармасының бас-инженері қызметіне ауыстырады. Еңбек сүйгіш жас маман аудан кеншарларындағы шаруашылық салаларын толығымен механикаландыру жолында да қыруар еңбек сіңірді. 1979 жылы аудандық партия комитеті Көкенай Бидашұлын аудандағы ең шалғай, шаруашылығы артта қалған Қаба совхозының директоры қызметіне жібереді. Осы кеншарда сегіз жыл қызмет жасайды. Қаба кеншары он бірінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша облыс кеншарларының ішінде жеңімпазы танылып, сол кездегі ЦК КПСС бас хатшысы Л.И.Брежневтің қолымен «Облыстық социалистік жарыстың жеңімпазы» деген атақпен марапатталады. 1987 жылы партия Бидашев Көкенайды аудандағы ең үлкен шаруашылық Боран кеншарының директоры қызметіне тағайындайды. Тәжірибелі маман бұл кеншардың шаруашылығын дұрыс жолға қойып, оң шешемін таба біледі. Осы мерзімде барша Марқакөлдіктердің басына келген нәубет жер сілкінумен жалғасады. Ұйымдастыру жұмыстарының тетіктерін жетік меңгерген тәжірибелі маман ретінде, жер сілкінудің залалдарын қысқа мерзімде жою мақсатымен, 1990 жылы аудан коммунистері Бидашев Көкенайды аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады. Республиканың және Шығыс – Қазақстан облысының ұжымдарының қызу қолдауымен марқакөлдік азаматтар 2 жылдың ішінде зілзаланың басты шығындарын орнына келтіре білді. Бидашев Көкенай 1991 жылы Марқакөл ауданының әкімі қызметіне тағайындалды. 1994 жылдан бастап Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында қызмет атқарды. 1995 жылы ОРС (отдел рабочего снабжения) бөлімінің бөлім бастығы болып тағайындалды. 1998 жылдан бастап Алматы қаласының аппаратында екі департаменттерінде қызмет атқарды. Бүгінде Көкенай Бидашұлы зейнеткер. Адал еңбегінің жемісін көріп отырған, халық алғысына бөленген парасатты азамат. Бір ұлы, екі қызы, төрт немерелері бар, бақытты отбасы.

Бидашев Көкенай Марқакөл ауданы Шығыс қазақстан облысында 1945 жылы диниеге келген. Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін тәмәдап, Инженер механик мамандығын алып, осы ауданның совхоз инженері, Аудандық комсомол комитетінің бірінші, екінші хатшысы, Қаба, Боран совхоздарының директоры, аудандық атқару комитетінің бастығы, аудандық Советтің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшасы, ауданның әкімі қызметтерін, Өскемен қаласындағы Қорғасын-Мырыш комбинатының бөлім бастығы, Алматы қалалық әкімшілігінің департаментінің бас маман қызметтерін атқарған.

Қазір Алматы қаласының тұрғыны, кәсіпкер, Күршім (Марқакөл) ауданының құрметті азаматы, Күршім ауданындағы Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған «Даңқ алаңының» кейіпкері атағын ие болған.



Бидашева Сағдат Зейнешқызы - Боран аулының тумасы, Алматы қаласындағы қыздар институтының түлегі, Марқакөл ауданының Қалжыр, Бобровка, Теректі, Боран орта мектептерінде және Өскемен қалалық мектептерінде қызмет атқарған, қазір зейнеткер.

Ғалым Көкенайұлы, 1970 жылы туған, Өскемен жол-құрылысы институтының түлегі, екі баланың әкесі кәсіпкер. Алина, Амина, – ұлдан немерелер. Алина Ғалым қызы мектеп оқушысы – немере. Анара Ертайқызы – келін. Өскемен заң институтын тәмамдаған. Қазір Алматы қалалық, қорғаушылар одағының, қорғаушы қызметін атқарады.

Айгүл Көкенайқызы 1978 жылы туған. Алматы заң институтын, Алматы халықаралық бизнес академиясын тәмамдаған. Қазір Алматы қаласында бизнес саласында қызмет атқарады. Назгүл Көкенайқызы, Алматы қаласында Басқарма академиясының және Алматы халықаралық Академиясын тәмамдап, қазір Москва қаласының тұрғыны, бизнес саласында қызмет атқарады. Андрей – Көкенайдың күйеу баласы, Алматы қаласындағы Басқарма Академиясын және Англияда арнайы бизнес курсы тәмамдаған, қазір Москва қаласында бизнес саласында қызмет атқарады. Анеля, Рената Москва қаласының оқушылары – немерелер.



Бірінші қатарда: Көкенай, Сағдат, Амина. Екінші қатарда: Ғалым, Айгүл, Алина, Анар



Андрей мен Назгүл, қыздары Анеля, Рената.

## Бидашев Көкенайдың Марқакөл ауданында қызмет ету кезеңдерінің көріністері.



1990 жылы Республикалық ауылшаруашылық қызметкерлерінің нарықтық экономикаға көшу жолындағы бірінші басқосудағы аудан активінің өкімет басшыларымен бірге кезігу сәтінен. Бірінші қатарда солдан оңға қарай:

1. АПК төрағасы – Балташ.
2. Қазақстан Республикасының президенті - Назарбаев Н.Ә.
3. Аудан басшысы – Бидашев К.Б.
4. Премьер Министр – Караманов.
5. Совхоз директоры - Жұмаханов Т.А.

Екінші фотода - 1993 жылы Марқакөл ауданының орталығы Теректі аулында өткен облыстық ауылшаруашылық қызметкерлерінің слетіне өткен «Аламан» бәйгенің сыйлығын табыстау сәті. Солдан оңға қарай:

1. Аудан әкімі – Бидашев К.Б.
2. Ел басы-Назарбаев Н.А.
3. Облыс әкімі- Бектемисов А.И.
4. Шабандоз – Букатов О
5. Бапкер-Жәкішов Ж.

Үшінші фотода - 1990 жылғы Марқакөл, Зайсан, Тарбағатай, Күршім аудандарындағы болған жойқын зілзада зардаптарын жою тұрғысында бас қосудың көрінісі: 1. Төтенше жайдың Министрі – Макиевский А.М. 2. Аудан әкімі – Бидашев К.Б. 3. Премьер-Министр – Терещенко С.А.



слево Бидашев К.Б. - глава Маркакольского р-на  
середине Назарбаев Н.А. - президент Республики Казахстан  
третий Бектемисов А.И. - глава Восточно-Казахстанского обл  
1993г. с.Алексеевка



слево Макиевский Н.М. - Министр ЧС  
середине Бидашев К.Б. - глава Маркакольского р-на  
с права Терещенко С.А. - Пример-Министр Республики Казахстан  
1992г. с.Буран



## Көкенай Бидашұлына

Марқакөлдің сен бір ұлысың киелі,  
Құрметтейді, елің сені сүйеді.  
Жастайыңнан туған жер деп тер төктің,  
Ақылыңмен болдың елдің тірегі.  
Кеншарды да, ауданды да басқардың,  
Тани білдің таланттысын жастардың.  
Сабыр сақтап, оймен қарап әр іске,  
Қалдырмадың көңілін де достардың.

Алыс ұзап кетсеңдағы Марқадан,  
Ауыр жүкті түсірмедің арқадан.  
Шекарадан халық санын азайтпай,  
-Аудан ашып берсек,- дейсің қайтадан.  
Дей алмаймыз біз де қарап тек жүрміз,  
Сіздер бізге жарық берер бір жұлдыз.  
-Алматыда басын қосқан Марқакөл,  
Астананың тілін табар,-деп жүрміз.

Өр Алтайдың нар тауына ұқсаған,  
Адамдықты үлгі етіп ұстаған.  
Ел білетін атқарылған ісің бар,  
Береке, табыстарға, татулыққа бастаған.  
Құтты болсын алпыс асқар белесің,  
Нұр сәуленді ел-жұртыңа төгесің.  
Ұрпағыңның думандатқан тойымен,  
Тіршілігің қуанышқа кенелсін.

(Набиолла Кемешов)





Жақсыбай Бидахметұлы 1948 жылы Марқакөл ауданы Қазақстан аулында дүниеге келген. 1967 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, 1973 жылы осы аталған жоғары оқу орынын тәмамдаған.

Өзінің еңбек жолын Марқакөл аудандық емханасының терапевт-кардиолог дәрігерліктен бастап, 1977 жылы Марқакөл ауданының бас дәрігердің орынбасарлық жұмысына ауыстырылады. 1982 жылы ШҚО Марқакөл орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметіне тағайындалады. 1989 жылы Байқоңыр Космодромы Ленинск қаласына бас дәрігерлікке қызметі жоғарылайды. 1990 жылы Ленинск қалалық дәрігерлік бірлестіктің директоры болып тағайындалады. 1995 жылдан бері осы уақытқа дейін Алматы қаласында қалалық №8 емхананың және Алмалы ауданының бас дәрігері болып жұмыс істейді.

Қазан, Алматы, Ленинград, Киев, Мәскеу және Америка құрама штатында болып, денсаулықты сақтауды ұйымдастыру мәселесі жөнінде өз білімін

жетілдіріп отырған. 2005 жылы «Алматы қаласының тұрғындарына ревматологиялық көмек көрсетудің жаңа көзқарастары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, медицина ғылымының кандидаты атағының иегері. Дүниежүзілік басылымдар және халықаралық конференцияларда 73-тен артық ғылыми еңбектері, 3 монография, 5 ғылыми-әдістемелік ұсыныстары жарияланған. Халықаралық дәрігерлер ассоциациясы мүшесі және Орта-Азиялық ревматология дәрігерлерінің ұйымдастырушысы.

Бижігітов Жақсыбай медицина саласындағы қажырлы еңбек жолында «Құрмет» ордені, «Пирогов атындағы», «Байқоңыр космодромын игеруге 30 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», СССР және Қазақстан Республикасының «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медалдары және «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» деген құрмет атағымен марапатталады. Бижігітов Жақсыбай Бидахметұлы медицина ғылымының докторы, кафедра меңгерушісі, бас дәрігер, денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, «Алтын дәрігер» медальмен марапатталған.

Астана қаласындағы Қабанбай және Бөгенбай батырлары ескерткішін және Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданындағы найман Төлегетай ата кесенесін, Қалжыр аулындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған мемориалдық ескерткішті тұрғызуға белсене қатысқан. Жақсыбай мырза үнемі демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетіп отырады.

Бүгінде екі баласының қуанышына, бес немересінің қызығына бөленіп отырған абзал әке, қадірлі ата. Жақсыбай Бидахметұлы - Күршім Марқакөл районының құрметті азаматы.

Жақсыбайдың жұбайы Мерекенова Гүлбаршын Уарбекқызы 1969 жылы Қалжыр орта мектебін бітіріп, Семей қаласында бухгалтер мамандығы оқуын аяқтап, қызметін Марқакөл районының торгөвий базасының бухгалтериясынан бастап, 1976 жылы Марқакөл районының атқару комитетінің бас бухгалтер қызметіне ауысты. Кейін Космодром – Байқоңыр қаласының қалалық атқару комитетінің, әлеуметтік қамсыздандыру комитетінің бас бухгалтер қызметін атқарды. 1992 жылдан бастап Алматы қаласының медицина саласының мекемелерінде 35 жыл жұмыс істеді.



Жақсыбай мен Гүлбаршын



Бірінші қатарда солдан оңға: Жания, Жақсыбай, Гүлбаршын, Ғазиза, Дәмелі, Раушан.

Екінші қатарда солдан оңға: Шыңғыс, Алтынай, Бибигүл, Ануар, Дархан.

Бижигитов Шыңғыс Жаксыбаевич - закончил Алматинский государственный медицинский институт в 1995 г. Успешно занимается бизнесом, поставляя медицинское оборудование и медицинские изделия.

Участвует в благотворительности, поддерживая и развивая свой родной поселок Теректы – спонсировал юношеский чемпионат по вольной борьбе, оборудовал стоматологический кабинет в районной больнице.

Состоит в браке с Бижигитовой Алтынай Зейнулловной (в девичестве – Шибкеновой, 1977 г.р.). Закончила Евразийский университет с отличием, стипендиатка Президентской программы «Болашак», степень Магистра делового администрирования (МВА) от Университета Колорадо в Денвере. Владелица и директор Академии детского развития «Алакай». Воспитывают двоих дочерей Жаксыбай Бибигуль 2002 г.р. и Жаксыбай Газиза 2005 г.р. Девочки занимаются музыкой, играют на фортепиано, гитаре и домбре. участвовали в международных фестивалях (2 место в международном фестивале «Звезды Средиземноморья» по классу вокала). Газиза заняла 1 место в категории «Мини Мисс» фестиваля Алмалы 2014, и 3 место в той же категории фестиваля «Парадиз холидай», 2 место в городском фестивале «Рауан» в категории «Соло». Девочки отлично учатся, неоднократно награждаются грамотами и дипломами. Бибигуль заняла 3 место в городской математической олимпиаде «Жасмат».



Шыңғыс және Алтынай, қыздары Бибигүл мен Газиза

Бижигитова Раушан Жаксыбаевна родилась 1973 году Маркакольскому районе успешно окончила Теректинскую среднюю школу поступила лечебный факультет Семипалатинского Государственного Университета. В 1992 году перевелась в Алматинский Государственный Медицинский Университет. После окончания в 2000 году, годичную клиническую ординатуру, открыла компанию R – дизайн в дальнейшем организовала корпорацию «Тоғыз сайын». Данный время является советником Акима Жамбулской области. Замужем за Бекбауов Дархан Магауянович, родился в 1964 г. уроженец Маркакольского района, бизнесмен, директор издательского дома «Таймас». Воспитывает 3 детей, сын Магауия Ануар и дочь Магауия Жания. Обучаются в «УО Тамос Эдьюкэйсн физика - математическая школа» г.Алматы. Младшая дочь Газиза посещает детсад.



Дархан мен Раушан, ұлы Ануар, қыздары Жания мен Дәмелі.



## Кенчинбаев отбасы

Бижігітова Күләш Бидашқызы 1940 жылы 3 қаңтарда туған. Жолдасы Кенчинбаев Құсман Мұқашұлымен (15.01.1938 жылы туған) 1958 10 желтоқсанда Боран селосында отбасын құрып, 57 жыл бірге отасып келеді, өмірге 4 қыз бала, 2 ұл бала әкелді. Барлығы жоғары білім алған, от бастарын құраған, 15 немере, 4 шөбере сүйіп отыр.

Кенчинбаева Күләш өмірге алты бала әкеліп, 1974 жылдан бастап Марқакөл ауданының, Боран селосындағы Тұрмыстық қамту комбинатында жұмыс жасады. 18 жыл сол мекемені басқарып, халыққа қызмет етті, сол жерден зейнеткер болды. Құрметті демалысқа шыққаннан кейін де сол мекемеде «Жібек» жеке шағын кәсіпорынын құрып, өзі үйренген салада қызметін жалғастырды.



Отағасы Кенчинбаев Құсман 1956 жылы Боран орта мектебін бітірді.

1957 жылы Шемонаиха қаласында Ауыл шаруашылық мектебінің малдәрігерлік бөлімін бітіреді де Боран совхозының Жаңа-Ауыл бөлімшесіне зоотехник қызметіне жұмысқа шығады.

Ол уақытта Боран совхозының жаңа құрылып жатқан кезі, шаруашылықтың негізгі бағыты мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой шаруашылығын өркендету болатын. Совхозда болған негізгі алға қойған мақсат-меже – қазақи қой, мүйізді ірі-қара, жылқы малдарының тұқымын асылдандырып жоғарғы өнім беретін жаңа сұрыпқа қол жеткізу болатын.

Сонымен совхозға биязы жүнді асыл тұқымды қошқарлар. Сүтті сиырлардың бұқалары сатылып алынып, жергілікті малдардың тұқымдарымен будандастырыла бастады, алға үлкен міндет қойылды.

Совхозда қызмет істей жүріп 1971 жылы сырттай Семей қаласындағы

зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп, зоотехник мамандығын алды.

1968 жылдан 1986 жыл аралығында осы совхоздың бас зоотехнигі қызметін атқарып жүріп, совхоз директорының орынбасары, совхоздың бас экономисі қызметін атқарды. Сонымен совхоздың жергілікті қара қойын биязы жүнді ақ қойдың тұқымына айналдыруға, шаруашылықта семинтал сүтті сиырларын, қазақтың ақбас етті сиырларын өсіруге еңбек етті. Боран совхозы Марқакөл ауданындағы ең үлкен миллионер совхозға айналды. Совхоз иелігінде -86000 қой, 3500 ірі қара, 1500 жылқы, 200 түйе есебі төрт түлік малы болды.

Сол кездегі қоғамға істеген еңбек үлесі бағаланып, 1966 жылдың 22 наурызында ҚазССР «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталды. 1971 жылдың 25 мамырда «Еңбекте үздік шыққан» медалімен, «В.И. Лениннің 100 жылдық» медалімен, 1990 жылдың 12 желтоқсанында «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1994 жылы сол Боран совхозынан құрметті демалысқа шығып, 1995 жылы Алматы қаласына отбасымен қоныс аударды.

Үлкен қызы – Райкен Кенчинбаева Құсманқызы Өскемен қаласының медицина училищесінің фармацевтика мамандығын тәмамдап, сол салада Тараз қаласында 20 жыл



қызмет етті, қазіргі уақытта жеке кәсіпкер. Жолдасы Балабиев Оразхан (мамандығы жол инженері) екеуі 3 бала тәрбиеледі. Қызы Лаура – экономист (Алматы халық шаруашылығы институты), ұлы Сұңғат – ішкі істер министрлігінде заңгер қызметін атқарады (Астана Евразия Университеті, заңгер бөлімі), кенже ұлы Арнат – Назарбаев университетінде қызмет істейді (АҚШ мемлекетінде Университет «Индианы-Пердью» 5 жыл оқып келді). Үш баласынан 3 немере сүйіп отыр. Қазір Астана қаласында тұрады.

Екінші қызы – Гүлшат Семекенева Құсманқызы Өскемен педогогикалық институтының химия-биология факультетін бітіріп, Боран орта мектебінде 12 жыл химия, биология пәндерінен сабақ берді. Қазіргі уақытта Алматы қаласында жеке кәсіпкер. Жолдасы Семекенов Тоқтасын (мамандығы ұстаз) екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Бір немересі бар.

Ұлы Элдар – Алматыда «ТД магнитогорский металлургический комбинат» қызметін істейді (бітірген оқу орны «Московский институт стали и сплавов»), қызы Айдана – АО «ҚазМұнайГаз» менеджер департаменті координация внешнеторговых операции (бітірген оқуы – UIB Университет международного бизнеса, Алматы қаласы).

Ортаншы қызы Айкен Кенчинбаева – Боран орта мектебін алтын медальмен аяқтап, Өскемен жол - құрылыс институтын бітірді. Мамандығы инженер-экономист. 1985-1994 жылдар аралығында Востокказсельстрой АҚ, ПМК -10 бас экономист, 1995-2003 ж Алматы қаласы салық комитетінде бас инспектор – аудитор, 2004-2011 ж Алматы қаласы салық комитетінде бас инспектор – аудитор, 2004-2011 ж «Арасан» ЖШК бас бухгалтер, соңғы жылдары – жеке кәсіпкерлікпен айналысуда.

Кенже қызы Алма Құсман – Семей мемлекеттік медицина институтын тәмамдап, сол салада 14 жыл дәрігер болып қызмет жасады. Қазіргі уақытта дерматология-косметология саласында жеке кәсіпкер. Жолдасы Мақсат Байболов (мамандығы зооинженер, ветеринар) екеуі 2 ұл, 1 қыз өсіріп отыр. Үлкен ұлы Әмір – Халық экономикасы министрлігінде, сыртқы



сауда департаментінде қызмет етеді (бітірген оқуы – Сиянь халық университеті, Сиянь қаласы, КНР), Арыстан мен Айза – мектеп, балабақша жасында. Астана қаласында тұрады.

Үлкен ұлы Бакытжан Кенчинбаев – Талдықорған педогогикалық институтын сырттай тәмамдады. Жолдасы Анар (мамандығы мұғалім) екеуі семьялық жеке кәсіпкерлікпен айналасады. Бір қыз, екі ұл бала тәрбиелеп отыр. Қызы Ақбота – Сбербанк банкінде менеджер (Алматы халық шаруашылығы университетін бітірген), ұлы Едіге – Алматы политехникалық университетінің, «инженер электроэнергетики» мамандығын жуықта тәмамдады. Кіші ұлы Темірлан – мектеп оқушысы. Алматыда тұрады.

Кенже ұлы Бауыржан Құсманов – Боран орта мектебін күміс медалімен аяқтап, Москва қаласындағы И.М. Губкин атындағы «Мұнай және газ» институтын тәмамдады. 1997 жылдан бастап Ресейде Өндірістік құрылыс саласындағы компанияда жетекшілік қызмет жасады. Жолдасы Шынар Құсмановамен (мамандығы дәрігер) бір қыз, 3 ұл баланы дүниеге әкелді. Қызы Камила – Москва қаласында Ресей халықаралық финанс университетінде студент, үлкен ұлы Мәди – Бостон қаласында АҚШ орта мектебін тәмамдап, био-инженерия саласында «Индианы-Пердю» университетіне қабылданды. Кіші ұлдары Даниал, Таир – мектеп және бақша жасында. Қазіргі уақытта Бауыржан үлкен қарашаңырақтың иесі, ата-анасымен Алматыда тұрады.





Мәкен Мешелқызы 1938 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Ақбұлақ ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1946 жылы Горный орталау мектебінің 1-ші сыныбына барған. 1953-54 жылы 7-ші сыныпты «Қаратоғай» орталау мектебінен үздік бағамен бітіріп, 1956-1957 жылы Теректі орта мектебін бітірген.

1959 жылы Семейдің Н.К. Крупская атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, 1964 жылы институтты бітіреді.

1957-1988 жылдар аралығында Қалжыр орта мектебінде 30 жыл оқытушылық қызмет атқарып, құрметті демалысқа шыққан.

Жас ұрпаққа білім, тәрбие берудегі көп жылдық еңбегі бағаланып, 1975 жылы 15 наурызда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

1970-1973 жылы Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің мақтау

граммоталарымен, 1983 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

1984 жылы облыс мұғалімдерінің IV съезінің делегатына сайланған.

Шығармашылық өмірбаяны жайлы дерек: Өскемен қаласы 2010 жылы «Қарт Алтай аясында Ару Марқа» деген кітабы баспадан жарық көріп, оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленді. 2014 жылы «Өр Алтай, Қара Ертіс» деген кітабы баспадан шықты. Мерзімді басылымдарда жарияланған өлеңдер: «Туған жер жайлы толғаныс» Шамшырақ газеті 1988 жыл; «Бұқтырма» Коммунизм туы газеті 1993 жыл; «Айтыс», «Тіл қоғамы» Шамшырақ газеті 1990 жыл; «Ұстаз сыры», «Мектебім», «Арман-ай» Өр Алтай газеті 2009 жылы жарияланған.

«Әнім саған - туған ел» атты Шығыс Қазақстан туралы ән байқауына ұсынылған өлеңдері: «Марқакөлім», «Ақ толқыны Қалжырдың», «Қара Ертіс – Ел анасы», «Өмір – сана» терме, «Желтоқсан», «Шығыстың жеті ғажайыбы», «Сіздер қалай ойлайсыз, балалар-ау».

Бүгінде 7 баланың, 5 келіннің анасы, 14 немеренің және шөпшек сүйген әже, үлкен берекелі жанұя ретінде өмір кешіп отыр.

2010 жылдан «Алтын алқа» орденінің иегері. Алматы қаласының Ақсақалдар Алқасының ұйғаруымен «Шығыстың ардақты азаматы» төс белгісімен марапатталды.

Бәзікен Темірханұлы Марқакөл өңіріндегі Бөкенбай тауында дүниеге келген. Бөкенбай тауының оңтүстік етегіне орналасқан «Талапкер» аулында 1 сыныпқа барады. Бұл 1944 жылдың 1 қыркүйегі болса керек. Алғашқы қалам ұстатқан ұстазы Тұрарова Машан апай еді. «Талапкер» бастауыш мектебінен де көп азаматтар бастауыш білім алған. Олар: Сайкенов Кабыкен, Солтаниянов Достан, Емилбаев Қалибек, Жұмаділов Бабан, Тұрақбаев Әнуарбек, Қажиев Дәкен, Бакенов Қалибек, Қожанов Кеңесхан басқада көп азаматтарды айтуға болады.

Бәзікеннің өзімен сыныптас достарын айта кетсек: Іргебаев Зарықбай, Мусин Тоқтарғали, Исанов Бұйран, Отарбаев Тоқтар, Тоқтауов Солтанмұрат, Нұргалиева Жамалбек, Орамалова Сақыпжамал, Қожанова Бикамал, Шапатов Қабыкен, Мырзағұлов Рахметолда т.б.

1954-55 жылы 10 сыныпты В.И.Ленин атындағы Жаңа-Ауыл орта мектебін бітіреді.

Еңбек жолын Қалжыр аулында есепшілік жұмыстан бастаған.



1962 жылы Қалжыр совхозында комсомол ұйымының секретары болып істеді. 1968 жылдан бастап бөлімше меңгерушісі, совхоз директорының орынбасары болып қызмет істеп, 1986 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан. Базікен қызмет істеп жүрген кездерінде аудандық, облыстық құрмет грамотасымен марапатталып, бағалы сыйлық иегері болды. 1970 жылы «В.И. Лениннің юбилейлік медалімен» марапатталды. 1986 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады.



Бүгінде жанұясында 7 баласы бар. 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп жеткізген. Балаларының барлығы жоғары білімді. Үлкен ұлы Дүсіпхан – заңгер. Екінші ұлы Семейхан – Астана қаласында мал дәрігері, Бауыржан – жол құрылыс инженері. Қызы Гүлжан – мұғалима, заңгер. Ержан мен Қалижан – кәсіпкер. Кіші қызы Райхан – медицина ғылымының кандидаты, доцент, жоғарғы санатты бала дәрігері. Астана медицина университетінде қызмет істейді, балалар аурулары кафедрасының оқу ісінің меңгерушісі.

Келіні Дәмиля 2005 жылдан медицина ғылымының кандидаты, жоғарғы санатты кардиолог дәрігері, облыстық емхана бөлімінің меңгерушісі.

Немерелеріміз Темирханов Олжас МГУ-дың магистратурасын бітіріп, өз мамандығы саласында қызмет істеуде. Немереміз Базікенова Айгерім «Дарынды балаларға арналған №34 лицейінің» оқу озаты. Немереміз Базікенов Мирас «Қазақ-түрік» лицейінің оқу озаты. Қазіргі кезде немерелеріміз жоғарғы оқу орнының үздік студенттері.

Базікенов Мирас Литва мемлекетінде Каунас қаласында «Vytautas Magnus University, факультет экономика и менеджмента» жоғарғы оқу орнында білім алууда.

Базікенов Илияс Омск қаласында «Омский Государственный технический университет, факультет информационных технологий и компьютерных систем» жоғарғы білім алууда.

Базікенова Айгерім студентка ВКГТУ им. Д. Серикбаева; лауреат областных и республиканских конкурсов Юный музыкант; получила грант ректора ВКГТУ; победитель республиканского конкурса Студент Года, в номинации «Жыл дарыны - 2014»; обладатель Именной Президентской стипендии; автор нескольких научных статей в сборниках «Творчество молодых – инновационному развитию Казахстан»; неоднократный победитель в номинации «Лучшее инструментальное исполнение» в рамках Смотра-конкурса городская и областная Студенческая весна; первая из ВКГТУ поехала по международной программе академической мобильности «Erasmus+» в Болгарию, Varna University of Management.

Ержанұлы Азамат, учится в областном физико-математическом лицей №25.



Бауыржан Ақбала №3 мектеп-лицей оқушысы, физика математика тереңдете оқыту. «Русский язык как иностранный» VI халықаралық олимпиадасының II дәрежелі дипломымен марапатталған. «Ұшқыр ой, өткір тіл, дүниені танып біл» IV қалалық пәндік олимпиадасының жүлдегері.

Темірханова Дамиля Қалижанқызы Оралхан Бөкей атындағы №44 мектеп лицейінің 4-сынып оқушысы. Қалижанқызы Дамиляның білім алу қадамындағы жетістіктері, республикалық, облыстық деңгейлердегі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді: «Мектепке келдім, қуанып» мәнерлеп оқу сайысында I орын алғаны үшін марапатталады; бастауыш сынып оқушыларының арасында өткен мектепшілік ғылыми жоба сайысына қатысып Математика секциясы бойынша I орын; Certificate Tiamoi is to certify that Temirkhanova Damilya has completed a course in Tiamo English program; «Шахмат – шыдамдылар ойыны» сайысында I орын; «Бейбіт күн жасасын әлемде» атты мәнерлеп оқу сайысына белсене қатысып I орын; «Зерде - 2015» қалалық ғылыми жобалар байқауында математика және информатика секциясынан I орын алғаны үшін марапатталды; 2015-2016 оқу жылында қоғамдық іс-шараларға белсене араласып, өз өнерімен ерекшеленіп «Көркем сөз» номинациясын иеленген.



Семейханұлы Естай мен Диананың үйлену тойы. Тұран мейрамханасы. 2016 жыл.

Жоғарыда айтқанымыздай Бәзікен екеуіміз - алдымызға қойған ең үлкен мақсатымыз балаларды оқыту, тәрбиелеу, білім беру болды.

Балалардың білім саласындағы жетістіктері, біздің әулеттіміздің ең үлкен қуанышы. Ақталған үмітіміз деп ойлаймыз.

Сендер, менің үмітімсің, тұрағымсың,

Көзімнің жанарысың, шырағысың.

Жайнаған жазғы гүлдей, ұрпақтарым,

Жол тартқан бір әулеттен нұрлы ағынсың, - деген жыр жолдарын арнап, алдағы үлкен өмір жолдарына тілектес болып отырмыз.



Семейхан, Қалижан, Нұржамал, Райхан, Гүлбаран, Нүрия, Райхан, Камалбай құда, Төрехат.

### ТЕҢІЗГЕ ТАМҒАН ТАМШЫДАЙ

Ертенің болар бұлыңғыр, өткені ұмыт қалғанда.  
Ағажайлап ән салып, алыстап кеткен ел қайда.  
Асылын аршып алатын, өзегін іздер жандарға,  
Тарихын бүгіп қойнына, шежіре жатыр Алтайда.

Алтайдың мұзарт шыңдары, бейне бір алып қорғандай.  
Шығысын туған жерімнің, күзетіп мәңгі тұрғандай.  
Бабадан қалған өсиет, сананы жаулап алғандай  
Ер түріктің өткені, қашалып тасқа қалғандай.

Анашым жазған асыл сөз, таза ғой көздің жасындай.  
Жыр төгілді жүректен, теңізге тамған тамшыдай.  
Тіл қатарсың қағазға, ақыл мен ойды қамшылай,  
Толғанып жаның тыңшығар, өтелсе парыз осылай.

**Анашым, теңіздей толағай еңбегіңізге, тамшыдай үзік жыр жолын арнадым.  
Темірханов Семейхан Базікенұлы.  
Астана қаласы, 6.08.2016.**

## АНДАБАРАҚҰЛЫ ТОҒЫЗ РУЫНЫҢ ТАРАЛУ ЖҮЙЕСІ

**Мешелқызы Мәкен**

Төртуылшұлы Андабарактан Дөңсе туған. Осылай жалғыз ұлмен бес ата ұрпақтары жалғасады. Дөңседен Дәлеш, одан Жапа, одан Сырлы, одан Сығай, одан Солтангелді мен Есенгелді. Солтангелдіден тоғыз ұл туған. Мұны көрген ел-жұрт осы елді «Тоғыздың ауылы» деп атандырыпты. Бір кезде оның сегіз ұлы өліп, тек Тәңірбердісі ғана қалады. Осы Тәңірбердіден тараған ұрпақтар бүгінгі күнге дейін «Тоғыздар», «Тоғыз руы» атанып келеді. Тәңірбердіден Нұрген мен Жауген тарайды. Нұргеннен Жанәлі мен Бабалы, Жанәліден Байғұлы мен Байсары тарайды.

Байғұлыдан – Дәулет, Теңіз, Тебей, Жаманбай, Байтемір, Бөрен, Серіқара, Отар (30 үй Отар деп аталады) таралған.

Байсарыдан – Қаратоқа, Олжашы. Осы 9 ата таралып, «Тоғыз руы» аталған.

Тоғыз руының қысқаша таралу жүйесі әзірше осылай болып тұр. Шежірелер жүйесіне сүйендік. Және көне көз қариялардың деректеріне негіздеп осылай алып отырмыз. Бұл жерде барлық ішкі аталарға, әр атаның ішкі тармақтарына тоқталмағанымызды ескертеміз.

«Тоғыз руының шежіресі» толығырақ нұсқасы «Қарт Алтай аясында ару Марқа» кітабының және «Өр Алтай, Қара Ертіс» кітабының 415-450 беттерінде толығырақ бергеніміз. Ол кітапты кітапханалардан және ғаламтордан алып пайдалануға болады.

Андабарақ ұрпағы Солтангелді бабамыздан өрбіген Тоғыз руының осы таралу жүйесі дұрыс, дәл берілген нұсқа деуден аулақпыз. Бұл шежіре жүйесі әлі де толығып, олқы тұстары реттеледі деген ойдамыз.

(Аталар жүйесін әзірлеген Мешелқызы Мәкен. 11.09.2013ж).

### **1. ДӘУЛЕТТЕН:** Мырзакелді, Жайық, Жарқынбай.

Мырзакелдіден – Жанкісі, Жәпек, Жантелі, Қашар, Шал.

Жайықтан – Шомақ, Бостан, Тоқбура.

Жарқынбайдан – Татан, Шожан, Ұса, Бектас, Бегетай, Тоқтамыс.

Жанкісіден → Тұлпар → Жанақ → Көпен болыс, Кәукен. Кәукеннен → Солтан, Ескендір. Көпеннен → Иса би, Ахмет, Құмарбек ақын.

Жәпектен → Қамбар → Сексенбай, Мөнекей. Сексенбайдан → Түңлікбай,

Ібіке. Түңлікбайдан → Қалиолда → Зарқұмар, Әлиқұмар, Қалиқұмар.

Қашардан – Тоқсанбай, Шаншар, Қаңғылы, Ботай.

Тоқсанбайдан → Жарылқап → Кездікбай, Кесікбай. Кездікбайдан – Егінбай,

Әбіке, Нұртаза → Смағұл. Әбікеден → Тоқтарбек → Бейбіт, Азат, Асыл, Ақыл,

Ерболат. Жайықтан → Бостан → Садық → Бөжей, Өзенбай, Сәтбай, Көшімбай.

Бөжейден → Байматай, Тойматай. Байматайдан → Нұрғали, Нұғымар,

Аманғали, Досбосын, Құнапия, Есболсын. Нұрғалидан → Бидахмет,

Советхан, Ақылбек.

### **2. ТЕҢІЗДЕН:**

Тұрабай, Бейілбай, Бабыш, Нұғыман, Сәрсекке деген аталар бар.

Тұрабайдан – Бердібай, Түктібай, Сырбай, Белгібай.

Бейілбайдан – Нілдіш. Сәрсекеден – Байжұма.

Бабыштан – Нұрғалидан – Алтынбай, Сәбетхан, Болат. Нұғыманнан – Құлтай, Қалиолдадан – Әбеухан.

### **3. ТЕБЕЙДЕН:**

Нұргелі, Нұржау. Нұргеліден – Жаналы, Баба.

Жаналыдан – Бәтірбек, Қодар, Қарымсақ, Бәтірке, Сәби.

Бәтірбектен – Сәметай, Сәкөк, Қараке, Көкі.

Сәметайдан – Бажық, Кітап, Сартқожа.

Бажықтан – Бижігіт, Иіс, Иісхан, Ақыбай, Ғайса, Мағұлша.

Кітаптан – Дүсіп, Уақас, Жақып.

Сартқожадан – Жігіт, Байжігіт, Бұқыш, Бұқар.

Сәкөктен – Өтепбай, Өтеміс, Оразай, Қалжыр.

Өтепбайдан – Шүлен, Қасымбек. Өтемістен – Кәрмен.

Кәрменнен – Барлық, Бардаш, Қайдар, Асқар.

#### **4. БӨРЕННЕН:**

Тоқбай, Төлеміс. Осы 2 ата таралған. Тоқбайдан – Кемпір, Ақтанбек, Райымбек.

Кемпірден – Өтей, Тыныке. Тыныкеден – Жырғалаң, Байсейіт, Өтебай, Сапарғали.

Өтебайдан – Түсіп, Қасимолда, Қапсалам, Қапсалық, Зәкер, Қайса.

Төлемістен – Қатарбай, Қостанай, Шоңай, Ноғай, Ожар.

Қостанайдан – Сыйлыбай, Құрманғали, Қилыбай, Нұғыман.

#### **5. БАЙТЕМІРДЕН:**

Жаналы, Кенжалы, Кеншібай. Осы 3 ата таралады.

Жаналыдан – Ағанас, Тоғанас. Ағанастан – Садыр, Құлшық, Қодабай.

Құлшықтан – Самылтыр.

Кенжалыдан – Елемес. Елеместен – Қожабай - Садық. Садықтан – Байшөке, Қали, Бадыған.

Бадығаннан – Әбілхамит, Нұрашит.

Кеншібайдан – Қуанышбай, Сәтбай. Қуанышбайдан – Уәш, Уәли, Нұралы. Нұралыдан –

Самархан, Қайырбек. Сәтбайдан – Шаймардан. Шаймарданнан – Қаныш, Дәукен, Оралбек,

Дәлелбек.

#### **6. ОТАРДАН:**

Атабай, Мәмет, Байбарақ.

Атабайдан – Жаншора, Ебей, Көбей, Еже, Есіл.

Жаншорадан – Мәдет, Мұрат, Байсымақ.

Ежеден – Жантымақ, Жантерек. Көбейден – Дәрмен, Тоқтаған.

Жантымақтан – Бақтияр. Жантеректен – Алтай, Аппақ.

Мәметтен – Бейсенбай, Нұрсапа, Бекен, Жікет, Белгібай, Бейісбай.

Бейісбайдан – Сейтқазы, Қамза, Зайнолда.

Байбарақтан – Байсен, Қосжан, Құттыбай, Шымырбай. Байсеннен – Ағыбай,

Жүніс, Орынбай, Сарқытбек, Ұябай, Қарақыз, Байғонақ, Райысбай, Миябай,

Көшебай. Құттыбайдан – Байтілеу, Жантілеу, Сәрсен, Жанделі. Сәрсеннен – Сары. Сарыдан –

Дастан, Қабаш, Дастархан, Рүстем, Қоңыркұлжа. Дастарханнан – Сақаба, Әубәкір.

#### **7. СЕРІҚАРАДАН:**

Айнатай. Айнатайдан – Сарыбай, Дәрібай, Бармақ, Қайдар, Мөке, Жұрын, Жүрне.

Сарыбайдан – Тұтқышбай, Қарсыбай, Кенебай.

Дәрібайдан – Әліпбай, Кенжебай. Бармақ – Күшік, Бошай.

Қайдардан – Маңқи. Маңқидан – Мақаш, Шүршіт, Шығай, Әкібай, Жанмырза, Қасен.

Шүршіттен – Ыдырыш, Баймыш, Толғанбай, Ильяс.

Мөкеден – Ермек, Итаяқ. Ермектен – Қойшыбай, Төлепберген, Қали, Есжан.

Есжаннан – Малдыбай, Қалдыбай. Малдыбайдан – Омарбек, Жақыпбек, Шәріп,

Құмарбек, Әділбек. Қалдыбайдан – Мұхамади. Мұхамадиден – Мұхаметхан, Қажымұқан,

Қажыбек, Жомарт, Марат, Рахметхан.

Жүрнеден – Мансиық, Орысай, Молда, Қожа, Мақау, Бұқа, Байқодыр, Қодарбай,

Қодар. Орысайдан – Кәсілбай.

Маңсиықтан – Мақаш, Шүршіт, Шығай, Әкібай, Жанмырза, Қасен.

Маңсиықтан – Дуанбай. Дуанбайдан – Тоқтау. Тоқтаудан – Солтан, Солтанмұрат.

Жұрын – Мәзбай. Мәзбайдан – Даубай, Дубай, Пішінбай. Даубайдан – Байқодар,

Қодарбай, Өтеген → Рахмет → Рысбек. Байқодардан – Қайса, Сахари, Рамазан,

Ершөке. Қодарбайдан – Асылхан, Қабиолда, Әдібай. Әдібайдан – Қайырбек.

Жұрын → Қырықбай → Қажыке → Досыбай → Зәки болыс, Қайролда, Шәукен, Нұрғали.

## 8. ҚАРАТОҚА:

Байсарыдан → Қаратоқа, Олжашы, Жамбай. Осы 3 ата тарайды.

Қаратоқадан – Шуақ, Әйтеке, Әден, Еркінбай, Құрақбай.

Шуақтан → Әйтеке → Байсалды → Ешкене → Кегенбай → Арғынбай.

Арғынбайдан – Шүленбай, Байжігіт. Шүленбайдан → Дүйсенбі, Садақ, Садақтан → Жанкүшік → Сапуан, Салиық.

Байжігіттен – Төлен, Төребай → Торғауыт → Сарықұл. Төленнен → Салпы, Қабыл, Бурабай. Салпыдан – Тілекберген, Шекібай, Тұйықбай → Берденбек →

Райыс → Советхан → Қуанғали, Әлібек, Бақытбек, Әділбек, Қуаныш.

Шекібайдан → Иса → Сембай, Бақтияр, Мәсәлім. Бақтиярдан → Дәулет, Бақыт. Дәулеттен → Самырсын → Қалибек, Камалбек, Қасымбек, Төкен.

Тілекбергеннен → Насихан → Нұрғали, Биғали. Биғалидан → Сәбет, Сәбит.

Сәбеттен → Марат → Ғалымжан, Әділжан. Сәбиттен → Самат, Сәлім. Саматтан → Санжар.

Бурабайдан → Боқай, Айтбала. Боқайдан → Тайырбек, Жеңісхан, Жазылбек,

Ахметқали → Қайрат, Қайырғали → Елдана. Жеңісханнан → Рашат, Сәрсен → Сержан, Досжан, Азат.

Арғынбайдан → Шүленбай → Садақ → Жанкүшік. Шүленбайдан → Жылқышы, Кәрім, Көпбай → Нұғыман, Қабылқасқ, Нұғыманнан → Сейфолда, Зейнел → Ербол, Ерлан.

Сейфолдадан → Стал, Нұртас, Нұрлан, Абай, Айбек, Ержан.

## 9. ОЛЖАШЫ:

Олжашыдан – Сыбанқұл, Байкүшік, Сәнкіл, Жақсыбай таралады.

Сыбанқұлдан → Майлыбай, Серікбай → Еламан → Сапуан. Сапуаннан → Құрманбек, Сайдол. Құрманбектен → Айдар, Манар, Фархат, Нұрхат.

Жақсыбайдан → Жаңабай, Өртеңбай, Төтенбай, Нұрғали, Аралбай. Аралбайдан → Қалибек, Қасымбек, Исламбек, Дәукен.

Дәукеннен → Еркінбек, Мейрамбек.

Жақсыбайдан → Ералы → Тасбатыр, Күмпейіс, Қабдолда.

Күмпейістен → Әбілмәжін, Молғаждар, Садуақас, Қаби.

Қаби → Мұратбек.

Садуақастан → Құмарбек, Болатбек, Қанатбек, Бақытбек, Аманкелді → Біржан.

Олжашы → Жетібай, Бәйменбет, Әйменбет.

Әйменбеттен → Әліп → Тоқан, Шәріпхан, Райымхан.

Райымханнан → Қайырхан, Тоқтархан, Әсемхан.

Адамбайдан → Мейірман, Мұхаметқали, Қарасай, Баласай, Қалаш.

Сәнкілден → Үмбетай → Итбарқ.
















Мәкен Мешелқызы

НАЙМАН - ТӨРТУЫЛ, ТОҒЫЗ  
РУЛАРЫНЫҢ


ШЕЖІРЕСІ



ТОҒЫЗ ТАҢБАЛЫ НАЙМАН  
(таңба белгілері)



# АРҒЫ ТЕКТІҢ ТАРАЛУЫ



Жанарыс

(Жанарыстан Сарманайға дейін он екі ата бар)

Сары (Сарманай)

(Бәйбішеден)

(Тоқалдан)

Ақсопы

Шуак

Ер Қаптағай

Шоянақ

Найман  
Наймантай  
Найманбай

Шолмақ

Ер Күйелші  
Сүйелші  
Ақсақал  
Тоқпан  
Белгібай

Елтай

Серікбай

Сүйінші  
Сүгірші  
Өтеген




Домбауыл



Кетбұқа би  
Келбұқа

Кіші Қоңырат Найман  
деп аталған

Тұрпан  
Сейіт  
Тұрсейіт  
Шұршейіт  
Ақтоғас  
Ақтана


НАЙМАН БАБА ҰРПАҒЫНЫҢ ТАРАЛУ РЕТІ







ҚАРАТАЙ



“Тоғыз таңбалы найман шежіре жүйесін” таратқан кезде, Сүйіншіден тарайтын Төрт Төлегетай нұсқасы дұрыс және анық таралып отырады.

Ал, Сүгіршіден таралатын Ергенекті нұсқасының таралу жүйесінде ауытқу бар. Ергенекті руының таралу жүйесі бірде Сарыжомарттан, бірде Көкжарлыдан таратылады.

Бұл аталар жөнінде:

«Арғыннан ары ассаң адасасың,  
Ми қатырып, көп шежірені не қыласың.  
Ол кезде менде жоқпын, сенде жоқсын.  
Білеске неге сонша таласасың» - деген,

Мәшкүр Жүсіп Копеевтің сөзі жиі кездесіп отырады. Сондағы талас тудырып отырған Найман ішіндегі Ергенекті шежіресі.

Шын негізінде біздің елдің, Алтай өңірінің, шежіре нұсқаларында Саржомарттың өзі Сүгіршінің алтыншы ұрпағы. Ал, Көкжарлы, Бура, Қаратай Сүгіршінің жетінші ұрпағы.

Шежіресін таратсақ:

Найман ☒ Белгібай ☒ Сүгірші ☒ Төлеген ☒ Ергенекті ☒ Қарақожай ☒ Толымбектен ☒  
Саржомарт туынған болып таралады.

Қорыта келгенде;

Сүйіншіден - Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай таралады.


Сүгіршіден – Ергенекті таралады.




Келбұқадан- Терістаңбалы, Шүршейіт таралады.

Кетбұқадан - Балғалы, Бағаналы тарайды.

Тоғыз таңбалы найман осы тоғыз рулы ел екені белгілі.







Саржомарт

Жаулыбай

Амансиық  
Алсиық  
Тоқсиық  
Асылбай  
Теңізбай

Қалқұты  
Құсты  
Қанай  
Құлтай

Амансиық

Иман

Боғас

Айтқұл

Сайғазы  
Сарша  
Кенегес

Тілеуімбет  
Сәйке  
Қарабатыр  
Байторы  
Сейт  
Тіней  
Баян

Тоқтар  
Барақ  
Табылды

Абақай

Баймұрат  
Бабас  
Аманқұл  
Жаманқұл  
Мәмет  
Жанқұл  
Таңатар  
Есалы

Шоқай  
Боран  
Көкен  
Райыс  
Саған

Келгентай

Сапарғали

Жанторы  
Түгел  
Рысбай  
Тондыбай

Атығай  
Дастан  
Байқоныс  
Жүндібай

Ботбай

Аралбай

Секен  
Бетен  
Қалиқас

Барақай  
Солай  
Иса  
Қамшыбай

Бейсеке

Арғынша  
Құрман  
Ниязбек  
Қалкен

Қабдолда



Шой  
Мыңжасар  
Құдабай  
Қуан



Үйсінбай  
Тұрсынбай

Құйка  
Елеуке

Қали

Қуаныш  
Қуат  
Саят





ТЕРІСТАҢБАЛЫ

Елтай (Елата)

Серікбай

Домбауыл

Келбұқа

Кетбұқа

Тұрпан  
Сейіт  
Тұрсейіт

Түкті  
Сабыр  
Дәулет

Қамбар  
Қасым  
Едіге  
Шабдан

Тұрсын  
Күгіз  
Тайыр  
Жанбағыс  
Байбағыс

Тұрақ

Бөрі  
Жексен  
Ақша  
Түкі

Жалғас  
Елсуат  
Жерсуат  
Көлсуат

Рысқұл би  
Уәли батыр  
Торы  
Жиренше  
Ахмет-Әлі  
Жанқұлы би

Шүршейіт

Келбұқа

(Терістаңбалы)

Рысқұл би

Нұрсейіт  
Шұршейіт

Жансейіт  
Әлсейіт

Шұршейіт

Тілеуберді

Әлімбет

Тәкен

Жолымбет

Шерубай  
Кешубай  
Елғон

Құтымбет

Өтеміс  
Қазыбай

Тоқшора  
Ақатай

Омар

Бұрат  
Самағ  
Баймұрат  
Мәкен


Тоқтамыс

Қадыр

Қожапи  
Уәли


Есенгелді бағыр  
Аралбай  
Қазыке  
Мейіт

Өтеш  
Екеш  
Елеусіз



Сағди Қапасұлы “Алыптар Шоғыры” 2007 ж.  
 Қ.Ақжасаров “Тоғыз таңбалы найман” 2008 ж 59 бет.





БАҒАНАЛЫ

Сәлім

Сәлмен

Иманәлі

Иманәлі

Шегедек  
Шегелек

Ақтаз

Бедене  
Сейіт  
Түней  
Әжім  
Жұмақ  
Балықшы  
Қармақша  
Қотан

Ер Шаштан  
Қуандық  
Сүйіндік

Бидайым  
Қараман  
Сарыман  
Сапас  
Шорман

Жабай

Досай  
Мәлік  
Ерназар

Шүрешек  
Шәуешек

Қызылтаз

Елтізер  
Елтызар  
Елтынды

Байназар  
Қожас

Есен  
Баубек

Тоңболат

Баскөнек  
Байкөнек



Сарамық

Ибеске  
Қоқан  
Жырық  
Жұртшы


Қонақай




Қаракісі  
Ақкісі


Өтеміс  
Құдайменде  
Боқтыбай



САДЫР












Жоғарыда Төрт Төлегетайдан тараған Матай, Садыр аталарын, және Ергенекті, Терістаңбалы, Қарауыл - Жасақ руларына жататын ілгергі ірі аталарға тоқталып, 7-8 атаға дейін тараттық. Ол аталарды ішкі тармақтарына таратуды мақсат етпейміз. Біз Қожанбет руы мен Төртуыл руларын, Тоғыз руларын толығырақ таратамыз.




Белгібай — Отеген — Асан — Қарауыл — Жасак











ТОҒЫЗ

ДӘУЛЕТ

Мырзакелді

Жайық

Жарқынбай

Жанкісі  
Жәпек  
Жангелі  
Қашар  
Шал

Шомақ  
Бостан  
Тоқбура

Татан  
Шожан  
Ұса  
Бектас  
Бегетай  
Тоқтамыс

Мырзакелді

Қашар

Дәулет

Тоқсанбай  
Шаншар  
Қаңғылы  
Ботай

Құтымбет  
Сүйіндік  
Бұрымбет  
Бөкет  
Таласбай

Қабдолда

Жамаушы  
Бүтінші

Ақсабай  
Өңсебай  
Өскенбай  
Жорғпас

Жарылқап

Бұқат  
Еңсежан  
Рахым

Кездікбай  
Кесікбай

Жарас  
Шағи

Егінбай  
Әбіке  
Нұртаза

Тоқтарбек

Бейбіт  
Азат  
Ақыл  
Асыл  
Ерболат

Сақаба  
Қамза

Мамырбек

Смағұл

Бақытбек  
Болатбек  
Жайдарбек  
Дәулетбек


Азамат  
Жасұлан  
Әділет



Әділ  
Әділбек  
Адал


Серік  
Алмат

Аслан

Мәди













Тоғыз

Мекені: “Арда, Шырылдауық, Қызылүйеңкі”

Тебей

Нұргелі

Нұржау

Нұргелі

Жаналы

Бабалы

Жаналы

Бәгірбек  
Қодар  
Қарымсақ

Бәгірке  
Сәби

Бәгірбек

Сәметай  
Сәкөк


Қареке  
Көкі


Сәметай

Бажық


Кітап


Сартқожа














Тоғыз


(Мекені “Дүзағаш”)

Жаманбай


Бұғыбай  
Қалыбай  
Атеке

Тоқбай  
Төлеміс


Атеке














































ТОҒЫЗ

(Қоңысы Атсалған. Бәрекедi)

СЕРІҚАРА

Айнатай

Сарыбай  
Дәрібай  
Бармақ  
Қайдар


Мошқа (Мөке)  
Жантоқ  
Жұрын  
Жүрне

Жүрне

Маңқи (Маңсиық)  
Орысай  
Молда  
Қожа

Мақау  
Бұқа  
Қодарбай



Айнатай























ТӨРТУБЫЛ

(Мекені: Зайсан көлі, Қара Ертіс,  
Маңырақ тауы, Сауырдың теріскей етегі)

Дөңсе

Жапа

Дөкеш

Сырлы

Сығай

Андабарак  
Ақбарак

Аманбарак  
Ақболат

Андабарак

Есенкелді

Сұлтанкелді

Есенкелді

Еміл

Пәлі

Байыл

Еміл

I-әйелінен

II-әйелінен


Мұқан

Бөшен


Бергіс


Есімбек  
Сегізек  
Қарсал  
Шақ  
Есенғұл


Жылқайдар  
Құдакел  
Тоқтағұл  
Тайлақ




















































ЖЫЛҚАЙДАР

(Мекені Қаратал, Ақарал)

Мыңбай  
Жүзбай  
Айтуған

Сатый  
Тілеу

Мыңбай

Ескене  
Доскене  
Байгіс

Жангіс  
Байсақ  
Ораз

Ескене

Мыңбай

Күзенбай

Туақай  
Бәлекей

Сәріп

Тілеумет  
Тілеуберді  
Омар  
Түзбенбет

Бердібек  
Бердібай  
Құтымбет

Рахмет

Тілеубай  
Сұраубай  
Бошай

Шұрбін

Айтмұханбет  
Айдар  
Ахмет  
Қабдрахман  
Мәлжас

Нұрымханбет  
(Тұрмыш)  
Орал  
Нұрлан

Ысқақ  
Әбдікәрім

Темірлан

Ермұхан

Дәулетхан  
Жағыпар  
Қалиолда  
Мәуітхан


Әділ  
Асхат


Алмас

Айдын  
Архат


Ерлан  
Бауыржан





























АЙТУҒАН


Жанұзақ  
Байұзақ  
Иман



Тағанак  
Құдайберген


Жанұзақ



Байұзақ
























Төлебай











Құбықбай


(Төлебай)





































ТАЙЛАҚ


ЕМІЛ



Тайлақ




Еділбай















Сексен









Жансары





Манас





Жанас
















Қонақай


Мекені “Байкөбек”













ТҰЗАҚШЫ


(Байыл)





Сарғалдақ






























Есіркеп

Байкүшік  
Байкөрпе  
Байтөбет  
Тасыбай  
Аралбай

Мая



Дәдени  
Ақшабай  
Шымырбай


Көшпес






Алтай  
Қалпе  
Қоңыр


Жақау

Мағайбай  
Көрпебай  
Дүйсенбай  
Ақы






































АҚБОЛАТ

(Мекені: Зайсан өңірі, Тарбағатай,  
Еміл, Іле өзені, Шәуешек)

Байсары  
Данияр  
Тінібек  
Қодағаш

Марқай  
Құлдәулет  
Досан (КНР)  
Көкен (КНР)

Байсары

Ақболат I-ұлы

Қырбас



Тоғас


Қырбас


Қырбас


Босағай  
(Бозтай)

Бозтай









Тінібек

(Ақболат III-ұлы)

Сапақ  
Байқұлы  
Байтүк

Медет  
Сұлтанғұл  
Айтуған

Сапақ

Көз

Күлет  
Қабылан

Некей  
Үсен

Көз

Күлет

Қабылан

Бисымақ

Тәттібай  
Қыдырбай

Бегімбай  
Алтай  
Салбан

Байтүгел  
Тайтүгел

Түгелбай  
Тоқтасын  
Тұрған

Бердіқожа

Бөбеке

Мұхаметқали  
Ахметқали  
Жақыпқали  
Түсіпқали

Райыс  
Жапар  
Рахымжан  
Қуан  
Бәкісен

Жанғозы  
Телғозы  
Жанқұл

Мұхамеди  
Омар

Тастанбек

Тастаған

Нұрымханбет

Тұрысбек

Қайырбек  
Кебек

Босқынбай

Әскербек  
Қабатай

Қожахмет  
Ешмұханбет

Жағыпар

Сәмен  
Самархан

Әбен

Зақария  
Қайса  
Жақия


Сұлтанғұл


Өмірбек

Болат  
Мұрат  
Марат  
Бақытбек  
Сарқытбек  
Манарбек  
Кенжебек

Серғазы



Тоғай  
Ноғай  
Шоғай











Марқай

(Ақболат 5-ұлы)

Бауке

Байтеке

Бауке

Есенәлі  
Қыдырәлі  
Байпақ

Шүрек  
Мәші  
Жарқын

Есенәлі

Асау

Қызғалдақ

Аралбай

Әнке  
Сәрсен

Ізғұтты

Ардабай  
Ежебай  
Мыңбай

Маймер  
Тоқаш  
Шодық  
Шорабай

Бозан  
Құттыбай  
Баспыбай  
Түселбай

Әшім  
Кәрім  
Ахметжан

Шойын

Бошай

Жанұзақ

Қаймолда  
Қабдолда  
Ақзат

Бижан  
Байжан

Нұрымханбет  
Нұқбай

Қорабай  
Қайсалбай

Жабай  
Ғайса


Жәке


Баймолда


Ділдәбай  
Әлімбай


Әуелхан  
Оралхан



Хабибулла











## ТОҒЫЗ ҰЛЫ ТОҒЫЗДЫҢ ҚҰШАҚТАП СІЗДІ ТҰРҒАНДАЙ

Шежіреге түсіріп,  
Жалпақ жұртқа тапсырдың,  
Ақсопының ұрпағын.  
Ашылмай жүрген көп сырдың,  
Ағытқандай бұлағын.

Жас буынға арналып,  
Жазылғандай кітабың.  
Жеті атаны дәл тауып,  
Ұғынғандай жауабын.

Жиһанкездей сұрау сап,  
Іздедің қоныс тұрағын,  
Ата-текті дұрыстап,  
Табу болды талабың.  
Кітабынды қостың қорына,  
Мәдени атты мұраның.

Ғашық болған қызға ұқсап,  
Жаһуттай тердің мұхият.  
Бәзікен жүрді жол бастап,  
Тілегін «жалдап» Бұхардың.

Дәулет биге қонақтап,  
Күйін кештің абыздың.  
Тізбелер шықты айғақтап,  
Дәлеліндей аңыздың.  
Тұрғандай сізді құшақтап,  
Тоғыз ұлы тоғыздың.

Ойыңды бойдан оздырдың,  
Білімнің шоғын қоздырдың.  
Өзегі шымыр кітаптан,  
Өзіңе мүсін қондырдың.

Ісің оңды, сөзін шын,  
Игілігі ел үшін.  
Биік екен, Мәкенжан,  
Ойлаған ізгі талабың.  
Ел-жеріңді жазғанда,  
Мұқалмасын жорға қаламын.  
Жұқармасын әл-күшін,  
Жаза бер әлі ел үшін.

Сыныптас кұрбың - Айтқали Садықов;  
Өскемен қаласы, 2013.



## БАБАЛАР ШЕЖІРЕСІН ЖАЗҒАН ҰСТАЗ-АНА

Білгені бес саусақтың саласындай,  
Пейілі Сарыарқаның даласындай,  
Шежіре жазды аталарын түгел теріп,  
Найман-керей бабаларының анасындай.

Жүріпті жастайынан жиыстырып,  
Қиялдап сөз әлемін қиыстырып,  
Жабулы бір тарихтың бетін аштың,  
Өткен мен бүгінгіні түйістіріп.

Табиғат жарылқапты қабілетпен,  
Кітабын жазған екен ақ нистпен,  
Еліңе, ұрпақтарға сыйлы болып,  
Көп ұрпақ еске алар ризалықпен.

Қожамбеттерге жаздыңыз тарихты,  
Қағаз бетінде болмағандарды көтеріпті,  
Аталарының жүйесін білмегендер,  
Бабаларын ұғынып, еске алыпты.

Мәкен болар бірінші әйел шежіре жазған,  
Ата аттарын жаңғыртуды қолға алған,  
Жұмыс басты болса да, көп ізденіп,  
Алыстан да, жақыннан да мәлімет алған.

Шежіре ұрпақ үшін қажет болар,  
Бұрыннан да әркім жазған шежіре бар,  
Бірақ та, әдебиетте, тарихта, қоймаларда,  
Бабалар шежіресін жазған қай ана бар.

Ол кісі жүйелепті аталарды,  
Биік тұлға, еңселі «жоталарды»,  
Жұртпыз ғой құндылықты аңдамайтын,  
Санамайтын қуанышқа атқан таңды.

Еңбегіне Мәкеннің ерекше мән беремін,  
Ауылда жүріп көп дүниені меңгергенін,  
Мұхтар мен Ғабиттердің кейіпкерлері,  
Зере, Ұлжан, Ақлима, Ұлпандармен,  
Мен Мәкенді солар мен тең көремін.

Бұл күнде заңдар әлсіз, билік күшті,  
Жазушылар одағы да қаржысыз ғұмыр кешті,  
Руханиятсыз мемлекетіміз алға ұмтылып,  
Әдебиет пен мәдениетке тұсау түсті.

Дарындылар құнды кітап жаза алмайды,  
Халыққа кітаптары таралмайды,  
Ғасырлар бойы қалыптасқан сөз қорларын,

Ендігі ұрпақ талпынса да ұға алмайды,

Себебі, күнделікті руханияттың қайнары жоқ,  
Алға ұстар қызықты кітаптар жоқ,  
Рух жаңартып, көркем сөзді құлпыртатын,  
Дарынды жазушылар бұл күнде жоқ.

Қарт жазушылар жастар мен кездеспейді,  
Руханият туралы сөйлеспейді,  
Әдебиет пен мәдениет алғы шепте болмаған соң,  
Ұлттық рух жоғарылап көп өспейді.

Кітапты алар біреу сән, біреу мода үшін,  
Біреулер кітаптар сөресіне қатар қою үшін,  
Біреулер мазмұнынан ғибрат алар,  
Автор ойын, мақсатын білу үшін.

Тарихта атың қалмақ Мәкен сіздің,  
Риза болар ұрпағы Қожанбеттің.  
Келер ұрпақ аңыз етіп айта жүрер,  
Шежіре жазған алғашқы ана атың.

Жазбадым бұл ойымды құрғақ мақтап,  
Жазғаным кітабыңның мәнін нақтап.  
Кейбіреулер шын мәнін түсіне алмас,  
Алса да кітабынды көзге мақтап.

**Қабдырасымов Мырзахан, Гүлбаршын.  
Өскемен қаласы, 2013 жыл.**



Қалжыр мектебі, 6 сынып оқушылары, 1965 ж.

## КІТАП ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Бұл кітап сіздің асыл қасиетің,  
Біздер үшін сіздің айқын портретің,  
Ұл-қызың мен жас буын ұрпағыңа,  
Дарысын сіздің алғыр қабілетің.

Оқырман өте құнды мәлімет алар,  
Аталарын ұрпақтардың есіне салар.  
Әр кімдер әртүрлі айтқан бабалардың,  
Аттары бұдан былай тарихта мәңгі қалар.

Оқырмандар бұл кітаптан ғибрат алар,  
Келгендей бабалардан жақсы хабар.  
Ұрпақ үшін күресіп өмір кешкен,  
Ата тегін білген ұрпақтар ойға қалар.


Болыпты ерен ерлер, батырлар да,  
Әйгілі асқақ ойлы даналар да.  
Оларды қазіргі ұрпақ біле бермес,  
Осындай тарихи деректер бар балаларға.

Болыпты халқымызда мол керемет,  
Бабалар қалдырыпты бізге өсиет.  
Солардың қазақтарға ардақтысы,  
Жеті атаны түгел білу үлкен міндет.

Санасына құйып ап,  
Бабаларын білсін деп,  
Жеті атасын – сұраса,  
Жатқа айтып берсін – деп.  
Ұрпақтарға мирас өнеге  
Жазу. Кітап – қалсын деп,  
Сөресінде - әр үйдің  
Шежіре – дастан болсын – деп.  
Білгендерін аянбай,  
Күндіз – түні баяндай,  
Шежіре жазу оңай ма?  
Көп ізденіп, толғанбай!

**Ізгі ниетпен балаларыңыз: Дәмиля, Нүрия, Назым, Іңкәр,  
Айнұр, Айгерім, Ақбала.**

# НҰХ ПАЙҒАМБАР



(З.С. Қаржани "Қазақ шежіресі").

## ҚАРА ЕРТИС ЖӘНЕ АЛТАЙ ӨНІРІ ЖАЙЛЫ ЖЫР – ДАСТАНДАР

**Арғынбек Апашбайұлы.** Арғынбек Апашбайұлы – Андабарақтың Құдагелі. 1883 жылы Зайсан ауданы Ертіс бойында кедей малшы семьясында дүниеге келген. Тума қабілетті ақын. Сол тұстың ауыл моллаларынан оқып діни жағынан сауатын ашқан соң, өзінің талантының арқасында елге танылады. Арғынбек - бір ел, бір ру емес бүкіл казак халқына танымал ақын. Марқұм ақын ағамыздың бір талай әдеби шығармалары Дәлелбек Қинаятұлы мен Құрманбек Зейтенғазыұлының жинап, реттеуінде соңғы жылдары кейінгі ұрпаққа мәлім болып отыр.

Арғынбек әрі молла, әрі ақын болғандықтан, оның үстіне сабаз, кішіпейіл. Аузынан әдепсіз сөз шықпаған, ашу шақырып біреуді ренжітпеген адам болғандықтан халыққа қадірлі болыпты. Арғынбектің немересі яғни баласы Талғатбектен туған Жеңіс, Өмірбек, Өмірсерік деген ұрпақтары қазір Қытай халық республикасында тұрады.

«Ақын адамның көкірегі – дүлдүл, тілі бұлбұл» - дейді халық даналығы. Осы бір нақыл Апашбайұлы Арғынбек ақынға арнап айтылғандай десек, артық болмас-ау! Біз Арғынбек Апашбайұлының «Жер – адамның анасы» деген өлеңін бірнеше әдеби көздерден жинақтап, тұтастырып, жүйелеп оқырмандарға ұсынып отырмыз.

### Жер – адамның анасы

Қазақ еді халқымыз,  
Мекендеген Алтайды.  
Алтай, жайлау тарылып,  
Осы күнде мал тайды.

Туған жерің – өз анаң,  
Айрылған жандар аңсайды.  
Мекенім деп айттым ба,  
Бармаған соң, Балқанды.

Жайлаушы едік жазды күн,  
Алтай басы – Марқаны.  
Көшіп-қонып жүруші ек,  
Өрлеп-құлдап әр сайды.

Сол жайлаудан айрылып,  
Көңіл шіркін шаршайды.  
Алтайымды жыр қылсам,  
Ішкі қапам тарқайды.

Шығушы едік Алтайға,  
Ертіс өрлеп, гүрілдеп,  
Бозбалалар жылқы айдап,  
Қыз-келіншек күлімдеп.

Ел көшкенде мырзалар,  
Сұлуды жанап, ілімдеп.  
Басымыздан сол күндер,  
Өтіп кетті-ау, жүгірмек.

Басқа тарлық келгенде,

Өткен күндер білінбек.  
Құлақ салсаң, жігіттер,  
Мұны айтам сырым деп.

Қайран жерім демендер,  
Орысты жеңер ақыл жи.  
Бытырамай ала боп,  
Берекелі бірлік қыл.

Шұбарағаш, Шүмегім,  
Қан жылайды жүрегім.  
Жер мен судан айрылып,  
Болмады қабыл тілегім.

Жаман қала арада, (Черняевка аулы)  
Он үш орыс болды би.  
Өнер – ғылым бізде жоқ,  
Ойлана алмас баста ми.

Ел иесі, ерлер-ау,  
Қайда бармақ бұл елің?!  
Иен-тегін тау мен тас,  
Соған сыймай жүр едің.

Топырағының асты алтын,  
Бетінен майы тасыды.  
Айта берсем таусылмас,  
Алтайымның асылы.

Арда, Қалжыр, Тақыр-ай,  
Тартып алды кәпір-ай.  
Жер сағынып жылайды,  
Қазақтың бала, қатыны-ай.

Тау мен тасқа тығылып,  
Зарланып қазақ жатыр-ай.  
Жер – адамның анасы,  
Шыдаймыз қайгіп, япыр-ай!?

Босқа жүріп көз салмай,  
Отына қалдық тезектің.  
Ойлағанда кәрілер,  
Қайран жерім деп өттің.

Тасқайнат, Сарытау, Көлшілік,  
Жайлаушы еді ел шығып.  
Іпкен – мас, жеген тоқ еді,  
Қандай еді молшылық.

Уайымсыз жатқан ел,  
Малынан өсіп, төл шығып.  
Уайым түсті халыққа,  
Жерінен кетіп, қол шығып.

Кім апса бетін сол ыстық,  
Дегендей-ақ желектің.  
Қызығын қалай ұмытам,  
Жеміс терген өзектің.

Беріктас, Биқазаным,  
Қандай еді қазағым.  
Бәйбішелер толтырған,  
Бес саулықтан қазаның.

Берскелі жерді сағынып,  
Зарыққаннан жазамын.  
Соға корме сезімді,  
Мны толық, мазалым.  
Жер мен суды ойласам,  
Қайнайды жүрек қазаным.

Бұл қорлықты ойласа,  
Күйдірер ішін зеректің.  
Надандықтың кеселі,  
Дәл осылай себептің.

Қаражалдың қаласы-ай,  
Күршімнің шалғын жағасы-ай.  
Майқапшағай, Майтерек,  
Малға толы арасы-ай.

Отырушы еді мекендеп,  
Ақнайманның баласы-ай.  
Қалғұты, Сынтас, Ақтүбек,  
Тамашасын қарашы-ай.

Дарствен, Құмашта  
Орыстың болды қаласы-ай.  
Сол жерлерді ойласам,  
Ұлғаяр жүрек жарасы-ай!

Мәметек, Ойсаз – егізім,  
Марқакөл – үлкен теңізім.  
Кәрі бие, қатпа тай,  
Жүре алмайтын семізім.  
Шүй, Бұқтырма, Шынғыстай  
Айтып бір бітпес негізім.

Құзғынды мен Жайдағым,  
Жайлаушы еді аймағын.  
Қаратай мен Саржомарт,  
Мекендеген найманым.

Ойлағанда Алтайды,  
Еске түсер қайдағым.  
Қағазға жазып, тауыса алман,  
Алтайдың қызық-сайранын.

Сорқұдық пен Ащылы,  
Ойласам көңіл жасыды.  
Киіз үй тігіп қонған ел,  
Көрінер қызыл-жасылды.

Құраймолды, Шығанши,  
Бөрі қала салған үй.  
Бұл күзеуді алған соң,  
Қазағымнан кетті күй.

Ел бастаған ұлыңның,  
Тілін алып, ісін біл.  
Байқағанда абайлап,  
Көрініп тұр барлық сыр.

Жалған деме сөзімді,  
Жоқ еді титтей жасығы.  
Тиянақ қылған жер еді,  
Өр найманның нәсілі.

Бар төртуыл мекендеп,  
Өз қотырын қасыды.  
Бағы жанып, малы өсіп,

Дария судай тасыды.

Алқабек пен Теректім,  
Елге қоныс керектім.  
Кір жуып, кіндік кескен жер,  
Бетін ашып желектің.

Қызығың қалай ұмытам,  
Жемісін терген өзектің.  
Жер қайғысын ойласа,  
Күйдіретін ішін зеректің.  
Қара қазан, сары бала  
«Қайран жерім» деп өттің.

Қызылащы, Тарлаулы,  
Басып кетсе мал даулы.  
Бір қараға бес сомды,  
Бермей қазақ алмаулы.  
(Мықты болсаң, ал енді  
Сары орысқа сал дауды).

Одан әрі – Дерелі,  
Асатұғын көп елі.  
Алтайға қарай тырмысып,  
Жонға шығып келеді.

Атамекен Сарбон деп,  
Оны да халық көреді.  
Қайта түскен мезгілде,  
Жемістерін тереді.

Бүлдірген терген келіншек,  
Үлбіреген желегі.  
Разы болып жеміске,  
Неге кеттің демеді.

Сұлудай шашын тараған,  
Қайың менен терегі.  
Сағынғаннан не пайда,  
Оны кім енді береді?

Асып түссең Қара-ағаш,  
Бар төртуыл аралас.  
Қозы сойып, ерулік,  
Беруші еді қонақас.

Бәсекелі салтанат,  
«Шерік аты қаралас».  
Осы күнде болды ғой,  
Ит тигендей арам ас.

Балықты бұлақ, Марқакөл,

Айнала қонған қалың ел.  
Өзінен-өзі толқиды,  
Соқпаса да самал жел.

Көз тойғысыз қарасан,  
Айнала біткен балғының.  
Жылқы түссе көрінбес,  
Биік шыққан шалғының.

Разы болып жеріне,  
Көңілі өсіп малдының.  
Тілегі қабыл бола ма,  
Жылаған қазақ-зарлының!

Тыңдайтын адам табылса,  
Айтатын арыз, бар мұңым.  
Бабамның жұртын ойлаймын,  
Сырым мен осы бар шыным.

Алтайымды жыр қылып,  
Аз әңгімі ашайын.  
Көз алдыма келтіріп,  
Көңілімді басайын.

Қағазға жазбай білгенді,  
Қайтып шыдап жатайын.  
Бала Қалжыр, Бақайым,  
Қай жерімді айтайын?!

Шауқар бұлақ, Қараойым,  
Жер болды ғой бар ойым.  
Қыз – бозбала қыдырып,  
Салатұғын күнде ойын.

Жүретұғын жылқы айдап,  
Томырылтып, тоңмойын.  
Екі мезгіл айт қуып,  
Беретұғын ас-тойын.

Бұғымүйіз, Сырлытам,  
Қарағайлы, Бүрлі там.  
Қызарып жарық шашатын,  
Жазды күні нұрлы таң.

Салбыраған саласы,  
Қызғылықты сырлы там.  
Қандай адам сөгеді,  
Туған жерді сыр қылсам.

Самал жота, Бесбұғы,

Алтайдың биік шатыры.  
Мағылұм ғой баршаға,  
Сөздің балдай татыры.

Биік тары, Қашалы,  
Салбыраған шашалы.  
Ойласаңдар еске алып,

Алтайдың бар ма нашары.

Қалам алып Арғынбек,  
Жыр жазып көңіл басады.  
Ауырлап тұр бұл күнде,  
Замананың нышаны - деп

жырлапты елін, жер - суын ақын бабаларымыз.

### Құмарбек Көпенұлы

#### «Орыстар ұстағанда»

Алтайдың жер жаннаты біздің Марқа,  
Қамалдым өз елімнен таппай пана.  
Заманның өзгергені осы емес пе,  
Тақалды өз басыма не бір жала.

Дегенде өткізетін сайлауында,  
Ляқ асты бола қалдым байлауында.  
Шыққаным он тоғызға биыл еді,  
Сарыжомарт мен ұсталдым жайлауында.

Ауылым көнеді күзем алып қарашада,  
Қалды ғой кейін шулап бала-шаға.  
Байғали екі орыспен келгенінде,  
Байқұлдар жарамаған арашаға!

Сасқалақтан саптамамды кие алмадым,  
Кол болған көздің жасын тыя алмадым.  
Кінәсіз, бөтен жерге айдап келет,  
Қара Ертіс, Марқакөлдi қиялмадым.

Шай іштік Теректінің қаласынан,  
Толықбай жөн сілтеді баласынан.  
Екі орыс бірдемеге аттан түсті,  
Мен қаштым Сорқудықтың даласынан.

Қытайда өр Алтайды паналадым,  
Елдерін сайран салып араладым.  
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейді,  
Артта қалған үй-іші, ағаларым.

Аман бол Қалжыр, Тақыр, Бөкенбайым,  
Терісайрық, Ұзынбұлақ, Кемерқайың.  
Жасымнан ойнап өскен қайран мекен,  
Көретін қайта айналып бар ма жайым.

Мен барып өр Алтайды паналадым,  
Елдерін сайран салып араладым.  
Ойымнан жатсам-тұрсам бір кетпейді,  
Артта қалған үй-іші, ағаларым.

Қара Ертіс біздің елге мекен бе екен,  
Көк тұлпар кермедегі келер ме екен.  
Қайырылып туған елді қайта көріп,  
Шіркін-ау арманыма жетер ме екем?!

...Мен қайтып туған елге бет алғаным  
Ақылын үлкендердің мен алмадым.  
Тәуекел ердің ісі сапар шектім,  
Көруге бір Алланың не жазғанын!

### Нұрсолтан ақын «Сағыныш сазы»

Жобалайұлы Нұрсолтан ақын Сырымбет ішінде Тонай деген атадан шыққан. Кешубайдың ұлы. Жақсылық бидің туысы.

Осы елде Совет үкіметі орнаған кезде жас ақын Нұрсолтанды байдың тұқымы, ағасы би болған деп қудалап, Сібірге айдалады. Нұрсолтан Жобалайұлы 1937 жылы Батпақбұлақ өндірісінде жұмыс істеп жүрген жерде ұсталып, Зайсан түрмесіне жабылады. Одан Қиыр Шығысқа Хабаровскіге айдалады. Осы сұрапыл сұрқай өлкеде он жыл азапты бастан кешіріп, 1947 жылы елге оралады.

Құла дүз, шалғай өлке Сібірде тоғыз жылдай жүріп, елден хат - хабар ала алмайды. Ақын осы ауыр күндер қиыншылығын өзінің «Сағыныш сазы» деген өлеңімен жеткізеді.



Алыста ерте қалған елге сәлем,  
Кір жуып, кіндік кескен жерге сәлем.  
Жасымнан асыр салған сауық-сайран,  
Сарытау, Қоңыржайлау белге сәлем.

Шулаған жазғытұрым қаз бен үйрек,  
Жап-жалтыр Марқа, Зайсан көлге сәлем.  
Қарағаш, Қарақойтас, Тасқорадан  
Жып-жылы аса соққан желге сәлем.

Өндіріс – ел анасы, жер баласы,  
Алқабек, Батпақбұлақ кенге сәлем.  
Соққанда, балғаңменен тау құлатар  
Еңбекшіл, өркөкірек ерге сәлем.

Өскемен, Зайсан, Семей қалаларға,  
Ұлы аға, кіші іні балаларға,  
Зар болған екі көзім бір көрерге,  
Сарыарқа, Сайқан жазық далаларға.

Және сәлем ауылға  
Батырхан, Қабыл бауырға.  
Баламын құстай адасқан,  
Қатты соққан дауылда.

Сағындым туған елімді,  
Туып - өскен жерімді.  
Үйрек пен қаз шулаған,  
Марқа мен Зайсан көлімді.

Алтайға көшіп шыққанда,  
Қоңырлап соққан желімді.  
Сағындым сені, Алтай тау,  
Ағашың сая бие-бау,  
Көбірек еске түседі,  
Болмаған соң денің сау.

Бүлдіргені ұқсар шекерге,  
Жазған хат елге жетер ме.  
Қарақат пен тошала  
Ауыздан дәмі кетер ме.

Сәлем жаздым бәріңе,  
Сырымбеттің баласы.  
Колхоз болып отырған,  
Қалжырдың екі жағасы.

Елді ойласам ұлғаяр,  
Көкіректің жарасы.  
Айырмасы жоқ екен,  
Ел менен жердің арасы.  
Білмеген екем жастықпен,  
Білінді жаңа бағасы.

Жаратқан жәрдем етпей аз-ақ қалды,  
Басуға туған жердің топырағын.  
Жібердім ақ қағазға сәлем жолдап,  
Хат-хабар неше жылдай болмаған соң.  
Шалдықтым қасіретке артымды ойлап.

Шаршадым үш ауданнан сұрай-сұрай,  
Сарғайдым сендерді ойлап, жылай-жылай.  
Үздіксіз осы күнде хат аламын,  
Көрдіме көз жасымды Жаппар құдай.

Неше жыл қызық тойды тойламадым,  
Біреумен езу тартып ойпамадым.  
Артымнан ешбір хабар болмаған соң,  
Тірі жан деп, өзімді ойламадым.

Ас ішпей, ұйқы көрмей жаман болдым,  
Шәрбаным тірі ғой деп, ойламадым.  
Хат жазып, айналайын, адам болдың,  
Көргенде шал суретін сәлім бердім.  
Хат алмас бір күн бұрын түсіме ендің,  
Сондайлық қуанамын хат келгенде,  
Зарлығы сондай болды ел мен жердің.

Көп сәлем кіші-іні, қарияға,  
Еңбекшіл еркек-әйел, шаруаға.  
Ермегі шал-кемпірдің екі бауырым,  
Көп сәлем Шолпан менен Мәрияға.

Жүр ме екен аман-есен Паязит інім,  
Немене туысқансыз менің күнім.  
Кетпейсің күні бүгін көз алдамнан,  
Айтамын жалғаны жоқ сөздің шынын.

Кем көрмей бірге туған Сүйінбайдан,  
Тастамай айтушы едім іште сырым.  
Көп жазсам, қайғы үстіне қайғы толар,  
Тоқташы сөйлей бермей, қызыл тілім.

Дәм айдап, шығып кеттім қиыр шетке,  
Ден сауда бұл да қызық ер жігітке.  
Хатымның жартысы өлең, жартысы жыр,  
Ағалар, жырлады деп, айып етпе.

Сағынып, Нұрсұлтанның жазған сөзі,  
Елдегі үлкен-кіші барлық көпке.  
Баста ми, жүректе ақыл қалған емес,  
Көрсендер, қатарларым, мені сөкпе.

Хат жазады Нұрсұлтан,  
Қағаз мен сия, қаламды ап.  
Хат ала алмай, тоғыз жыл,  
Отырмын қатты алаңдап.  
Үміт үздім бәрінен,  
Көңіл шіркін шабандап.  
Сүйек-шатыс ағайын,  
Ата-мекен жер де жоқ.  
Жаны ашып, хат жазатын,  
Туысқан – туған менде жоқ.  
Зарығып жүр деп ойлайтын,  
Сүйінбайым ол да жоқ.

Суға біткен жалғазбың,  
Қырға біткен аңдызбын.  
Қанат пен күйрық кесілген,  
Адасып жүрген жалғызбын.

Бір күнде болдым ел мен тең,  
Адасып жүрген балаң мен.  
Сүйінбайым бар болса,  
Болар едім кімнен кем.

Сағындым сені, Шарбаным,  
Көңілден кетпес арманым.  
Екеуің еске түскенде,  
Қалады-ау құр салдарым.

Алла өлтірмес арығым,  
Жүректен кетпес зарығым.  
Жаным бірге дейтұғын,  
Қайтейін сені, жарығым.

Қант пен кәмпит, тамағың,  
Шыттырмаушы едім қабағың.  
Еркелеп аттан түспейтін,  
Қайтейін сені, қарағым.

Бір неше мың шақырым жерді кездім,  
Өзім естіп, білмеген елді кездім.  
Бұйра толқын, тұзды су ішіп болмас,  
Таудан үлкен көшпелі сенді көрдім.

Көңліме ешбір нәрсе ұнамайды,  
Еш адам сен кімсің, деп сұрамайды.  
Бұл жерде қазам жетіп, өле қалсам,  
Еш адам, бауырым, деп жыламайды.

Белгілі оқығанға қалам, хатым,  
Сырымбет, төрт Қожамбет арғы затым.  
Қол қойдым, оқығандар білу үшін,  
Баласы Жобалайдың, Солтан атым.

## Нілібаев Әубәкір Дастанұлының «Марқа» поэмасы

### «Марқа»

Алтайдың ақ бас шыңды нақ төрінде,  
Қабаның қарағайлы бөктерінде,  
Марқакол жарқырайды шар айнадай,  
Ақ төсі шағылысып көкте күнге.

Айнала жасыл таумен көмкеріліп,  
Сұлу қол жатыр шалқып, кең керіліп,  
Қалқиды су бетінде қазбауыр бұлт,  
Түскендей аспан жерге төңкеріліп.

Коргенде көркемдігі ынтық қылған,  
Толықсын бусанады тыңсып бұл маң.  
Ақ қайың, көк қарағай, боз тал, терек,  
Ну орман көл жағалай сыңсып тұрған.

Бөккен құт Марқакөлдiң төңірегі,  
Бұл неткен жомарт, дарқан өңір еді.

Егер де түсіп кетсе шалғынына,  
Жылқының жоңы ғана көрінеді.

Қырында адамдары, ой баптаған,  
Құзында арқар, марал ойнақтаған.  
Қойыңда алуан түрлі кеннің қоры,  
Осындай жер бар ма деп ойлап қалам?!

Ешбір жер осы жерден артылмаған,  
Таулары өзенінен ән тындаған.  
Басында әр талының бұлбұл сайрап,  
Бүркіті аспанында шаңқылдаған.

Жас батыр Байқұл шыққан қарашадан,  
Ол аулақ жастық желік, тамашадан.

Сабырлы, сұңғақ бойлы, сом тұлғалы,  
Көркіне көңілі тояр қараса адам.

Еліңе жастай жақты ісіменен,  
Жалшылар «бізді бастар кісі» деген.  
Аталды осы өлкеде бас балуан,  
Жүлде алып талай топқа түсіп ерен.

Асан бай жас батырдан қаймығатын,  
Залым ол тез аңғарып, жайды ұғатын.  
Іштей шалып жығам деп қайтсем мұңы,  
Қаны қайнап, құпия қайғыратын.

Сол елде біреу бопты Мұса деген,  
Балаға зар, шерлі боп құсаменен,  
Жүргенде, перзент көріп қырық жаста,  
Жүректен қуаныш боп ұшады өлең.

Тынымсыз жары тұрып ала таңнан,  
Сәбиін күтіп, пысық жан атанған.  
Келгенше жеті жасқа емізіпті,  
Мәпелеп,  
Түсірменпті алақаннан.

Қызығым болса екен деп, ерте жетіп,  
Мұса да тұрады екен еркелетіп,  
«Марқа емген ана сүтін жалғызым»-деп,  
Баласын айтады екен еркелетіп.

Осылай Марқа атанған әлгі бала,  
Үй-іші қуанышқа толды жаңа.  
Сезімтал, әдепті де инабатты,  
Марқа өсіп, қатарынан болды дара.

Ай маңдай, аққу мойын, алма бетті,  
Қай шебер бұл суретті салған епті.  
Сүмбіл шаш тілерсектен, қарақат көз,  
Бозбала қолы жетпей арман етті.

Сұңғақ бой өзіне әсем көрік берген,  
Жан емес желпең қағып желікке, ерген.  
Сөйлесе сөзге шешен, ойға терең,  
Мұқалмас ер мінезін серік көрген.

Жас жігіт ар сынаған,  
Жар сынаған.  
Көрмеген сымбатты қыз артық одан.  
Қыр мұрын, қара торы –  
Қырмызы гүл,  
Өзгеше топ ішінде жарқыраған.

Байлыққа, кедейлікке қарамастан,

Бірге өсті Марқа, Байқұл бала жастан.  
Бай-баймен, кедей біткен өзді-өзінше,  
Мал-жаны көрші ауылдың араласқан.

Екеуі етек жинап, ержеткенде,  
Албырт та асау сезім тербеткенде,  
Кешігіп көш соңында қалатұғын,  
Жөңкіле жоннан асып ел кеткенде.

Екеуден-екеу сөйтіп қалысатын,  
Бірінің сырын бірі алысатын.  
Кей сәтте балалығы ұстап кетіп,  
Сынасып жүйріктерін жарысатын.

Өмірде еш нәрсе жоқ сұралмайтын,  
Сезім де жоқ адамды құр алдайтын.  
Бұлар да дәл осындай халге жетті-  
Көрмесе бірін-бірі тұра алмайтын.

Жерде:-Аттан! Көкте:-Аттан!  
Аттан! Аттан!  
Жау келіп басы қарлы Ақтау жақтан,  
Жылқыны түйіп кетті, түк қалдырмай,  
Дүрлікті жайлаудағы ел қаптап жатқан.

Жаулығын жүретұғын тиып көптен,  
Жылқыны дұшпандар кеп түйіп кеткен.  
Бұт артар тай қалмапты Асан байда,  
Бұл оның жанын өртеп,  
Күйікті еткен.

Қапыда қашып кетпес ер, тегінде,  
Жаулардан елші  
Келген ертеңінде.  
-Күтеміз қазақтарды  
Шықсын бері!  
Жатырмыз екі елдің жер шегінде.

Мұңы естіп, Байқұл батыр кегі қайнап,  
Секілді бала бүркіт көзі жайнап,  
Елшіге айтты:

- Қорлама сен халқымды!  
Жылқы әкете алмайсың тегін айдап!

Айта бар: Байқұл деген жас жігітпін,  
Күшіммен тау төңкеріп, тасты үгіттім!  
Батырың шықсын ертең жекпе-жекке,  
Сол қорқақ – қалар болса бас бұғып кім!

Жазғы түн, күміс көлдің жағасында,

Ай жарық, иск артқан ала шыңға.  
Сырласып тұрды Байқұл Марқа қызбен;  
Боз талдың бұлаңдаған арасында.

- Қорықпа, Жаным Марқам, ештеңеден,  
Қара халқым камын жеп өскен ер ем.  
Мал үшін емес, елдің намысы үшін,  
Жауымды жеңіп, ертең кешке келем!

-Жаным-ау, болар еді бармасаң да,  
Басыңды жауға жалғыз салмасаң да.  
Бел буыпсың, түрің жоқ тілімді алар,  
Құдай саған жар болсын әрқашанда!

Қос ғашық бірін-бірі қия алмады,  
Қос жүрек бір-біріне сый арнады.  
Байқұлдың құшағында Марқа сұлу,  
Күдіктен коздің жасын тия алмады...

Батты жаудың қапыда қас қылғаны,  
Баға берді ел:  
-«Жансын, -деп, жастың бағы!»  
Алысар ауыздықпен тізгін жұлқып,  
Байқұлдың Балжынкері астындағы.

Дұшпанын қарсы келген жанышқандай,  
Ер Байқұл ел сүйсінер арыс қандай!  
Жеріне жау шақырған жетіп барды,  
Жас бағыр, айбағы бар арыстандай.

Бағыры жау жақтың да шыға келді,  
Келді де сиқыр сөзбен сынады ерді.  
-Жас бала, босқа өлесің, үйіңе қайт,  
Қаныңмен былғамай-ақ мына жерді.

-Қашаннан күш атасын танымаған,  
Еш адам тең келген жоқ әлі маған.  
Ұры сұм, бұралқы иттей бұғып келген,  
Қайтпайды осы жерден жаның аман.

-Мен саған көрсетейін асқан күшті,  
Деді де әлгі дұшпан аттан түсті.  
Қысық көз, алнамсадай алып батыр,  
Коргеннің зәресін ап, басқан мысты.

Жекпе-жек ерлер сөйтіп белдеседі,  
Белдесіп, ал күшімді көр, -деседі,  
Ұстап ап бірін-бірі шырқ үйірсе,  
Астында қос батырдың жер көшеді.

Екі ер айдалада алысады,  
Ұстасып, табан тіреп, қарысады.

Атысып көздерімен, ақырысып,  
Кей сәтте тіл қатып та қалысады.

Айлалап әккі жау да қасарысқан,  
Тым басым, тегеурінді жас арыстан,  
Шыдатпай шымыр қолы Байқұл ердің,  
Сонда жау амал ойлап қаша ұрысқан.

Түс ауа батыр жаудың әлі құрып,  
Айрылды арынынан кәрі бүлік.  
Сол шақта жамбасқа сап,  
Қырқай шалып,  
Үстіне қона кетті алып ұрып.

Кезінде алқымынан қатты қысқан:  
Жалынып, ағатайлап жатты дұшпан:  
-Не айтсаң орындайын, тек өлтірме,  
Жеңілдім жекпе-жекте қақтығысқан.

-Бұл жерге енді қайтып келмеймін де!  
Тіліне бүліктердің ермеймін де!  
-Антыңды бер,  
Бір жолға жіберейін,  
Жеріңе келмек түгіл көрмеймін де ...

...Ер Байқұл жылқыны айдап, елге келді,  
Бұл хабар дүр сілкінтті көлдегі елді.  
Той жасап, бүкіл ел боп масайрады,  
Көтерді көкке жауды жеңген ерді.

Жан жоқ деп одан асқан батыр бүгін,  
Қайраты тым сұрапыл, жатыр мығым.  
Қаштаған қалың жауға,  
Жалғыз барған,  
Байқұлдың аңыз етті ел батырлығың.

Бата алып Байқұл сонда бұл елінен,  
Айналып жатыр халық шын ерінен,  
Жалшы ұстап жалғыз тайын, ал Асан бай,  
Жылқысын санап алды түгелімен.

...Айлы түн, күміс көлдің жағасында,  
Боз талдың бұлаңдаған арасында,  
Жас батыр, Марқа сұлу кездескенде,  
Тіл жетпес қуанышқа нанасың ба?

-Жаным-ау, келдің бе аман шыныменен,  
Мойныма бұршақ салып күніменен,  
Құдайдан тілеп едім бір өзіңді,  
Көз ілмей, ұйқы көрмей түніменен.

Сен өлсең мен де бірге өлейін деп,  
Аллаға ант беріп ем сөнейін деп.  
Ал енді мен сендікпін, ием менсің,  
Серт бердім неңе болса көнейін деп.

-Марқажан, мен де сендік бір адаммын,  
Тағдырдан сені ғана сұрағанмын.  
Арман не өзіңменен өмір кешсем,  
Осы ойға бұрылмастай құлағанмын.

Кел, сәулем, құшағыма алайыншы,  
Өзіме өмірлік жар санайыншы,  
Аймалап, құшып-сүйіп, жаным сені,  
Отына ғашықтықтың жанайыншы...

Тұрғанда бұлт бүркеп түнгі аспанды,  
Осылай екі ғашық сырласқанды,  
Куә етіп күміс көлді, көктегі Айды,  
Жастықтың жалынды өртін бір басқанды.

Ғашықтық өрті лаулап күннен-күнге,  
Екі жас сол бір отқа күйген мүлде.  
«Байқұл менен Марқа қыз уәделескен»-  
Деген дыбыс тарайды бірден-бірге.

Естиді бұл сыбысты Асан бай да,  
Қыз, жігіт кезігіп жүр қашан, қайда?  
Анықтап біліп алып, ал, сонаң соң,  
Астыртын, тым құпия жасалды айла.

Адамның сұм, залымы, ең ептісі,  
Жылымбай жұртқа әйгілі кезеп кісі.  
Асанның ақыл берер айлакері,  
Сол еді, ең сенімді кеңесшісі.

Шақыртты Жылымбайды Асан бір күн,  
-Көремін шын пайдаңды қашан, түлкім?  
Марқаны тоқалдыққа қалай алам?  
Ойласам ұйқым келмей, қашар күлкім.

-Асықпа, тақсыр, бағың жанар әлі,  
Қатынды кісі алмайды, мал алады,  
Аямай қалың малды Мұсаға бер,  
Марқажан қолыңа кеп қамалады.

...Асанды естіп Жылымбай залым келді,  
Мұсаның тым малжанды халін көрді.  
Сол күні-ақ құда түсіп, сырттай пішіп,  
Аямай қырқа матап, қалың берді.

Қалың малдың мынау жол-жорасына,  
Бермеген әлі адамның баласына,

Жүз бие, елу түйе, екі жүз қой,  
Елу жорға ат кіргізді қорасына.

Мұсаның есі кетті малды көріп,  
Мал берсе, қыз байғұста болды ма ерік.  
Жас Марқа Асан шалға тоқал болмақ,  
Қу шалдың кеудесіне толды желік...

Қара Ертіс – бұл өлкенің сәні болған,  
Кең өріс, жағалауы қалың орман.  
Қыс қыстау, малға жайлы, жері шүйгін,  
Құт қоныс, таңдап жүріп танып алған.

Табылар Қара Ертістен көп керегі,  
Ақ қайың, шұбар талы, көк терегі.  
Үйеңкі, доланасын, мойылын да,  
Табиғат осы жерге төккен еді.

Суында тайдай тулап балықтары,  
Сарқылмас ырыс көзін анықтады.  
Жеті жыл жұт болса да,  
Қара Ертістің,  
Жағасын мекен еткен тарықпады.

...Малсызды ку жоқшылық құрсаулады,  
Малдының ез де болса ұшты-ау бағы,  
«Қалың мал берді Асан Марқаға» -деп,  
Дүйім ел дүбірледі қыстаудағы.

-Жаным-ау, тап болдым ғой бір сұмдыққа,  
Сенем бе, сенбейін бе, бұл шындық па?  
Қор болып кетемін бе бір қу шалға,  
Не дейсің, осыған бас ұмсындық па?

-Марқашым, мен сендікпін өлгенімше!  
Басқаға қалай қиям өз көзімше,  
Айтқан ант, беріскен серт бар емес пе,  
Не ойласа, соны ойласып өзге дүмше.

Асанды жерге тірі қағайын ба!  
Быт-шыт қып шаңырағын шағайын ба!  
Жетектеп жұрт көзінше, иттей жүндеп,  
Балжынкер құйрығына тағайын ба!

-Сабыр ет! Ашуменен іс біткен бе,  
Шашпайсың көпке топырақ  
күш қып сен де.  
Шыққанда ел жайлауға мені ұзатпақ,  
Көндірдім әкемді мен қыс күткенге.

...Оцана өз ойларын айтып ашық,  
Кеңесті Марқа, Байқұл – асыл ғашық.  
Бел бумақ бір шешімге жаз шыққан соң,  
Қыс бойы екеу-ара ақылдасып...

...Жайлау. Түн. Жұрт үйқыда.  
Ай жан-жарық,  
Жылқыны бір кең сайға айдап салып,  
Марқаның келді Байқұл ауылына.  
Тасада тұрды екі адам байқап қалып.

-Марқаным, аттанатын күнің жуық,  
Жараттым төрт жүйрікті тілін буып.  
Кетеміз ертең түнде осы арадан  
Жаным-ау, неге сенің түрің суық?!

-Қорқамын... Қорықсам да не етемін мен,  
Озіңмен бірге аттанып кетемін мен,  
Түгелдей бас еркімді саған беріп,  
Ұстадым, жаным, сенің етегіңнен.

Марқасын Байқұл батыр аймалады,  
Аялап қос ғашыққа Ай қарады,  
Олардей іші күйіп қызғаныштан,  
Шал көзі қарай алмай тайғанады.

Тап болмақ қандай тағдыр есіл ерге,  
Мүмкін, әлде, бақытын өсірер ме.  
Атына мінді Байқұл уағдаласып,  
Келмек боп ертең түнде осы жерге.

Жылқышы Байқұл кетті жылқысына,  
Асан шал кегі қайнап, тұр қысыла.  
Марқа қыз аяқ басты үйге қарай,  
Бас қоймақ болып тәтті ұйқысына.

Шап беріп, ұстай алды, үн шығармай,  
Бұлқынды нәзік Марқа түншығардай.  
Безде атқа өңгеріп алды қызды,  
Айлакер, епті еді тыңшы қандай!

Екі сұм келді жардың жағасына  
Түксіген қарағайдың арасына.  
Түнск түн түмшалады төңіректі,  
Көрсетпей еш адамның баласына.

Жылымбай сыбырлайды:  
-Кісім, ұғын,  
Жылқышы Байқұл батыр күші мығым,  
Марқаны алсаң, ол сені ойран етер,  
Біле ме ол кедейлігін, кішілігін.

Іс істеп, Асан мырза, хаққа лайық,  
Байқұлдың сөйтіп санын соқтырайық.  
Күнәһар тоқалыңның жазасы сол-  
Бетсізді мына көлге лақтырайық...

...Сұмдыққа бүкіл тау, тас құлақ түрді,  
Еңіреп жасыл жайлау жылап тұрды.  
Екі сұм бір ауыз сөз тіл қаттырмай,  
Марқаны терек көлге лақтырыпты.

Марқа жоқ...  
Жұрт дүрлікті түн ішінде,  
Бір сұмдық болды-ау қыздың бұл ісінде.  
Көрген бар Жылымбай мен Асан қуды,  
Іңірде жортқан оқшау жүрісін де.

Хабаршы әр ауылға барған шауып,  
Марқа жоқ...  
Көңілге бұл салған хауіп.  
Біреу көл жағасынан таң атқанда,  
Марқаның тақиясын алған тауып.

Қаһарлы батыр Байқұл қаны қайнап,  
Астында Балжынкері салып ойнақ,  
Әкеліпті айдап көл жағасына,  
Асан мен Жылымбайды қолын байлап.

-Уа, жұртым, тыңда менің мұң-зарымды,  
Айрылып сүйгенімнен тұрғанымды.  
Көрсін деп, алып келдім алдарыңа,  
Қалайша жазалайсың сұмдарыңды?

Билігін өздерің айт, бұл халайық,  
Өлімге-өлім, жаза сұмға лайық.  
Бірақта Марқа кеткен мөлдір көлді,  
Екі арамның қанымен былғамайық.

Ашуға аласұрған бармадым да,  
Келмей тұр пәк қолымды қандағым да.  
Жазасын өздерің бер әділ шешіп,  
Қалың ел, қаумалаған жан-жағымда.

Кей адам ақылымен болар дара,  
Мұндайда жүгінеді ел соған ғана.  
Көп қауым сұраған соң, билік айтты,  
Тоқсан жаста қар шешен, Омар дана:  
-Адам деп бұл екеуін санамайық,  
Жүзі қараға, көз салып қарамайық.  
Әр адам кеп бетіне бір түкірсін.  
Сонан соң өліп жатса жоламайық.

Жолдары ешқашан да болмасын деп,  
Басына қайға-қасырет торласын деп.  
Халықтың қарғысына атқыр қара бетке,  
Берейік теріс бата оңбасын, -деп.

Бірге ойнап, кішкентайдан бірге өскенім,  
Сен болсаң қасиретті білмес те едім.  
Түбіне терең көлдің кетерінде,  
Соңғы рет тым болмаса тілдеспедің.

Ішінде адамзаттың ең ардағым,  
Деуші едім өзіңменен жанар бағым.

Ақ жуып, арулап та қояр едім,  
Қайтейін, сүйегіңді таба алмадым.

Марқашым, сертке берік, сырға бекем,  
Тағдыр бізді бақытсыз қылған екеп.  
Айнымас бір өзіңнен сүйген жүрек,  
Өзіңді өмір бойы жырлап өтем.  
Марқам-ай, арманда кеткен қалқам-ай.

...Осылай Байқұл батыр зар жылаған,  
Талай түн көз ілмеген, қалғымаған.  
Батырдың күңіреген күйін естіп,  
Қайысқан қабырғасы барлық адам....

«Осы поэмадағы айтылып отырған Байқұл – өмірде болған адам. Байқұл Төртуыл ішінде Тоғыз руына жататын үлкен елдің түп атасы. Байқұл – тарихи тұлға. Ел аузында Байқұл бабаның келісті, сымбатты, ер мінезді адам болғандығы көп айтылады.

Бірде Байқұлдың інісі Байсарының аса бір қасиетті малы Қоңыраулы сары атаны жоғалады. Оны іргелес отырған Керей елінің адамдары алса керек. Байсары:

– Қоңыраулы сары атаным малымның басы еді. Малымды Керей елінен қайтарып алып кел, - деп ағасы Байқұлға қолқа салады. Сонда Байқұл Керей елінен Байсарының ұрланған барлық малын да, Қоңыраулы сары атанын да қайтарып әкеледі. Мал ұрлаған айыбы үшін, сол елдің биі өзінің туған қызын береді. Байқұл елге келген соң қызды інісі Байсарыға қосады. Сол олжадан келген қыздан туған Байсарының ұрпағы, Олжашы елі деп аталған».

(автордан М.Мешелқызы).

### Көнеден қалған көсем сөздер (Асан қайғы Сәбитұлы)

Асан қайғы - атақты ақын, философ, даналық аңыз-жырлардың кейінкері. XV ғасырда өмір сүрген. Сарайда, одан Қазанда тұрған. Ол кісінің өз аты Хасан, оны халық Асан Ата деп кеткен.

Ол алғашында Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында, кейін Қазан қаласында Ұлы Мұхаметханның қасында беделді де ықпалды билерінің бірі болған. 1445-жылы ұлы Мұхамметхан (Ормамбет хан) өліп, Алтын Орда ыдыраған кезде қазақ даласына қайта оралып, Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханның (1456-1473) жырауы және ақылшысы болған. Асан үнемі халық қамын, елінің болашағын ойлап қайғырып жүргендіктен, жұрт оны «қайғы» деген лақап ат қосып «Асан қайғы» деп атап кеткен.

Асан қайғы жайын көп зерттеген Шоқан Уәлиханов оны «көшпелі ноғай, қазақ ұлысының философы» деп атайды. Асан қайғы өз заманында көптеген нақыл сөздер, афористік, философиялық толғаулар шығарған. Бірақ оның көбі біздің заманымызға жетпеген. Асан аға жерұйықты іздеп, Алтайдан Атырауға дейін аралаған жиһанкез.

«Бұрынғыны айтпай, кейінгі есте тұрмайды» дейтін сөз бар халқымызда. Мына бір ел аузындағы сөзді келтіре кетейін:

Майтерек, Майқапшағай атың ұйқас,  
Тұрады жазығында екі сынтас.  
Көненің белгісіндей балбал тастар,

Алтайдың тарихымен болған құрдас, - деген екен бұрынғы бабаларымыз. Майғапшағай жазығының дәл ортасында екі балбал тас тұрады. Бұл балбал тастардың да өз тарихы бар. Осындай белгі тастар Оңтүстік Алтай өңірінің көп жерлерінде бар. Шөптікөл қойнауында, Көлшілік жазығында, Шілікті жазығында, Майғапшағай қойнауында тұратын сынтастар (балбал тастар) ежелгі заманнан сақталып келе жатқан, тарихи қасиетті белгілер.

Ерте заманда әр тайпаның осындай қасиетті «Жерұйығы» болған. Ондай «Жерұйықтарға» жазық, көгалды, өзен – сулы, орман - тоғайлы қолайлы орындарды таңдаған. Әр кездегі халықтар, әр тайпа немесе ірі рулар өз белгі тасын орнатып, жыл сайын сол орынға жиналып, жиын – кеңес өткізген. Жыл сайын көктемде және күзде сол белгі тас қойылған «Жерұйықтарында» үлкен жиын өткізіп, ата–баба рухына ас беру салты болған. Жиынды ру, тайпа көсемдері, абыздары басқарып өткізген. Жиынға көп мал сойылып, үлкен мереке ретінде өткізген. Жиынның құрметіне қойдан қошқар, жылқыдан айғыр сияқты ірі малдар сойылған.

Осындай жиындарда халықтың және малдың санағы, есебі алынған. Әскер – жасақтың санағы алынып, анықталып отырған.

Тайпа бірлігі, ру мәселесі, ел бірлігі қаралып, жиында үлкен шешімдер жасалып отыратын салт болған.

Осындай Жерұйықтарға таяу жерде әр тайпаның оба-қорымдары орналасқан. Қайтыс болған адамдарды бір жерге жинастырып, арнайы қорымдарға жерлеген. Есік қорымы, Шілікті қорымы, Берел қорымдары, Ақжайлау қорымы осындай тарихи орындар.

«Сайын далада, қойнау, жазықтарда тұратын балбал тастар әр рудың, немесе әр тайпаның «Жерұйығына» қойылған тас белгілер.

Мұндай балбал тастар шығыста Байкал көлінен бастап, батыста Дон өзеніне дейінгі аралықтағы түркі тектес халықтардың ежелгі мекендерінде кездесіп отырады.

Осындай балбал тастар біздің заманымыздың II ғасырынан VII ғасыры аралығында қойылған көне белгілер екені анықталып отыр».

(Ә.Марғұлан «Шығармалары» 12, 13 том 2012ж) .

Асанқайғы бабамыз Жерұйықты іздеп, Желмаясымен Алтайдан Атырауға дейін аралап шыққандығы тарихи деректерде мол айтылады. Әр аймаққа, әр өңірге табиғат жағдайына қарай берген бағасы ел аузында көп сақталған.

Асанқайғы бабамыз – қасындағы жол басшы көрегендерімен, ақылман білгірлер тобымен, батыр балуандарымен бірге жиһанкездік саяхат кешкен адам. Бұл жиһанкездік сапар XV-XVI ғасырда Қазақ хандығы кезінде арнайы хан сарайының тапсыруымен ұйымдастырған жұмыс. Қазақ хандығына кіретін ру-тайпалардың әр аймақтағы қасиетті «Жерұйықтарын» анықтап, хан сарайына дерек, мәлімет әкелуді мақсат еткен.

Мұндай «Жерұйықтар» біздің Оңтүстік Алтай өңірінде Майқапшағай жазығында, Берел жазығында, Шөптікөл қойнауында, Шілікті қойнауында Көлшілік жайлауында орналасқандығы анықталып отыр.

Асанқайғы бабамыз қазақ хандығына кіретін Алтай, Жетісу, Сыр бойындағы Жерұйықтарды анықтап әрқайсысына асқан көрегендікпен баға берген.

(«Өр Алтай, асау Қалжыр, Қара Ертіс». Мешелқызы Мәкен).

Томеде Асанқайғы абыздың сөздерін келтіреміз:

Асанқайғы абыз бабамыз Алтай өңіріндегі Үлкен нарын тауын көргенде: «Баққан жылқың 6 ай мінсең де арымас. Суың сүт, шөбің бал екен. Қысың ұзақ. Малыңның көзіне сақ бол!»-депті.

Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлін көргенде: «Кішкене тауға шықтым. Солтүстік шығыс бетінен ақ бұйра толқынға оранып жатқан Зайсан көлін көрдім. Қара Ертіс көлдің шығыс жағынан кіріп, көлдің қақ ортасынан қара сызықтай болып жалданып, батыс шетінен шығыш кетті. Ертістің Зайсанға құяр сағасынан сиырдың мүйізі мен шошқаның тұмсығы көрініп тұр»-депті.



Күршім тауының Айыркезең биігін көргенде: «Бұл жердің құты да жел, жұты да жел екен»- депті.

Азутаудың оңтүстік етегін көмкере орналасқан Бөкенбай тауын көріп, Бөкенбайдың Ақжон биігіне шығып тұрып, Ертіс бойы жазығына Зайсан көліне дейінгі аймаққа көз тігіп: «Әттең, шөбің шүйгін, жерің жазық болғанымен, қалың елің қазағыма бір қоналқалық қана жер екенсің»- деген екен.

Асан қайғы абыз Маңырақ аймағын, Сауыр тауын көргенде: «Маңырағы тар аймақ. Сауыры жұтаң сараңжап, мені қайда бастап тұрсың ей бейбақ!»-деп, желмаясына отырып алып, жорта жөнелген екен.

Асан ата Тарбағатай тауына шығып, таудың екі жағын бірдей аралап көріп: «Бұл жерге қона жатып – түстеніп кетер жер екен. Бірақ біздің халық ие болмас. Есіл жердің екі жағы да шулап тұрған мал екен. Оңтүстік жағын қытай алар, солтүстік жағын орыс алар»-депті.

Жетісу жерін көргенде: «Ағашының басы толған жеміс екен. Шаруаға жақсы қоныс екен»-депті.

Шу бойына барғанда: «тегінде бір шулағаның болмаса, мына ну қамысың мен жасыл құрағың малынды жұтқа бере қоймас»-деген екен.

Талас өзеніне барғанда: «Ей, екі Талас, бір Келес, малсыз күнің кенелмес»-депті.

Сыр бойына келгенде: «Желдің өті екен, әр бұтасы бір асым ет екен. Айналасы айдын-шалқар көл екен. Елі жүдемейтін жер екен»-деп осы өңірді өзіне мекен етіпті.

Сыр бойындағы Сайрам қаласын көргенде: «Салғаны-ай, шаһарды. Шөл даланың өтіне, гүлстанның шетіне. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ. Шаһардың ғұмыры ұзақ болмас»-деген екен.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай мал семірмес»- депті, көреген бабамыз Асанқайғы.

Қарсақбай жеріне келгенде: «Айналаң жапан тұз екен, жерің тұз, тауыңның асты жез екен. Екі тауың ел біткенді асырар»-депті.

Асан ата Маңқыстау өңірін көргенде: «Түбінде мал баққан қазаққа Маңқыстаудан жақсы жер болмас» деген екен.

Жиһанкез жандардың бойындағы басты қасиет – табиғи түйсік, табиғатты тану қабілеті басым болса керек. Ол да кей адамға ғана берілетін дара қасиет болар.

Асанқайғы бабамыз 17 жыл жиһанкездік сапар шегіп, елге оралып Әз-Жәнібек ханға келіпті. Асанқайғы абыз: «Қазақ жерінің жаманы жоқ, ұрпағың жер қадірін, ел қадірін тани білсе игі»-депті.

Асанқайғы – қазақ елінің ұлт болып қалыптасуының түп бастауында тұрған үлкен тұлға. Асанқайғы хан сарайына өзінің «Ымыраға келу теориясын» ұсынған. Хан мен кара бұқара арасындағы қарым-қатынас, әділет-тілек тұрғысында шешілуін көздеген. Сыртқы саясатты халқының өсіп-өркендеуіне ұйтқы болатын, қазақ қоғамының үлгісін ұсынған.

Асан ата алты атанға жүк артып, алты жыл қазақ жерін аралап, түгел шолып шығады. Әр қоныс – мекенге байыпты сын айтып, баға беріп отырған.

Асанқайғы Сәбитұлы XIV ғасырдың соңы, XV ғасырдың басында өмір сүрген ақын, жырау, философ, би, мемлекет қайраткері. Керей мен Жәнібек ханның сарай ақылшысы болған. Асанқайғы Арал өңірінде Сырдария жағасын мекен еткен. Асан қайғы мазары Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Жеті әулие» қорымында «Асан ата кесенесі» сақталған.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ш. Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» – Алматы, 1990.
2. Тауасарұлы Қазбек. «Түп-тұқияннан өзіме шейін» – Алматы, 1993.
3. Пығмст Мыңжан. «Қазақтың қысқаша тарихы» – Алматы, 1994.
4. Құрбанғали Хамид. «Тауарих хамса» – Алматы, 1992.
5. Лувсанданзан. «Алтын шежіре» – Алматы, 1998.
6. Кітапбасв Б. Шежіре «Тоғыз таңбалы Найман» – Алматы, 1994.
7. Зайнолла Қайсенев. «Найман шежіресі» – Өскемен, 2001.
8. Қу дауысты Құттыбай би мен Ақтайлақ би шежіресі (Көне қолжазба түрінде).
9. Қойшығара Салғарин. «Көмбе» – Алматы, 1989.
10. Қойшығара Салғарин. «Қазақтың килы тарихы» – Алматы, 1992.
11. Қойшығара Салғарин. «Мүде хан» – Алматы, 2008.
12. Кан Г.В. «История Казахстана» – Алматы, 2005.
13. Қалибек Данияров. «История алаш» – Алматы, 2006.
14. Мурад Аджи. «Полынь половецкого поля» – Москва, 1994.
15. Лев Гумилев. «Қиял патшалығын іздеу» – Алматы, 1992.
16. Қалибек Алтыбаев. «Атамекен Зайсан» – Өскемен, 2006.
17. В.В. Сапожников. «Зайсан – Нор и черный Иртыш»
18. Карла Риттера. «Землевъдъніе АЗІИ» – Санкт-Петербург, 1877.
19. Борис Кузьменко. «Ертіс өңірі» – Алматы, 1982.
20. Меңғали Мусин. «Түнекте тұншыққандар» – Өскемен, 1998.
21. Алексеев Н.В. «Усть-Каменогорск и устькаменогорцы», 1995.
22. Лев Гумилев. «Гундар». Алматы.
23. Адольф Янушквич. «Қазақ даласына сапар туралы жазбалар» – Астана, 2003.
24. Черных С.Е. «Одна, но пламенная страсть» – Алматы, 1986.
25. Валерий Михайлов. «Марқакөл» («Маркаколь») – Алматы, 1983.
26. Төлеухан Қоғабаев. «Жақсыдан-Шарғапат» – Өскемен, 2005.
27. Байбатыров Ғалым. «Шежірелі шығыс өңірі» – Өскемен, 2006.
28. Зайыр Сәдібекұлы Қаржани. «Біз (Қазақ) Қас Сақпыз» – Шымкент, Оңтүстік қазақстан Шежіре қоры, 2007.
29. Уахап Қыдырханұлы. «Әттең, Алтай-Марқакөл» – Алматы, Жібек жолы, 2008.
30. Тұрсынхан Зәкенұлы. «Көк бөрілердің көз жасы» – Алматы, 2003.
31. Сағди Қапасұлы. «Ел қорғаған Ер Мамай» – Өскемен, 2005.
32. Ғабжалилов Х.М. «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Найман X том.1,2,3-кітап. – Алматы, 2008.
33. ҚазССР қысқаша энциклопедия I, II, III-том. Алматы, 1987.
34. Мәкен Мешелқызы. «Қарт Алтай аясында Ару Марқа»-Өскемен, 2010.
35. Мәкен Мешелқызы. «Өр Алтай, асау Қалжыр, Қара Ертіс»-Өскемен, 2014.
36. Шығыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. - Өскемен, 2014.
37. Медеу Сәрсек. Ермұқан Бекмаханов. – Астана, 2013.
38. Жамбыл Омари. Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы. –Астана, 2015.
39. Тұрсын Жұртбай. Дұлыға. – Алматы, 2012.
40. Тоқтар Мағзұмов.Алтай алашы.-Өскемен, 2015.
41. Әлкей Марғұлан. «Шығармалары» 13 том. 2012 ж.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ – СӨЗ.....	4
ТӨРТУЫЛ ШЕЖІРЕСІ.....	6
ТӨРТУЫЛ РУЫНЫҢ ҚОНЫС-МЕКЕНІ.....	9
ҚАРА ЕРТІС – АТА МЕКЕН.....	21
ҚАРА ЕРТІС – АҒЫЗ ӨЗЕН.....	29
Қара Ертіс –Ел анасы.....	35
Бұқтырмы.....	36
ҚАРА ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	37
ҚАРА ЕРТІС БОЛЫСЫ.....	45
ӨЛКЕДЕГІ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ІСІ.....	49
Алматы мұрағаты материалдарынан.....	52
ТОҒЫЗ ТОҒАНЫ.....	67
ҚИЛЫ ЗАМАН – ҚИЫН КҮНДЕР.....	69
АСЫРА СІЛТЕУ КЕЗЕҢІ.....	73
ТОҒЫЗ ӘУЛЕТІ.....	75
Төртуыл ұраны – Баймұрат батыр.....	75
Көпен болыс.....	78
Көпенұлы Иса би.....	79
Көпенұлы Құмарбек ақын.....	79
«Қайран Алтай – Марқакөл!» әнінің авторы Құмарбек Көпенұлы туралы не білеміз?.....	81
Әсет Құмарбекұлы.....	85
Бауыржан Құмарбеков.....	86
Ахметжан би.....	87
Бажықұлы Бижігіт би.....	88
Ілгекбайұлы Қасайын молда.....	89
Молда Сейіт (Байсейіт молда).....	91
Азиз Байсейітұлы.....	91
Дауылбайұлы Даданбай молда.....	92
Өкісхан имам.....	93
Тұрысбек Өкісханұлы.....	94
Жәмке Шүленұлы.....	95
Досым Асанов.....	96
Усанов Кенжебай.....	96
Қалиакпер Ықыбаев.....	97
Ықыбаев Рахат.....	98
Манапов Бақытбек.....	99
Бажықов Мешел (Рахмет) Бижігітұлы.....	100
Бидахмет Бижігітұлы.....	101
Китапов Иманмәди.....	102
Жамкенов Қабдрахман.....	104
Ризабек Ерментайұлы.....	105
Жақыпбек Малдыбаев.....	106
Шари Малдыбаев.....	108
Омар Малдыбаев.....	109
Құмарбек Малдыбаев.....	109
Әбілбек Малдыбаев.....	109
Қалдыбаев Мұхаметхан.....	110
Мешелов Бүйткен Ақыбайұлы.....	111

Зарықбай Ыбырайұлы.....	114
Мұхамстқалиев Қасымхан.....	116
Ілімбаев Әубәкір.....	117
Төтенаев Базарбек.....	118
Омаров Базарбек.....	119
Тоқтамұрат Ахметжанов.....	120
Тоқтамұратқызы Күлән.....	121
Бейілбаева Майра.....	122
Нұрғалиев Болат.....	123
Нұрғалиев Қуат.....	125
Биғалиев Совет.....	125
Серғазин Сағиолда.....	126
Сембаев Әбілғазы.....	127
Сембаева Күлбаран.....	127
Снырбаев Сіләмбек.....	128
Снырбайұлы Әділбек.....	129
Әдібаев Қайырбек.....	130
Зәкеш Қабдешов.....	130
Әлкен Қабдешов.....	132
Қалиқұмар Қабдешов.....	133
Әлкенов Ғалым.....	134
Байқодаров Ермұханбет.....	135
Мәнтеев Сепбосын.....	137
Жортбасов Қамза.....	138
Кездікбаев Тоқтарбек.....	138
Кездікбаева Құралай.....	139
Әкірам Зәкірұлы.....	141
Өтебаев Арғынқазы.....	142
Өтебаев Қабдылқәкім.....	143
Бадығанов Әбілманап.....	144
Бадығанов Мұқтар.....	145
Нұрашитұлы Рахметолда.....	146
Дуанбайұлы Қайлар.....	146
Бексолтанов Түсіпхан.....	147
Сейтқалиұлы Түсіпбек.....	148
Байматаев Советхан.....	148
Пішешнинов Әнуарбек.....	149
Пішешнинов Сәбетбек.....	150
Пішешнинов Нұрзипа.....	151
Пішешнинов Талғат.....	152
Ұябаев Кәрім.....	153
Мешелева Мәкира.....	154
Мешелев Қуаныш.....	155
Мешелев Болат.....	155
Мешелев Серік.....	156
Шаяхметов Төлеубай.....	157
Әденбек Күсепбайұлы.....	158
Бардашов Кеңесбек.....	158
Барлықов Құмарбек.....	159
Сайлау Төлеңгітов.....	159

БИЖІГІТОВ ӘУЛЕТІ.....	160
Бидашев Көкенай.....	160
Бижігітов Жақсыбай.....	166
Кенчинбаев отбасы.....	170
Мешелқызы Мәкен.....	173
Андабарақұлы тоғыз руының таралу жүйесі.....	178
НАЙМАН-ТӨРТУЫЛ, ТОҒЫЗ РУЛАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ.....	181
ТОҒЫЗ ТАҢБАЛЫ НАЙМАН (таңба белгілері).....	182
АРҒЫ ТЕКТИҢ ТАРАЛУЫ.....	183
Жанарыс.....	184
НАЙМАН.....	185
СҮГІРШІ (Көкжарлы).....	186
ТЕРІСТАҢБАЛЫ.....	194
БАЛТАЛЫ.....	197
САДЫР.....	200
МАТАЙ.....	201
Қарауыл-Жасақ.....	203
НАЙМАНЫҢ НЕГІЗІ – ТӨРТ ТӨЛЕГЕТАЙ.....	204
ТӨЛЕГЕТАЙ.....	205
Төртуыл.....	205
АНДАБАРАҚ.....	206
ДӘУЛЕТ.....	207
Мырзакелді.....	208
Жайық.....	211
Шомақ.....	212
Тебей.....	213
Бажық.....	214
Сартқожа.....	215
Сәкөк.....	217
Теңіз.....	219
Жаманбай.....	220
Бөрен.....	222
Отар.....	222
Солтанкелді.....	226
Олжашы.....	227
ҚАРАТОҚА.....	231
Арғынбай.....	232
Төлен.....	233
Бәйжігіт.....	233
СЕРІҚАРА.....	235
Жүрне.....	236
Мошқа.....	239
Жұрын.....	240
БАЙТЕМІР.....	241
ТӨРТУЫЛ.....	243
ЕСЕНҒҰЛ.....	244
Алақ.....	245
Батпан.....	246
Қоспақ.....	248
Сарманбет.....	253

Жәменке.....	254
ЕСІМБЕК.....	257
ЖЫЛҚАЙДАР.....	260
Бәйгіс.....	261
Бекбай.....	263
Жәнгіс.....	264
Тілеу.....	265
Жүзбай.....	266
Қашқан.....	268
АЙТУҒАН.....	270
САТЫЙ.....	273
Мұжық.....	274
Токтағұл.....	276
Төлебай.....	277
Боралдай.....	280
Шыбынтай.....	281
ҚАРСАЛ-ШАҚ.....	282
Дос.....	283
ҚҰДАГЕЛ.....	285
Тастемір.....	286
Базарбай.....	287
Еламан.....	290
Шмат.....	291
ТАЙЛАҚ.....	292
Жансары.....	293
Кәдірбай.....	294
Меңдібай.....	295
Қоңақай.....	299
Машан.....	300
Жиенбай.....	302
ТҰЗАҚШЫ.....	303
Атабай.....	304
Талас.....	305
Сарғалдақ.....	306
Амалдық.....	307
Қаржаубай.....	308
Қонырбай.....	309
Жәнібек.....	310
Коккөз.....	312
МАЯ.....	313
Дәдени.....	314
Қашқынбай.....	315
Сақау.....	316
Құланбай.....	317
Кобеген.....	318
Есіркеп.....	319
Аралбай.....	321
Көшпес.....	322
Тасыбай.....	323
Жақау.....	323

АҚБОЛАТ.....	325
Қырбас.....	326
Данияр.....	328
Тінібек.....	329
Сапақ.....	330
Қодағай.....	333
Марқай.....	334
Құлдәулет.....	338
ТОҒЫЗ ҰЛЫ ТОҒЫЗДЫҢ ҚҰШАҚТАП СІЗДІ ТҰРҒАНДАЙ.....	340
БАБАЛАР ШЕЖІРЕСІН ЖАЗҒАН – ҰСТАЗ АНА.....	341
КІТАП ТУРАЛЫ ОЙЛАР.....	343
Нұх пайғамбар.....	344
ҚАРА ЕРТІС ЖӘНЕ АЛТАЙ ӨңІРІ ЖАЙЛЫ ЖЫР - ДАСТАНДАР.....	345
Арғынбекұлы Апашбай. Жер – адамның анасы.....	345
Көпенұлы Құмарбек. Орыстар ұстағанда.....	348
Жобалайұлы Нұрсолтан. Сағыныш сазы.....	348
Нілібаев Әубәкір. Марқакөл.....	350
Асан қайғы Сәбитұлы. Көнеден жеткен көсем сөздер.....	355
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	358
МАЗМҰНЫ.....	359

**Мәкен Мешелқызы  
Көкенай Бидашұлы**

# **НАЙМАН – ТӨРТУЫЛ, ТОҒЫЗ РУЛАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ**

Корректор  
Компьютерде беттеген

**М.Мешелева  
Р.Темирханова**

---

Басуға 26.09.16 ж. қол қойылды  
Тапсырыс № 400. Пішімі 60x84/8.  
Есептік табағы 17,2. Қағаз офсеттік  
Тараламы 300 дана

---

*«Шығыс Полиграф» баспаханасы  
Өскемен қ., Ворошилов к., 156 үй.  
тел.: 8 (7232) 78-36-78*





*Бижігітов Жақсыбай Бидахметұлы 18.09.1948 жылы Марқакөл ауданы Қалжыр аулында дүниеге келді. КСРО мен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздік дәрігері, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-Ресей медицина университетінің кафедра меңгерушісі, «Құрмет» орденінің иегері.*

*Бижігітов Жақсыбай Бидахметұлы 2016 жылдың 12 қаңтары күні Қазақстан Республикасы «Ұлы Дала Қырандары» республикалық қоғамдық мәдени-әлеуметтік қозғалысының «Ұлы дала Қыраны» төс белгісі медалімен марапатталды.*

*Қызылорда облысындағы Жаңақорған аулындағы Төлегетай баба кесенесін жаңартуға демеушілік көрсеткен. Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр ескерткіштерін тұрғызуға ат салысқан. Туған жері Қалжыр аулында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған мемориалдық ескерткішті тұрғызуға ат салысып, қаржылай көмек жасаған.*

*Мәкен Мешелқызының «Қарт Алтай аясында Ару Марқа», «Өр Алтай, Қара Ертіс» кітаптары, Н. Кемешовтың «Ақбата», Б.Қыстаубаевтың «Главный противник Чингисхана», «Недремлющее око» атты кітаптардың жарыққа шығуына демеушілік көрсеткен.*

*Жақсыбай Бидахметұлы туған жерін, ата – баба мұрасын ерекше қастер тұтатын шығыс даласының биік тұлғалы азаматы.*





